Қазақстандағы ірі байларды тәркілеудің қайғылы зардаптары мен дақпырты бүкіл әлемге тарады. Сондықтан да Батыстың кейбір тарихшы-зерттеушілері өз кезінде тәркілеу мәселелеріне назар аударып, арнайы зерттемесе де 1920 жылдары Кеңес Одағында жүргізілген аграрлық реформалар ауқымында өз еңбектерінде қысқаша тоқталып өтті. Мәселен, итальян тарихшысы Д. Боффа «История Советского Союза» атты көлемді зерттеуінде былай деп жазды: «Көшпелі халықтарда олар (аграрлық өзгерістер) ауылды кеңестендіру күшімен іске асырылды және мал басын қайта бөлуге бағытталды. Бұл реформалар Орталық Азияның кейбір облыстарында ғана ақырына дейін жеткізіліп, әлеуметтік жағдайда белгілі бір теңестіруге әкелді». Кеңестік тарихнамадан берік орын алған «тәркілеу нәтижесінде орта шаруа ауыл мен деревняда басты тұлғаға айналды» деген қағидаға қатысты батыстық зерттеуші мынадай көзқарас танытты: «Орта шаруаның абсолютті басымдылығы деревняда оны өз өнімін сатушыдан тұтынушыға айналдырды». Шаруа ғана тұтынушыға айналып қана қоймады, бүкіл ауыл шаруашылығы дотация арқылы күн көретін сала ретінде ондаған жылдар бойы мемлекеттің қаржысынан қомақты үлесті алып отырды. КСРО ыдырап, экономика терең дағдарысқа түскен тұста ауыл шаруашылығының шынайы жағдайы анық көрінді. Соның салдарынан ауылдар тұралап,

ахуалы нашарлаған болатын. Ауыл шаруашылығы нысандары мемлекеттік меншіктен жеке меншікке өткізілді.

Кеңестік тарих ғылымында жекелеген проблемаларды шетелдік тарихшы, зерттеушілерінің қарастыруларына байланысты олардың ой-пікірлерінің «ақ-қарасын» анықтамастан сынға алып, оларға «буржуазиялық фальсификаторлар» ретінде айдар тағу ғылыми міндеттердің бірінен саналды. Себебі коммунистік партия мен идеология «капитализм мен социализм арасындағы адамдардың ақыл-ойы үшін бітіспес күресте» әлемдік деңгейде беделін түсіріп алмас үшін өзінің саясатын әшкерелейтін әрекеттерге дер кезінде соққы беруді мақсат етті. «Буржуазиялық фальсификаторлардың» ой-тұжырымдарын сын тезінен өткізу мақсатында ғылыми зерттеулер жарияланып, диссертациялар қорғалды. Мәселен, ірі бай қожалықтарын тәркілеу мәселесіндегі «буржуазиялық бұрмалаушылардың» көзқарастары В.И. Коваль, В.И. Коршунов, В.П. Осипов зерттеулерінде көрсетіліп, сыналды. Авторлар: «Советологтар» ортасында бай шаруашылықтарын тәркілеу большевиктердің ұжымдастыруға дайындығындағы «еркін адамдардан аттау» тәрізді тұжырымдамасы кеңінен танымал болды. «Егер шаруалар мұны түсінсе, онда қарсылық тіпті күшті болған болар еді», – деп Д. Уилер ашық айтты. Басқа советолог Я. Матли партия мен үкіметтің осы шараларын «...отаршыл биліктің әрекеті» ретінде түсіндірді. Қазақстандық тарихшылар мұндай пайымдауларға қарсы өздерінің пікірлерін «...1928 ж. кеңес үкіметі іске асырған шаралары ауыл мен деревняда патриархаттық-феодалдық сарқыншақтарды жойды...», – деген «дәйекті» дәлелдермен білдірді. Сондай-ақ Гувер институтының аға ғылыми қызметкері Р. Конквестің қазақ байларын тәркілеуге байланысты пікірлері К. Есмағамбетовтың еңбегінде көрсетілді. Еңбекте былай деп жазылды: «1928 жылы 28 тамызда Бүкілодақтық Атқару Комитетінің «ұсынысы» бойынша қабылданған декретте «ауылды кеңестендіруге кедергі жасап отырған жергілікті халық арасында ірі мал иелерін тәркілеу» және байлар мен жартылай феодалдардың отбасыларын жер аудару белгіленді. Сөйтіп, осы шара нәтижесінде 696 шаруашылықтан ірі қараға шаққанда жарты млн. тұяқ тәркіленді. Қазақ қоғамына бұл да әсер етпеді». Шетелдік зерттеушілердің аталған кампания нәтижесінде 696 шаруашылықтан жарты млн. тұяқ ірі қараға шаққанда тәркіленді деген мәліметі асыра көрсетілген. Себебі барлық тәркілен-

ген қожалықтардан 150 мың бас мал (ірі қараға шаққанда) алынған.

Шет елдік тарихшылар қысқа мерзім ішінде көшпелі және жартылай көшпелі малшыларды отырықшылыққа көшуге мәжбүрлеудің ақылға сыйымсыздығы туралы тезисті негіздеді. Отырықшылыққа көшіруге байланысты орын алған қасіреттің себептерін Л. Крадер дәстүрлі қоғамның өндірістік жүйесі мен әлеуметтік құрылымын елемеумен түсіндірді. Э. Шихи, В. Конолли «дәстүрлі көшпелі шаруашылықтың биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру бағдарында жүргізгенде тиімді болар еді» деп атап өтті. А. Беннигсен, А. Парк, Р. Пайпс, М. Ривкин және т.б. кеңес өкіметінің ұлттық аймақтағы әлеуметтік-экономикалық шараларын орыстандыру саясатымен тікелей байланыстырды. Р. Хилл «Кеңес Одағы: Лениннен Горбачевке дейінгі саясат, экономика және қоғам» деген еңбегінде кеңестік биліктің отарлау саясатын жүргізгендігін ашып жазды. «Халықтардың экономикалық дамуын қамтамасыз етуде кеңес үкіметі олардың дәстүрлі мәдениетін үнемі күйретіп отырды, сол арқылы олар халықтардың мүсәпірлік өмір салтына душар болуының, олардың орыстар пайдасы үшін каналуының барлық кінәсін мойнына артты» – деу арқылы ащы шындықты меңзеді. Ақиқатында жаппай ұжымдастыру және зорлап отырықшыландырудың салдарында ауылдарда тек кедей шаруалардың қалғандығына, айтқанға көнетін, айдауға жүретін тобырдың қалыптасуы, ұрдажық солақай саясаттың зардабы алапат аштыққа ұрындырғанына тәуелсіздік жылдары жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде көз жеткізілді.

Қазақстанның өнеркәсіп және аграрлық саласы тарихын зерттеу бойынша тұжырымдар

Келесі бір аграрлық реформа – тың игеру тарихы 1990 жылдары Мәскеуде жарияланған шетелдік тарихшылар Н. Верт, Д. Боффаның зерттеулерінен көрініс тапты. Авторлардың еңбектерінде тың игеру барысындағы кемшіліктер, қателіктер, келеңсіз зардаптары айқындалды. Қазақстанға орыс және украин қонысшыларының көптеп келуі, қазақ халқының ұлттық мүддесіне нұқсан келуі, кеңестік миграцияны патша үкіметінің қоныс аудару саясатының жалғасы ретінде есептеулері жоққа шығарылады. «Көптеген буржуазиялық журналдардың қызметкері Э. Каррер д, Анкос «...тынды игеруге байланыс-

ты Қазақстан соңғы екі жылда украин, орыс қоныс аударушылары тасқынының астында қалды деп жазды. Осыдан олар қазақтардың ұлттық сезіміне нұсқан келуін және патша өкіметінің қоныс аудару саясатының тікелей жалғасын көрді» – десе, В. Конноли тыңның интернационалдық сипатын осы аудандарды славяндардың жаулап алуы ретінде, ал Колумбия университетінің профессоры М. Раэф тың игеруді қазақтардың биологиялық ассимиляция үдерісі ретінде атап, Кеңес Одағындағы ұлттардың саяси жағдайларына нұсқан келуі туралы ой түйіндеді. М. Макколи бүкілхалықтық тың көтеруді орыстардың тікелей жаулап алу актісі санап, жар салды», – деді. Зерттеуші С. Осовский тыңды «ауыл шаруашылығының анағұрлым драмалық аспекті» ретінде санады, ал М. Макколидің «тың жерлер елдегі астық өндіруге түбегейлі әсер ете алмады» деп баса көрсетті. О. Шиллер алғашқы кезде тың табысты болғанымен, бірақ «қойылған мақсатқа қол жеткізген жоқ» десе, Р. Лэрд және Д. Чеппел «жаңа жерлерді игерудің жоспарын үлкен қате ретінде қарастыру керек», – деді. Тың игерудің ауыр зардаптары ұзақ уақыттар бойы айтылмай келсе де посткеңестік кезеңде оның ащы шындығы бәрібір ашылды. Тың игеруді мақтан еткен қазақстандықтар оның көлеңкелі тұстарының бар екендігіне тағы да тәуелсіздіктің арқасында көз жеткізілді.

Батыстық зерттеушілер агроөнеркәсіптің өз ішіндегі экономикалық қатынастардың реттелмегендігін және соның салдарынан колхоз мүшелерінің еңбегімен жинақталған қордың бір бөлігі өнеркәсіпке құйылғандығын көрсетіп берді. Осының салдарынан ауыл тұрғындарын жасырын қанаудың орын алғандығы туралы жазды. Қазақстан экономикасындағы жағымсыз бағыттар М. Гольдман, М. Олкот, Д. Хоскинг, Т. Коултон және т.б. еңбектерінен көрініс тапты.

Шет елдік тарихнамада Қазақстанның экономикалық дамуы кеңес Одағының ыдырауы кезеңіне дейінгі уақыттарда «Еуропалық Ресей мен КСРО-ның шығыстағы республикаларының экономикалық мүдделері арасындағы жағдайды антагонистік сипатта қарастыратын «орталық – шет аймақ» моделінің шеңберінде; аймақтың табиғат байлықтарын орталық-отарлаушы ел пайдасы үшін тонауға, экономикалық қанауға және отарлауға қарсы наразылық білдірулері арқылы көрінген Орталық Азия мен Қазақстан халықтары ұлттық санасының өсу заңдылықтары» арасында қарастырылып келді. Қазақстанның экономикалық дамуының индустриялық сипатын теріске шығармаған М. Олкот

«тәуелсіздік алғанға дейін өнеркәсіп негізінен орыстардың бақылауында» болғандығы туралы тұжырым жасады. Республика экономикасының Кеңес Одағының ыдырауы қарсаңындағы жай-күйіне тұтастай сипаттама бере келіп, батыстық зерттеушілер агоөнеркәсіптің өз ішіндегі экономикалық қатынастардың реттелмегендігіне және соның салдарынан кеңшар мүшелерінің еңбегімен жиналған қордың елеулі бөлігі өнеркәсіпке құйылғанына назар аударды. Осындай тәсілмен республиканың 60-70 пайызын қазақтар құрайтын ауылдардың жасырын қанауға түскендігі туралы жазды. Осындай тұжырымдар М. Гольдман, М. Олкот, Д. Хоскинг, Т. Коултон еңбектерінен көрініс тапты. Зерттеушілер республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын тежеген теріс үрдістер, оның өнеркәсібіндегі құрылымдық ерекшеліктермен, халық шаруашылығының сапалық емес, сан жағынан дамыған экстенсивті сипатымен, ғылыми-техникалық прогрестің баяу қарқынмен байланысты болғандығын атап өтті. Кеңес Одағында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында дамудың экстенсивті бағыты үстемдік етіп, орасан зор қаржы жұмсалып отырды. Экономиканы интенсивті бағытта дамыту мәселесі талай рет КОКП Орталық комитетінің съездері мен конференция, пленумдарының күн тәртібіне арнайы шығарылығанымен олардың шешімдері өз нәтижелерін бермеді.

«Мәдени төңкеріс» туралы пайымдаулар

Шет елдік зерттеушілер Қазақстандағы мәдениет құрылысы тарихын алдымен «мәдени революцияның» мақсат-міндеттерін, қорытындыларын пайымдаудан бастаса, қазіргі уақытта кеңестік отаршылдық теориясының ауқымында қарастыруда. Мәселен, А. Беннигсен, А. Парк, Р. Пайпс, М. Ривкин, В. Конолли және т.б. кеңес мемлекетінің аймақтағы әлеуметтік-экономикалық шараларын орыстандыру саясатымен тікелей байланыстырды. Р. Хилл «Кеңес Одағы: Лениннен Горбачевке дейінгі саясат, экономика, және қоғам» деген еңбегінде «өзінің қоғамдық дамуында артта қалған халықтарға «білімді ақсүйектердің өз құндылықтарын тануы» олардың рухани өмірі мен экономикасының жекелеген салаларын өз қалауларынан тыс күшпен жаңартуға мәжбүр еткен отаршылдық саясаттың сөзсіз салдары» деп санады. «Халықтардың экономикалық дамуын қамтамасыз ете отырып, Кеңес үкіметі олардың дәстүрлі мәдениетін үнемі күйретіп отырады,

сол арқылы олар халықтардың мүсәпірлік өмір салтына душар болуының, олардың орыстар пайдасы үшін қаналуының барлық кінәсін мойнына артты», – деген автор пайымы кеңестік Қазақстандағы мәдениет дамуының үрдістерін бүкпесіз ашық көрсетті. Мұның өзі шет елдік тарихшылардың бұл мәселені отаршылдық, тоталитаризм, модернизация теорияларының шеңберінде қарастырғанымен түйіндеген тұжырымдарының, яғни тарихнамалық фактілерінде үндестіктің барлығын дәйектейді. Қазақ халқы жазуының бірнеше рет күштеп өзгертілгендігіне назар аудара отырып, бұл өзгерістердің салдарын ашуға ұмтылған шет елдік зерттеушілердің пікірлері де бір арнаға тоғысады. Әсіресе «кирилицаға көшу орталық Азия мен Қазақстан халықтарының рухани мәдениетіне орасан зор зиян келтірді» деген тұжырымдары ортақ. Осы көзқарастарын аша отырып, жазуды өзгертудің түпкі мақсатын былайша көрсетті: «Олар кириллицаны енгізу арқылы кеңестік көсемдер алыс мақсаттарды көздеген: аймақ халықтарын шетелдік мұсылмандардан алыстату және оларды алда болатын ассимиляцияға, орыс мәдениетіне жақындату; орыстар қашанда өздерінің аймақтағы билігіне төнетін қауіп есебінде бағалап келген – пантюркизмнің іргетасы ретінде қызмет етуге тиіс жалпы түркілік мәдениеттің тамырларынан ажырату; қазақ және басқа тілдерге араб, парсы сөздерінің орнына орыс атаулары мен терминдерінің кіруін оңайлату».

1980 жылдардың екінші жартысында оқиғалар, соның ішінде Желтоқсан оқиғасы кезінде орын алған жағдаят бойынша шет елдік зерттеушілердің болжамдарының ақиқатқа

айналғандығы олардың бұл оқиғаны шынайы зерттегендерін дәлелдейді. Шет елдіктер оқиғаның орын алуының факторларын ашуға ұмтылды. Олар оқиғаны жарылған бомбаға теңеген еді. «Алматыдағы оқиға кейін он бес республиканың басқа да қалаларындағы бас көтерулердің бастамасы болды» деген тұжырымдары Кеңес Одағындағы 1980 жылдардың соңындағы саяси жағдайды нақты көрсетіп бергендерін дәйектейді.

Қорытынды

Көріп отырғанымыздай, шет елдер тарихнамасында кеңестік Қазақстан тарихының бірқатар мәселелері көрініс тапқан. Республикада орын алған оқиғалар мен түрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге тарихшы-зерттеушілер көзқарастарын білдіріп, өз кезегінде шынайы баға беріп, тұжырымдар жасаған. Зерттеулердің деректік базасында архив құжаттары болмаса да, олар бұқаралық ақпарат құралдары бойынша жинақтаған фактілерге өз болжамдарын жасап, оқиғалар мен үдерістердің ақиқатын мүмкіндігінше ашуға ұмтылған. Заманауи отандық тарих ғылымында шет елдік тарихшы-ғалымдардың пайымдаулары мен тұжырымдамалары назарға алынады. Қазақстандық ғалымдар мен тарихшылар сол деректердің, тұжырымдамалардың шынайылық дәрежесін анықтауда зерттеулер жүргізеді. Шетелдік тарихнамада зерттелген мәселелердің барлығы дерлік посткеңестік кезеңде қайта зерделеніп, тарихтың бұрмаланған тұстары қалпына келтірілуде.

Әдебиеттер

- 1 Демко Дж. (1997) Орыстардың Қазақстанды отарлауы 1896-1916. Алматы, Ғылым.
- 2 Данилов В.П. (1988) Дискуссия в западной прессе о голоде 1932-1933 гг. и демографической катастрофе в СССР. Вопросы истории. № 3. С.116-121.
- 3 Демографические процессы в СССР 20-30-е годы (современная зарубежная историография). (1991) Москва, С. 49-59.
- 4 Шокай М. (1994) Туркестан под властью Советов. Алматы, Санат.
- 5 Есмағамбетов К.Л. (1994) Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы.
- 6 Лаумулин М.Т. (1992) История Казахстана конца XIX – начала XX в. в зарубежной историографии. Известия АН РК, Серия общ.наук, №4, С.34-41.
- 7 Сужиков Б.М. (1997) Национальная идентификация и динамика этнических процессов в зарубежных центрально-азиатских исследованиях. Алма-Ата.
- 8 Несипбаева К.Р. (1999) Современная англо-американская историография русской экспансии и колонизации Центральной Азии (XVIII – начало XX в.). Алма-Ата.
- 9 Муканова Р.З. (1981) Критика англо-американских буржуазных фальсификаторов по освоению целинных и залежных земель Казахстана (1954-75г.г) Дисс...к.и.н. Алма-Ата.
- 10 Конквест Р. (1990) Жатва скорби. Реестр смерти. Вопросы истории, № 4, С.83-100 (87-88).
- 11 Қазақстан тарихы. (2010) Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 4-т. Алматы: «Атамұра», 2010.

References

- 1 Demko J. (1997) Kazakhstan in deductione ex Rutenis 1896-1916. Almaty, Science.
- 2 Danilov VP (1988) Et in Occidente, disputatio peperit urget ad 1932-1933. Gg. et in USSR demografičeskoy vae. Historia quaestiones. M, No. 3. S.116-121.
- 3 Demografičeskіe processus in in Fontes iuris 20-30 g, (Modern History zarwbejnaya) (1991). M., S. 49-59.
- 3 Shokay M. (1994) Turkestan sub vlastyu Soviets. Almaty, Sanat.
- 4 Esmagambetov K. (1994) Qasaqtarsheteladebyetinde. Almaty.
- 5 Laymulin M.T. (1992) De Kazakhstan in unionem in vicesimo nono, in conceptionis. zarwbejnoy istoriografii. Izvestia A. AN, obšč.nawk series, No.4, S.34-41.
- 6 Suzhikov B.M. (1997) Et identitatis nationalis étničeskіx processus motus in in Central Asian issledovanіyax aliena. Alma-Ata.
- 7 Nesіpbaeva K.R. (1999). Modern History rwsskoy ékspansіi Anglo-American Asia et kolonіzacіi (XVIII-naçaloXX.). Alma-Ata, 1999.
- 8 Mukanova Anglo-Critici medii amerіkanskіx cum impostoribus et osvoenіyu celinnіx zalejnіx Zemel Kazakhstan (1954-75g.g) Diss. ... K.і.n. Alma-Ata, 1981.
- 9 Konkvest R. (1991) Jatva skorbі. Subscriptio mortem. Historia quaestiones, No. IV, S.83-100 (87-88).
- 10 Kazakhstan tarihy. (2010) Kone zamannan bugingedeyin. Bestomdyk. 4-t. Almaty «Atamyra».

Кәрібаев Б.Б.
Барлыбек Сыртанов туралы

Автор мақаласында XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы қазақ зиялы қауым өкілдерінің бірі, Петербург университетінің түлегі, «Қазақ елі Уставының» авторы – Барлыбек Сыртановтың (1866–1914) шыққан тегі мен ата-бабаларын, өмірі мен қызметін және қоғамдық-саяси көзқарастарын қарастырады. Барлыбек Сыртанов – XV ғ. өмір сүріп, есімі бүкіл найманға ұран болған ер Қаптағайдың он төртінші, найманның Матай руына ұран болған Бөрібай батырдың жетінші ұрпағы болған. Сондай-ақ оның ата-бабаларында танымал батырлар да, билер де көп болған. Б. Сыртановтың шыққан тегі оның нағыз текті әулеттің өкілі болғандығын дәлелдейді. 1891–1909 жж. мемлекеттік қызметте жүріп, жекелеген қазақ азаматтарына жәрдем көрсетсе, 1909–1914 жж. қазақ басылымдары арқылы ел болашағына қызмет жасайды. 1911 ж. «Қазақ елінің Уставын» жазып, Қазақ елінің болашақ Ата-заңын айқындап береді.

Түйін сөздер: Барлыбек Сыртанов, зиялы қауым, текті әулет, Петербург, «Айкап», күрес.

Karibaev B.B.
About Barlybek Syrtanov

In this article, the author considers the problem an origin, ancestors, biography and activity social and political views of Barlybek Syrtanov (1866-1914). He was one of the famous representatives of the Kazakh intelligentsia at the end of XIX – the beginning of XX century, the graduate of the St. Petersburg University and author «The law of the Kazakh». Barlybek Syrtanov is the fourteenth generation of Kaptagay batyr living in XV century, whose name became fighting calls of all nayman tribe, and the seventh generation of Boribay batyr who was fighting calls of Matay naymans'. Also, among his ancestors were many famous batyrs and bies. B. Syrtanov's origin proves that he was from a noble family. Being in public service in 1891-1909 yy. he helped for some Kazakhs, also in 1909-1914 years served for the future of the Kazakh through the Kazakh's publishing houses. In 1911. Written «The law of the Kazakh people», he defined the future constitution of the Kazakh.

Key words: Barlybek Syrtanov, intelligentsia, noble sort, St. Petersburg, «Айкап», fight.

Карибаев Б.Б.
О Барлыбеке Сыртанове

В данной статье автор рассматривает проблему происхождения, предков, биографию и деятельность, так же общественно-политические взгляды Барлыбека Сыртанова (1866-1914). Он был одним из известных представителей казахской интеллигенции в конце XIX – нач. XX вв., выпускником Петербургского университета, автором «Устава Казах ели». Барлыбек Сыртанов является четырнадцатым поколением Каптагай батыра, жившего в XV в., имя которого стало боевым кличем всего найманского племени, а также седьмым поколением Борибай батыра, который был боевым кличем найманского рода Матай. К тому же, среди его предков было много известных батыров и биев. Происхождение Б. Сыртанова доказывает, что он был из благородного рода. Находясь в государственной службе в 1891-1909 гг., он помогал некоторым казахам, также в 1909-1914 гг. служил во благо будущего народа посредством казахских издательств. В 1911 г., написав «Устав казахского народа», определил будущую конституцию Казахского народа.

Ключевые слова: Барлыбек Сыртанов, интеллигенция, благородный род, Петербург, «Айкап», борьба.

**БАРЛЫБЕК СЫРТАНОВ
ТУРАЛЫ****Кіріспе**

Қазақ халқының азаттық жолындағы күресі тарихына көз жүгіртсек мынадай үдерістерді байқауға болады. XVIII ғасырдың екінші жартысынан XIX ғасырдың ортасына дейінгі кезеңде жүрген азаттық күресінің басты ерекшеліктеріне – күрестердің қарулы сипатта жүруі, күрес жетекшілерінің хан-сұлтандар әулетінің және батырлар мен билер тобының өкілдерінен шығуы жатса, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы азаттық күресінің басты ерекшелігі – күрестің бейбіт түрде жүруі және күрес жетекшілерінің ұлттың зиялы қауым өкілдерінен болуымен ерекшеленеді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресейдің Қазақ елінде жүргізген отаршыл сипаттағы әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалары нәтижесінде қазақ қоғамы өзгерістерге түсе бастайды. Бұрынғы қоғамдық қатынастардың орнына жаңа капиталистік қатынастар еніп, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына әсерін тигізеді. Жаңа әлеуметтік топтар қалыптасады. Сондай топтың бірі – қазақтың зиялы қауымы еді.

Жаңа қалыптаса бастаған ұлттың зиялы қауым өкілдері өздерінің ұлт алдындағы басты міндеті етіп ағартушылық, мәдени даму, жерді сақтап қалу және осындай қазақ халқы үшін сол дәуірдегі аса маңызды өзекті мәселелерді алдарына қояды. XX ғасыр басында Қазақстанда саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шиеленісуі қазақ халқының зиялы қауым өкілдерін саяси күрес аренасына шығарды. Зиялы қауым өкілдерінің арасында осы жылдары Барлыбек Сыртановтың тұлғасы ерекше байқалды.

Отандық тарихнаманың тәуелсіздік кезеңінде XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауымының өкілдеріне қатысты көптеген арнайы зерттеу жұмыстары жүргізіліп, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Олардың қоғамдық-саяси көзқарастары мен қызметтеріне арналған монографиялар, жинақтар, конференция материалдары жарық көрді. Ол еңбектердің кейбіреуінде ғана Б. Сыртанов есімі аталынып өтіледі. Өкінішке орай, әлі күнге дейін оның өмірі, қоғамдық көзқарастары, қызметі жөнінде толыққанды зерттеу жұмысы жоқ. Тек қана С. Өзбекұлының 1996 жылы шыққан «Барлы-

бек Сыртанов» атты еңбегі мен жекелеген авторлардың мақалалары ғана осы олқылықтың орнын аз болса да толтырып тұр (Өзбекұлы, 1996; Ақыпбекұлы, 2006).

Барлыбек Сыртанов (1866 – 1914) – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының алғашқы буын өкілдерінің бірі және көзі тірісінде халқы үшін аянбай еңбек жасаған тұлға. Міне, осындай дара тұлғаға өткен жылы 150 жыл толды. Халқына адал еңбек сіңірген тұлға ел есінен кетпесін деген оймен қалың оқырманды Барлыбек Сыртановтың шыққан тегімен, ата-бабаларымен, өмірімен және қоғамдық-саяси көзқарастарымен қысқаша болса да мақала көлемінде таныстыра кетуді жөн көріп отырмыз.

Барлыбек Сыртанов туралы шежірелік және тарихи деректер

Қазақ халқында «тектілік» деген ұғым бар. Осы ұғымға қатысты «тектіден текті туады», «текті атаның баласы», «тегіне тартқан» деген сөздер айтылады. Осындай сөздер тура Барлыбек Сыртановқа қатысты айтылған секілді.

Барлыбек Сыртанов Найман ішіндегі Матай тайпасының тумасы. Оның шығу тегі шежірелерде былайша беріледі: Найман – Төлегетай – Матай – Қаптағай – Жолдас – Есенкелді – Жолан – Асан – Сары – Бөрібай – Құлшан – Мейірман – Батырқұл – Шақа – Сыртан – Барлыбек (Бабалар сөзі, 2012: 71).

Найман тайпасы мен Матай руына бармай-ақ шолуымызды Барлыбектің он үшінші атасы – Қаптағайдан бастайық.

Зерттеушілер Қаптағайды XV ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға деп есептейді. Біз бұл тұжырымның жәй айтыла салған сөз емес екенін өз тарапымыздан былайша дәлелдеуге тырысамыз. Қаптағай мен Барлыбектің арасы – он үш ата. Орта есеппен әр буын арасын 30 жыл деп есептесек, он үш буын 400 жылдай уақытты құрайды. Барлыбектің туған жылынан осы уақытты кейін шегерсек, XV ғасырдың ортасын көрсетеді. Бұл кез – Қаптағайдың өмір сүрген жылдарына сай келеді. Сонымен бірге «Қаптағай» – кезінде бүкіл найман тайпасының ұраны да болған (Сұлтанов, 2001: 107).

Жүз томдық «Бабалар сөзі» атты халық ауыз әдебиеті жинағының 82 томы шежірелік жыр-аңыздарға арналған. Онда ер Қаптағай туралы мынадай жыр жолдары айтылады:

«Өкіреш, Найман, Жалайыр, Төлегетай,
Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай.
Үш жүзде мұнан асқан жан болмаған
Байлық, билік кетпеген ер Қаптағай»
(Хасенов, 1996: 349).

Жырдағы мәліметтер Қаптағайдың әрі батыр, әрі тайпа көсемі, әрі бай болғанын және атақ-даңқы бүкіл елге жайылғанын баяндап тұр. Барлыбек Сыртановтың арғы тегі осылай Қаптағайдан бастау алып, одан кейінгі ата-бабаларында осы қасиеттер жалғасып отырғанын аңыз-әңгімелер де, шежірелік материалдар да көрсетеді. Енді сол жыр жолдарына көз жүгіртейік.

«...Баласы Қаптағайдың Есенгелді,
Әр-әркімге қылайын мына жырды.
Есенгелді баласы Жарылқамыс, батыр Жолан-ды,
Қай адамнан қалмады мына заман.

Бұл кісінің баласы батыр Асан,
Ақылы бұ кісінің болған астам.
Мұнша халық билеген ақылман,
Бұл кісі де жақсы боп болды көсем,
Тентекті салады екен табанына.
Шынжырлы балақ, шұбар төс болып өткен,
Орысқа қарамаған заманында.

Бұл кісінің баласы Сары болды,
Жақсы кісі болады әрбір жолды.
Әркімге жақсылықты Құдай берер,
Басына бақыт, дәулет бірдей қонды.

Оның ұлы Бөрібайға қызыр қонды,
Дәулеті бұл кісінің үлкен мол-ды.
Сейіл қылып далада келе жатса,
Тұяғы ұзын қысырақ душар болды.

Паһ, шіркін, бұл кісіге, Құдайым-ай,
Бақ барген-ді, мақтамай тұрайын ба-ай.
Қазақ аулы сүйінсе, жар болады,
Үш жүзге ұран болған ер Бөрібай»
(Хасенов, 1996: 349-350).

Көріп отырғанымыздай, жырда Барлыбектің ер Қаптағайдан кейінгі аталарының бәрі жай адам болмаған екен. Тек Жолдас атты арғы атасы жөнінде ештеңе айтылмайды. Оның себебін біз шежіре-дастан авторының Барлыбектің бұл атасы жөнінде хабарсыз болғандығынан деп түсіндіреміз. Өйткені кейбір шежірелік нұсқаларда ер Қаптағайдан Есенгелді, одан Жолан, одан Асан батыр деп жалғасып кете береді. Шежіре-дастан авторының осы нұсқаны пайдаланғаны көрініп тұр.

Жыр жолдарында Барлыбектің Жолан деген атасының батыр болғаны айтылса, оның баласы – Асанның әрі батыр, әрі би, ел басқарған көсем болғанын көреміз. Ал Асан батырдың ұлы – Сары. Ол «басына бақыт, дәулет бірдей қонған» адам деп жырланады.

Жазба дерек мәліметтері Сарыны – жай адам емес, Тәуке ханның билігі тұсында мемлекеттік қызметте елші болған тұлға ретінде көрсетеді. Оның есімі орыс деректеріндегі мәліметтерде ұшырасады. Тіпті, Сарының тұлғасы XVII ғасырдың 80-90 жылдарындағы қазақ-орыс қатынастарында аса маңызға ие болады. Осыған байланысты осы жерде Барлыбектің жетінші атасына қатысты сәл болса да тереңірек тоқтала кетейік.

Тәуке ханның билігі тұсында қазақ-орыс қатынастарының жанданғаны белгілі. Тек қана 1686-1693 жылдар аралығында Тәуке ханның атынан Ресейге бес қазақ елшілігі аттандырылады (Вельяминов-Зернов, 1864: 228). Олардың ішінде 1693 жылғы қазақ елшілігін Келдей мен Сары мырза басқарған екен (Басин, 1971: 219). Олардың мақсаты Қазақстан мен Ресей арасында сауда байланыстарын орнату болады. Қазақ елшілерін Жәміш көлінің бойында Тобыл әкімшілігінің өкілі П. Шарыгин қабылдайды. Дәл осы кезде қазақ-орыс шекарасы маңында жергілікті қарулы қазақтардың бір тобы орыс кәсіпкерлеріне шабуыл жасап, жағдайды ушықтырып жібереді. Осыған байланысты орыс әкімшілігі Келдей мен Сары мырзаны өздерінде тұтқын ретінде ұстап қалады. Сары мырзаның қайын атасы Түрке би өз тарапынан қарулы күшпен қазақ елшілерін босатпақ болған әрекетінен ештеңе шыға қоймайды. Мұның бәрі Тәуке ханға жеткен соң, ол Түрке бидің әрекеттеріне тыйым салып, қалыптасқан жағдайды бейбіт жолмен шешуге күш салады. Осыған байланысты Тәуке хан орыс патшасына хат жазып, онда «Адам атадан осы уақытқа дейін ұрылар үшін елшіні қамауға алу дегенді құлақ естіп, көз көрмеген еді», – деп ренішін білдіреді (Кәрібаев, 2013: 382). Тәуке хан өз елшілерін тұтқыннан босату туралы алғашқы кезде бейбіт келіссөздер жүргізеді, ал ол ешқандай нәтиже бермегендіктен қазақ ханы да күшке көшіп, қазақ жерінде жүрген орыстарды тұтқынға алу туралы бұйрық береді. Тек осындай әрекеттерден кейін ғана Ресей жағы қазақ елшілерін босатуға мәжбүр болады. Бұл кезде Сары мырза тұтқында жүріп қайтыс болып кеткен екен (Кәрібаев, 2013а: 109).

Сары мырзаның ұлы – Бөрібай батыр. Бөрібай батыр – жәй ғана батыр емес, есімі өз

руының, яғни Матай руының ұранына айналған арқалы батыр және тайпа көсемі болған тарихи тұлға. Ол 1720 – 1740 жылдары қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы күресінде қол бастап, қарсы күрескен тұлғалардың бірі. Оның ерлік істері халық арасына кең жайылып, тірі кезінде-ақ атақ-даңқы артқан тұлғаға айналған. Жоңғарлармен болған соғыстардың бірінде қаза тауып, сүйегі қасиетті Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанында жерленеді. Біз ол туралы кезінде «Матай Бөрібай батыр» атты кітапша жазып, батырдың өмірі мен ерлік істерін қарастырған болатынбыз (Жабаев, 1946; Федоров, 1925). Сол себепті де, бұл жерде біз ондағы материалдарымызды қайталап жатпай, Барлыбектің алтыншы атасы – Бөрібай батыр туралы жоғарыда айтылған тұжырымымызбен шектелеміз.

Ер Қаптағайдың жетінші ұрпағы, Бөрібай – әрі батыр, әрі көсем болып, бұған дейін атап өткеніміздей, жеті ата бойы тектілік бұл әулеттен үзілмесе, Бөрібай батырдан кейін де оның ұрпақтарында тектілік қасиет жалғаса береді. Бөрібай батырдың кіндігінен есімдері бүкіл алаш жұртына танылған батырлар да, билер де, байлар да, шешендер де шығады. Оның тікелей ұрпақтарының бірі – Барлыбек Сыртановты білмейтін қазақ жоқ шығар.

М. Тынышбаевтың материалдары бойынша Бөрібай батырдың үш ұлы болған, олар – Алшын (Елшан), Құлшан (Құлжан) және Қыдырәлі би (Бабалар сөзі, 2012: 71). Алшынның (Елшан) ұрпақтарының шежіресі ешбір материалда тарқатылмайды. Ал Бөрібай батырдың бір ұлы – Қыдырәлі би туралы «Бабалар сөзінде» былай деп жырланады:

«Паһ, шіркін, бұл кісіге, Құдайым-ай,
Бак берген-ді, мақтамай тұрайын ба-ай!
Қазақ аулы сүйінсе, жар болады,
Үш жүзге ұран болған ер Бөрібай.
Қазақта мұнан асқан жан болмаған,
Бақыт, дәулет көп беріп, Алла оңлады.
Мұнан туған би болды Қыдырәлі,
Алдынан һәм билігі бұзылмады.
Ақылы бұл кісінің жұрттан асқан,
Бәрі де асыл туды көп данышпан.
Қаптағай тұқымына тұтқа болған,
Ұл тумас бұ кісідей үш Алаштан.
Бөрібайдан Қыдырәлі бесеу туды,
Қыдырәлі Бөрібайдың жолын қуды.
Ол күнде онан асқан кісі болмай,
Мен шешенмін дегеннің тілін буды»
(Хасенов, 1996: 350-351).

Қыдырәлі би (шамамен 1736/1737 – 1807 жылдары өмір сүрген.) – Бөрібай батырдың кіші ұлы. Бөрібай батыр қаза тапқанда 4-5 жаста болған екен. Өзі өмір сүрген дәуірінде қара қылды қақ жаратын турашыл болған және жұртқа жасаған қайырымдылығымен «қайырымды Қыдырәлі би» атанған. Оның айтқан ойлы шешімдері ел арасына кең таралып, қанатты сөздерге, мәтелдерге айналған. Ол туралы Ө. Ақыпбекұлының «Қайырымды Қыдырәлі би» атты мақаласынан тереңірек оқып білуге болады (Ақыпбекұлы, 2006).

Бөрібай батырдың келесі бір ұлы – Құлшан немесе Құлжан. Одан Барлыбекке дейінгі тікелей аталар былайша жалғасын табады: Құлшаннан – Мейірман, одан Батырқұл, одан Чака немесе Чана, одан Сыртан (Бабалар сөзі, 2012: 71). ХХ ғасыр басында Жетісу өңіріндегі матай руының ішінде құлшан деген аталықтың не ру бөлімінің болуына қарағанда, Бөрібай ұлы Құлшаннан бірталай ұлдар өсіп-өніп, кең таралған секілді. Өкінішке орай, біз Барлыбектің Құлшан атасынан кейінгі аталары туралы мәліметтерді кездестіре алмадық. Барлыбектің әкесі – Сыртан жөнінде аз-мәз мәліметтер кездеседі. С. Өзбекұлы өз зерттеуінде Барлыбектің әкесі туралы мынадай сипаттамалар береді: «Сыртан кезінде жұртына жақсы танымал болған адам. Ол жиі-жиі шынжыр балақ, шұбар төс төрелер мен ақ патшаның чиновниктеріне қарсы шығып, әлеуметтік және ұлттық қанаушыларға батыл түрде наразылық білдіріп отырған» (Өзбекұлы, 1996: 16). Ұлы ақын Ж. Жабаев өзінің «Сыртанға» деп аталатын бір өлеңінде оның іс-әрекеттерін былайша жырға қосқан екен:

«Қадыралы, Құлшаннан,
Құлаш ұрған Сырттаным,
Жерді болжап күн шалған,
Жүрегіңді ұққанмын.
...Сендей қазақ жоқ шығар,
Үміт қылған баладан.
Екі балаң жетілсе,
Құтыларсың табадан.
Дәметемін жетімше,
Сендей білгір ағадан» (Жабаев, 1946).

Жамбылдың өлең жолдарынан Сыртанға қатысты көп жайды аңғаруға болады. Сыртан жоғарыда С. Өзбекұлы айтып өткеніндей, әлеуметтік және ұлттық езгіге қарсы наразылықтарымен көзге түсіп, жалаларға іліккен секілді. Әділдік жолындағы тартыстарда орыс тілін білмегендіктен, жергілікті шенеуніктердің,

тілмәштардың да қорлықтарын да көрген сияқты. Балаларының болашағын ойлап, екі ұлы – Тұрлыбегі пен Барлыбегін Верныйдағы орыс гимназиясына оқуға беруінің себебін содан деп білеміз. Жамбыл өлеңінің соңғы алты жолы осыны меңзеп тұр. Өкенің аманатына адал болған ұлдары кейіннен оқуларын бітіріп, Верныйдағы облыстық әкімшіліктерде әртүрлі лауазымдарда қызмет атқарып жүрген кездерінде халқына, әсіресе, қарапайым жұртқа адал еңбек көрсетіп, ықыластарына бөленеді.

«Сыртаннан бес ұл, бір қыз тараған: Тұрлыбек (1860 – 1906), Керімбек (1862 – 1915), Барлыбек (1866 – 1914), Бәтима (1868-1934), Молдахмет (1870 –1919), Кенжехан (1872-1917)». Барлыбектің анасы – Бөлекбайқызы Күлдәрі 1921 жылы қайтыс болған (Өзбекұлы, 1996: 16-17).

Барлыбек Сыртановтың өмір жолы мен қызметі туралы айтар болсақ, ол жөнінде бұған дейін айтып өткеніміздей С. Өзбекұлының зерттеу кітабы мен Ө. Ақыпбекұлының мақаласында жақсы баяндалған.

Барлыбек Сыртанов 1866 жылы Жетісу облысы, Қапал уезі, Арасан болысында дүниеге келген. 1874 жылы сегіз жасында әкесі оны он жасар ұлы Тұрлыбекпен бірге Қапалдағы дайындық мектебіне береді. Одан кейін Барлыбек Верный қаласындағы ер балаларға арналған гимназияға қабылданады. Барлыбектің гимназияны қалай бітіргенін оның білім туралы куәлігі көрсетеді. Онда: «орыс тілі – 4, латын тілі – 4, логика – 4, арифметика – 5, алгебра – 5, геометрия және тригонометрия – 5, физика – 5, жаратылыс тарихы – 4, космография – 5, тарих – 5, география – 5, неміс тілі – 5, зейін қою – 5, ынтасы – 5, тәртібі – 5», – деп көрсетілген (Өзбекұлы, 1996: 18).

1886 жылы гимназия директорының ұсынысымен және Жетісу облысы әскери генералының қолдауымен Барлыбек Сыртанов Санкт-Петербург Университетінің шығыс тілдері факультетінің бірінші курсына оқуға түседі.

Университет қабырғасында жүріп Барлыбек астанада оқып жүрген қазақ студенттері – Бақтыгерей Құлманов, Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдалин, Мәмбетәлі Сердалин, Абдолла Теміров секілді жастармен танысып, бірге араласады. Жоғары біліммен қатар, сол кездегі саяси өмірдің қызу қазаны болған Петербургте қазақ жастары көп нәрсені үйренеді. Қарулы күрестен басқа саяси күрестің болатынын, оның қыр-сыры болатынын түсінеді. Қазақ жастарының «Жерлестер» атты ұйымын құрып, ондағы бас қосуларда әртүрлі мәселелер, оның ішінде

саяси тақырыптағы мәселелер де талқыланып отырылады.

Барлыбек Сыртанов университетті араб-парсы және түрік-татар мамандығы бойынша бірінші дәрежелі үздік дипломмен аяқтап шығады да, туған өлкесіне оралады.

1891–1894 жылдары Б.Сыртанов Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкентте қазыналық палатада қызмет атқарады да, 1894 жылдан Верныйдағы Жетісу облысының облыстық басқармасына іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі болып ауысады. Мемлекеттік қызметте істей жүре, Б. Сыртанов өз елінің, өз жұртының мүддесін естен шығармай, бар мүмкіндігін пайдаланып, халқына адал еңбек көрсетуге тырысады. Бұл туралы М. Тынышпаев Барлыбек қайтыс болып, ол туралы «Қазақ» газетіне жариялаған мақаласында былай деп жазады: «... Сол 1894-інші жылдан бастап 1905-інші жылға шейін (11 жыл) «Барлыбек, Тұрлыбек» аталып ағайынды екеуі Алматыда тұрды. Жетісу облысына қараған қазақ-қырғыз бәрі бұларға ағайын-туған болып, бұлардың үйінде топырлап жатпаған кезі болған емес. Теңдікке қолы жетпегендер Барлыбек, Тұрлыбекке жылап келіп, теңдік алып мауқын басушы еді. Үш кімді я жылатып, я жылатуға Барлыбек, Тұрлыбек себеп болған емес. Бұлай болған соң, бүтін бір облыс қазақ-қырғыз Барлыбек, Тұрлыбектің сөзінен үш уақытта шыққан емес... Алматыға Сырдария облысынан, Семей облысынан қазақтар келуші еді, Барлыбек, Тұрлыбек тұрғанда қайда барып түседі: онан жақын оларға ағайын жоқ. Бұларды арқа тұтпаған Жетісуда қазақ-қырғыз қалған жоқ. Оқыған балаларға: «Қарақтарым! Оқындар, қазағыңды ойларыңнан тастамаңдар» – деп, Барлыбек, Тұрлыбек айтып отырушы еді» (Өзбекұлы, 1996: 105).

Облыстық мекемеде қызмет істей жүре, Барлыбек Сыртанов халық арасында ағартушылықпен айналысады. Жетісу облысының «Семиреченские областные ведомости» атты газетінің ішінен «Туземный отдел» деген бөлім аштыртуға қол жеткізіп, онда жергілікті қазақ халқының ауыр халі, жағдайы туралы хабарламалар беріп тұрады.

Б. Сыртановтың халқына сіңірген үлкен бір еңбегіне 1903-1907 жылдары Ресей мен Қытай арасындағы шекараны тексеретін топтың құрамында болып, тексеру ісіне белсене араласуы жатады. «Қазіргі Алматы, Талдықорған облыстарының Қытаймен шектескен шекаралары Барлыбек Сыртанов белгілеуімен осы күнге дейін өзгеріске ұшыраған жоқ» – деп,

алаш азаматының еңбегіне оң баға береді зерттеуші С. Өзбекұлы (Өзбекұлы, 1996: 28).

Елінің болашағын ойлаған ұлтжанды азамат болашақ білімдінің қолында екенін түсінеді де, қазақ балаларының білім алуы үшін мектеп ашу қажеттігін ісін қолға алады. Жетісудың ауқатты, бай адамдарымен байланыс орнатады да, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Көп ұзамай 1909 жылы Қапалда ағайынды Мамановтар қазақ балаларына арналған мектеп ашады. «Мамания» деп аталып кеткен мектептен талай қазақ баласы білім алып шыққаны белгілі.

Сонымен бірге қызмет істеп жүрген жылдары Б. Сыртанов Верныйдағы гимназияға талай қазақ баласын орналастыруға күш салады. Жекелеген жас ұландарға тікелей көмек көрсетіп, ақыл-кеңесін аямайды. М. Тынышпаев Барлыбектен алған батасы мен кеңесі туралы былай деп еске алады: «Қарағым! Көп жұртың тілеуіне кетіп бара жатырсың, жолың болсын, құдай алдыңнан жарылқап, мәртебенді биік қылсын» деп құшақтап көрісіп, батасын берді. Содан кейін хат алысқанымыз болмаса, Барлыбекті, қайран дүние, көре алмадым! Барлыбектің дидарын сонан кейін бір көруге құдай тағала жазбаған екен! Сондағы айтқан сөздері, халыққа берген насихаты кешегі айтқан сөздердей құлағымда тұр. Бәкеңнің сондағы сөйлеген даусын естіп тұрған сияқтымын...» (Өзбекұлы, 1996: 106-107).

1909 жылы Б. Сыртанов денсаулығына байланысты мемлекеттік қызметтен босап, туған ауылына оралады. «Қапалдан 75 шақырым, Ақсу бекетінің қасында 12 шақырым жердегі қыстауына мекендейтін болды» (Өзбекұлы, 1996: 106). Бірақ, ұлтжанды азамат елде болып жатқан оқиғаларға байланысты үнсіз жата алмайды. Жан-жақтан хат алысып, хат жазысып тұрады. Хат арқылы біреулерге кеңес береді. Дәл осы жылдары Қазақстан аумағында Столыпиндік реформа белең алып, бүкіл қазақ жұрты сияқты, Жетісу қазақтары да өздерінің ата-бабаларынан бері қоныстанып келе жатқан жерлерінен айырыла бастайды. Қазақтың ең шұрайлы жерлері Ресейден қоныс аударған орыс шаруаларына тегін беріліп, қыстаулары мен жайлауларынан, жайылымдарынан айырылған жергілікті халықтың жағдайы қиындап кетеді. Мұның бәрі көз алдында болып жатқандықтан Б. Сыртанов жұрты үшін арпалысқа шығады. Осы кезден бастап Барлыбек Сыртановтың қоғамдық қызметінің ең басты бір бағыты – жер мәселесі, оның ішінде Жетісу өңіріндегі қазақтардың жерін қоныстанушылардан қорғау болады.

Ол 1910 жылдың 21 қазанында Ұзынағашта облыс қазақтарының басын қосып, арнайы жиын өткізеді. Жиында Барлыбек сөз алып, халықтың ауыр жағдайын айтып, ызалана сөйлейді. Оның сөздерін Сәкен Өзбекұлы монографиясында былай деп келтіреді: «Ел-жұртым, қара шекпенділер күннен-күнге біздің жерімізге қоныстануда, халіміз ауырлап барады, күн көру қиынға соғып тұр, жақсы жердің бәрі қарашекпенділердің меншігіне өтті, жұртынан айырылған байғұс қазақ тақыр жерге қуылды. Ауыз ашпай жатуға енді болмас, ояну қажет, кір жуып, кіндік кескен, аталарымыздан қалған жерімізді сақтап қалу басты міндетіміз. Қарашекпенділердің келуін тоқтату үшін бүтін қазақ болып бас қосу қажет» (Өзбекұлы, 1996: 42).

1911 жылы Барлыбек қазандағы жиынның шешіміне сай, ел аманатын арқалап, денсаулығының күрт нашарлағанына қарамастан Петерборға келеді. Бір қыс Петерборда тұрып, Жетісу халқының өтінішін қажетті жеріне жеткізуге күш салады. Сонымен бірге Жетісу қазақтарының жер пайдалану нормасын ұлғайтуға қатысты бірталай жұмыстарды атқарады. Ол жөнінде М. Тынышпаевқа былай деп хат жазған екен: «Лепсі уезінің жерін жазған кітап менен бұрын басылып шығыпты, енді Қапал һәм Жаркент уездерінің нормасын азырақ көбейтуге қолым жетті. Ғалиханға жолығып, көп сөйлестік» (Өзбекұлы, 1996: 106).

Ал Әлихан Бөкейхан болса, Барлыбек қайтыс болғаннан кейін ол туралы «Барлыбекті ұмытпасқа» деген естелік-нама жазады. Онда ол Барлыбек туралы мынадай естеліктер айтады: «1890 жылы мен Петроград барғанымда Барлыбек Петроград университетін бітірген еді... Барлыбек жеріне қайтып, Жетісу обласной мекемесінде қызмет қылды. Кешегі бұлт айығып, күн шыққан заманда ұялшақ, қыз мінезді Барлыбек жұртым деп іске кірісіп орнынан шықты:

Алдың жалын, артың мұз,
Барар едің қай жаққа.

1910-1911 жылы Жетісу қазағының жеріне қам (көмек, қамқор – *Б.К.*) қылам деп, Барлыбек Петроградта бірнеше ай жатты. Бұл жолы көп сөйлесіп, Барлыбек мінезімен жақсы ашна болып едім. Ақ көңіл, қыз мінезді көріп едім... 1911-ші жылы жазғұтырым Петроградта тағы да үстіп іс қылмақ болып, құшақтасып-сүйісіп айырылысқан едік, үш жылда мұндай болмақ ойда жоқ еді». Ресей астанасында екі

тұлғаның ел болашағы туралы ой-пікірлері мен көзқарастары ортақ болып, қазақ ұлтының қазіргі кездегі жағдайы мен ертеңіне қатысты көп мәселелерді талқыға салады. Қос арыс ел үшін жасалатын болашақ жұмыстарының бағыттарын айқындайды.

Барлыбек Сыртанов Ресей астанасынан елге оралысымен ауруы одан әрі күшейіп кетеді. 1914 жылы 26 қарашада, ол 48 жасында ата-анасының, аға-іні, бала-шағаларының алдында қайтыс болады. Оның қайтыс болуы сол кезеңдегі қазақ зиялы қауымы үшін ауыр қаза болып саналды. М. Тынышпаев «Қазақ» газетіне ол туралы көлемді мақаласын жариялайды. Мақала газеттің 1915 жылғы екі нөмірінде жарияланады. Онда ол Барлыбектің өмірін және халқына сіңірген еңбегін айта келе, мынадай пікір мен тұжырым айтады: «2-ші декабрьде Барлыбек Сыртанов опат болды» деген хабар «Қазақтың» 89-ыншы номерінде басылып шығып, ел-жұртқа жайылды. ...Барлыбек марқұм әлі келгенше қазақты ілгері һәм жан-жақты қорғауға көп тырысты. Жұмысының алды, әсіресе, қазақтың жері еді...», – деп жазса, замандасы Бақытжан Қаратаев одан да асып түсіп: «Жалғыз сен ғана халықтың сеніміне ие болдың. Жалғыз сенің ғана «халық үшін еңбек еттім» деп айтуға хақың бар...» – деп, оның елге сіңірген еңбегіне баға береді («Қазақ» газеті, 1998; Өзбекұлы, 1996: 107).

Барлыбек Сыртановтың қоғамдық-саяси көзқарастары XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени жағдайларымен тығыз байланыста қалыптасып, дамиды. Мемлекеттік шенеуніктік қызметте жүргенде қолынан келгенше жекелеген қарапайым қазақ баласына ақыл-кеңестерімен және нақты істерімен жәрдемін көрсетсе, енді қолы босаған соң, Барлыбек Сыртанов бар білімі мен тәжірибесін бүкіл қазақ халқының болашағына арнайды. 1896-1900 жылдары ол «Дала уалаятының газеті», «Киргизская степная газета», ал 1911-1914 жылдары «Айқап» журналында көзқарастарын «С.Б. Алашинский», «Алатау баласы» деген бүркеншік атаулармен білдіріп отырады.

Барлыбек Сыртановты көзі ашық оқырман қауым «қазақтың тұңғыш конституциясының авторы» ретінде біледі. 1911 жылы Ресей астанасында жүріп, ол болашақ Қазақ Елінің Ата заңының жобасын даярлау ісіне кіріседі де, сол жылы маусым айында оны жазып шығады.

Б. Сыртановтың «Қазақ Елінің уставы» кіріспеден және төрт бөлімнен тұрады. «Уставтың»

кіріспесінде автор қазақ халқының тарихына қысқаша шолу жасап, қазіргі жағдайын баяндайды да, мақсатын көрсетеді. Мақсатқа – Қазақ елі республикасын құруды жатқызады.

«Қазақ елі көне ұлттардың бірі. Оның тарихының тамыры тереңге жайылған. Жеке ел болып өмір сүрді, елін, жерін қорғады. Ұрпақ жалғастырудан 7 миллионға жетті. Санымен Россияда үшінші орында. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарда қалмақтардың күшті хәм көп әскеріне ауызбірлік жоқтығынан қарсы тұра алмады. Бірақ Үш жүздің ақылды ұлдары бір байрақтың астына жиналуға уәде беріп, бас қосып, қалмақтарды күл-талқан жасады. Әбілқайыр хан асығыстық жасаумен Кіші жүздің қазақтарын Россияға бағынышты етті. Орыс патшасы жасалған шартты бұзып, қазақ жеріне бекіністер орнатты, жаулап алуды күштіледі, қара шекпенділерді қапталты, қазақтың жерін, жеген нанын, ішкен суын тартып алды. Байғұс қазақтар өз жеріне ие болудан айрылды хәм айдалаға, құмға ығыстырылды.

Жаңа заманда атыссыз, соғыссыз, қан төкпей бейбіт жолмен жерімізде хұкметі өз қолында ел болу мақсатында, барлық елдермен достықта болу үшін жеке Қазақ елі республикасын құрамыз... Сайланатындар (депутаттарды айтып отыр – *Б.К.*) елдің ең сүйікті, білімді ел үшін жанын беретін адамдар, – деген сөздермен басталады «Уставтың» кіріспе бөлімі (Өзбекұлы, 1996: 87-88).

Барлығы 28 бабтан тұратын «Устав» төрт бөлімге жіктелген. Олар: «Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында» – 9 бап, «Адам баласының хұқы турасында» – 8 бап, «Қазақ жері турасында» – 3 бап және «Сот турасында» – 8 бап.

«Устав» авторы «Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында» атты бөлімде болашақ Қазақ еліндегі мемлекеттілік түрі, оның басқару жүйесі жөнінде мынадай принциптерді ұсынады:

«1. Қазақ елі халық билейтін хәм қазақи ерекшеліктері бар ел.

...4. Қазақ елінде ең басшы орыны – Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшы Президентті төрт жылға сайлайды.

5. Бір Президент екі реттен асып ел билеуге хұқы жоқ.

6. Президент Қазақ елін министрлер арқылы басқарады. Министрлерді Президент өзі таңдайды, бірақ Ұлт мәжілісі дауыспен шешеді.

7. Министрлер өздері басқарған жұмыстарымен Президенттің хәм Ұлт мәжілісінің алдында есеп беріп тұрады...» (Өзбекұлы, 1996: 8).

Мемлекеттіліктің республикалық түрін ұсынған Б. Сыртанов идеясы бүгінгі күндері Тәуелсіз Қазақстан Республикасында жүзеге асып отыр. Сондай-ақ қалған үш бөлімде де Б. Сыртанов бүкіладамзат баласына ортақ принциптерді қазақи ортаға бейімдеп, болашақ қазақ қоғамының құқықтық негізі етіп алуды жоспарлайды.

Қорытынды

Өкінішке орай, 1914 жылдың соңына қарай ерте келген ажал Б. Сыртановқа өз идеяларын таратып, жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Дегенменде, 1917 жылы Ресейдегі Ақпан төңкерісінен кейін демократиялық өзгерістердің енгізіле бастауы Б. Сыртановтың «Уставына» қазақ зиялы қауымының назарын аудартады. 1917 жылы 2-нші жалпы қазақ съезінде Б. Сыртанов идеялары негізге алынып, Алашорда үкіметі өмірге келді. Б. Сыртановтың арманын идеялас достары мен інілері қолдап, жүзеге асыруға тырысты. Жалпы, жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, Барлыбек Сыртанов секілді өз елі үшін алысып-тартысып өткен, жер үшін күресіп өткен, ел болашағының құқықтық негізін жасаған текті әулеттің өкілі қазіргі кездегі әрбір қазақ азаматы нағыз үлгі болар тұлға. Оның өмірі мен шығармашылығын, көзқарастарын зерттеу кенже қалып келеді. Оны қалпына келтіру қазіргі кездегі кезек күттімейтін маңызды шараның бірі деп ойлаймын. Біз сонда ғана Б. Сыртанов алдындағы парызымызды өтедік деп толық айта аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Ақыпбекұлы Ө. Барлыбек Сыртанов. (2006). Егемен Қазақстан. 26 сәуір.
- 2 Бабалар сөзі. (2012). Жүз томдық. Шежірелік жыр-аңыздар. 82 том. Астана: Фолиант.
- 3 Басин В.Я. (1971). Россия и Казахские ханства в XVI-XVIII в.в. Алма-Ата.
- 4 Вельяминов-Зернов В.В. (1864). Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. СПб.
- 5 Жабаев Жамбыл. (1946). Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1946.
- 6 Өзбекұлы С. (1996). Барлыбек Сыртанов. Алматы: Жеті жарғы, 1996.

- 7 Кәрібаев Б. (2013). Матай Бөрібай батыр – Алматы: ҚАЗАКПАРАТ.
- 8 Кәрібаев Б. (2013а). Матай Бөрібай батыр: Буклет. Түркістан, 2013.
- 9 «Қазақ» газеті (1998). Бас редактор Ә. Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы.
- 10 Тынышпаев М. (1925). Материалы по истории киргиз-казахского народа. Восточное Отделение Киргизского Государственного Издательства. Ташкент. Тынышпаев М. (1993). История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. Алма-Ата: «Қазақ университеті».
- 11 Султанов Т.И. (2001). Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы: Дайк-Пресс.
- 12 Хасенов Ә. (1996). Қазақ тарихының баяны. Алматы: Мектеп.
- 13 Федоров Е. (1925). Очерки национально-освободительного движения в Средней Азии. Ташкент.

References

- 1 Акүпбекүлы О. Barlybek Syrtanov. (2006). Egemen Kazakstan. 26 sauir.
- 2 Babalar sozi. (2012). Zhyz tomgyr. Shezhirelik zhyr-anyzdar. 82 tom. Astana: Foliant.
- 3 Basin V.Ja. (1971). Rossija i Kazahskie hanstva v XVI-XVIII v.v. Alma-Ata.
- 4 Vel'jaminov-Zernov V.V. (1864). Issledovanie o Kasimovskih carjah i carevichah. Ch.2. SPb.
- 5 Zhabaev Zhambyl. (1946). Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. Almaty, 1946.
- 6 Ozbekyly S. (1996). Barlybek Syrtanov. Almaty: Zheti zhargy, 1996.
- 7 Karibaev B. (2013). Matai Boribai batyr – Almaty: ҚАЗАКПАРАТ.
- 8 Karibaev B. (2013а). Matai Boribai batyr: Buklet. Tyrkistan, 2013.
- 9 «Kazak» gazetі (1998). Bas redaktor Ә. Nysanbaev. Almaty: «Kazak jenciklopedijasy» Bas redakcijasy.
- 10 Tynyshpaev M. (1925). Materialy po istorii kirgiz-kazahskogo naroda. Vostochnoe Otdelenie Kirgizskogo Gosudarstvennogo Izdatel'stva. Tashkent. Tynyshpaev M. (1993). Istoriya kazahskogo naroda. Sostaviteli i avtory predislovija prof. Takenov A.S. i Bajgaliev B. Alma-Ata: «Kazak universiteti».
- 11 Sultanov T.I. (2001). Podnjatye na beloј koshme. Potomki Chingiz-hana. Almaty: Dajk-Press.
- 12 Hasenov A. (1996). Kazak tarihyryn baiany. Almaty: Mektep.
- 13 Fedorov E. (1925). Oчерki nacional'no-osvoboditel'nogo dvizhenija v Sredni Azii. Tashkent.

Козыбақова Ф.А.
**Қазақстандағы астық
дайындау науқандарының
салдары**

Бұл мақалада И.В. Сталин бастаған большевиктер партиясы ірі мал иелерін тәркілеу саясатын бастамай тұрып-ақ, төніп келе жатқан үлкен қатерден, яғни «Астық дағдарысынан» шығу себептерін түсіндіре келіп, астықпен еркін сауда жасайтын ауқатты шаруаларға қарсы бітіспес күрес жариялауы, оның Қазақстанда жекешелер шаруашылығын одан әрі күйретуге әкеп соқтырған қайшылықты зардабы баяндалады. И.В. Сталин еңбектері талдана отырып, ҚР ПА, ҚР ҚРОМА мұрағаттарындағы деректер мен құжаттар негізінде қарастырылады.

Автор кеңестік Қазақстанның империялық билік кезіндегі астықпен еркін сауда жасайтын «ауқатты шаруа» қауымының табиғатына қарсы бағытталған, адамгершіліктен жұрдай, қылмысты саясатын баяндайды. Сондықтан да оның зардаптары да аса ауыр: ауыл шаруашылығындағы дәстүрлі мал шаруашылығын табиғи ерекшеліктерге сай тиімді ұйымдастыра алатын ең іскер, білікті шаруақор адамдардан айырып, дәстүрлі шаруашылықты біржола күйретуге әкелгендігін ғылыми негіздейді.

Түйін сөздер: империялық билік, И.В. Сталин, дағдарыс, мұрағат, частник, конференция, тоталитаризм, сот, қаулы, бүлік, мемлекет, қылмыс, кодекс, ауқатты, бай, жекеше.

Kozybakova F.
**Consequences on the purveyance
of forage in Kazakhstan**

In this article analysed reasons of the «Grain-growing crisis», actions of party of bolshevik against prosperous peasants. The author on the basis of works of Y.V. Stalin and documentary sources of the PA and CGA of the Republic of Kazakhstan proves that a center was interested stably to hold a price and felt strongly about a market relation, not to lift the cost of market.

Author consider that «liquidation against prosperous peasants» politics of soviet Kazakhstan imperial authority is unnatural, lacking humanism and illegal politics. Thus it has unbearable consequences: liquidation of knowledgeable, experienced people, who knew how to organize traditional cattle breeding based upon natural characteristics of agriculture. Author scientifically prove the final destruction of traditional economics.

Key words: imperial power, Y.V. Stalin, crisis, archive, private trader, conference, totalitarianism, court, decision, revolt, state, crime, code prosperous, rich man, private.

Козыбақова Ф.А.
**Последствия по заготовке
кормов в Казахстане**

В этой статье проанализированы причины «Зернового кризиса», действия партии большевиков против зажиточных крестьян. Автор на основе трудов И.В. Сталина и документальных источников АП РК и ЦГА РК доказывает, что центр был заинтересован стабильно держать цену и был против рыночного отношения, не поднимать цену базара.

Исследователь считает политику имперской власти советского Казахстана по «ликвидации зажиточных крестьян» противоестественной, лишенной человечности, преступной политикой и указывают на тяжелые последствия, как лишение казахских хозяйств знатоков основ и правил организации традиционного скотоводства, с учетом природных особенностей сельского хозяйства Края. Автор дает научное обоснование окончательному разрушению традиционного хозяйства казахов.

Ключевые слова: имперская власть, И.В. Сталин, кризис, архив, частник, конференция, тоталитаризм, суд, постановление, мятеж, государство, преступление, кодекс, зажиточный, бай, частный.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ НАУҚАНДАРЫНЫҢ САЛДАРЫ

Кіріспе

Ірі мал иелерін кәмпескелеу, тәркілеу саясаты басталмай тұрып-ақ, И. Сталин бастаған большевиктер партиясы бүкіл елде бай кулак атаулыны жою саясатын бастап жіберген еді. Оның басты сылтауы астық дайындау жоспарының көңілдегідей орындалмауы болды.

И. Сталиннің «астық дағдарысына қатысты саясаты

БК(б)П-ның барлық ұйымдарына жолданған «Дайындау науқанының алғашқы қорытындалары және партияның алдағы міндеттері» атты нұсқау хатта бұл жағдай түсіндірілді: «... Егер 1927 жылғы январьда біз 428 миллион пұт дәнді астық дайындап үлгерген болсақ, ал дайындалған дәнді астық 300 млн пұтқа әрең жетті. Демек, 1928 жылғы январьда біздегі дефицит, жетімсіздік 1927 жылғы январьдағымен салыстырғанда 128 млн пұт еді. Міне, осы жетімсіздік астық дайындаудағы дағдарыстың шамамен көрсетілген цифрлы мөлшері болып табылады» (Сталин, 1950: 11).

Мұнан ары осы нұсқауды Орталық партия Комитеті атынан жолдап отырған И. Сталин «Астық дағдарысы» дегеннің не екенін нақтылап түсіндірді. Бұл дегеннің оның ойынша, біріншіден, «жұмысшы аудандарын жабдықтаудағы дағдарыс, бұл аудандарда астық бағасының көтерілуі, жұмысшылардың реалды жалақысының кері кетуі»;

Бұл сондай-ақ, екіншіден, «Қызыл Армияны жабдықтаудағы дағдарыс, қызыл армияшылар арасындағы наразылық деген сөз»;

Үшіншіден, бұл астыққа бағаның көтерілуіне байланысты «зығыршылар мен мақташылардың астық өндіруге көшуі» және осының салдарынан шикізат жетіспей «тоқыма өнеркәсібінің тиісті тарауларының кемуі деген сөз»;

Төртіншіден, мұның өзі «жабдық пен ауылшаруашылық машиналарын әкелуге қажетті экспорт мұқтаждықтары үшін де арналған астық қорының мемлекет қолында болмауы деген сөз»;

Бесіншіден, мұны «баға жөніндегі бүкіл саясатымыздың бұзылуы» – деп қарау керек (Сталин, 1950: 11-12).

Осындай «нақты» дәлелдер келтірген И. Сталин партия ұйымдарын төніп келе жатқан үлкен қатерден, яғни дағдарыстан сақтандырған болды. Әдеттегідей ол бұл жолы да қорқытып алып, одан соң ақыл айтты. Бірақ айтқан «ақылы» қатал талап қоюмен ұштасып жатты. Оның өзі, негізінен, «128 миллион пұт дефицитті жою керек», – дегенге келіп тірелді.

И. Сталин «мәнін» ашқан астық дағдарысының біз зерттеп отырған мәселеге қатысы мынада: ол осы дағдарыс себептерін түсіндіре келіп, кулактарға, астықпен еркін сауда (Сталинше айтқанда «алыпсатарлық») жасайтын ауқатты шаруаларға қарсы бітіспес күрес жариялады. «Біріншіден, – деді ол, – Деревня өсіп, баюда. Ең алдымен кулак өсіп, байыды. Үш жылғы бітік егін тегін кеткен жоқ... Алайда, деревняның ауқатты топтары биыл шикізаттық дақылдар арқылы, ет өнімдері арқылы, (т.б. арқылы) тіршілік етуге мүмкіндік алып, астық өнімдерінің бағасын қымбаттату үшін оны өз қолдарында ұстап қалды. Рас, кулакты астық өнімдерінің негізгі иесі деп есептеуге болмайды, бірақ ол деревняда шаруашылық жөніндегі беделді адам, астығына қымбат төлейтін қаладағы алыпсатармен оның байланысы бар, ал біздің дайындаушы ұйымдарымыздың тарапынан ол қарсы әрекет кездестіргендіктен, астықтың бағасын арттыру мәселесінде орташаны соңынан ертіп алуға оның мүмкіндігі болып отыр» (Сталин, 1950: 13-14).

Көріп отырмыз, нарықтық қатынас атаулыға мүлде жаны қас және бағаны жоғарыдан мемлекеттік жолмен ұстап тұруды жақтайтын И. Сталин ежелден келе жатқан шаруа психологиясын – олардың базар бағасын көтеруге деген ынтасын күйретуге шақырды. «Біздің дайындаушы ұйымдарымыз, – деді одан әрі ол, – алыпсатарлықты ауыздықтау орнына өзара жанталасқан бәсеке жүргізді, дайындалушылардың біртұтас майданын бұзды, астықтың бағасын өршітіп жіберді, сөйтіп жалдаптар мен кулактардың баға жөніндегі советтік саясатты бұзуына, рынокты нашарлатуына, дайындық қарқынын бәсендетуіне еріксіз көмектесіп отырды» (Сталин, 1950: 14).

Мұнан ары И. Сталин партия ұйымдарын осы мәселемен белсенді айналыспады, бұл істе олар өздеріне жүктелетін жұмысты ұмытып кетті, – деп ренжіді. Сонымен бірге ол партия ұйымдарының кулакқа қарсы өз деңгейінде жүргізбей отырғанына да қатты қынжылды. «Кулактарға қарсы және кулактың қауіпіне қарсы күресте алатын болсақ, онда біздің партия ұйымдары әлі де бұл жөнінде істеуге тиіс-

ті жұмыстардың бәрін түгел істей қойған жоқ. Соңғы кезде біздің ұйымдарымызда, партия ұйымдарында болсын, басқа ұйымдарда болсын, партияға жат, белгілі элементтердің пайда болған себептері, тегінде міне осы; бұл элементтер деревнядағы таптарды көрмейді, біздің таптық саясатымыздың негізін түсінбейді, сөйтіп жұмыс жүргізгенде деревняда ешкімді ренжітпеуге, кулакпен тату тұруға жалпы алғанда деревнядағы «барлық таптарға» бірдей жақсы атты көрінуге әрекеттенеді (Сталин, 1950: 15).

Кулакқа қарсы күрес жүргізе алмайтын мұндай коммунистердің барынан жоғы жақсы деп қортындылады өз ойын И. Сталин. «Осының бәрі, – деді ол, – біздің жұмысымыздағы қателермен, өнеркәсіп тауарларының деревняға кем апарылуы, ауылшаруашылықтың салынуының жеткіліксіздігі, деревнядан басы артық ақшаны жинап ала білмеушілік сияқты, т.с. қателер қосыла келіп, астық дайындаудағы дағдарыстың тууына жағдайлар жасады» (Сталин, 1950: 16).

И. Сталин аталған қателерді жоюды талап ете отырып, бұл істе жауапкершілік «тек партияның жергілікті ұйымдарына ғана емес, ең алдымен Орталық Комитетке жүктелді (Сталин, 1950: 16)», – деп түйіндеді өз ойын.

Астық дағдарысынан шығудың ең басты жолы кулактарға қарсы РСФСР қылмысты істер Кодекстің 107 бабын қолдану болды. Бұл бап бойынша сатып алу, тағып қою жолымен тауарларға бағаны қасақана көтерген кінәлілерді үш жылға дейін бас еркінен айырып соттау, олардың дүние-мүлкін түгелдей немесе ішінара кәмпескелеу көзделді (Уголовный Кодекс РСФСР редакцией 1926 года, 1931: 34).

Қылмысты істер кодексінің бұл бабын кулактарға қарсы қолдану туралы нұсқауды И. Сталин өзінің 1928 жылдың 15 қаңтары мен 6 ақпаны аралығында Сібірді аралаған сапарында берді (Сталин, 1950: 96; Омарбеков, 1993: 61-65; Иконникова, 1991: 69).

Енді кулактардағы барлық артық астықтар сот жолымен мемлекет пайдасына кәмпескеленді, ол кәмпескеленген астықтың 25% (Қазақстанда – 20%) (Омарбеков, 1994: 15) кедейлер және қуаты шамалы орташаларға төменгі мемлекеттік бағамен немесе ұзақ мерзімді қарызға берілуі тиіс болды.

Жоғарыда аталған 1928 жылы 13 ақпанда «БК(б)П Орталық Комитеті тапсыруы бойынша» И. Сталин қол қойған партияның барлық ұйымдарына нұсқауда ауқатты шаруаларға қарсы тағы да мынандай қосымша қысымдар жасау белгіленді.

«Шаруалардың мемлекетке бересілі борышын (ауылшаруашылық салық, қауіпсіздендіру, қарыз, т.б. жөніндегі недоимкалар) өндіретінде, деревняның дәулетті топтарына, әсіресе кулактарға қысым жасау... қажет» (Сталин, 1950: 21).

«Өзара салық жөнінде деревняның кулактары мен ауқатты топтары үшін ауылшаруашылық салығымен салыстырғанда көтеріңкі салық прогрессиясы қолданылсын... Дайындау науқанының барысында партия, совет және кооператив ұйымдарын тексеру, үзілді-кесілді тазарту ісін жүргізе отырып, олардан жат элементтер мен бояма элементтер қуылатын болсын... (Сталин, 1950: 21).

Орталықтың нұсқауы жергілікті жерлерде азық-түлік дайындау науқанының негізгі ауыртпалығын байлар мен кулактарға бағыттауға жұмылдырды. Қазақстандағы жағдайды Ақтөбе губерниялық партия комитетінің өзінің жергілікті комитеттеріне 1928 жылдың 29 сәуірінде жолдаған нұсқау-жарлығынан аңғара аламыз. Жарлықта алғаш бүкіл елдегі жағдайға және осыған байланысты губерния алдында «тұрған міндеттерге қысқаша түсініктеме берілген. «Елдің шаруашылықтық жағдайы, ... деп атап көрсетілген онда, – қазір барлық күштерді және әдістерді астық даярлау мәселесі төңірегіне барынша жұмылдыруды талап етеді. Өйткені «астыққа деген ең төменгі сұранысты қамтамасыз ету үшін бізге осы кварталда 100 млн пұттан кем дайындамау керек» (БК(б)П ОК Саяси бюросының нұсқауынан). Бүкіл Қазақстан бойынша 7 млн пұт дайындалуы тиіс. Осы негізгі міндеттерге сәйкес БК(б)П губкомы астық дайындау науқанын тағы да шұғыл, кеңінен өрістетуді ұсынады. Оның өзін орташаға және кедейге байланысты асыра сілтеулерге жол бермеу және оларды түзету (артық астықты заңсыз кәмпескелеу, тұтқынға алумен әуестену және с.с.), тек ауыл мен деревняның ауқатты, кулак-бай тобына қысым жасау түрінде жүргізу керек.

Біздің губерниямызда мамыр-маусым бойы 200 000 пұт даярлануы тиіс (ҚР ПА, 131 қ., 1 т., 1867-іс, 88 п.).

Нұсқаудан көріп отырмыз, Мәскеуден берілген нұсқауда тек «кулакты» жазалау ұсынылса, қазақстандықтар оған қоса «ауқаттыларды» да, «байларды» да қуғындауды ұсынады. Әсіресе «ауқаттыларға» кімдер жататынын әлі ешкім ажырата алмайтын заманда бұл төтенше нұсқау, әрине орташаны да қамтып кетті.

Бұл аз болғандай осы нұсқаудың қаулы бөліміндегі 3-ші пункті «ауқатты», «бай» деген ұғымға «частник», яғни «жекеше» деген әлеу-

меттік категорияны енгізіп жазалаудың ауқымын одан ары кеңейте түсті. Түсінікті болу үшін осы бағыт орыс тілінен аудармай сол қалпында оқып көрелік: «3. В проводимую кампанию необходимо усилить нажим на кулацко-байскую часть аула и деревни и частников (бөліп көрсеткен біз – Ф.К.), злостно спекулирующих на хлебе, применяя к ним директиву ЦК 107 ст. УК, учитывая при этом необходимости недопущения ранее имевших место ошибок в применении этой статьи и других мер нажима к средняцким группам (ҚР ПА, 131 қ., 1 т., 1867-іс.).

Иә, қаулы өзін-өзі теріске шығарады: орташаларға қысым жасама, «жекешеге» қысым жаса дейді, сөйтіп орташаның да жекеше шаруашылығы бар екенін естен шығарады. Нұсқаудың 5-ші пункті «кулак пен байға қарсы кедейлер мен орташаларды топтастырып, нағыз таптық өрлеу туғызуға байланысты түсіндіру жұмыстарын дайындау науқанын да күшейте түсуге шақырды (ҚР ПА, 131 қ., 1 т., 1867-іс., 88-89 п.).

Ал оның 6-шы пункті «халықтың ауқатты бөлігінен әртүрлі қарыздарды өндіріп алу» жұмысын «астық дайындауды күшейтумен ұштастыра жүргізуді» ұсынады (Социалистік Қазақстан, 1989).

Осылайша, бұл нұсқау тағы да «халықтың ауқатты бөлігіне» (олардың кім екендері толық айқын болмаса да) қысым жасауға шақырды.

1928–1930 жылдары Қазақстанда, әсіресе, оның астықты солтүстік аудандарында егін шықпай қалды. Ал 1929-1930 жылғы қыста даланы жұт жайлады. «1928-1929 жылы күз бен қысқа астық тапсыру жоспары 11,5 миллион центнер болып белгіленген еді, мұның өзі шаруа қожалықтарының нақты мүмкіндіктерінен үштен бір бөлікке дерлік артық болатын» (Социалистік Қазақстан, 1989).

Оның үстіне тапсырылатын астық жинауды төтенше шаралар арқылы жүргізу салған беттен республикадағы жағдайды ушықтырып ала жөнелді. Деревнялар мен ауылдарға өлкелік және округтік органдардан төтенше нұсқаулар мен праволар берілген 4812 уәкіл жіберілді. Қатыгездік пен құралдарды қолдануда талғамсыздық таныту, өрескел іс-қимыл бұлардың жұмысының негізгі өзегіне айналды. Басты соққы кулактар мен байларға берілуі керек еді. Бірақ жағдайды нашар білетін уәкілдер көп ретте орташаларды, кейде тіпті кедей-кепшікті соғып жатты.

Әкімшілік шаралар экономикалық тиімділік бере қоймады. Жазаланған 34121 «бай мен кулактан» 631 мың пұт астық және 53400 мал алынды, мұның астық дайындау жоспарының

бар-жоғы бір процентке жуығы және ет дайындаудың 3,5 проценті еді. Солай болса да «ВКП(б) Қазақ өлкелік комитеті 1929 жылдың көктемінде астық дайындаудың жоспарын 84,3 процентке, ал ет дайындаудың ірі қара бойынша өткен жылмен салыстырғанда 1,5 есе көп болғаны жөнінде рапорт берді («Жұлдыз», 1989: 170). Астық дайындау жөніндегі негізгі салмақ орташалар мен кедейлерге түскені белгілі және олардың көбісінің астығы соңғы түйір дәнге дейін сыпырып алынды. Мүлдем егін салмайтын көшпелі қазақ қожалықтары да астық тапсыруға міндетті болды.

1931 жылғы 23 августте Балқаш ауданы 7 ауыл кеңесінің бас қосқан жиналысында мынадай қаулы қабылданады: «Ауданнан келген астық жоспары негізінен қабыл алынсын. Ауылдардан алынған мағлұматтарға қарай әр шаруашылықтың ыңғайына қарай бөлінсін. Бұл жөнінде ауылдарға бөлінген жоспарлар қалай да мерзімді уақытында орындалатын болсын. Бай-қулақтар тапсыруға тиісті астық жоспарын бес күн ішінде орындайтын болсын. Әрқайсысы осы бес күн ішінде орындамаса, тиісті жазасы беріліп, ауылдан қуылуға дейін шара көрінсін».

Астық бітпей қашан соңғы түйірге дейін сыпырылып алынғанша, өлкелік комитет басшылары жоспарды қалай да орындатумен болды. Тіпті, партия қызметкерлерінің де төзімі түгесілді. Облыстық, аудандық партия комитетінің хатшысы Извари былай деп телеграмма соққан: «Астық әзірлеу жоспарын біз бидаймен емес, балықпен және құс етімен орындай аламыз». Бірақ Голощекин оларды сотқа берген.

1932 жылдың басынан бастап Алматыға жер-жердегі аштық туралы хабарлар айтыла бастайды. Оның негізгі себебінің бірі астық дайындауда асыра сілтеушіліктерге бой беру болып табылады. Ырғыз аудандық партия комитетінен Тоқтаров Голощекин атына мынадай телеграмма берген: «өлкелік комитет, Голощекинге, астық әзірлеу жоспарын орындау есебіне, жұртқа берілуге тиіс бидайды ұстап қалу арқылы, 300 центнер астық жинады. Ішінара 2203 қожалықта анықталған аштықты көріп, әзірленген астықты етке мал өткізушілерге үлестіру үшін кері қайтаруға нұсқау беруіңізді сұрайды» (Алматы ақшамы, 1990).

Тұқым жинау барысында жіберілген қателіктер, атап айтқанда тұқым жоспарының түтін басына түсірілуі, бұрын-соңды егін екпеген малшыларға да осындай салықтың салынуы малдың базарға көптеп шығарылуына немқұрайлылық көзқарасын тудырды. Мәселен, «Қызылорда округінде түйені 2 пұт, ал қойды 8 қадақ бидайға айырбастап берген» (Социалис-

тік Қазақстан» 1990). Оның үстіне кей жерлерде егін егу жоспарлары көтеріңкі түрде бекітіліп, жергілікті ерекшеліктер тіптен ескерусіз қалған. Мысалы, мал шаруашылығына негізінен Қармақшы ауданының мал өсіруден түсетін табысы, округтік қаржы бөлімінің мәліметі бойынша бір миллион сомнан асса, ал жер шаруашылығынан (егіс көлемі 1200 алынғаны бар) 95 мың сом ғана болған. Осыған қарамастан, егістікті 13085 гектарға жеткізу жоспарланған. Бұған себеп тұқым қайда? «Тереңөзек ауданында кедейлердің үйлерін тінтіп, тұқым өткізу жоспарын орындамағандарға 6-ауылдан – 10, 8-ауылдан –15, 10,11-ауылдан 10 кедей мен батырақты қамауға алған (Социалистік Қазақстан» 1990).

Сталиннің нұсқауы кезінде колхоздағы, жеке қожалықтардағы астық түгелімен сыпырып алынды, валюта үшін шет елдерге астық сату шектен тыс арттырылды. Мысалы: «1930 жылғы жиналған 835 миллион центнер астықтың 48,4 миллион центнері экспортқа шығарылған. Ал 1931 жылы бар болғаны 695 миллион центнер астық жиналса да сыртқы рынокқа 51,8 миллион центнер астық жөнелтілді. Көп колхоздар тіпті тұқым қорынсыз қалды, Кеңес үкіметі ашыққандарға аяусыз жазалау шараларын қолданды. 1932 жылдың тамыз айында егіс даласында астық алғаны үшін ату жазасын шығарды. Сол жылы 55 мың адам тұтқынға алынып, 2 мыңы атылды (Жетісу, 1992).

Тағы да деректерге жүгінелік: 5-ші ауыл кеңесі алқа мүшелерінің бас қосқан мәжілісінен (16/XII – 1931 жыл №14 тоқтам санынан); Ауылға саяси науқанға байланысты шыққаннан кейін алқа отырысы мына кемшіліктерді көрсетеді. Бұл бригадирлер берілген 48 сағат срок ішінде түрлі науқанды орындамай, жауапкер екендігін білмеген, өздерін жауапкерміз деп санамаған, өздеріне жазылып берілген документтерде не жазылғанын білмеген. Оған дәлел: сол айтылған 48 сағат срок ішінде түрлі саяси шаруашылыққа екпін беріп, барлық науқанды айтылған срок ішінде орындау орнына 61 пұт қана 6 астық алынған. Оның 13 пұты запас азық. «Біз шыққанда бәрін орындаймыз деп шығып уәде берген жоқпыз, келешекте де бәрін орындаймыз деп айта алмаймыз, әсіресе астық жағынан қауіптіміз, бірақ шамамыз келгенінше орындаймыз» – дейді. Сондықтан бұл жауапты бригадир Нұржігітұлы, Жұмашұлы, Бақжігітұлы, Сармантай ұлдарының істерін нашар деп тауып, алқа төмендегі тиянаққа келеді.

Қаулы: «Осы аталған бригадирлердің жұмысты екпіндете алмағаны, қаулыны орындамағаны, жауапкершіліктерінің кеміп кеткені үшін ақырғы

қатты сөгіс берілсін. Олардың ақырғы орындау срогі 12 сағат болсын. Егер барлық түрлі саяси науқандары 4 сағат ішінде орындалмаса аяусыз сокқы берілсін» (Жұлдыз, 1989: 17).

Бұл мәжілісте сөз болған жайттарды әдейі толық келтірдік. Жоғарыдағы бригадирлерді айыптап, жоспарды орындауға мәжбүр ету – буынсыз жерге пышақ ұру еді. Сол себепті жазықсыз сотталғандар да болды. Мысалға: Балқаш аудандық тергеушісі 7 Қазақбайұлының 1932 жылғы 27 майдағы тергеу анықтамасынан үзінді келтірейік: «Балқаш аудандық тергеушісі Қазақбайұлы өз тергеуінде Қазақ заңының 109-110 параграфында айтылғандай, Балқаш ауданының 8-ші ауылындағы азаматтар Жолшыбекұлы, Айқымбайұлы, тағы басқа азаматтардың 65 санды қылмыс істерін таптым. 1931 жылдың август айларынан бастап аудан көлемінде астық дайындау жұмысы, сақтық тұқым қорын жинау жұмысына даярлық жүргізілген. Астық дайындау жұмысы мен түрлі саяси шаруашылық науқандарды өткізуге 11-ауылға аудандық жерден Можитұлы жіберілген. Ол ауылдағы ескі әдетке той қылу, ат шаптыру, үй тігу, қыз ұзату жұмыстары етек алып, түрлі науқан істеріне бөгет бола тұрса да, тыйым

салмаған. Ауылдағы кеңес, партия ұйымдары да бұл сияқты жолсыздықтармен күресе алмай, өздері бас болып той істетіп жүргендіктері анықталды. Мұның үстіне, ауданнан берілген 10980 пұт астық жоспарын орындау орнына оңшылдыққа салынып, бұл жоспарды орындай алмаймыз, орындасақ – ел ашығып қалады деп, солақай оңшылдыққа түскен. Мұндай сорақылықтармен күреспесе болмайды» (Жұлдыз, 1989: 17).

Қорытынды

Осындай қокан-локкыдан кейін мұндай «саяси-шаруашылық науқанға» батылы барып кім қарсы шыққан? Иә, мәселе не кулакқа, не социалистік құрылысқа! – деп тым төте, әрі біржақты қойылды. Дамудың балама жолдары бар емес пе? Жекеше шаруалар қожалықтарын немесе кооперативтерін өркендету жолдары ше? – деп ол кезде сұрақ қоюдың өзі қауіпті еді. Ауыл шаруашылығы екі жолдың бірін ғана таңдауы тиіс болды және екінші жолды таңдады. Ал бұл жол – социалистік сектор жолы, меншік иелері атаулыны кулакқа жатқызып, шаруалардың ең іскер бөлігін жау тап ретінде жаппай жою жолы еді.

Әдебиеттер

- 1 «Алматы ақшамы», 1990 жыл 18 мамыр.
- 2 «Жетісу», 1992. 17 наурыз.
- 3 «Жұлдыз», 1989. №12.
- 4 ҚР ПА, 131 к., 1т., 1867-іс.
- 5 Иконникова И.П., Угроватов А.П. (1991). Сталинская репетиция наступления накрепстьянство. «Вопросы истории КПСС», 1991, №1.
- 6 Омарбеков Т. (1993). Шаруаларға шабуыл қалай басталды? И.В. Сталиннің Сібір сапарының Қазақстандағы салдарлары. Ақиқат. №61-65.
- 7 Омарбеков Т. (1994). Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру тарихы мен ағылымы. Докторл. дисс. авторефераты. Алматы.
- 8 «Социалистік Қазақстан», 1989 жыл 14 қаңтар.
- 9 «Социалистік Қазақстан», 1990 жыл 26 тамыз
- 10 Сталин И.В. (1950). Шығармалар. Алматы: Қазбiрмембас.
- 11 Уголовный Кодекс РСФСР редакцией 1926 года с изменениями 20 марта 1931 года. 2-том. (1931). Москва, «История Советского крестьянства».

References

- 1 «Almaty akshamy», 1990 May
- 2 «Zhetysu», 1992 Mart.
- 3 « Zhuldyz », 1989, №12
- 4 RK PA, a.131 , 1 tom., 1867-is.
- 5 Ikonnikova I.P., Ugrovatov A.P. (1991). Stalinskaja repeticija nastuplenija nakrest'janstvo. «Voprosy istorii KPSS». №1.
- 6 Omarbekov T. (1993). Sharualarga shabuyl kalay bastalady? I.V. Stalinnin Sibir saparynyn Kazakstandagy saldarlary. Aki-kat. 1993, № 61-65.
- 7 Omarbekov T. (1994). Kazakh sharualaryn zheke menshik kozhalyktarynan ajyru zhane uzhymdastyru tarihy men agylymy. Doktorl.diss. avtoreferaty, Almaty., 1994
- 8 «Socialistik Kazakhstan», 1989 January, 14.
- 9 «Socialistik Kazakhstan», 1990 August, 26.
- 10 Stalin I.V. (1950). Shygarmalar. Almaty: Kazbirmembas.
- 11 Ugolovnyj Kodeks RSFSR redakciej 1926 goda s izmenenijami 20 marta 1931 goda. 2 tom. (1931). M., 1931, «Istorija Sovetskogo krestjanstva».

Хабижанова Г.Б.,
Сагинаева А.Н.

**Революцияға дейінгі және
кеңестік әдебиеттерде қоман-
қыпшақтардың зерттелу тари-
хы: зерттеулердің
ерекшеліктері**

Зерттеудің мақсаты қоман-қыпшақтарының саяси, этникалық тарихын, мәдениетін, дінін және тілін қарастырған еңбектерді зерделей отырып, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысын қарастырған еңбектердің ерекшелігін анықтау. Тақырып көлемінде жарық көрген еңбектерді жүйелеп революцияға дейінгі, кеңестік кезеңдегі зерттеулер деп қарастырамыз.

Революцияға дейінгі кезеңдегі зерттеулер тарихи жазба деректер мен этнографиялық мәліметтер негізінде қоман, қыпшақ, қимақ тайпалары жақын тайпалар деген тұжырым жасалған. Қыпшақтардың тілі, ру-тайпалық құрамын зерттеу негізінде қазақ, өзбек, башқұрт сияқты түркі тілдес халықтардың этникалық тарихына қыпшақ этникалық компонентінің ықпалы болғаны анықталған.

Кеңестік кезеңнің бастапқы жылдарында ғылыми зерттеулерде негізінен маркстік-лениндік методология басшылыққа алынып, зерттеулерде көшпелілерге негативті баға беру басымдық болған. Бұл кезеңдегі қыпшақтанулық зерттеулердің басты жетістігі жазба деректердің ғылыми айналымға енгізілуі болды. Жазба деректер негізінде қыпшақ бірлестігіне енген ру-тайпалардың құрамы, территориясы, мәдениеті, дүниетанымы, көрші халықтармен қарым-қатынасы тарихы зерттелді.

Түйін сөздер: командар, қыпшақтар, орта ғасыр, тарихнама, зерттеулер.

Habyzhanova G.B.,
Saginayeva A.N.

**History of coman-kipchaks
study in pre-revolutionary and
soviet literature: peculiarities of
research**

Main purpose of this research is to identify the peculiarities of the works, studying political, ethnic history, culture, religion and language of the Coman-Kipchak. Works that were published on the research topic are systematized to pre-revolutionary and Soviet period. Based on the analysis of written historical sources and ethnographic materials of the pre-revolutionary period, it was concluded that the Coman, Kipchak and Kimek tribes are related to each other. Based on the study of congeneric composition and language affiliation of the Kipchaks, influence of the Kipchak component on the ethnic history of the Turkic-speaking people, such as: Kazakhs, Uzbeks and Bashkirs, was discovered. During the early Soviet period, scientific research was based on the marxist-leninist methodology, and works of this period mostly contained negative assessment of the nomadic people history. The main achievement in Kipchakology was the introduction of written scientific sources. On the basis of written sources, the congeneric composition of the Kipchak alliances, territory, culture, world views, history of relations with neighboring nations was studied.

Key words: comans, kipchaks, middle ages, historiography, studies.

Хабижанова Г.Б.,
Сагинаева А.Н.

**История изучения коман-
кипчаков в дореволюционной
и советской литературе:
особенности исследований**

Целью данного исследования является выявление особенностей в работах исследовавших политическую, этническую историю, культуру, религию и язык коман-кипчаков. Труды, опубликованные по теме исследования, систематизированы на дореволюционный и советский периоды. На основе анализа письменных исторических источников и этнографических материалов дореволюционного периода был сделан вывод о том, что команы, кипчаки и кимаки – родственные племена. На основе изучения родоплеменного состава и языковой принадлежности кипчаков было выявлено влияние кипчакского компонента на этническую историю тюркоязычных народов, таких как: казахи, узбеки и башкиры. В работах советского периода исследования проводились в основном в рамках марксистско-ленинской методологии, и в них во многом доминировала негативная оценка истории кочевых народов. Главным достижением в кипчаковедении стало введение в научный оборот письменных источников. На основе письменных источников исследовались родоплеменной состав кипчакского объединения, территория, культура, мировоззрение, история взаимоотношений с соседними народами.

Ключевые слова: команы, кипчаки, средний век, историография, исследования.

**РЕВОЛЮЦИЯҒА
ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК
ӘДЕБИЕТТЕРДЕ
ҚОМАН-
ҚЫПШАҚТАРДЫҢ
ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ:
ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Кіріспе

Ортағасырларда қыпшақтар Еуразия аумағындағы халықтар мен тайпалардың тарихында елеулі орын алған. Бүгінгі таңда қыпшақтар тарихын қарастырған зерттеулерге қызығушылықтың артуы негізінен тарихнаманың тарих ғылымының бір саласы ретінде рөлінің артуына да байланысты. Бұл сала негізінен өзара байланысты қыпшақ тарихының теориясы мен методологиясын қалыптастыру бағытында дамуда. Қыпшақтар тарихын зерттеуде қол жеткізген ғылыми жетістіктерді, ғылыми жаңалықтарды тарихи кезең бойынша саралап, тақырып бойынша елеулі үлес қосқан ғалымдардың тұжырымдарына тиісті бағасын беруде тарихнамалық зерттеу өте қажет. Қыпшақтар тарихын зерттеу XVIII ғасырдан бастау алады, ал XX ғасырда қоман-қыпшақтарының саяси, этникалық тарихы, мәдениеті, діні, тілі және көрші халықтармен байланысы ғылыми негізделіп жан-жақты қарастырыла бастады. Осы кезең аралығында қарастырылып отырған мәселенің негізгі аспектілерін бірқатар ғалымдар еңбектерінде деректер негізінде барынша ашып берді. Сондықтан да қоман-қыпшақтарының тарихын, көрші халықтармен этно-тарихи байланысын қарастырған зерттеулердегі тұжырымдарды тарихнамалық талдау қажет. Зерттеуді жүйелі жүргізу үшін тақырып аясында жарияланған еңбектерді революцияға дейінгі және кеңестік кезеңде жарық көрген еңбектер деп топтастырып қарастыруды жөн көрдік. Оған қол жеткізу үшін ғылыми әдістерден хронологиялық, мәселелік және салыстырмалық әдістерді қолданамыз. Сол арқылы мәселенің тарихи кезеңдердегі зерттелу деңгейін анықтаймыз.

Қыпшақтардың көрші халықтармен қарым-қатынасы мәселесі турасында алғашқы зерттеулер

Революцияға дейінгі кезеңде қыпшақтардың көрші халықтармен қарым-қатынасы мәселесі турасында алғашқы зерттеулер XVIII ғасырда жазыла бастады. Алғашқылардың бірі болып мәселеге орыс зерттеушілері көңіл аударды. Олардың қатарында В.Н. Татищев (Татищев, 2012), Н.М. Карамзин (Карамзин, 1991), С.М. Соловьев (Соловьев, 1960), П.В. Голубовский (Го-

лубовский, 2013), В.В. Бартольд (Бартольд, 1968) сынды тарихшылар мен ориенталистер болды. Аталған зерттеушілер қыпшақтардың тарихын Киев Русінің тарихымен тікелей саяси, экономикалық, мәдени байланыс тұрғысынан қарастырды.

В.Н. Татищев өзінің «История Российская» атты еңбегін тарихи кітаптар мен қолжазбалар негізінде жазған. Ол половцылар (қыпшақтар) мен командарды пешенегтермен бір халық ретінде «Половцы те же по сути печенеги. Имя это у русских, может, им от пространных полей или степей данное. Сами они звались команамы, или куманамы (Татищев, 2012: 184), – дей келе – Команы, куманы – половцы и печенеги, у турок – маджары, магиары, мазары, греки их именовали, как пацинаки, пеуцины или певкины и черные, у венгров – хунеры, у татар – каракипчаки», – деп көрсетеді (Татищев, 2012: 163).

Н.М. Карамзинде В.Н. Татищев сияқты пешенегтер мен половцылар (қыпшақтар) бір халық деген көзқарасты ұстанған (Карамзин, 1991: 40). Дегенмен Н.М. Карамзиннің еңбегі хронологиялық тұрғыдан тарихи оқиғаларды жүйелеп жазуымен ерекшеленді.

Ал, С.М. Соловьев өзінің «История России с древнейших времен» деген еңбегінде орыс жылнамаларындағы деректерге талдау жасаған. Зерттеу барысында Киев Русі мен қыпшақтардың қарым-қатынасының бастамасы орыстар мен қыпшақтардың географиялық орналасу аумағының жақын болғандығынан деген тұжырым жасаған (Соловьев, 1960: 650). Яғни, С.М. Соловьевтің пікірінше, қыпшақтардың күштілігі орыс княздарының бірігуіне, орыстардың бос жатқан жерлерге қоныстануына ықпал еткен. Нәтижесінде Мәскеу жеріне қоныстану үдерісі аз уақытта аяқталып, мемлекеттің орталығы Киевтен Мәскеуге көшірілген.

1884 жылы жарық көрген П.В. Голубовскийдің «Печенеги, тюрки и половцы до нашествие татар» (Голубовский, 2013) деген еңбегінде орыстар мен половецтер (қыпшақтар) арасындағы әскери жорықтарды жазады. Орыс жылнамалары деректеріне сүйеніп зерттеушілердің қыпшақтарды «жабайы көшпенділер», тек тонаушылық мақсатта соғыстар жүргізген деген көзқарасынан П.В. Голубовский өзін аулақ ұстап, мәселеге кәсіби және өркениеттілік тұрғысынан келген. Екі елдің арасында да бейбіт қатынастар болып, нәтижесінде сауда, мәдени, елшілік, неке байланыстары жүзеге асқандығын алғашқылардың бірі болып дәлелдеген.

П.В. Голубовский қыпшақтардың этника-

лық тарихын қарастырғанда қыпшақтарды қаңлылармен бір тайпаның құрамында көрсеткен. Оның пікірінше, қыпшақтар мен қаңлылар екіге бөлінгенге дейін бір тайпаны құраған, арал-каспий далалық аймағын қоныстанған ғұздар болуы мүмкін. Кейін бұл түркі тайпасы бірнеше тармаққа: пешенег-қаңлы, ұздар немесе ғұздардың ескі тайпалық атауын сақтаған торктар және қоман-қыпшақтарға бөлінген деген болжам ұсынған П.В. Голубовский (Голубовский, 2013: 126).

Академик В.В. Бартольдтің тарихи еңбектері алғашқы қыпшақтанулық зерттеулердің негізін қалады. Қыпшақтар тарихын арнайы зерттеу тақырыбы ретінде нысанаға алмағанымен, мақалаларында қыпшақтардың этногенезі, территориясы, мәдениеті, көрші халықтармен байланысын зерттеген. Атап айтқанда Орта Азиядағы геосаяси жағдайға ықпал еткен қыпшақ-хорезм қарым-қатынастарының мәселелерін алғашқылардың бірі болып қарастырды. Қыпшақтар хорезмшахтың әскерінде қызмет атқарды және әскери жорықтарға қатысты. Мұхаммед Хорезмшах тұсында қыпшақтардың мемлекетте ықпалы артты, жоғары лауазымды қызметтерге тағайындалды. В.В. Бартольдтің пікірінше оған Мұхамедтің анасы Теркен-хатунның қыпшақ тайпасынан шығуы себеп болған (Бартольд, 1963: 413-415). Жалпы, В.В. Бартольд Хорезм мемлекетіндегі қыпшақтардың рөлін объективті түрде анықтаумен қатар еңбегінде қыпшақтардың түркі тілдес халық екенін және олардың кимек, қоман тайпаларымен этникалық шығу тегі бір екенін негіздеп жазды. Сондай-ақ, қыпшақтар қазақ халқын қалыптастырған негізгі этникалық компонент болғанын мұсылман деректері негізінде дәлелдеді. Татар ғалымы Г. Файзрахманов айтқандай XX ғасырдың басында В.В. Бартольдтің еңбектері өзінің хронологиялық және проблемалық жағынан ауқымы кең болды (Файзрахманов, 2000: 8).

Сонымен қатар, бұл кезеңде қазақ даласына патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының аясында зерттеу жүргізу мен ақпараттар жинақтау экспедициялары жасақталғаны белгілі. Соның ішінде П.И. Рычков (Рычков, 1999), А.И. Левшин (Левшин, 1996), Л. Мейер (Мейер, 1865), Н.И. Красовский (Красовский, 1868), Н.И. Гродеков (Гродеков, 1889) және Н.А. Аристовтардың (Аристов, 1896) жазған этнографиялық еңбектері бүгінгі таңда да қыпшақтардың ру-тайпалық құрамын анықтауда бағалы зерттеулер болып қала беруде.

П.И. Рычков Орынбор ведомствасында мем-

лекеттік қызметте жүріп, Орынбор губерниясындағы халықтардың тарихы, этнографиясына қатысты мәліметтерді жинап, П. Карпини, Г. Рубрук еңбектеріндегі деректерге сүйене отырып, «Топография Оренбургской губернии» атты еңбегін жазады. Деректер негізінде П.И. Рычков коман-қыпшақтар мен қыпшақ-половцылар Днепр, Дон, Еділ мен Жайық өзендері аралығындағы жерлерде қоныстанғанын және қырық мың коман татарлармен қақтығыста жеңілгеннен кейін Венгрияға қоныс аударып, венгрия коронасына қызмет жасағанын айтады (Рычков, 1999: 38-39). Сондай-ақ еңбегінде қыпшақтардың рулық құрамы туралы деректер де (Рычков, 1999: 81) бар, оның қазақ, башқұрт халықтарының қалыптасуында маңызды орын алғанын атап өтеді. Бұл жерде қазақ халқының құрамына енген руларды П.И. Рычков қыпшақтар, күнделендер, ұзын, танабұғ, қарабалық-қыпшақ деп бөліп көрсетеді.

А.И. Левшин (Левшин, 1996), Л. Мейер (Мейер, 1865), Н.И. Красовский (Красовский, 1868) өз еңбектерінде қазақ халқының тарихын, этнографиясын, мәдениетін, топонимдарын зерттей жүріп қыпшақтардың ру-тайпалық құрамына қатысты этнографиялық мәліметтерді жинақтап, толықтырды. А.И. Левшин қыпшақ руларын талдай отырып, әр бір рудың бөлімдер мен бөлімшелерге және одан да ұсақ тармақтарға жіктелетінін, әр қайсысының атауларының барын айтады. Мұндай генеологиялық тармаққа жіктелу ортағасырлардағы тайпалар мен халықтардың бәріне дерлік тән құбылыс болғанын атап көрсетеді (Левшин, 1996: 291). Л. Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» деген еңбегі қыпшақтардың қоныстану аумағы, рулардың ұраны мен таңбасы туралы біршама ақпараттарды қамтығандығымен маңызды (Мейер, 1865: 92-93), дәл осы сияқты Н.И. Красовский, Н.И. Гродеков, Н.А. Аристовтардың да зерттеулерінде қыпшақ руларының толық тізімі мен қоныстанған аумағы туралы ақпараттар берілген (Красовский, 1868: 364-365; Гродеков, 1889: 19-20; Аристов, 1896).

Сонымен революцияға дейінгі еңбектер эмпирикалық зерттеулер сипатында деректік қорларды жинақтау бағытында жүзеге асырылып, қыпшақтанулық зерттеулердің негізін қалады. Зерттеушілердің назарына коман-қыпшақтардың ру-тайпалық құрамы, этно-саяси тарихы, тарихи географиясы, тілі, әдебиеті, фольклоры, діні сенімі және мәдениеті алынды. Жалпы революцияға дейінгі еңбектер қыпшақтар тарихын Ресей империясы-

ның құрамындағы отар халықтардың тарихы тұрғысынан бір жақты қарастырып, жаулаушы, тонаушы көшпелілер сипатында жазылды. Тарихи зерттеулер негізгі екі бағытта: тарихи жазба деректер мен этнографиялық мәліметтер бойынша жүргізілді. Соның негізінде коман, қыпшақ, қимақ тайпалары жақын тайпалар деген тұжырым жасалған. Қыпшақтардың тілі, ру-тайпалық құрамын зерттеу негізінде қазақ, башқұрт және т.б. түркі тілдес халықтардың этникалық тарихына қыпшақ этникалық компонентінің ықпалы болғаны анықталды.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерді қарастырғанда байқағанымыз, мәселе төңірегінде зерттеу жүргізген тарихи еңбектерде коман-қыпшақтарының тарихына қатысты деректер: орыс жылнамалары, еуропалық хроникалар, араб, парсы, қытай, көне түркі және т.б. жазба деректер ғылыми айналымға енгізілген.

Бұл кезеңдегі қыпшақтанулық тарихи және деректанулық зерттеулер қыпшақтардың саяси тарихына, территориялық орналасуына, этникалық құрамына, жазба ескерткіштеріне және т.б. мәселелеріне арналған.

Қазақстан мен әлем тарихында қыпшақтар тарихы мәселелері көп қырлы. Соның ішінде кеңестік кезеңдегі қыпшақтар тарихнамасы арнайы тоқталуды қажет етеді. Өйткені кеңестік дәуірге дейінгі Орталық Азияны зерттеу, Ресей империясының құрамына енген халықтар тарихы мен мәдениеті бойынша алғашқы мәліметтер жинақтаумен шектелді және империялық мүдде басшылыққа алынды.

Билікке большевиктердің келуімен тарих ғылымы марксистік-лениндік методология тұрғысында империялық кезеңде қол жеткізілген табыстар қайта қарастырыла бастады және Кеңестік билік түркі халықтарын бір-бірінен алшақтатуға тырысты.

Кеңестік дәуірде қыпшақ тарихын қарастырған зерттеулерді екі топқа бөліп қарастыруға болады. XX ғасырдың 20–60-шы жылдарындағы зерттеулер және XX ғасырдың 60–90-шы жылдарындағы зерттеулер. Бірінші кезеңде жарық көрген зерттеулер негізінен революцияға дейінгі зерттеулерге негізделген болатын және таптық күрес немесе формациялық тұрғыда тарихи зерттеулерде әлеуметтік аспект, әлеуметтік тарих басымдылық танытты. Дегенмен осы кезеңде кеңестік тарих, археология, этнография, тілтану ғылыми мектептерінің негізі қалыптаса бастады. Бұл кезеңде қыпшақтар туралы зерттеулер В. Бартольдтың (Бартольд, 1968: 550-551) шығармаларынан басталып, П.П. Иванов

(Иванов, 1935), А. Пономарев (Пономарев, 1940), К.В. Кудряшов (Кудряшов, 1948), Б.Д. Греков (Греков, 1953), А.Ю. Якубовский (Якубовский, 1927), шығыс тілдері мамандары И. Умняков (Умняков, 1940: 191-198), А.Н. Кононов (Кононов, 1958) және т.б. еңбектерімен жалғасты. Жоғарыда атап өткеніміздей осы еңбектердің ішінде академик В.В. Бартольдтің түркі халықтары тарихына арналған ғылыми зерттеулері аса маңызды болды. Академиктің еңбегінде деректер негізінде қыпшақтардың тарихы, зерттелу деңгейі, деректері, тарихи географиясы, филологиясы, археологиясы мен этнографиясын зерттеу жалғасын тапты. Сонымен қатар қыпшақ компоненті енген халықтардың этногенезі, қыпшақ тайпаларының Хорезммен, Шығыс Еуропа елдерімен байланысы, жерлеу дәстүрлері, мұсылман жазба ескерткіштерінің аудармасы қамтылды.

В.В. Бартольд белгілі этнограф Н.А. Аристов пен неміс ғалымы И. Маркварттың қыпшақтар туралы зерттеулеріне рецензия жазды. Н.А. Аристов еңбегіне сын пікірде еңбектің маңыздылығын айта келе, құман, қыпшақ және қаңлылардың туыстығын мұсылман деректерінің растайтынын жазады (Бартольд, 1968: 266-279). Ал, И. Маркварт еңбегіне сын пікірінде ғалымның зерттеу нысанының ауқымдылығын, қыпшақ, кимек, құман, қаңлы, татар, құн, оғыздардың шығыстан батысқа қозғалыс үдерісін қарастырғанына оң баға бере отырып, еңбектің кемшілік тұстарын, атап айтқанда көшпелілердің діни көзқарастары, тарихи-географиялық танымы бойынша осал жерлерін, сонымен қатар қытай деректеріндегі ақпараттарды мұсылман деректеріндегі ақпараттармен салыстыра отырып талдамағанын айтады. Жалпы, В.В. Бартольдтің қыпшақтанушылық еңбектерін тұжырымдайтын болсақ, кеңестік шығыстану ғылымында қыпшақтардың түркі тілдес халық екендігі, кимек, қыпшақ, құман, половецтердің шығу тегі бір, қыпшақтар қазақ халқының негізін қалаған және қазіргі түркі тілдес халықтардың қалыптасуында маңызды орын алғаны алғаш ғылыми деректер негізінде тұжырымдалды.

П.П. Иванов, А. Пономарев, К.В. Кудряшов, Б.Д. Греков және А.Ю. Якубовский еңбектерінде қыпшақтар мәселесін зерттеудің ғылыми негізі жасалып, Қазақстан мен Орта Азиядағы, Ресейдегі қыпшақ тайпаларының әскери-саяси тарихы, этникалық тарихы, географиясы мен экономикасы қарастырылды. Мәселен, профессор К.В. Кудряшов еңбегінде орыс княздарының қыпшақтарға қарсы жорығы маршруттарын

анықтап, қыпшақ руларының территориясы, қалаларының орналасуы және т.б. мәселелерді қарастырды (Кудряшов, 1948). Арабтанушылар И. Умняков пен С.Л. Волин, шығыстанушы А.А. Ромаскевич және түркітанушы А.Н. Кононовтар өз деректанушылық еңбектерінде Батыс пен Шығыстың қыпшақтануға байланысты жазба ескерткіштерін ғылыми айналымға енгізіп, тақырыпты зерттеуді жаңа деңгейге шығарды. Мәселен, И. Умняков М. Қашқаридың картасында көрсетілген ерте ортағасырлардағы тайпалар, соның ішінде йемек және қыпшақтардың орналасу территориясын қарастырса, «Түркмен және Түркмения тарихы бойынша материалдар» жинағын құрастырушылар С.Л. Волин, А.А. Ромаскевич және А.Ю. Якубовский мұсылман деректерін іздеу, аудару мен түсіндіру бойынша ауқымды жұмыс жасап, қыпшақтар тарихы бойынша құнды деректер берді (МИТТ, 1939). Шығыстанушылар жинақтап, аударған қыпшақ тайпаларының тарихы бойынша араб, парсы деректерінің қатарында Ибн Хордадбектің, әл-Якубидің, әл-Масудидің, әл-Истахридтің, әл-Макдисидің, «Худуд ал-Алем», әл-Идриси, Рашид-ад-Дин, Ибн әл-Асир, Яқұттың еңбектері бар, бұл құнды деректер бүгінгі таңда да қыпшақтанудың жазба ескерткіштерінің алтын қорын құрайды. Ал, А.Н. Кононов хиуалық тарихшы Әбілғазы Баһадүрдің ғылыми маңызды «Түрік шежіресін» жариялады (Кононов, 1958). Осы аталған еңбектер қыпшақтанудағы ірі ғылыми маңызды деректер болуымен қатар ондағы ақпараттар Дешті-Қыпшақтағы тарихи оқиғалар желісін қалпына келтіруге көмектесті.

Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихының негізгі мәселелері ең алғаш рет 1943 жылы кеңестік тарихшылардың тұңғыш ұжымдық жиынтық еңбегі – «Қазақ ССР тарихында (көне заманнан бүгінге дейін)» жарық көрді. Одан кейінгі басылымы 1949 жылы жарыққа шықты. Осы басылымдарға түзетулер мен толықтырулар енгізіліп, Қазақстанның ертедегі және ортағасырлық тарихы бойынша зерттеулердің негізгі нәтижелері қорытындыланып, кезеңдерге бөлудің көптеген мәселелері жаңаша қарастырылған «Қазақ ССР тарихының» жаңа екі томдық басылымының бірінші томы 1957 ж. шықты (История Казахской ССР, 1957). Осы еңбектер негізінде кейіннен 1977 және 1979 жылдарда Қазақстанның ежелгі, ертедегі және ортағасырлық тарихы жүйелі түрде баяндалған «Қазақ ССР тарихының» I және II томдары жарық көрді. Бірнеше рет толықтырылған бұл еңбек берік деректанулық негізінің болуымен ерекшеленді,

оның үстіне пайдаланылған жазбаша деректердің ауқымы кеңейді, түркі, парсы, араб тілді және қытай деректері пайдаланылды. Сондай-ақ, авторлар ұжымы Қазақстан археологтарының қазбаларының нәтижесінде алынған археологиялық материалдарға, нумизматикалық және антропологиялық деректерге де сүйенді. Зерттеу сол тұстағы тарих ғылымының жетістіктерін толық көрсеткен.

Ортағасырлық ескерткіштерді зерттеу түркі халықтары, қыпшақтар, одан кейінгі қазақ халқының қалыптасу тарихынан, мәдениетінен мол мағлұматтар алып, жазба деректермен байланыстыра отырып жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Сондықтан да ортағасырлық ескерткіштерге археологиялық зерттеулер жүргізу арқылы сол кезеңдегі халықтардың тыныс-тіршілігінен, мәдени және саяси өмірінен қосымша мағлұматтар аламыз. Қазақстанның ортағасырлық ескерткіштерін зерттеуде белгілі ғалым, академик Ә.Х. Марғұланның алатын орны ерекше. Ә.Х. Марғұланның кешенді ғылыми-зерттеулері негізінде ортағасырлық Қазақстан тарихындағы қыпшақтардың этно-мәдени құрылысы мәселесі жоғары орын алды (Марғұлан, 1948). Ол Ленинградтық шығыстану мектебінен білімі алған маман ретінде мұсылман әлемінің жазбаша ескерткіштерін: араб, парсы, көне түрік жазбаларын түпнұсқада оқи алды, нәтижесінде ортағасырлық Ибн Хордадбех, Ибн әл-Факих, Гардизи, әл-Идриси, Бируни, Махмұт Қашқари, Зақрия Казвини, Жамал Карши, Ауфи және басқа да көптеген авторлардың еңбектерін ғылыми айналымға енгізді. Кейін ғалымның зерттеулерін оның шәкірттері жалғастырып, қыпшақтардың материалдық мәдениеті бойынша біршама мағлұматтар XX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеулерде көрініс тапты.

Жалпы XX ғ. 40–60-шы жылдары тақырыпқа қатысты зерттеулер біраз уақытқа тоқтап қалды. Өйткені бұл кезеңде барлық ғылым салаларында жүргізілген зерттеулер коммунистік партия мүддесіне сай қарастырылды, оның үстіне ұлттың этникалық тамырын, тарихын қарастырылмады. Бұл жағдай 1956 жылы ақпан айында өткен партияның XX съезі Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптап, оның зардаптарын жою, тарих, әдебиет пен өнер мәселелеріне көп көңіл бөлуді тапсырылғаннан кейін біршама өзгерді. Тарихқа «Жылымық жылдар» деген атпен енген осы жылдардан бастап тақырып бойынша зерттеулердің екінші кезеңі, яғни 1960–1990 жылдардағы зерттеулер жарыққа шықты.

XX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеулерге белгілі ғалымдар Л.Н. Гумилев (Гумилев, 1989), Б. Көмеков (Кумеков, 1972), С.Г. Кляшторный (Кляшторный, 1964), С. Ахинжанов (Ахинжанов, 1989), С. Плетнева (Плетнева, 1990) және т.б. еңбектері жатады. Бұл зерттеулерде қыпшақтардың этникалық және саяси тарихы, географиялық орналасуы, діні, әдет-ғұрпы, мәдениеті, шаруашылығы біршама зерттелген. Батыс Дешті Қыпшақ, яғни оңтүстік орыс далаларын мекендеген қыпшақ, куман, половецтердің тарихын С. Плетнева зерттеді (Плетнева, 1990). Көне түркі руна ескерткіштеріндегі қыпшақтар туралы мәліметтерді жинақтап зерттеген С. Кляшторный болды (Кляшторный, 1964). Кляшторный көне түркі руна жазбалары бойынша қыпшақтардың VIII ғасырға дейінгі этнонимін анықтауға тырысты. Ол жазба деректердегі «түркі-қыпшақ» және «түркі-сир» деген атауды жеке екі одақтардың атауы деп, яғни «түркі және қыпшақ», «түркі және сир» деп қабылдауды ұсынды, яғни бұл бір тайпа атауы емес, екі тайпалық одақтың атауы деген болатын.

IX–XI ғасырларда Ертіс бойындағы қимақтардың батыс тармағы саналып келген, кейіннен шығысында Ертіс өзені, Жоңғар қақпасы, Жетісу өлкесі, оңтүстігінде Сырдария, Арал теңізі, Маңғыстау, Каспий теңізі, Солтүстік Кавказ, батысында Қара теңіз, Азов теңізі, Днепр өзені аралығындағы Евразия кеңістігін Дешті Қыпшақ атандырған қыпшақтардың тарихнамасы IX–XI ғасырлардағы араб географтары мен тарихшыларының шығармаларынан басталады.

Орта ғасырлардағы араб деректемелері бойынша қыпшақтардың этникалық және саяси тарихын, географиялық орналасуын, дінін, әдет-ғұрпын, мәдениетін Б. Көмеков зерттеді. IX–XI ғасырлардағы Қазақстан аумағының шығысында бір емес, бірнеше шаруашылық-мәдени үлгілер болғанын дәлелдеп берді. Алғаш рет қыпшақтар тарихына қатысты мұсылмандық дерек көздері кешенді түрде қарастырылып, ғылыми талдау жасады. Қыпшақ тайпаларына Шығыс және Батыс қыпшақ этно-саяси бірлестігіне қыпшақтар, қомандар, кимектер кіреді деген пікір айтты (Кумеков, 1972).

Айта кету керек белгілі қыпшақтанушы ғалым Б.Е. Кумековтың қыпшақтанулық еңбектері, тұжырымдары қазіргі таңда аталған тақырыпты қарастырып жүрген отандық (Батырша-ұлы, 2005; Ильясова, 2006; Сыдықов, 2010; Анарбаев, 2013 және т.б.) және шетелдік ғалымдардың (Голден, 1992; Коробейников, 2008; Мандоки И, 1996; Гокбел, 2000; Гур, 1994; Уйду Южел,

2001; Кылдыроғлы, 2013, Lyublyanovics, 2015 және т.б.) зерттеулерінде коман-қыпшақтарының тарихы бойынша маңызды зерттеу ретінде басшылыққа алынуда.

Сондай-ақ қыпшақтар туралы тарихи деректердегі мәліметтерді жинап, сараптап, талдап зерттеп, олардың тегін анықтауға тырысқан ғалым С. Ахынжанов болды. Ол қыпшақтардың шығу тегін, географиялық орналасуын, этникалық және саяси тарихын жан-жақты терең зерттеп, көлемді монография жазды (Ахынжанов, 1989). Бұл монография 1914 жылы жарық көрген И. Маркварттың монографиясынан кейінгі қыпшақтар туралы жазылған ең көлемді зерттеу деп мойындалды сол кезеңде.

Қыпшақтардың жазба мұраларын, коман-қыпшақтары мен армян-қыпшақтарының рухани мәдениетінің ескерткіштерін кеңестік кезеңнен бастап, әлі күнге сол бағытта зерттеу жүргізіп жүрген филолог ғалым А.Н. Гаркавец өзінің «Две новонайденные армяно-кыпчакские рукописи» атты зерттеуінде армян-қыпшақ жазба ескерткіштері бес топқа бөлінетінін, яғни тарихи хроникалар, құқықтық және актілік құжаттар, филологиялық еңбектер, зайырлы әдеби шығармалар; культтік әдебиеттер деп жіктеп берді (Гаркавец, 1987). Ал қазіргі кезеңде сол жазба ескерткіштердің аудармасын жасап, терминологияларға түсіндірме беріп, коман-қыпшақтарының тарихынан (Гаркавец, 2002; Гаркавец, 2007) қосымша деректер беріп, зерттеулерді лингвистикалық деректермен толықтыруда.

Сонымен, кеңестік кезеңдегі зерттеулердегі негізгі жетістіктерді қорытындылар болсақ, кеңес ғалымдары ортағасырлық жазба деректер, араб, парсы, моңғол, византия, қытай, латын деректерін аударма жасап, ғылыми айналымға енгізді. Сол деректер негізінде, яғни орыс жылнамаларындағы торки, половцы, еуропалық, византиялық хроникалардағы командар, пешенегтер, араб, парсы, қытай деректеріндегі қыпшақ атаулары бір халықтың аты екені, сондай-ақ жазба деректер негізінде қыпшақтардың қоныстанған территориясы, әлеуметтік-саяси даму деңгейінің жоғары болғаны да анықталды. Негізінен кеңестік зерттеулерде көшпелілерге негативті баға беру басымырақ болды және коман-қыпшақтардың бір тұтас мемлекеттілігі болмады, тек жекеленген мемлекеттік құрылымдар ғана болған деген көзқарас қалыптасты. Кеңестік дәуірде КСРО құрамына енген халықтардың, республикалардың тарихын зерттеу бағытының дамуымен зерттеушілер қыпшақ ру-тайпаларының ортағасырлық Қазақстан жә-

не басқа да түркі тілдес халықтардың тарихында алатын орнын анықтауға тырысты. Армян-қыпшақ жазба мұралары негізінде қыпшақ тілінің ортағасырларда қарым-қатынас құралы болғанын дәлелдесе, археологиялық материалдар, қыпшақтар қалдырған ескерткіштер – балбал тастардың орналасу аумағы бойынша қыпшақтардың қоныстану ареалы нақтыланған. Дегенмен, басты мәселе – қыпшақ этнонимінің этимологиясы, олардың этногенезі анықталмады. Әйтсе де, дәл осы кезеңдегі еңбек-терде қыпшақтар мәселесін зерттеудің ғылыми негізі жасалып, Қазақстан мен Орта Азиядағы, Ресейдегі қыпшақ тайпаларының этно-саяси тарихы, әскери жорықтары тарихы, территориясы мен экономикасы қарастырылды. Бұл кезеңнің маңызды тұжырымдары негізінде тарих ғылымында қыпшақтардың этникалық тарихына қызығушылық артты.

Қорытынды

Революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі коман-қыпшақтарының тарихына, этногенезіне, мәдениетіне, діни сеніміне, сауда-экономикалық байланыстарына арналған еңбектердегі көзқарастар мен тұжырымдарға тарихнамалық зерттеуімізде келесідей қорытындыға келдік. Жалпы революцияға дейінгі еңбектерде қыпшақтанулық зерттеулердің іргетасы қаланса, ал кеңестік кезеңде тақырып бойынша жазба деректерді мол қорын зерттеп, ғылыми айналымға енгізу ісінің жүргізілуімен ерекшеленеді. Нәтижесінде қыпшақтардың қоныстану аумағы, көрші халықтармен байланысы, этно-саяси тарихы, археологиялық, жазба ескерткіштері зерттеліп, қыпшақтанулық зерттеулер жаңа сатыға көтеріліп, негізгі тұжырымдар жасалды. Соның ішінде орыс жылнамаларындағы половцы, еуропалық, византиялық хроникалардағы командар, араб, парсы, қытай деректеріндегі қыпшақ атаулары бір халықтың аты екені, сондай-ақ жазба деректер негізінде қыпшақтардың қоныстанған территориясы, әлеуметтік-саяси даму деңгейінің жоғары болғаны ғылыми дәлелденді және түркі тілдес халықтардың этникалық қалыптасу тарихындағы орны анықталды. Сонымен коман-қыпшақтарының тарихына арналған революцияға дейінгі зерттеулер тарихи жазба деректер мен этнографиялық мәліметтер бойынша жүргізілсе, ал кеңестік кезеңдегі зерттеулер лингвистикалық, археологиялық деректер, ауыз әдебиеті үлгілеріндегі мәліметтермен толықтырылып, зерттелген.

Әдебиеттер

- 1 Gokbel Ahmet. (2000). Kıpçak Turkleri. Istanbul.
- 2 Golden, Peter B. (1992). An introduction to the history of the Thirkic peoples: ethnogenesis and state formation in medieval and early modern Eurasia and the Middle East. Wiesbaden:Harrassowitz.
- 3 Gur Ekrem. (1994). Dest-i Kıpçak tarihi. Istanbul.
де белгілі» деген пікірімен түйіндегіміз келеді (Артықбаев, 1997б: 331). Ғұн дәуірінен кейін тарих сахнасына көтерілген Түрік қағанатында мемлекеттік билік Қаған қолында шоғырланды. Көне Түркі мемлекеттерінің ең жоғарғы билік иесі – Қаған. Жалпы Орталық Азияда «қаған» титулын 402 жылы жужандардың басшысы Шэлун пайдаланған (Крадин, 1992а: 136). Өкіметтің жарлығын, үкімін, шешімін қабылдаушы бірінші адам – қаған. VI ғасырлардан бастап қаған (хакан) титулы деректерде жиі кездеседі. Ол «император» титулы болса керек (Молдабаева, 2014: 158). Қаған әскер басылары мен мемлекеттік аппаратты және ұлыстарды билеген бектерді, шадтарды, елтеберлер мен жабғуларды т.б. бекітті, орнынан босатты. Сондай-ақ қаған жайылымдарды бөлуге басшылық жасап, көшіп-қону бағыттарын анықтады. Қаған мемлекеттегі жоғарғы сот билігін жүргізуші де болды. Елдегі құқықтық тәртіптің ережелерін бекітті. Түрік қағандары Ашина әулетінен тарағандардан ғана сайланатын. Қаған мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси жағдайына бәріне басшылық етті, ру басшыларын тағайындады. Ол әлеуметтік фратриядан шыққан шонжарларға сүйенді. Мемлекетті басқаруда қағанның ұлдары мен туыстары көмектесті (Бикенов, 2001а: 26). Сондықтан да деректерде ұлы Хан, кіші Хан сынды лауазымдар кездесіп тұрады. Қазақ топырағында Үлкен хандық институты болған. Қытайдың «Цзю Тан шу» шежіресіндегі «Си Туцзюе» бөлімінде батыс түркілер туралы сөз болады, мұнда «кіші қағандық» институттарының болғандығы туралы айтылады. «Кіші қаған» титулы әдетте қағанның ұлдарына берілген (Еженханұлы, 2006: 135). Тарихи кезеңдерде, нақтырақ айтсақ, Тәуке ханның билігінен кейінгі кезеңде, Ресейдің отаршыл билігінің қазақ өлкесінде өз тәртібін орнықтыруына байланысты келте хандар кезеңі орын алған (Әлімбаев, 2015: 90 б). Қаған тек билеуші ғана емес, сонымен қатар қағанаттың барлық жерінің иесі болды. Сондай-ақ жоғарғы абыздың да рөлін атқарды. Қағанның жанында қаған әулетінің белді мүшелерінен, әскер басылар мен ұлыстар басшыларынан, т.б. беделді қоғам мүшелерінен тұратын қаған кеңесі болған. Зерттеушілер хан сөзі семантикалық-тілдік тұрғыдан өзгеріске ұшыраған көне түркілердің «қаған» терминінен қалыптасқан деп есептейді. Ортағасырда және жаңа дәуірде көшпелі тіршілік еткен түркі және моңғол халықтарындағы ең жоғарғы дара биліктің иесінің титулы. Түркі-моңғол халықтарында мемлекет басқарған билік иесі. Жазба дерек

көздері Орталық Азия халықтары хан терминін түркі қағандығы ыдырағаннан кейінгі кезеңнен қолдана бастағандығын растайды.

Қазақ жерінде Қарахан мемлекетінің билеушілері хан атанды. Кейін қыпшақ, найман, керей, тағы басқа ұлыстық мемлекеттерді хандар басқарды. Осылайша ежелгі замандардан бастау алған хандық билік институты заман ағымына қарай өзгерістерге ұшырағанымен, қазақ даласында 1822 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы М.М. Сперанский жасаған және Ресей императоры І Александрдің жарлығымен бекітілген «Сібір қырғыздары (қазақтары) туралы жарғы» күшіне енгенге дейін биліктің жоғарғы лауазымы ретінде қызмет етті. Қазақстандағы қабылданған бұл жаңа реформаның ең басты мақсаттарының бірі – Орта жүздегі хан билігін біржолата жою болатын. Сөйтіп, әкімшілік, сот және аумақтық басқару жүйесі түбірімен өзгертілді. Қазақ қоғамындағы соңғы хан ретінде тарихи деректерде Кенесарының аты аталады.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы хандық билік бір атаның ұрпағында болғанымен, Хан титулын мұралану механизмінің негізінде меритократия заңдылықтары жатты. Кез келген адам хан сайлана алмайтын. Хан титулы ол ханның баласы болмаса да, сол әулеттегі қабілетті, әскери істе беделді адамға берілген (Ерофеева, 2007а: 55). Хан тағына отыратын мұрагер түркі кезеңінде ашина руынан шыққандардан сайланса, Шыңғыс заманынан кейінгі кезеңде Шыңғыс ұрпақтарынан сайланған. Дегенмен меритократиялық заңдылыққа байланысты ол жеке басының қасиеттерімен халық назарына іліккен, беделді тұлға болуы шарт болған. Ол үшін қол бастар батыр, сөз бастар шешен болуы тиіс. Сөзімізге дәлел ретінде Үгедейден кейін хан тағына мұрагерді сайлау тұсындағы тарихи оқиғаны мысал ретінде ұсына аламыз. Мұнда хан тағына сайлар тұста шыңғыс ұрпақтарынан кімді сайлаймыз деген күрделі мәселе туындаған. Себебі, Шыңғыс ұрпақтары болғанымен халықты артынан ерте білетін, таққа лайық тұлғаны табу қиынға соққан екен (Бартольд, 1963а: 353). Егер шарт бұзылып таққа хан баласы бірден отырса, артында қаншама елі бар сұлтандардың наразылығына, алауыздыққа апарып соқтырып, ел бірлігіне қауіп төнетін. Бұл шарт сақталып тұрса билік үшін талас болмай, ел ішінде бірлік орнаған. Қатарынан озып, ерлігімен, қабілетімен дараланған тұлға, хан тағына неғұрлым жақындай түсетінін білетін. Бұл негізінен сұлтандарды ақылға сыйымды бәсекелестікке

түсіретін, сондықтан олардың бәрі де елдің көзі түсіп, соңынан ел еретін, қалың әскер құрмет тұтатындай ерлік жолына ұмтылатын (Жаркешов, 2015: 106). Мысалы, 693 жылы Елтеріс қаған өлген соң, оның орнына інісі Можо шад отырды (Қойгелдиев, 2007: 14). Мұндай дәйекті деректер XVI-XVIII ғғ. тарихына арналған П.И. Рычков, А. Левшин еңбектерінде де кездеседі (Сборник, 1961: 579-580; Левшин, 1996: 366). Хан ел ішіндегі «азаматтық» міндеттерді де атқарды. Қолбасы, жоғарғы сот және жоғарғы абыз қызметтерін де атқарды (Кляшторный, 2000: 141). Бейбіт күндегі ел билеушінің күзіретіне елді жаудан сақтаудан өзге жайылымдарды бөлу, көшті басқару істері кірді. Сөз орайы келгенде айта кетсек, өз кезегінде халықтың қамын жеген ханға құрмет көрсетуде қарапайым халық та құр қарап қалмағандығын көруге болады. Оған дәлел: халықтың қағанға соғым, ханлық, зекет немесе сыбаға әкеліп отырғандығын көруге болады (Крадин, 1995б: 190). Дәстүрлі көшпелі түркі-моңғол қоғамында хан болып Шыңғыс хан ұрпақтары ғана сайланды. Билікке келген басқа әулет өкілдері өздерін хан деп атай алмай, көбіне әмір, тағы басқа лауазымдарды иемденді. Бұған Әмір Темір тағдыры айқын дәлел бола алады. Қазақ хандығын басқарған билеушілердің барлығы Шыңғыс хан әулетінен тағайындалды (Ерофеева, 2010б: 92). Әулеттің Хан сайланбағандары жеке әлеуметтік топ құрып, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатында елеулі рөл атқарды. Мемлекетті басқаруда хан шексіз билікке ұмтылғанымен, ру-тайпа билеушілерімен санасуға мәжбүр болды. Халықтың қалың бұқарасына жақын әрі оның тікелей қолдауына сүйенген жергілікті билік иелері – билер мен батырлар болды. Мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейдегі мәселелерді қамтитын жоғары билікті жүргізген хандық билік қазақ қоғамындағы маңызды саяси жүйелердің бірі болды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы мемлекетті басқарушылардың әлеуметтік иерархиясын қарастыруда біз ханнан кейінгі кезекте аталықтарды, сұлтандарды, билерді, батырларды және ақсақалдарды қарастыруды жөн санадық.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы аталықтар институты

Қоғамдағы ру-тайпалық құрылым мен саяси билік арасындағы дәнекер, хандық биліктің қазықтарының бірі – аталықтар институты болды. Қазақ мемлекеттілігінің алтын қазығы – хандық институты десек, осы хандардың

саяси билікке келуі белгілі бір мектептен өткен. Ол – аталықтар мектебі. Аталықтар институты сонау көне заманнан бері келе жатыр. Дегенмен ол отарлық көзқарас тұрғысынан жүргізілген зерттеу еңбектерінде бүгінгі таңға дейін дәстүрлі билік тетіктері ретінде қарастырылмаған. Аталықтардың түркі кезеңінде болғандығын, оғыздарда жабғу мұрагерлері инал деп аталғандығын және оларды арнайы сайлап қойған «атабектер» (тәрбиешілер) тәрбиелегендігінен көруге болады (Жолдасбайұлы, 1995: 66). Аталықтардың хан балаларының саяси сахнаға билеуші ретінде қалыптасуындағы ролі туралы ғалым Ж. Артықбаев төмендегідей тұжырым жасайды: «Аталық – мемлекеттік биліктің аса мықты тетіктерінің бірі, хандардың ішкі және сыртқы саясатта сүйенетін мықты тірегі, қазақтың қашанғы жаугершілік тіршілігінде ханның қорғаушысы және хан баласының тәрбиешісі» (Артықбаев, 2012в).

Зерттеушілер көшпелі халықтардағы аталықтар институтының тұтас мемлекет мүддесі үшін, орталық билікті күшейту мақсатындағы күрестерде игі іс үшін хан тұқымдарымен бірге күресіп, бірге мерт болған тұлғалар екендігін атап өтеді. Алмағайып замандарда хан өлгенде, басқа хан сайланғанша аталық уақытша хан міндетін атқарып, елге ат шаптырып хан сайлар құрылтайға жинайды екен. Туған әкесіндей болып өзі тәрбиелеген ханзаданы таққа отырғызуға аталықтар қаншалықты мүдделі болса, болашақ хан тағынан үміткер де тақ үшін күресте аталықтарға соншалықты сүйеніп, әрқалай қастандықтардан сақ болу үшін, ауылымен тәрбиешісінің елі көшсе бірге көшіп жүреді (Жаркешов, 2015: 100). Шапқыншылық жылдарында ел жинау оңай емес, оған кейде бірнеше жыл кетіпті. Ондай жағдайда аталықтар елді сол қалпы басқарып, елшілерін қабылдап, салығын жинап, соғысқанымен соғысып, Орданы құлатпай ұстап тұрған. Жалпы аталықтарды ханзада тәрбиешісі ретінде қарастырсақ, Қазақ хандығының жеті сатылы басқару жүйесіндегі сұлтандар билігінің алар орны ерекше.

Қазақ қоғамындағы сұлтандар билігі

Сұлтан сөзі түркі тілдеріне ортағасырларда араб тілінен енген. X ғасырдың аяғына қарай оның иелігіндегі меншіктің көлеміне қарамастан сұлтан деп билік иесін атаған (Бартольд, 1966б: 27-28). Қазақ тілінде XV ғасырдан бастап, яғни көшпелі өзбектер уақытынан бастап қолданыла бастаған (Бикенов, 2001а: 97). Қазақ қауымы

Шыңғысхан кіндігінен өрбіген әулеттің әрбір мүшесін сұлтан немесе төре деп атайтыны мәлім. Осы әулетте өмірге келген әрбір әулет мүшесі экономикалық жағынан және басқа да өзінің жеке басының қасиеттеріне қарамастан сұлтан лауазымына ие болған. Сұлтандардың артықшылықтары отбасылық қарым-қатынастарда да көрініс тапты. Сұлтан әулетінің қыздары басқа тап өкіліне тұрмысқа шыға алмады. Әдеттік құқық бойынша, егер кімде-кім сұлтан атағын жамылып, сұлтан әулетінің қызына немесе туысқанына үйленсе, мұндай әрекеті үшін айып төлеген. Әрбір сұлтанның ұлысқа және жұртқа құқы болды. Ұлыс билігі сұлтандарға әскери-саяси билікке ие болу мүмкіндігін берді және жайылым жерлер мен су көздеріне иелік етуге жол ашты. Ол үлеске хан келісімімен уақытша билік етті. Хан сұлтан билігіндегі иелікті алып қоюға және оны өзге билігіне беруге құқылы еді. Сұлтандар ру басылары кеңесіне қатысуға, жазалауға құқылы болды. Хан бұйрығын орындай отырып ру мүшелеріне көшіп-қону аймағын анықтады және әскери жасақ құруға атсалысты. Дәстүрлі қазақ қоғамында сұлтандар билігі ең алдымен сыртқы істерде көрінеді. Елші аттандырғанда немесе қарсы алғанда, аманат туралы келіссөздерде төре тобының орны ерекше. Жоғары билік тұтқасын ұстаған хандар өзіне қарасты ұлыс сұлтандарын мүмкіндігінше маңызды тапсырмаларды орындауға пайдаланған. Сұлтандар жайлы қызықты мәліметті зерттеуші Э. Телеуова еңбектерінен кездестіруге болады. Автор тарихи деректерге сүйене отырып қазақ сұлтандарының белгілі дәрежеде сауатты болғандығын айтады. Дегенмен олардың нақты қай жерде қандай деңгейде білім алғандығы әлі де болса зерттеуді қажет ететіндігі айтылады. (Телеуова, 2007: 68). Бұдан шығатын қорытынды қазақ қоғамындағы сұлтандар мәселесінде өз зерттеушілерін күтіп тұрған басы ашық мәселелердің бар екендігінде. Қазақ халқы Ресей империясы құрамына енгеннен кейінгі кезеңде сұлтандар билігі де өзгеріске ұшырады. Дегенмен хан билігін жойғанымен рулық байланыстар сақталды. Отарлық саясатын ойдағыдай жүргізу үшін дәстүрлі билік тетіктерін қолданып төрелерге біраз өкілеттілік беріп соларға арқа сүйеді. Қазақ сұлтандарын өз жағына тарту үшін оларға сыйлықтар беріп, жалақы тағайындап, шен үлестіріп аға сұлтан, болыс билеушісі т.б. әкімшілік қызметке тағайындағандығы тарихи деректерден белгілі. Аға сұлтан Ресей қызметінің майоры деп есептеліп жергілікті басқарманы басқаруға қойылған шенеунік болып есептелді. Он жылдық қызметі

үшін аға сұлтан дворян атағын алды. Ең бастысы жарғы бойынша сұлтандар салықтардан босатылды. Патша үкіметінің тек қана төрелер тобына артықшылықтар беріп, ал потестарлық билік өкілдерін ел басқарудан аластатқан.

Билер институты

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы потестарлық-саяси институттары тарихында саяси, әлеуметтік және рухани тұрғыдан аса маңызды рөл атқарған билер институты болып табылады. Көшпелі мемлекеттің негізгі өзегі ру екені белгілі. Осы тұрғыда хандықтағы рудың рөлінің жоғары болуына тікелей ықпал еткен билер мен батырлардың пайда болуы ежелгі кезеңдерге саяры хақ. «Би» сөзі ежелгі түркінің «бек» сөзінен бастау алады, негізінен «басқару», «билеу», «билік ету» ұғымдарын білдіреді. XVIII ғ. қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын зерттеушілердің басым бөлігі билер институтын хандық және сұлтандық институттардан кейінгі үшінші орынға қояды (Оразбаева, 1998: 80). Би лауазымы адамның жеке басының қасиеттеріне байланысты берілетін лауазым. «Би» атағы «қара халықтан» шыққандар ғана иелене алатындығын Ш. Уәлиханов атап өтеді. Бидің бойынан табылар қасиеттері шешендік, тапқырлық, өршілдік, тура мінезділік. Би мұрагерлікке қалдырылған жоқ. Ш. Уәлиханов билер өзінің жағдайы жағынан Шыңғыс тұқымынан кем болған жоқ деп көрсетеді. Билердің қазақ қоғамында алатын орны туралы П.И. Рычков та атап көрсетеді, ол да «би» атауы текті дворяндарға беретін лауазым деп түсіндіреді. Билер әдетте, халық кеңесінің құрамына еніп, көбіне хан саясатына әсер етіп те отырған. XVII ғасыр соңы XVIII ғасыр басындағы «билер» ру басшыларынан хандық биліктің негізгі тірегі сот қызметін атқарушы, қажеттілік туғанда елшіліктерді басқарып барған. «Билер» хан және сұлтандармен қатар сот істерін шешіп, табысты бөлісуге қатынасты. «Билер кеңесі» өзінің мемлекеттік статусы бойынша ханның билігін жіктеу құқығына ие болған көшпелі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне сай қалыптасқан ұлы даланың сол кездегі парламент және жоғарғы сот органы, ханның ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша шешім қабылдануы «билер кеңесінің» құптауын талап еткен. Билер институты бұл қазақ қоғамындағы парламентаризм дәстүрлерінің құқықтық негіздерінің тым әріде жатқанын көрсетеді. Билердің қазақ қоғамындағы басты атқаратын қызметі бұл «билер кеңесі» болды. Билер кеңесінде бүкіл қазақ елінен сексен, тіпті жүзге дейін билер қатынасып отырған. XVIII

ғасырда билердің әлеуметтік тобының мүддесінің өзгеріске ұшырауы Ресей тарапынан жүргізілген саясаттың нәтижесі болған. «Билер институтының» негізгі мазмұны қазақ қоғамындағы басқа билік етуші институттар сияқты Ресей отарына айналғаннан кейін өзгеріске ұшырады. Бұл кезеңде қоғам ішіндегі билердің ықпалы әлсірей бастады. Біріншіден, хандық биліктің жойылуы, олардан ірі рулық бірлестіктердегі билікті өз қолдарына алды. Екіншіден 1822 жылғы Сібір қазақтары туралы устав бойынша билерді сайлау арқылы бекіту билер арасында іріткі тудырды. XVIII ғ. қазақ-орыс, қазақ-жоңғар қатынастарындағы елшілік ісінде билердің алар орны ерекше. Мысалы, 1715 жылы Уфаға аттандырылған қазақ елшілігіне Тайқоңыр би жетекшілік еткен, Тәуке қазасынан соң билікке келген Қайып хан тұсында да Тобылдағы Сібір генерал-губернаторына аттандырылған елшілікті Бекболат пен Байдаулет билер басқарған (Оразбаева, 1998: 109-110).

Батырлар институты

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институтының бастауының тарихы тереңде. «Батыр» (batur, batyr), «бахадур» (bahadur), «багатур» сөзінің пайда болуы қазақ халқының тарихының ежелгі кезеңдеріне сәйкес келеді. Бұл атау көне түркі ескерткіштерінде кездеседі (Севортян, 1978: 82). «Батыр» атағын көшпелілерде әскери ерліктері үшін қарадан шыққан қарапайым халық өкілі де, Шыңғыс ұрпақтары да иемдене алатын (Ерофеева, 2010: 66). XVIII-XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамында саяси-экономикалық рөлі ерекше әлеуметтік топтың бірі – батырлар болды. Тарих ғылымында батырлар жеке тұлға ретінде ғана қарастырылып келді. Ежелгі дәуірден-ақ барлық қоғамдарда әскери адамдар тобы болғаны белгілі және олардың басты қызметі сол қоғамды қорғаумен тығыз байланысты болды. Бірақ сонымен бірге әрбір қоғамның даму деңгейіне байланысты әскери қызметтің өзіндік ерекшеліктері де болды. Көшпелі халықтардың тарихи-мәдени дамуының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты елдің қауіпсіздігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, ел ішіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігі көшпелі қоғамда да әскери іспен кәсіби тұрғыда айналысатын адамдардың пайда болуын, олардың осы қоғамдық қызметтерді атқаруды өз міндетіне алу барысында жеке әлеуметтік жік ретінде қалыптасуына әкелді. Басқа халықтарда әскери тап өкілде-

рін «самурай», «рыцарь», «кшатрий» деп өзіндік атауымен атағаны сияқты дәстүрлі қазақ қоғамындағы кәсіби әскерилер әлеуметтік жігінің өкілдері «батырлар» деп аталды (Дауытбекова, 2010: 4).

Соғыс ісі батырлардың негізгі кәсібі болғанмен, бұл кәсіптің басты мақсаты – Отанды жаудан қорғау, елді басқыншылардан азат ету, халықтың қонысын, жерін кеңейту, тұтқында кеткен отандастарын азат ету, жау қолынан қаза тапқан ата кегін қайтарумен ерекшеленеді. Бірақ, тарих ғылымында көшпелі халықтардың тарихына деген еуропоцентристік көзқарастың үстем болып келуіне байланысты, олар «адамзаттың арамтамақтары» ретінде тек отырықшы-егінші өркениет ошақтарын қиратушылар ретінде ғана бағаланды. Этнологиялық бағыттағы зерттеулердің көпшілігінде көшпелілердің жауынгерлігі мен батырлығының себептерін олардың соғысқұмарлығымен байланысты деп түсіндіру басым. Осындай пікірлердің басым көпшілігі ағылшын зерттеушісі Дж. Флетчердің еңбегінде тұжырымдалған (Fletcher, 1986: 11-50). Ұзақ уақыт бойы көшпелі халықтардың қоғамдық-саяси және әлеуметтік институттарының дамуына байланысты қарама-қайшылықты пікірлер басым болып келді. Тіпті, дәстүрлі қоғамға тән билер, батырлар институттарының көшпелі және жартылай көшпелі қоғамның өзіне тән ғана мәдени-әлеуметтік тарихи тамырлары мен оның ерекшелігі ескерусіз қалды. Мәселен дәстүрлі қазақ қоғамындағы «батыр» атауы тек құрметті атақ ретінде ғана қарастырылды.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың ерекше әлеуметтік топ ретінде өзіндік идеологиясы, қоғамдық қызметіне байланысты тек өздеріне тән өмір сүру салты, жауынгерлік салт-дәстүрі, басқа әлеуметтік жіктермен арақатынасын реттейтін әлеуметтік ережелері, этикасы және т.б. «сословиелік» ерекшеліктері қалыптасты. «Батыр» сөзінің мәні ержүрек, батыл, әскери өнерді жетік меңгерген, ерлігімен аты шыққан деген мағына береді. Ал, батыр атағы тек қана адамның жеке бас қасиеттеріне, оның әлеуметтік шығу тегіне қарамасан берілетін атақ. Батырлар дәстүрлі қазақ қоғамында жауынгерлік дәстүрді жалғастырушылар ретінде өзіндік ерекшелігі айқын әлеуметтік топ ретінде өзіндік ұғымдық бет-бейнесі мен ерекшелігі қазақ қоғамының ұлттық құндылықтарымен бірге ұштасып кеткен, ажырағысыз әлеуметтік өлшемнің жиынтығын құрайды. Батырлар институтының тек дәстүрлі қазақ қоғамына ғана тән әлеуметтік институтқа айналуының негізгі заңдылығын

жалпы қазақ қоғамының қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерімен байланысты болды. Қазақ қоғамы дамуының мәселелері жалпы көшпелі халықтардың қоғамдық құрылымы мен мемлекеттілігі мәселелерімен тікелей байланысты. Батырлардың пайда болуы мен жауынгерлер тобының жетекшілері ретінде ерекшеленуі қоғам дамуының «әскери демократия» кезеңімен тығыз байланысты.

Ортағасырлар кезеңінде жаңа рулық, тайпалық бірлестіктердің құрылуы жекелеген тұлғалардың батырлық қасиеттерімен тікелей байланысты болды. Сондықтан көшпелілердің мемлекеттілік мәселелері зерттеушілер еңбектерінде «көсемдік» («вождество») деп аталып, оның түрлері айқындалды. Моңғол шапқыншылығының нәтижесінде батырлардың жеке көсемдік қызметтері шектеліп, батырлық тек жеке тұлғалық қасиет ретінде қарастырылып, олардың қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі бәсеңдейді. Батырлардың қоғамдық өмірдегі белсенді әлеуметтік топ ретінде көрініс беруі XIV-XV ғасырлармен тығыз байланысты. XIV-XVI ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік өміріндегі батырлар институтын өзінше дербес, аражігі басқалай әлеуметтік топтардан ажыратылған құрылым ретінде қарастыруға келмейді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар мен билер институтының қызметтері бір-бірімен астасып жатты. Оны ортағасырлық «бектердің» атқарған қызметінен айқын көреміз. Батырлар институтының генезисі мен қалыптасуының кезеңдерінде, даму эволюциясында көшпелі қоғамның өзіндік ерекшеліктері маңызды рөл атқарды, батырлар институты көшпелі қоғамның шаруашылық-мәдени кешенінің қалыптасуы нәтижесінде пайда болған әлеуметтік сұраныстың қажеттілігі ретінде пайда болды. XVII-XVIII ғасырлардағы ішкі және сыртқы факторлар қазақ қоғамындағы батырлардың саяси, әлеуметтік статуска ие болуына қолайлы жағдай туғызды. XVIII ғасырда батырлар институты қазақ қоғамының ішкі саяси кеңістігінде барлық белгілері бойынша жетекші орынға ие болған. Батырлардың ішкі саяси жүйедегі әлеуметтік-экономикалық қызметі «барымта», «олжа», «сауға» тәрізді ұғымдар арқылы сипатталған. Барымташылықтан батырлыққа өтуде өзіндік орны болған барымта тек көшпелі халықтарға тән ұғым. Ол қарақшылық немесе ұрлық емес, керісінше көшпелі қоғамдағы ру-тайпалардың және олардың лидерлерінің болмысын анықтайтын құбылыс. Батырлар институтының сыртқы саяси қызметі негізі олардың Отан қорғау принциптерімен

нақтыланды. XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде жоңғар қаупінің белең алуы, оған қарсылық білдіретін батырлар қауымының қоғамдық қатынастарда алдыңғы орынға шығуына түрткі болды. Қарақұм жиыны батырлар институтының пісіп-жетілгендігінің нақты көрінісі бола отырып, олардың алдағы екі ғасырлық уақытта қоғамдық қатынастардың басты реттеуші күштері болатындығын бекітіп берді. Батырлар отан қорғаумен шектелмей, халықаралық саяси қатынастарға белсене араласып, қиын жағдайға түскен бауырлас халықтарға барынша көмек қолын созуға тырысқан. Отарлық езгіге қарсы күресте батырлар өздерінің әскери ұйымдастырушылық және басқарушылық қасиеттері арқылы жақсы танылады және өздерінің талаптарын батыл әрі нақты қояды. Елшілік қызметтен де тыс қалмаған батырлар өздерінің кез-келген саяси-қоғамдық қатынастарды шешуге қабілетті екендіктерін көрсетті.

Ақсақалдар институты

Дәстүрлі қазақ қоғамының қоғамдық-саяси құрылымдары жүйесіндегі әлеуметтік институттарының бірі ақсақалдар институты болып табылады. Қазақ халқының этноәлеуметтік организмінің негізі болып табылатын руларды, оның кішкене ұялары ауылды жасы үлкен жоғары мәртебеге ие, шаруашылықтың тетігін білетін тәжірибелі ақсақалдар басқарған (Бикенов, 1999 б: 8). Ақсақал термині «ру басы», «ел ағасы» сөздерімен қатар қолданыла берген (Исенов). Қазақ қоғамында «ру ақсақалдарының кеңесі», «тайпа ақсақалдарының кеңесі», «ақсақалдар соты» сияқты дәстүрлі билік институттарының жүйесінің болғандығы белгілі. Бұл билік жүйесінің ауыл арасындағы қарым-қатынастың, жер дауының шешімін табуда маңызы әрине жоғары. Ақсақалдардың шешімі билер сотында, әдеттік құқықта маңызды орын алды. Билердің өзі маңызды шешімді ру ақсақалдарының қатысуынсыз шешпеді. Ақсақалдар кеңесі елдің ішкі мәселесінен туындаған жағдайда өткізіліп отырған (Исенов). Ақсақалдар ру ішіндегі шаруашылықты басқарып, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшкен қауымның көшіп қону уақытын, қоныстану аймағын белгілеп отырған. Бүгінде ел ішінде кеңінен қолданылатын «Отан от басынан басталады» деген мақалды басшылыққа алатын

болсақ, хандық биліктің бастауы – ауыл, рудың тыныштығы осы тұста отбасы ретінде қолданылып тұрған сияқты. Ауыл, ру ішілік береке ел, мемлекет бірлігінің мызғымастығын құрайтындығын ескерсек, қазақ қоғамындағы ақсақалдардың алатын орнын ерекше. Оған П.П. Румянцевтің «қазақтардың нағыз билеушілері ақсақалдар, билер, батырлар дей келе, олардың атақтыларының ықпалы ру аумағынан асып, бүкіл Орданың ісіне әсерін тигізген» деп сипаттауы дәлел болады (Бикенов, 1999 б: 9). Ақсақал билігі – ата баласының ішінде жүрген. Неке мен отбасы, жақын туыс ағайын арасы, мұрагерлік пен әменгерлік, енші, т.б. басқа мәселелерді шешуге хақылы болған» (Исенов). Патриархалдық-рулық тұрмыс қазақтардың қоғамдық өмірінің ұйымдастырылуында да сақталды. Ру ақсақалдарын құрметтеу күшінде болды. Олжаны бөліскенде, көшкенде, ақырында, тіпті киіз үйге топ болып кіріп, жайғасқанда да ру ақсақалдарын құрмет тұту тәртібі сақталды. Ең құрметті орын – төр, ең үлкен рудың өкілдеріне беріледі. Қазақ қоғамында XIX ғасырдың бірінші жартысында «ақсақал» деген сөздің бастапқы мәнмағынасы жоғала бастады. Ру ақсақалдары шешімін таппаған мәселені өзара кеңес жасап талқылаған.

Ақсақалдар кеңесі елді басқарумен де айналысқан. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар үшін ең маңызды нәрсе жер мәселесі болғандықтан дау туғызатын да сол болды. Сондықтан ақсақалдар кеңесі әр рудың жер иеліктерін белгілеп беріп отырған. Ақсақалдар кеңесінің рөлі Қазақ хандығының құрылуы дәуірінде ерекше болған.

Қорытынды

Қорыта келе айтарымыз, әртүрлі территорияларда, әр түрлі кезеңдерде мемлекеттердің қалыптасуының өзінің заңдылықтары бар. Міне, осы заңдылықтарға сәйкес қазақ қоғамында да ерте мемлекеттің құрылуы рулардың бірігуінің нәтижесінде пайда болғандығын көрсетеді және тек өзіне тән мемлекеттік билік тұтқаларының болғандығына көз жеткіземіз. Патша, күнби, қаған лауазымдарының тарихи кезеңдерде хан лауазымына ұласып, биліктің саяси және потестарлық түрлерінің қатар дамығандығы қазақ мемлекеттілігі тарихының тереңде екендігінің дәлелі бола алады.

Әдебиеттер

- 1 Артықбаев Ж.О. (2015) Қазақ мемлекетінің тарихындағы төре институты және төре сөзінің мағынасы туралы. Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары. Ғылыми мақалалар жинағы. Астана.
- 2 Артықбаев Ж. (1997) XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы: тарих ғыл. докт. ... дисс. Алматы.
- 3 Артықбаев Ж. Шоқан да кезінде: «ұлы аруақтар өздерінің тұқым-жұрағатына камқорлық жасайды», – деп айтып кеткен. <https://baq.kz/>. Қаралған уақыты: 02.03. 2017.
- 4 Әлімбаев Н. (2015) Дәстүрлі қазақ қоғамындағы хан билігі институтына тікелей қатысты негізгі ұғымдар жөнінде. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Қазақ хандығының дамуы: дәуір, оқиғалар және тұлғалар» атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. Ақтөбе.
- 5 Бартольд В.В. (1963) Сочинения. Т.1. Москва: Наука.
- 6 Бартольд В.В. (1966) Сочинения. Халиф и султан. т. 6. Москва: Наука.
- 7 Бикенов А.Х. (2001) Қазақтың дәстүрлі қоғамы және оның саяси-потестарлық құрылымы (XVIII-XIX ғасырлар деректері негізінде): тарих ғыл. канд. ... дисс. Алматы.
- 8 Бикенов А. (1999) Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ақсақалдар билігі. Қазақ тарихы. 1999.
- 9 Дауытбекова М.Қ. (2001) Қазақ қоғамындағы батырлар институты: тарих ғыл. канд. ... дисс. Алматы.
- 10 Дәуірбаева Н. (2007) Қазақ хандығы және Жетісу аймағы (XV-XVIII ғ.ғ.). Қазақ тарихы. №3.
- 11 Жаркешов С. (2015) Қазақ хандарының аталықтары. Хан ордасының қызметін ұйымдастырушылар. Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары. Ғылыми мақалалар жинағы. Астана.
- 12 Жолдасбайұлы С. (1995) Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан. Алматы. Ана тілі. Ерофеева И.В. (2007) Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. Алматы. Дайк-Пресс. 334 с.
- 13 Ерофеева И. (2010) Традиции степной государственности и стереотипы массового сознания. Советник. №3-4.
- 14 Ерофеева И. (2010) Институт батыров в структуре военной организации казахов-кочевников. Роль номадов Евразийский степей в развитии мирового военного искусства. Научные чтения памяти Н.Э. Масанова. Алматы: Lem. 397 б.
- 15 Исенов Ө. Дәстүрлі қазақ қоғамының ақсақалдар институты.// https://library.wksu.kz/index.php?option=com_docman&task=doc_view&gid=1398&tmpl=component&format=raw&Itemid=2&lang=ru. Қаралған уақыты: 24.02. 2017.
- 16 Исмагулов О. (1982) Этническая антропология Казахстана. Алматы, 1982.
- 17 Кляшторный С.Г., Султанов Г.И. (2000) Государство и народы евразийских степей. Древность и средневековье. Спб: «Петербургское востоковедение».
- 18 Крадин Н.Н. (1992) Кочевые общества (проблемы формационной характеристики). Владивосток: Дальнаука.
- 19 Крадин Н.Н. (1995) Трансформация политической системы от вожества к государству: сонгольский пример, 1180-1206. Альтернативные пути к ранней государственности: международный симпозиум. Владивосток.
- 20 Кычанов Е.И. (1997) Кочевые государства от гуннов до маньчжуров. Москва.
- 21 Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Әулеттік тарихи жылнамалар. (2006) Қыт. деректем. Аударғ. Түсіндірмелер мен ескертулер жазған Б. Еженханұлы, Ж. Ошан. Алматы: Дайк-Пресс. Т. 4.
- 22 Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең). (2007) Монографиялық зерттеу. Алматы: «Адамар».
- 23 Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк) (1994). Алматы: Дәуір.
- 24 Левшин А.И. (1996) Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: Санат.
- 25 Мажикқызы Н. (2016) Үйсін тарихын оқытудың кейбір мәселелері. «Білім беру бағдарламаларын жаңғырту: аккредитация және кадрлар дайындау сапасының кепілі» 46-ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. 3 кітап. Алматы
- 26 Молдабаева Д.Ж. (2014) Түркі халықтарындағы мемлекет құру және басқару дәстүрі. «Дәстүрлі және заманауи Қазақстан этнологиясы» атты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы. Қазақ университеті.
- 27 Оразбаева А.И. (1998) Қазақ қоғамындағы билер институты: тарихи бастаулары, орны және рөлі (XVIII ғасыр): тарих ғыл. канд. ... дисс. Алматы.
- 28 Севортян Э.В. (1978) Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б». АН СССР. Институт языкознания. Москва: Наука.
- 29 Телеуова Э.Т. (2007) Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті.
- 30 Fletcher J. (1986) The Mongols: Ecological and Social Perspectives // Harvard Journal of Asiatic Studies. Vol. 46, N. 1. P. 11-50.

References

- 1 Artykbayev Zh. (2015) Kazak memleketinin tarikhindagy tore instituty zhane tore sozinin magynasy turaly. Kazak khandygynyn memlekettik baskaru instituttary. Gylymi makalalar zhinaгы. Astana.
- 2 Artykbayev Zh. (1997) XVIII gasyrdagy kazak kogamynyn etnoaleumettik kurylymy: tarikh gyl. doct... diss. Almaty.
- 3 Artykbayev Zh. Shokan da kezinde: «uly aruaktar ozderinin tuk ,ym-zhuragatyna kamkorlyk zhasaydy», – dep aytıp ketken. // <https://baq.kz/>. 02.03. 2017.

- 4 Alimbay N. (2015) Dasturlı kazak kogamyndagy khan biligi institutyna tikeley katysty negizgi ugymdar zhoninde. Kazak khandygynyn 550 zhyldygyna arnalgan «Kazak khandygynyn damuy:Dauir, okigalar zhane tulgalar» atty khalykaralyk gylymi konferentsiyanyn materialdary. Aktobe.
- 5 Bartol'd V.V. (1966) Sochinenia. t.1 Moskva: Nauka.
- 6 Bartol'd V.V. (1966) Sochinenia. Khalif i sultan. t.6. Moskva: Nauka.
- 7 Bikenov A.H. (2001) Kazaktyn dasturlı kogamy zhane onyn sayasi-potestarlyk, kurylymy (XVIII-XIX gasyrlar derekteri negizinde): tarikh gyl. cand ... diss. Almaty, 2001.
- 8 Bikenov A. (1999) Dasturlı kazak kogamyndagy aksakaldar biligi. Kazak tarikhy. №6.
- 9 Dauytbekova M.K. (2010) Kazak kogamyndagy batyrlar instituty: tarikh gyl. cand ... diss.- Almaty, 2010.
- 10 Dauirbayeva N. (2007) Kazak khandygy zhane Zhetisu aymagy (XV-XVIII g.g.). Kazak tarikhy. №3.
- 11 Zharkeshov S. (2015) Kazak khandarynyn atalyktary. Khan ordasynyn kyzmetin uyymdastyrushylar. Kazak khandygynyn memlekttik baskaru instituttary. Gylymi makalalar zhinagy. Astana.
- 12 Zholdasbayuly S. (1995) Yezhelgi zhane orta gasyrdagy Kazakstan. A., Ana tili, 1995.
- 13 Yerofeyeva I. (2007) Khan Abulkhair: polkovodets, pravitel', politik. A., 2007. Dayk-Press.
- 14 Yerofeyeva I. (2010) Traditsii stepnoy gosudarstvennosti i stereotipy massovogo soznaniya. Sovetnik. №3-4.
- 15 Isenov O. Dastyrlı kazak kogamynyn aksakaldar instituty.// https://library.wksu.kz/index.php?option=com_docman&task=doc_view&gid=1398&tmpl=component&format=raw&Itemid=2&lang=ru. 24.02. 2017.
- 16 Ismagulov O. (1982) Etnicheskaya antropologiya Kazakhstana. Almaty.
- 17 Kychanov E.I.(1997) Kochevye gosudarstva ot gunnov do manchzhurov. Moskva.
- 18 Klyashtornyy S.G., Sultanov G.I. (2000) Gosudarstvo i narody yevraziskikh stepey. Drevnost' i srednevekov'ye. Spb: «Peterburgskoye vostokovedeniye».
- 19 Kradin N.N. (1992) Kochevye obshchestva (problemy formatsionnoy kharakteristiki).-Vladivostok: Dal'nauka, 1992.
- 20 Kradin N.N. (1995) Transformatsiya politicheskoy sistemy ot vozhdstva k gosudarstvu: songol'skiy primer, 1180-1206. Al'ternativnyye puti k ranney gosudarstvennosti: mezhdunarodnyy simpozium-Vladivostok.
- 21 Kushanov E.I. (1997) Koshevye gosudarstvo ot gunnov do manshurov. Moskva.
- 22 Kazakstan tarikhy turaly kytay derektemeleri. Aulettik tarikhi zhylnamalar.(2006) Kyt. derektem. Audarg. Tysindirmeler men yeskertuler zhazgan B. Yezhenkhanuly, ZH. Oshan. Almaty: Dayk-Press. 4T..
- 23 Kazak memlekettiliginin tarikhy. (yezhelgi zhane ortagasyrlyk kezen)(2007). Monografiyalyk zerttey. Almaty: «Adamdar», 2007.
- 24 Kazakstan tarikhy kone zamannan buginge deyin (ocherk). (1994) Almaty. Dauir.
- 25 Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ikh, ili kirgiz-kaysatskikh ord i stepey. (1996) Almaty: Sanat, 1996.
- 26 Mazhikyzy N. (2016) Yysin tarikhyn okytudyn keybir maseleleri. «Bilim beru bagdarlamalaryn zhangyrtu: akkreditatsiya zhane kadrlar dayyndau sapasynyn kepili» 46 – gylymi-adistemelik konferentsiya materialdary. Almaty. 3 kitap.
- 27 Moldabayeva D.ZH. (2014) Turki khalyktaryndagy memleket kuru zhane baskaru dasturi.// «Dasturlı zhane zamanauı Kazakstan etnologiyasy» atty Al-Farabi atyndagy KazNU-dyn 80 zhyldygyna arnalgan khalykaralyk gylymi-teoriyalyk konferentsiya materialdary. Almaty.
- 28 Orazbayeva A.I. (1998) Kazak kogamyndagy biler instituty: tarikhi bastaulary, ony zhane roli (XVIII gasyr): tarikh gyl. cand ... diss. Almaty.
- 29 Teleuova E. (2007) Dastyrlı kazak kogamynyn aleumettik-kukykyk yerekshelikteri: Oku kuraly. Almaty: Kazak universiteti.
- 30 Fletcher J. (1986) The Mongols: Ecological and Soscial Perspectives // Harvard Journal of Asiatic Studies. Vol. 46, N. 1. P.11-50.

Абдирасилова З.С.

**Тасымалдау кәсібінің
дамуының көліктік қызмет
саласындағы кәсіпкерліктің
қалыптасуына әсері
(ХІХ ғ. 2-ші жартысы)**

Мақалада ХІХ ғ. ІІ жартысындағы халыққа транспорттық қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерліктің қалыптасуындағы тасымалдау кәсібінің орны көрсетілген. Мақалада автор халыққа қызмет көрсету саласындағы тасымалдау кәсібінің қалыптасуы мен дамуын қарастырған. Кейінгі жылдары отандық тарихнамада кәсіпкерлік мәселесі бойынша зерттеулер жүргізу жандана бастады. Мақалада Қазақстандағы кәсіпкерліктің қалыптасу және даму тарихына қатысты жаңаша тұжырымдамалар мен деректер қорын кеңінен талданған. Сонымен қатар, осы саладағы қиындықтар мен жетістіктеріне баға берілген.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік, тасымалдау, транспорт, тарих.

Abdirasilova Z.S.

**Development izvoznogo fisheries
and its role in the development
of business in the field of
transport services**

The article discusses the development cab entrepreneurship and its role in the development of business in sphere of transport service of the Second half of XIX – early XX centuries.

In recent years domestic historiography has intensified the research on entrepreneurship. In this article, on the basis of a broad database is analyzed and discusses the new concept of the history of formation and development of entrepreneurship in Kazakhstan. In addition, the estimation of achievements and challenges in this area.

Key words: entrepreneurship, cab entrepreneurship, transport, history.

Абдирасилова З.С.

**Развитие извозного промысла
и его роль в становлении
предпринимательства в сфере
транспортного обслуживания
(2-я половина ХІХ века)**

В статье рассматривается развитие извозного промысла и его роль в становлении предпринимательства в сфере транспортного обслуживания 2-й пол. ХІХ – и нач. ХХ вв.

В последние годы в отечественной историографии активизировалось проведение исследований по вопросам предпринимательства. В данной статье на основе широкой базы данных анализируются и рассматриваются новые концепции истории становления и развития предпринимательства в Казахстане. Кроме того, дана оценка достижений и трудностей в этой сфере.

Ключевые слова: предпринимательство, извозный промысел, транспорт, история.

**ТАСЫМАЛДАУ
КӘСІБІНІҢ ДАМУЫНЫҢ
КӨЛІКТІК ҚЫЗМЕТ
САЛАСЫНДАҒЫ
КӘСІПКЕРЛІКТІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫНА
ӘСЕРІ
(XIX ғ. 2-ші жартысы)**

Кіріспе

Халыққа қызмет көрсету кәсіпкерлігі саласының бір түрі – тасымалдау кәсібі. Қарастырып отырған кезеңде тасымалдау кәсібі өзінің ең алғашқы даму сатысында тұрды. Ел территориясы үлкен аумақты алып жатқандықтан, көліктік тасымалды ұйымдастыру қиынға түсті. Бұл Қазақстанның шикізатын Ресейге жеткізу және ондағы фабрика өнімдерін елге әкелу жылдамдығын тежеді. Мәселені шешу үшін, Ресей үкіметі алғашқыда әскери-саяси мақсатта салынған темір-жолдарды әрі қарай дамытуға қызығушылық білдіре бастады. Дегенмен, Қазақстан территориясын теміржол магистралы әлі тұтас қамтымағандықтан, тауар тасымалы айтарлықтай қиыншылықтарға кездесіп, тасымалдау қызметінің дұрыс ұйымдастарылмауынан, тауардың көзделген жерге жетпей қалу жағдайлары жиі кездесті.

Тасымалдау кәсібі адам тасу және жүк жеткізу қызметтерін атқарды. Адам тасу қала іші аралық немесе аз ауқымды территорияны, ал жүк жеткізу үлкен аймақты қамтыды. Тіпті, жүкті бір облыстан екінші облысқа және теміржол бекеттеріне жеткізу қызметтері жүргізілді. Мысалы, Сырдария облысының уездерінен Ташкент, Түркістан, Орынбор қалаларына жүк жеткізу жұмыстары іске асырылды. Бұл кәсіппен айналысушылар кірешілер деп аталды.

Тасымалдау кәсібінің дамуы

Мемлекет тасымалдау кәсібімен айналысушыларды үнемі қадағалап, салық мөлшерін белгіледі. Мысалы, 1878 ж. қалалық мәселелер жөніндегі Жетісу облыстық мәжілісінде Қалалық Ережедегі 128-баптың 4 пункті негізінде тасымалдау кәсібіне салынатын салық «1870 жылдан бастап жыл сайын қалалық кіріс үшін, тасымалдау кәсібімен айналысатын әрбір нөмірден үш рубль алым бекіту туралы қаулы қабылдады» (ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 38962-іс, 1 п).

Түркістан генерал-губернаторлығындағы маңызды істер жөніндегі аға шенеуік 1881 жылы 1 тамызда Орта Азияда транспорт ісін ұйымдастыру туралы Түркістан облысының генерал-

губернаторына баяндама жасады (ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 4 п.). Мұрағатта сақталған осы деректе, біз қарастырып отырған Қазақстанның оңтүстік өлкесіндегі транспорттық кәсіпкерліктің жағдайы және бұл саланың дамуына тежеуші күштердің әсері туралы құнды мәліметтер берілген. Ол өзінің баяндамасында Ресейден Орта Азияға және керісінше тауар тасымалдау мәселесі және оның шығыны мен қанағаттандырғысыздығы мәселелерін қарастырады.

Тауарды тасымалдау Уездік тәртіп сақтау мекемесінде қырғыз (қазақ) тасымалдаушыларымен келісімге келу арқылы іске асады. Кірушілерде жеке куәлігі (паспорт) болмағандықтан, оларды керуен басылардың куәлік етуімен нотариалды тәртіп негізінде, бірақ, тасымалдаушылардың жеке-жеке тексеруінсіз жүргізіледі.

Кірушілердің жеке басының куәлігінің жоқтығы, тауар тасымалдауда далалы аймақта көп кездесетін қауіпті күшейтеді. Сонымен қоса, тасымалдаушыларды қанағаттандыру үшін олардың еңбек ақысы алдын ала төленеді.

Тауар жіберушілер үшін алдын ала төлеу тиімсіз. Сондықтан өлкеде транспорт кеңселері ашылды. Олар тасымалдау ақысын тауарды жеткізгеннен кейін алуға тауар салушымен келіседі, бірақ өздері керуенбасы арқылы кірешілерді танымаса да алдын ала ақысын толық төлеп тасымалдауға жалдайды. Нәтижесінде тауардың дйттеген жерге аман жетуі транспорт кеңселері үшін айтарлықтай қауіп туғызды.

Баяндамада тауар аттандырушылар мен транспорт кеңселеріне қауіп туғызатын, тасымалдау кәсібі қазіргі уақытта ең төменгі дәрежесінде тұрғандығы сипатталған.

Баяндамадан мысалдар келтірейік: «бұрынғы Орынбордан Ташкентке 55 күн арасында жететін тасымалдау кәсібі қазір 90 күнге жетті. Сонымен қоса тауар түгел жеткізілмейді және тасымалдаушылар жазаланбайды. Мысалы, 1875 жылы 13 қазанда көпес Ивановтың транспорт кеңсесі формальды түрде қырғыздарды (қазақ) жүк жеткізуге жалдады: оларға Перовскіге 45 күнде жеткізу үшін 135 орын берілді, Түркістан мен Шымкентке жүкті 75 күнде жеткізу үшін келісім жасады. Тасымалдау ақысы Орынбордан алдын ала төленді, бірақ бұл транспорт жоғалып кетіп, 1876 жылы тамыз айында Ырғыз Уездының даласында кездейсоқ табылды. Полейцейлік актыны оқысақ бұл транспорттың тауарлары ұрланған немесе сол жерде жойылған. Бұл қылмыс шағым бойынша іс қозғалса да аяқталмаған. Себебі олардың ішіндегі кеңсемен келісімге отырған бірде-бір кіреші тасымалдаушы

табылған жоқ. Онымен қоса көпес Иванов кеңсесі әр түрлі салымшыларға тауарын салғаны үшін ақының жартысын, онымен қоса транспорттың жартылай сақталынған бөлігінің тауарының көтерілуі мен жеткізілуіне транспорт конторасының есебіне 1 мың сом ұстап қалды» деп жазылған. Немесе, «Орта Азиялық транспорт серіктестік кеңсесі екі жылда осындай жолмен 10 382 сом 64 тиын шығынға отырды. 1877 жылы музыкалық инструменттер тиеген экипаждық транспортты тасымалдаушылар Орынборға жақын жерге тастап кеткен. Нәтижесінде серіктестік 1 920 сом 70 тиын шығынға түсті. Сол сияқты, 1887 жылы кірешілердің 4 транспортты тастап кеткендігінен серіктестікке 8 461 сом 94 тиын шығын келтірген. Көптеген шығындардан кейін Орта Азиялық транспорт серіктестік кеңсесі өз ісін тоқтатуға мәжбүр болды» деген болса, «Ағайынды Каменскийдың кеңсесі» де осындай жағдайға ұшыраған.

Ағайынды Каменскийдың кеңсесі кірешілерге 1879 жылы 3768 орынға (түйе) 850 мың сом алдын ала төлеген. Кірешілер орынның ақысы жыл сайын өсіріп отырған. Мысалы, 1879 жылы 2 мен 166 күн аралығында жеткізу мерзімінен өтіп кеткен, ал 85 орын тіпті жеткізілмеген, 1880 жылы 32 мен 297 күн аралығында мерзімінен өтіп кеткен, ал 311 орын жеткізілмеген.

Сол сияқты, 1879 жылы Ресей Құрлықтағы және Теңіздегі қазыналық сақтандыру және тасымалдау кеңсесінің бөлімшесінде 4300 түйеге 2 470 756 сомға бағаланған тауарды артып, салым түрлерін сақтандырып жеткізу жүктелді. Осының ішіндегі бірде-бір транспорт уақытында келген жоқ. Қалғандарының белгіленген уақытта келуі өте сирек болды. Әр түрлі уақытта жеткізілді. Тауардың толық жеткізілуі өте сирек. Оралған тауарды ашқанда тауардың жетпейтіндігі байқалды, олардың ұрланғандығы белгілі болған.

Ағайынды көпес Фридландтың транспорт кеңсесі қазыналық заттарды тасымалдау міндетін атқарды. «Қазыналық транспорт кеңсесінің сенімді өкілдері, шенеуіктер мен қазыналық қызметкерлер жүретін болғандықтан олар шығынға ұшырамау керек сияқты еді. Бірақ тасымалдаушылар соған қарамастан оларды орта жолда далаға тастап кетеді. Қазыналық бұйымдарды тонайды және ешқайсысы келісілген уақытта жеткізбейді» (ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 6 об п., 7 об п., 8 об п.) деген тәрізді мәліметтер мұрағат деректерінде жеткілікті.

Тіпті мынадай жағдай да болған. Кеңсе затты бір жерден келесі жерге жеткізу үшін

3 рет тасымалдаушы жалдап, әр қайсысына алдын ала жеткізу ақысын төлеген. Яғни, кеңсе тиісілі (бір түйе үшін) 18 сомның орнына 60 сомдай ақша шығаруға мәжбүр болған. 1879 жылы және одан кейінгі жылдарда (1881 жылға дейін) жоғарыда көрсетілгендей көпес Иванов 16 мың сом, Орта Азиялық қоғам 10382 сом 64 тиын шығынға түскен.

Олардың сандық мәліметін төмендегі №1 кестеден көруге болады (ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 8 об п.).

1-кесте – Транспорт кеңселерінің шығыны

Транспорт кеңсесінің аттары	Шығын құны соммен
Ағайынды Каменскийлер	300000 сомға дейін
Ресейлік Қоғам кеңсесі Ағайынды Фридландтар	121000 360000
1879-1880 жж. аралығындағы жұмыс істеген кеңселердің жалпы шығыны	781000

Тасымалдаушы кеңселердің жағдайы осындай болса, ал тауарды аттандырушылардың жағдайы одан да қиын еді. Мұнда әсіресе азиялықтар қиын жағдайға қалып отырды. Себебі тасымалдаушы қазақтар олардың тауарын арзан бағаға сатып жібереді. Салымшы өзінің тауарынан айырылғанымен қоса, оны тасымалдаушыға өткізгендігін де дәлелдей алмаған.

Мәселен, 1877 жылы Ташкент сарты Диханбаев Шығанақ қаласына жеткізу үшін Шымкент уезінің үш қазағына 20 жүк береді. Сосын тауарының жартысы Бахта қаласына тасталынып, қалғанының сатылғанын естиді. Ол қазақтарды әрең тауып алып оларға келтірілген шығыны үшін 2154 сом салып шағым іс қозғайды. Бірақ қылмыстық іс заңды дәлелдеуді қажет еткендіктен оны дәлелдей алмайды. Нәтижесінде Диханбаев байлығынан айрылып, кедейге айналады.

Немесе, 1879 жылы әндіжандық сарт Абдуменов 7 мың сомға қарызға тауар сатып алып, Қаракөл қаласына Салимбаев деген қазақпен тауарын аттандырады. Бірақ қазақ тауарды тіпті Ташкенттен шығармастан жартысын арзан бағаға бір татарға сатып жібереді. Абдуменов мұны білген соң шағымданады, бірақ қазақта ақша да, тауар да қалмағандықтан ешнәрсе істей алмайды (ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 9 п.).

Шенеуік осындай мәліметтерді бере келе транспорт жүйесін дұрыс жолға қою үшін келесі іс-шараларды жүргізу қажеттігін айтып, төмендегідей ұсыныстарды жасайды:

1. Тасымалдау кәсібімен тек қана Уезд бастығы мен Ташкент қаласы бастығынан тасымалдау кәсібімен айналысу билетін алған сарт немесе қырғыздың (қазақ) айналысуына рұқсат беру керек.

2. Тауарды жіберушілер тасымалдаушының билетінде тауар туралы мәліметті толық жазуы керек. Тасымалдаушы тауарды жеткізген соң билетті қабылдаушыға өткізіп, тауардың толық жеткен жетпегендігі анықталып осы билетке қайта белгіленіп жазылуы керек.

3. Уезд бастықтары және Ташкент қаласының бастықтарына жоғарғы 2 пункте айтылған шарттарды орындамаған, яғни, билетті қайта өткізбеген тасымалдаушыларға келесі жолы билет бермеу туралы ұсыныс жасау қажет.

4. Түйе ауырып қалғаннан басқа жағдайларда көрсетілген жерге тауарды өзге адамның немесе тасымалдаушының қолына өткізбестен кірешінің өзі жеткізуге міндеттелсін.

5. Ауыл старшындарын транспортты тастап кеткен жері туралы мәліметті дер кезінде болыстық басшыларға одан Уезд бастығы және Ташкент қаласының бастығына жеткізуді міндеттеу.

6. Тауарды жеткізбегенге кінәлілерді алғашында 15 сомға айыппұл салу, екінші рет қайталаған жағдайда 7 күнге тұтқындау, ал үшінші ретте ауыл старшындарын, болыс басшысын қызметінен босату туралы жергілікті үкіметке ұсыныс жасау. Сонымен қоса уезд бастықтары және Ташкент қаласының бастығы әрбір айып жүргізілген жағдайда, болған жағдайды қысқаша баяндаған қаулы жасап, кінәлі тұтқындалған жағдайды қаулының көшірмесін тұтқындалушымен бірге қамау орнына жеткізу керек. Ал ақшалай айыппұлды қамау орындарын ұстау және күшейтуге жұмсау міндеттелсін.

7. Уезд бастықтарының міндетіне оларға тауар тасталынып кетілген мәліметті жеткізілген заматта, мәліметті жергілікті транспорт кеңселеріне хабарлау, егер тауар тасталынған жер қазыналық аймаққа кірмейтін болса тез арада пошта немесе телеграф пунктері арқылы «Түркістан ведомоствасы» редакциясына немесе «Оренбургский лист» басылымына хабар жіберіп, кеңсеге мәлімет жеткізу міндеттелсін.

8. «Түркістан ведомоствасы» және «Оренбургский лист» редакцияларына тауар тасталып

кеткен жерлер туралы хабарлама басуды міндеттеп, басылған хабарлама үшін Орыс Қоғамынан мақала ақысын өндіру туралы ұсыныс жасау.

9. Түркістан өлкесіндегі сот орындарының құрылтайшыларына тасымалдау келісімін бұзған мәселені тез және кезектен тыс қарау ұсынылсын (ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 10 п).

Мұрағат дерегінде жоспарланған іс-шаралар нотариалдық бөлімнің 14 ст. көрсетілгендігі айтылған.

Тасымалдаушы кәсіппен айналысқан қазақтар неге бұл іске жауапкершілікпен қарамады? Патшалық үкімет уәкілдерінің мәліметіне сүйенсек, олар бұл істен көп пайда табатындығы айтылады. Ал, осындай кіріске қарамастан олардың жауапсыздығының сыры неде? Бұл терен зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі болмақ. Өкінішке орай, мәселені анықтайтын, қазақ кірешілерінің іс-әрекеттерінің мақсатын білдіретін деректер жоқтың қасы. Себебі, мұрағатта сақталған деректік материалдар тек қана орыстардың, яғни отарлық үкімет шенеуіктерінің отарлық сипатта, қазақтардың «жауапкершілігінің төмендігіне» негізделі отырылып жазылған.

Ал, жергілікті халықтың мақсаты мен олардың іс-әрекетінің себебін түсіндіретін, мәселені анықтауға мүмкіндік беретін нақты жазба дерек жоқ. Сондықтан, бұл мәселені біз патшалық Ресейдің отарлық саясатына қазақ халқының наразылық көрсетуінің бір сипаты болуы мүмкін деген пікір білдіреміз. Себебі, жақсы пайда таба отырып, еш негізсіз жауапкершілік көрсетпеуі мүмкін емес, орыс шенеуіктері айтқандай халық сондай санасыз болған жоқ, оның негізі отарлық саясатқа қарсылық сипатында түсіндіруге болады деп есептейміз. Мүмкін «бір қарын майды, бір құмалақ шірітеді» дегендей тонаушылар мен ұрлаушылар болған шығар, бірақ оларға қарап бүкіл халықты кінәлау артық кету болмақ.

Кәсіпкерлік қызметтің негізгі сипатын беретін, кәсіптік салық төлеу – тасымалдау кәсібін де қамтыды. Қала ішінде адам тасу қызметіне салық салынып, адам тасу құны белгіленіп отырған. Оған келесі мұрағат дерегі дәлел бола алады.

1883 жылғы 27 маусым және 1895 жылғы 18 қазанда Верный Қалалық Думасы қалада адам тасымалдау үшін келесі құн алуды бекіткен:

Үлкен Алматы станциясында

А. Бір шетке дейін бір және екі адамды тасу – 10 тиын

Б. Бір шетке дейін үш адамды тасу – 15 тиын

В. Бір шетке дейін төрт адамды тасу – 20 тиын

Г. Бір бөлімге бір және екі адамды тасу – 30 тиын

Д. Бір бөлімге үш адамды тасу – 40 тиын

Е. Бір бөлімге төрт адамды тасу – 50 тиын

Көрсетілген төлемдерді тасымалдаушылар сағат күндізгі 7-ден 10-ға дейін алады, түнгі кезекшілік уақытында мерекелерден басқа уақытта (пасха, Христостың дүниеге келуі және масленица) жол ақысы екі есе қымбаттайды.

Тұтынушыны басқа жаққа немесе ұзақ аралыққа тасымалдау екеуінің өзара келісіміне байланысты шешілді.

Тасымалдау уақыты: таңертең 7-ден кешкі 10-ға дейін, түнде: 10-нан түн ортасы 3-ке дейін (Памятная книжка и адрес календарь Семиреченской области на 1898 год, 1898). Біз бұл мәліметтен тасымалдаудың кәсіп ретінде дамығанын біле аламыз.

1897 жылғы Бірінші Бүкіл Ресейлік халық санағында Жетісу облысында ауыр, алысқа тасымалдау кәсібімен – 232 адам, жеңіл тасымалдау кәсібімен айналысатын 39 адам тіркелген (Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи: Т85,182-183).

XX ғасырдың басындағы тасымалдау кәсібінің жолға қойылуы

Жетісу облысы теміржол станцияларынан алыста орналасуы және мұнда жыл санап сауда айналымының өсуі, тасымалдау кәсібінің дамуына тікелей әсер етті. Шындығында да осы уақытта тасымалдау кәсібімен айналысушылар көбейе бастағандығы байқалды. Мысалы, 1905 жылы бұл кәсіппен айналысушылар 942 адам болса, 1906 жылы 1073-ке жетті. Жүкті облыс ішінде және сыртына тасымалдау бағасы сол кездегі тасымалдаушылардың қаншалықты бостығына және қаншалықты жүк барлығына байланысты еді. Сонымен қоса тасымалдаудың арзан немесе қымбат болуы ірі мүйізді қараның чума ауруынан аман-есен болуы әсер етеді. Яғни, бұндай ауру тараған кезде бұқамен жүк тасымалдау уақытша тоқталады. Барлық жағдай жақсы кезде, бұқамен жүк тасымалдау көктем мен жазда әрбір 100 шақырым үшін 10 тиын, ал күзде 100 шақырымға 40-50 тиынға көтеріледі (Обзор Семиреченской области за 1906 г, 1907: 68-69).

Верныйдан Ташкентке және Семипалатинскіге жүк тасымалдаумен жер иеленушілер көктемгі және күзгі жиыны біткен соң айналысады. 1908 жылы Верныйдан Ташкентке жүк тасымалдау бағасы әрбір пұтқа 1 сомнан 2 сом

40 тиынға дейін көтерілді, ал Семипалатинскіге 80 тиыннан 1 сом 70 тиынға дейін көтерілді. Верныйдың көптеген фирмалары өздерінің жеке тасымалдаушыларын ұстады (Обзор Семиреченской области за 1908,1910: 58).

Сырдария облысының Қазалы уезінде Орынбор, Бұқара және Ташкент аралығында жылына 300 000 пұт шамасында жүк таситын 60 000 түйе тіркелсе, 1888 жылы 3483 түйе 55 000 пұтқа тарта жүк тасымалдаған (ӨР ОММ, И-269-қ., 1-т., 14-іс, 2 п.).

Кәсіпкерліктің жіктелген сыныптамасынан тыс шағын және орта кәсіпкерлік аясындағы субъектілерге ғана қатысты емес, сондай-ақ басқа да бизнес субъектілеріне тән қазіргі кезде белең алған, ортақ тәуекелдер бар. Сол өзекті тәуекелдер қатарына сыныптамадан тыс назар аудару олардың кәсіпкерлік қызметіне соңғы кездері әсерінің жойқын болуымен, әлемдік деңгейде бұл тәуекелдерге аса қатты мән берілумен байланысты. Оларға «қара аққу феномені», «кибер тәуекелдері», «инновациядан қалып қою», «саяси шиеленістер», «экологиялық апаттарды» жатқызуға болады.

«Қара аққу» түсінігі жайлы Н.Талей, ешкім болжап, біле алмайтын, яғни ол әдеттегі жағдайдан тыс, екіншіден, оның әсер ету күші орасан зор, үшіншіден ол ретроспективтік болжауға мәжбүрлейтін жағдайды сипаттайды. Адамзат табиғаты болған оқиғаға өтіп кеткеннен кейін ғана оның себебін ойлап табуға бейім, – деп түсіндіреді (Archer, 2013: 526).

Тасымалдау кәсібін дұрыс жолға қою, дамыту, жүйелендіру және олардың құқығын қорғау (тасымалдау кәсібімен айналысатындардың және жолаушылардың) мақсаттарында 1909 жылдары тасымалдау артельдері құрыла бастады. Мәселен, осындай тасымалдау кәсібінің артелі Сырдария облысының орталығы Ташкент қаласында құрылды. Артель жолаушылардың қызығушылығын қамтамасыз ету мақсатында біріншіден, тасымалдаудың қауіпсіздігін, арбакештің

тәжірибелілігін, түнгі кезекшіліктің дұрыс өткізілуін және де тасымалдаудың барлық ережелерін дұрыс сақталуын қарастырды. Екінші жағынан тасымалдаушылардың құқығын қорғау мақсатында, арам ниетті тапсырыс берушілерден сақтандыру арқылы, артель мүшелерінің жалақысын тұрақтандыру және жақсарту мәселелерін реттеп отырды. Артель басқармасы тасымалдаушы кәсіп қожайындары сенім білдірген өкілетті уәкілден (және ол осы басқарма бастығы) және 15 сайланған артель мүшелерінен тұрды. Артель мүшелері жылына 6 сом немесе айына 50 тиын мүшелік жарна төледі (ӨР ОММ, И- 17-қ., 1-т., 16660-іс, 16 п.).

Сонымен, тасымалдау кәсібі ХХ ғасырдың басында бір жүйеге келтіріле бастаған болатын. Олардың басқару органы, қаржы есептеу және бөлу жүйесі қалыптасты, арнайы ережелерді сақтау қамтамасыз етілді. Жұмысшылардың және жолаушылардың құқықтарын қорғауды дұрыс жолға қойды. Бұның барлығы біз қарастырып отырған кезеңде халыққа қызмет көрсету жүйесінің бір саласы тасымалдау кәсіпкерлігінің қалыптасып, дамығанына дәлел бола алады.

Қорытынды

Біз қарастырып отырған кезеңде халыққа қызмет көрсету саласындағы тасымалдау кәсібі өзінің дамуының алғашқы сатысында тұрды деп айтуға болады. Қазақстанда транспорттық индустрия енді-енді қалыптасып келе жатты және Қазақстан территориясын тұтас қамтып үлгерген жоқ. Сондықтан да, тасымалдау, жеткізу қызметіне түйе, жылқы және бұқа малдары пайдаланылды. Кәсіпкерлік мәні бар тасымалдауды жетілдіру мақсатында ұйымдастырылған транспорттық кеңселер сенімді ақтай алмады. Мемлекет транспорттық кеңселерді және тауар салымшылардың қызығушылығын қорғау мақсатында қаулылар қабылдап, іс-шаралар қолданды. Бұл әрекет нәтиже бере бастады.

Әдебиеттер

- 1 Archer A. Enterprise risk management and keeping black swans at bay, Keeping Good Companies. 2013. Vol. 65, issue 9. 526 p.
- 2 ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 6 об п, 7 об п, 8 об п.
- 3 ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 9 п.
- 4 ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 10
- 5 ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 7 п.
- 6 ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 38962-іс, 1 п.
- 7 ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 4 п.
- 8 ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 39168-іс, 8 об п.

- 9 Обзор Семиреченской области за 1906 г. Верный 1907. С. 68-69.
- 10 Обзор Семиреченской области за 1908 г. Верный 1910г., С.58.
- 11 өР ОММ, И- 17-к., 1-т., 16660-іс, 16 п.
- 12 өР ОММ, И-269-к., 1-т., 14-іс, 2 п.
- 13 Памятная книжка и адрес календарь Семиреченской области на 1898 год (1898). Верный.
- 14 Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи (1897). Т.85., Семиреченская область. Москва.

Perferens

- 1 Archer A. Enterprise risk management and keeping black swans at bay, Keeping Good Companies. 2013. Vol. 65, issue 9. 526 p.
- 2 KR OMM, 44-к., 1-т., 39168-іс, 6 об p, 7об p, 8 об p.
- 3 KR OMM, 44-к., 1-т., 39168-іс, 9 p.
- 4 KR OMM, 44-к., 1-т., 39168-іс, 10 p
- 5 KR OMM, 44-к., 1-т., 39168-іс, 7 p.
- 6 KR OMM, 44-к., 1-т., 38962-іс, 1 p.
- 7 KR OMM, 44-к., 1т., 39168-іс, 4 p.
- 8 KR OMM, 44-к., 1-т., 39168-іс, 8 об p.
- 9 Obzor Semirechenskoj oblasti za 1906 g. Vernyj 1907. S. 68-69
- 10 Obzor Semirechenskoj oblasti za 1908 g. Vernyj 1910g., S.58.
- 11 OR OMM, I- 17-к., 1-т., 16660-іс, 16 p.
- 12 OR OMM, I-269-к., 1-т., 14-іс, 2 п.
- 13 Pamjatnaja knizhka i adres kalendar' Semirechenskoj oblasti na 1898 god (1898). Vernyj.
- 14 Pervaja Vseobshhaja perepis' naselenija Rossijskoj Imperii. (1897) T.85., Semirechenskaja oblast'. Moskva.

Хабижанова Г.Б.,
Қошымова А.О.

**Оғыздардың этникалық
тарихы: революцияға дейінгі
және кеңестік кезеңдегі
зерттеулер**

Мақаланың мақсаты революцияға дейінгі түркі халықтарының тарихына қатысты жинақталған еңбектер мен Кеңестік кезеңнің Қазақстанның ғана емес, сонымен бірге түркі әлемі тарихы ғылымына қосқан үлесі туралы сөз ете отырып, ғылыми айналымға түскен еңбектерге тарихнамалық талдаулар мен зерттеулер жүргізу. Ерте және ортағасырлардағы саяси және этникалық үдерістер бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, мемлекеттердің шекараларының өзгеріске ұшырауы, тайпалық араласулар мен сіңісулер белгілі-бір дәрежеде этникалық байланыстардың орнауына алып келеді. Кез келген бүгінгі таңдағы этнос этногенез үдерісі басталған ежелгі аумақтық-саяси қауым болып табылады. Осы тұрғыда оғыздардың жаулаушылығы мен қоныс аударуының әлемдік тарихта, түркі әлемі тарихында алатын орны анықталып, түркі тектес – әзірбайжан, ғағауыз, түрікмен, түрік, қырғыз, өзбек т.с.с. халықтардың этногенезінде алатын орны тарихнамалық тұрғыдан талданады. Бірінші кезең түркі дәуіріне қатысты деректердің жинастырылуымен және олардың баспадан жарыққа шығуымен ерекшеленсе, екінші кезең сол жинақталған деректерді ғылыми айналымға шығара отырып, сараптамалар жасалынып, зерттеушілердің ой-тұжырым жасауымен айқындалады. Тарихнамалық зерттеу барысында тарихнамалық дерек ретінде қазақстандық ғалымдармен қатар орыс, сондай-ақ батыс тарихшылары мен шығыстанушыларының еңбектері қарастырылды.

Түйін сөздер: оғыз, этникалық тарих, зерттеулер, печенегтер, уздар.

Habyzhanova G.B.,
Koshymova A.O.

**Ethnic history of Oguzes: studies
of the pre-revolutionary and
Soviet period**

The aim of the article is historical analyze and research of the scientific works related to history of Turk people, as well as contribution of Soviet period to the history of Kazakhstan and whole Turk world. As ethnical and political processes were connected to each other in the ancient and medieval period, the changes of territory and tribal relations and confluences in some terms led to establishment of tribal ethnical relationships. Any current ethnos is ancient territorial and political community with ethno genetic processes. In this term, the role of occupation and migration of Oguz people in the world history and history of Turkic people will be determined and the role in the ethno genetic of Turkic people – Azerbaizhan, Gagauz, Turikmen, Turk, Kyrgyz, Ozbek etc. will be analyzed in term of history. The first period is related to the collecting of data of Turkic period and its publishing, the second period is known for scientific turnover of those collected data and analyzing them, and thoughts and opinions of scientists. During the scientific research as historical data along with the works of Kazakhstan's scientists, Russian and Western historians and orientalist's works will be considered.

Key words: oguz, ethnic history, researches, pechenegs, uzs.

Хабижанова Г.Б.,
Қошымова А.О.

**Этническая история огузов:
исследования
дореволюционного и
советского периодов**

Целью статьи является исследование работ дореволюционного периода по истории тюркских народов и научных исследований советского периода, посвященных не только Казахстану, но и всей истории тюркского мира, сделав их историографический анализ. Политические и этнические процессы древнего периода и средних веков между собой тесно взаимосвязаны, поэтому изменение государственных границ, а также племенные ассимиляции в какой-то степени влияли на этнические взаимоотношения. Каждый этнос общества сегодняшнего дня возник в процессе этногенеза древнего регионально-политического общества. На основе историографического подхода анализируется роль огузов в истории тюркского мира, в истории завоеваний и миграции, их роль в этногенезе тюркоязычных народов – азербайджан, гагаузов, туркмен, турков, киргиз, узбеков и т.д. Первый период отличался не только сбором исследования тюркского периода, но и выпуском в издании. Второй период отличался тем, что эти исследования были введены в научный оборот. В качестве историографических исследований были рассмотрены исторические источники, в том числе труды казахстанских ученых, а также были использованы труды западных историков и труды востоковедов.

Ключевые слова: огуз, этническая история, исследования, печенеги, узы.

**ОҒЫЗДАРДЫҢ
ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ:
РЕВОЛЮЦИЯҒА
ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ
ЗЕРТТЕУЛЕР**

Кіріспе

VIII ғ. орта шені – IX ғасырларда карлұқтардың күшеюімен Жетісу жерінен Сыр бойына қарай ығысып, өз мемлекеттік үлгісін алып келген, кейінгі мемлекеттердің соғысуына бірден-бір түрткі болған Сыр бойында орын тепкен қалалардың салынуына, сондай-ақ кейінгі Қазақ хандығының өмірге келуіне негіз болып қана қоймай, қазақ тәрізді бірнеше түркі халықтарының – әзірбайжандар, түрікмендер, ғағауыздар, Қырым татарлары, Енисей қырғыздары және т.б. осы сынды түркі тілдес халықтарының да этногенезінің қалыптасуында оғыздардың алар орны түркі халықтары тарихында бір төбе болып келетіндігіне дау туа қоймас. Оғыздар мәселесі ортағасырлардағы араб, парсы, иран, түрік тәрізді халықтардан шыққан саяхатшылар мен географ-ғалымдардың, лингвистердің қызығушылығын тудырып, деректік қор қалдырғанындай, кеңестік зерттеушілермен қатар шығыстанушы ғалымдардың да назарын өзіне аударып, А.Ю. Якубовский, Б.Н. Заходер, С.Г. Агаджанов, А.А. Росляков, Р.Н. Безертинов және т.б. осы сынды зерттеуші ғалымдар еңбектерінде оғыздар тайпасының пайда болуы төңірегінде көптеген мәселелер қарастырылды. Ортағасырлардағы түркі халықтарының тарихы әрқашанда тарих ғылымының ең қызықты да қиын, мәселесі шешімін таппаған бағыттарының бірі болып саналады. Оның ішінде түркі әлемінің пайда болуы мен қалыптасуы мәселесі күні бүгінге дейін зерттеушілер тарапынан талас-тартыс тудырып келе жатқаны жасырын емес.

Олардың ішіндегі ең қиын да шиеленісті тұсы оғыздардың этникалық тарихы болып табылады. Әлі күнге дейін оғыздардың Орта Азия мен Қазақстандағы таралу аймақтары жөніндегі мәселе шешімін таппай келеді. Әрине оғыздардың қалыптасуының немесе протооғыз топтасуының бастапқы кезеңі Батыс Жетісу жерімен тікелей байланысты. Мұндай ой-пікірді оғыздардың тарихи деректеріне талдаулар мен қаншама жылдар бойы жүргізілген археологиялық зерттеулер қуаттайды.

Қандайда бір ортағасырлық ірі-ірі оқиғалар мен халық өркениеттерінің бастауы әрине ерте кезеңнен, тереңнен алары сөзсіз. Себебі қандай да бір құрылымның негізі ежелгі түркі тайпалары, тайпалық одақтар. Тақырып аясында алар болсақ,

бүгінгі таңда көптеген түркі халықтарының этногенезін қалыптастырып отырған оғыздардың сонау ертеден келе жатқан тайпа екендігі.

Оғыз мәселесін кей ғалымдар тікелей қарастырар болса, түркітанушы, шығыстанушы ғалымдар түркі халықтары тарихымен айналысу барысында ішінара қарастырып отырды. Сондай-ақ Селжұқ мемлекетінің тарихын қарастыру барысында селжұқтар мемлекетінің іргелі мемлекеттік дәрежеге көтерілуіне үлес қосқан ірі тайпалардың бірі әрі бірегейі ретінде оғыздар тарихына соқпай өтпейді. Себебі, Селжұқ мемлекетінің ең ірі, мемлекет құраушы тайпасының бірі осы оғыздар болатын.

Революцияға дейінгі зерттелу деңгейі

Әрбір түркі халықтарының тарихы түркі әлемі тарихының бір бөлшегі деп алып қарастырар болсақ, VIII-XIII ғғ. оғыздардың бүгінгі түркі халықтарының этногенезіндегі орнын айқындау да өзекті болып табылады. Өз кезегінде түркі халықтарының тарихы, оның ішінде оғыз мәселесі қай елдің болмасын зерттеуші ғалымдарын зерттеу алаңына шығарып келеді. Тарих ғылымындағы өзекті саналатын мәселелер қатарында ортағасырлардағы түркі этностарының этногенезі үдерістері, осы үдерістерге қатысушы этникалық топтар, түркі халықтарының қалыптасуы т.с.с. табылады. Міне, осындай мәселелер зерттеуші ғалымдарды сонау XVII ғасырдан бастап-ақ қызықтыра бастады. Дегенмен де XVIII ғасыр түркі халықтарын танып-білумен, олардың діни наным-сенімдері мен дүниетанымын, қайдан бастау алатындығын, яғни ру-тайпалардың пайда болуы мәселелеріне қатысты материалдар жинаумен, халықтың пайда болуы мен жасауы жөніндегі халық арасындағы тараған ауыз әдебиеті үлгілері аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандарды жинастырумен байланыстырамыз. Алғашқылардың бірі болып француз ориенталисті Де Эрбелонның еңбегін айтуымызға болады. Автор қазіргі Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан тәрізді Орталық Азия мемлекеттері халықтарына, орналасуы және қалалары мен басқарушы хандарына қатысты мәліметтерді топтастырған. Ол көптеген араб, парсы деректерін топтастыра отырып, оғыздар мен түрікмендердің пайда болуы мен тарихи тағдырына қатысты деректерді тарихи айналымға енгізеді. Және де бұл бүткіл Шығысқа арналған тарихи сөздік болып есептелінеді. «Тюрки, оттеснённые на восток и север, были ещё разделены между со-

бой по причине Религии. Ибо одни были Правоверными, а другие – Неверными. Мусульмане считали, что Огузы, от которых по их утверждению происходят Оттоманы, были Правоверными, или Мусульманами с самих корней, хотя эта раса существовала за много веков до Магометанства. Однако они действительно могли быть Правоверными, то есть Христианами. Ибо до самого царствования Чингизхана и Тамерлана существовали Орды и нации, исповедовавшие Христианство, и среди них были архиепископы, священники и монахи, и это видно из глав о Ченгизхане, его преемниках, и даже о самом Тамерлане. ... Существует общая история Тюрков, которых мы можем назвать Восточными, в отличии от Тюрков-Отманидов, которых можно назвать Западными, написанная Эбн Аль Молаккеном под названием Тарих Аль Атрак. В число восточных тюрков входят Моголы и Тартары, совершавшие крупные войны и набеги во времена Чингизхана и Тамерлана, Хорезмийцы, которых в наших исторических трудах называют Арарийцами, и младшие Тартары, все считающие себя потомками Чингизхана, также как и Узбеки, Хуарезмийцы, часть Узбеков, потомков Чагатая, сына Чингизхана, Сельджукиды и Огузы, от которых происходят Отоманиды или Оттоманы, Тюрки и Тюркоманы из Азии и Египта, и многие другие менее известные нам нации, такие как Аланы, Геты, Хаты, Джалаиры, Тамгаджи, и др. « (Центральная Азия глазами..., 2003: 113).

Екінші кезең XIX ғасыр. Бұл кез түркі халықтары жөніндегі жазба деректердің аударылып, баспаға түсе бастаған тұс еді. Осы тұрғыда бұл кезеңді атақты аудармашы, Орталық Азия тарихын зерттеудің негізін салушылардың бірі Н.Я. Бичуринмен (Бичурин, 1950) байланыстырамыз. Сондай-ақ, ортағасырлық дерек болып табылатын Әбілғазы Баһадүрдің «Түркімен шежіресі» атты еңбегін Г.Саблуков (Родословное древо тюрков, 1906) аударған болатын.

Бұл үрдіс кейін келе де өз жалғасын табады. Мысалы, Г.Н. Потанинде түркі халықтарының, оның ішінде жергілікті халықтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен, оларды ғылыми айналымға енгізумен айналысты. Өзінің этнографиялық зерттеулерінде ол салыстырмалы әдісті пайдалана отырып түрлі халықтардың аңыз-әңгімелерін салыстыра зерттеп, бір этностың екінші бір этносқа мәдени ықпалдастығын ашуға тырысты. Ол қазақ ру-тайпалары туралы көптеген аңыздарды жинастырды. Онда қазақ ру-тайпаларының ертедегі түркілермен байланысы,

сабақтастығы жөнінде мәліметтер кездестіруге болады. Өлкетанушы ғалымдардың еңбектерін ескермеуге тағы болмайды. Қазақтың біртуар азаматы Ш.Ш. Уәлиханов (Валиханов, 1961) та халық арасында тараған аңыз-әңгімелер мен жыр, шежірелерді жинастырған болатын. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалар жинағынан халықтың ру-тайпалық шежірелерінен мәліметтер алуға болады.

Қырымға дейін жетіп, Дунайды жайлаған көшпелілер туралы мәліметтер византиялық, араб, және батысеуропалық деректерде кездеседі. 1064 жылдың қыркүйек айында Дунайға жеткен оғыздар саны 600 мың адамды құрады. Олар деректерде әртүрлі аталынады, мысалы орыс деректерінде олар печенегтер деген атпен белгілі. Міне, осы печенегтердің әлемдік аренада пайда болуы тарихына арналған В.Г. Васильевскийдің «Византия и печенеги (1048-1094)» атты еңбегінде Византиямен арадағы жаугершілік кезеңіне сипаттама беріле отырып, оғыздар туралы, олардың өзге түркі тайпаларымен туыстас екендігіне назар бөлінеді. Сондай-ақ, орыс және византиялық зерттеушілердің қателігі түркі тайпаларының жақын туыстық байланыстарына көңіл бөлмейтіндігін сөз етеді: «Большая ошибка, особенно неуместная в византийской и русской истории, состоит в том, что обыкновенно опускают из виду близкую родственную связь различных турецких племен, именуя одних Турками, а других, как бы в отличие, Тюрками. Между тем Печенеги и Узы или Половцы совершенно такие же Турки, как и Турки-Сельджуки» (Васильевский, 2013: 123).

Орыс ғалымы П.В. Голубовский IX-XI ғасырларда печенегтердің Азиядағы оғыздардан бөлініп, Еуропаға жайылуын, сол печенегтердің арғы тегі қаңлы екенін айта келіп: «...племя огузов двигалось и в южном направлении в XI в. и только потом по господствующей династии получила название сельджукидов. В ХУІ в. по этому же пути двинулась часть канглы и стала известна впоследствии под именем турок-османов», – деп көрсетеді (Голубовский, 1884: 139-146).

Н.А. Аристов еңбегінде ортағасырлық түркі тайпаларының ара қатынасы, олардың түркі емес тайпалармен де қарым-қатынасы мәселесіне көңіл бөлінеді (Аристов, 2007). Сондай-ақ, көшпелі-түркілердің этникалық құрамын көрсететін, атауларынан өзге тұрмысымен байланысты ру-тайпалардың ерекше белгісі саналатын таңбалардың орнын ерекшелеп көрсете отырып, ру таңбаларының алғашқыда рулардың қорғаушысы бейнесінде болып, кейін келе

рулардың жеке таңбасына айналса керек деп ой түйіндейді. «Вследствие этого родовые тамги, – особенно когда они будут собраны и изучены у возможно большого числа тюркских племен и народностей, сохраняющих кочевой образ жизни и родовой быт, – могут служить весьма важными указателями этнического состава племен и родов» дей отырып, рулар таңбаларын кешенді зерттеу олардың этникалық құрамын анықтауға өз көмегін тигізетініне мән береді (Аристов, 2007: 183). Н.А. Аристов шығармашылығының маңызды кезеңі ертедегі қырғыздардың этникалық тарихын зерттеуге арналған еңбектерімен байланысты. Өз кезегінде оғыздар мәселесіне қалам тартқан зерттеушілер қатарында В.В. Бартольдтың ғылыми зерттеулері аса маңызды. Ол қазақ тарихындағы орны ерекше ескерткіш – оғыздардың «Китаб дәдәм Коркуд» батырлық эпосын аударуға атсалысқан еді (Книга моего деда Коркута, 1962). Оғыздардың аталмыш эпикалық жырын тарихи және фольклорлық тұрғыдан түсіндіру барысында автор Қорқыт туралы оғыз (түркмен) және қазақ аңыздарының ортақ көзі туралы өз тұжырымын жасады.

«Академик В.В. Бартольдтің түркілердің рухани кеменгері Қорқыт атаның арғы тегін танытатын, бабамыз шыққан оғыз ұлысының құрылып, даму тарихынан толық мәлімет беретін еңбектері жетерлік. Мысалы, оның «Түрікмен халқы тарихының очеркі» деген еңбегі алғаш сол тайпалардың туып, қалыптасуынан бері қарай зерттеп, ғылыми негізде дәлелдеп береді. В.В. Бартольдтің осы салада жазылған еңбектерінің бірі «Оғыздар (Түрікмендер) Сельджук империясы құрылғанға дейін» деген зерттеу жұмысы. Мұнда оғыздардың ұлыс болып қалыптасып, дәуірлеген тұстарынан мәлімет береді» (Еңсегенұлы, 2014: 169-175).

Көріп отырғанымыздай революцияға дейінгі тарихнама негізінен дерек қорларының жиналуымен және жариялануымен ерекшеленеді.

Кеңестік кезеңде де бұл үрдіс, яғни түркі халықтары туралы мәліметтер беретін деректерді іздестіру, аудару және түсіндіру жұмыстары жалғасын тауып, «Материалы по истории туркмен и Туркмении» (Материалы по истории туркмен..., 1939), «Материалы по истории киргизов и Киргизии» (Материалы по истории киргизов..., 1973) тәрізді еңбектер жарыққа шықты. Оғыздар мәселесіне жан-жақты көңіл бөлгендер қатарында В.А. Гордлевский (Гордлевский, 1941), А.Ю. Якубовский (Якубовский, 1954), С.П. Толстов және т.б. бар. В.А. Горд-

левский еңбегінде қаңлы атауына түсініктіме берілген дерек келтіріледі. Қандай да бір түркі тайпаларының атауы белгілі бір мағынаны білдіріп қана қоймайды, сондай-ақ, оны талдау рутайпалардың арасындағы қандай да бір туыстық жақындыққа алып келеді және этногенетикалық сабақтастықтың да орын алатындығын дәлелдеуге болады. Бұл үрдісті жалғастырған С.Г. Агаджановтың «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX–XIII вв.» атты еңбегі жарыққа шығады. Бұл еңбек шықпастан бұрын-ақ мақалалары жарияланып отырған болатын.

А.Ю. Якубовский VIII ғасырдан XV ғасырға дейінгі түрікмендер тарихы жөнінде үлкен еңбек жазып қалдырды. Еңбекте алдыңғы орта ғасырлардағы оғыздардың рулық-тайпалық құрылымы, шаруашылық өмірі және әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ауқымды материалдар жүйелендірілген.

Өз кезегінде С.П. Толстов Қазақстанның тарих ғылымының дамуына айтарлықта үлес қосты. С.П. Толстов Сырдария оғыздары туралы үлкен тарихи-археологиялық материалды ғылыми айналымға енгізіп, «Города гузов» атты еңбегін дүниеге әкелді. Аталмыш зерттеуінде ол Сырдария бойында орналасқан оғыз қоныстарының, қалаларының сипатын анықтап, X ғасыр мен XI ғасырдың басындағы оғыздардың шығу тегіне қатысты өз пікірін білдірді (Толстов, 1947).

Оғыздардағы мемлекеттілік мәселесіне тоқтала отырып, С.П. Толстов оғыздар X ғасырда өздерінің варварлық «державасын» құрған деген пікірге келеді. С.П. Толстовтың «Города гузов» деп аталатын еңбегі ортаазиялық оғыздар археологиясы бойынша алғашқы зерттеу болып табылады. Аталмыш еңбегінде автор зерттеу барысында екі бағытта қорытынды жасайтындығын ескертеді. Оның бірі Арал бассейнінде орналасқан түркі халқының шаруашылық-тұрмыстық тарихы мәселесіне арналса, екіншіден оғыздардың этникалық тарихына қатысты бірнеше мәселенің басын ашуға талпыныс жасай отырып, былай деп қорытындыға келеді: «...На почве скрещения древнего массагето-гунно-огузского полуоседлого населения этого бассейна с кимакско-кыпчакскими иммигрантами формируется значительное объединение племен XII–XIII вв., известное под именем канглы (вариант печенежского этнонима кангар), в рамках которого складывается этнический субстрат позднейшего каракалпакского народа», – дей келіп, одан әрі «Выселившиеся с Сыр-Дарьи огузско-печенежские группы,

слившись с хорасанскими и тохаристанскими группами тюрков, составляют основу этногенеза туркмен и других юго-западных тюрков. Видимо, преобладающую, во всяком случае количественно, роль в движении огузов на юг сыграло племя салоров, с которым генеалогически связывают себя наиболее крупные из современных туркменских племен и которое занимает особое место в эпической традиции Азербайджана и Малой Азии» (Толстов, 1947: 101 б.).

Ал, «По следам древнехорезмийской цивилизаций» атты еңбегінде Оғыз мемлекетін VIII ғасырда ыдыраған Батыс Түрік қағанатының бір бөлшегі екенін ескерте отырып, X ғасырдағы оғыздар өздерінің «варварлық» державасын құрды, – деп түсіндіреді. Және тайпаның саяси бірігуіне шешуші әсер еткен ішкі әлеуметтік-экономикалық факторлар деп анықтай келе автор бұл ойын былайша ашып көрсетеді: «Развитие товарного скотоводства, продукция которого превышало потребности натурального хозяйства привело к образованию влиятельной степной аристократий. И в итоге огузская кочевая знать захватила власть над рядовыми скотоводами и оседлым населением Сырдаринских городов» (Толстов, 1948: 15).

Оғыз мемлекеттілігіне қатысты XX ғасырдың 50-жылдары жарық көрген еңбектердің қатарында А.А. Росляковтың «Туркмены и огузы» атты еңбегін айта аламыз (Росляков, 1955). Осы еңбегінде автор оғыздар мемлекетін ерте феодалдық мемлекетке жатқызып, мемлекеттің пайда болуына қатысты өз ой-пікірін былайша білдіреді: «Держава Сырдарьинских ябгу возникла как политическая организация огузской знати для подавления рабов и свободных общинников», – деп, мемлекеттің пайда болуын үстем тап өкілдерінің рөлімен байланыстылығына көңіл бөледі. Автор өз ойын IX–X ғасырда «хан», «қаған» деген басқарушылық титулдардың ұшыраспайтындығымен нақтылай түседі.

Кеңестік кезең зерттеушілері қатарында түркі халықтарының этногенезіне, этностық құрамына, кейбір этнонимдердің этимологиясына өз еңбектерінде тоқталып, зерттеулер жазып қалдырған С.П. Толстов, А.И. Бернштам, А.Н. Кононов, Л.П. Потапов және т.б. осы сынды ғалымдарды айтуға болады.

Оғыздардың этникалық бірлестігі тарихын зерттеуде С.Г. Агаджановты атап өтуіміз керек (Агаджанов, 1969.; Агаджанов, 1973). Араб, парсы және түрік шығармаларын өз еңбегінде еркін пайдалана отырып С.Г. Агаджанов IX–XIII ғасырлардағы оғыздар мен түрікмендер тари-

хына тереңдей енеді. Бұл еңбектің хронологиялық шегі оғыздардың нарративтік мұсылман ескерткіштерінде алғаш рет аталуынан бастап, моңғол шапқыншылығынан кейінгі бұл атаудың тарих бетінен жойылып кетуіне дейінгі кезең аралығын қамтиды. Сондықтан да автор еңбегі Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Еуропа тарихында маңызды рөл атқарған Сырдария оғыздары туралы көлемді зерттеу болып табылады. Оғыздардың шығу тегіне қатысты жарық көрген зерттеушілер еңбектеріне және де ортағасырлық тарихи-географиялық деректерге тарихнамалық талдаулар мен шолулар жасалынады. Міне осы себептен де С.Г. Агаджанов зерттеуінің маңыздылығы оғыздар, түрікмендер, селжұқтар тарихын зерттеуде арта түспек.

Аталған еңбегінде автор оғыздар мен түрікмендердің таралу аймағына, қоғамдық және саяси құрылымдарының негізгі, басты сипаттарына, IX-XIII ғасырлардағы оғыздар мен түрікмендердің тарихи тағдырына зерттеуін бағыттайды.

Құрбанғали Халид өзінің еңбегінде қазақ халқы құрамындағы жалайырлардың аталмыш оғыздардан бастау алатындығын көрсетеді: «Жалайырлар – оғыздардан таралған ертедегі түркі тілдес тайпа: XII ғасырда жалайырдың айналасына он шақты тайпа бірігіп, XIII ғасырда Жетісу өңіріне қоныс тебеді. Темір дәуірінде жалайыр тайпаларының кейбір бөлігі саяси роль атқарады. Бұлар да қазақ руларының арасында үйсіндер сияқты құрметті орында жүреді» (Құрбанғали Халид, 1992: 293). Сыр бойын мекен еткен қаңлылардың оғыздар келгеннен кейін бір бөлігі мекенінде қалып, екінші бір бөлігі қоныс аударғанын айта келіп, қаңлылардың қалған бөлігінің оғыздармен араласып, сіңісіп кеткендігі туралы В. Юферев атап көрсетеді.

XX ғасырда қазақ халқының этногенезі мәселесіне арналған еңбектердің қатарында М. Тынышпаевтың «История казахского народа» еңбегі алғашқы тарихи-этнографиялық еңбегі болды (Тынышпаев, 2009).

Ә.Х. Марғұлан еңбектерінде ерте кезеңдегі жыр-аңыздармен қатар, оғыздарға қатысты олардың орналасуы, көшіп-қону ареалы жөнінде мәліметтер алуға болады (Марғұлан, 1985). Оғыздардың түркі халықтарының этногенезінде алатын орны жөнінде әр елдің зерттеуші-ғалымдары өз еңбектерінде жазып қалдыруда. Мысалы, әзірбайжан, ғағауыз, қырғыз халықтарының тарихына қатысты В.Я. Бутанаев, Ю.С. Худяков «История Енисейских кыргызов», В.М. Запорожец «Сельджуки», Г.А. Гейбуллаев

«К этногенезу азербайджанцев», А.В. Гадло «Этническая история Северного Кавказа X-XIII вв.», З.М. Буниятов, И.М. Мизиев, Э.Р. Исмаилов, Т. Акеров, Л.Р. Кызласов, М.В. Маруневич, Рауф А. Гусейнзаде, С.А. Плетнева және т.б. еңбектерін айтуға болады. Бұл халықтардағы оғыздық компонент тұрғысына келгенде көптеген даулы мәселелер де орын алып отырды. Мысалы, ғағауыз халқының этногенезі тарихына тоқталар болсақ, бір топ ғалымдар олардың шығу тегін қыпшақтық, кумандық деп есептесе, келесі бірі оғыздардың үлесін анықтауда. Сондай зерттеушілердің қатарында К. Иречек «Гагаузи по крайбережето от Варна на север, т.е. християне, който говорят турски, без сомнения, потомците на куманите, заселени и покръстени в XIII век в България» (Иречек, 1974: 741; Губогло, 1967: 165). Ал В.А. Мошков бұл тұжырымға түзетулер енгізіп, ғағауыздардың бабасы құмандардан не болмаса половецтерден емес, керісінше оғыз-түріктерден немесе қарақалпақтардан деп есептеуді ұсынады (Мошков, 13). Ғағауыздардың «оғыз-селжұқтық» шығу тегін ұстанушы ғалымдардың қатарында болгарлық тарихшы П. Мутафчиев, сондай-ақ Лондон университетінің шығыстанушысы Пауль Виттек (Witteck, 1952: 639-668) те қолдайды. Бұл теория өз кезегінде түрік ғалымдары тарапынан да қолдау тапты. Мысалы, Осман Туран (O.Turan, 1993), Фарук Сумер (Sümer, 1991) және т.б. Дәл осындай көрініс әзірбайжандар тарихынан да орын алады. З. Буниятов Әзірбайжан тұрғындарының түркіленуі жайындағы мәселесі ертеден келе жатқандығын айта келіп, әлі де мәселенің басы ашылмағанын ескертеді (Буниятов, 1965). Дегенмен де зерттеушілер тарапынан ұсынылған пікірлердің қатарында «Әзірбайжандардың қалыптасуында XII-XIII ғасырлардағы қыпшақтар мен оғыздардың шешуші рөл атқарғандығын» А.П. Новосельцев, Р.А. Гуесйнов және т.б. қолдайды. Бұл тұжырым өз кезегінде СССР халықтары тарихы бойынша жарық көрген академиялық басылымдарда да өз көрінісін береді (История Азербайджана, 1979; История ССР, 1966).

Қорытынды

Бүгінгі таңдағы түркі халықтарының этникалық тарихы белгілі бір деңгейде ортағасырлардағы оғыз тайпаларымен байланысты болып отыр. Оғыздардың және оларға туысқан этникалық топтардың сол кездегі тарихи оқиғаларға байланысты жылжып қоныс аударуы,

Х-ХІ ғасырлардағы Иран, Мауереннахр, Хорасан секілді жерлерді жаулап, бір бөлігі Шығыс Еуропа даласына жетіп, сол жерлердегі жергілікті тұрғындармен сіңісіп кетуі оғыздардың әлемдік тарихқа енуіне алып келді. Сонымен, Орталық Азия мен Шығыс Еуропа тайпаларының тарихи тағдырына «Сырдария жабғулары» мемлекетінің құрылуы елеулі әсер етіп, маңызды саяси рөлге

ие болды. Міне, осы тұрғыдан келгенде оғыздар тарихы өз өзектілігін жоймай кейінгі кездерде де зерттеу объектісінен табылатындығы сөзсіз. Біз қарастырған революцияға дейінгі кезеңде негізінен жазба деректер аударылып, ауыз әдебиеті үлгілері жиналып қағаз бетіне түссе, ал кеңестік кезеңде оғыздар мәселесінің кең зерттеу тақырыбына айналғандығын көреміз.

Әдебиеттер

- 1 Агаджанов С.Г. (1969). Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. Ашхабад: «Ылым».
- 2 Агаджанов С.Г. (1973). Сельджуки и Туркмения в XI-XII вв. Ашхабад: Ылым.
- 3 Аристов Н.А. (2007). Этногенез и этническая история казахов. 2-е изд. доп. Астана: «Алтын кітап».
- 4 Бичурин Н. (1950). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Москва-Ленинград: АН СССР, Институт этнографии им. Миклухо-Маклая.
- 5 Бунятов З. (1965). Азербайджан в VII – IX вв. Баку.
- 6 Бутанаев В.Я., Худяков Ю.С. (2000). История Енисейских кыргызов. Абакан: Издательство Хакасского государственного университета им. Н.Ф. Катанова.
- 7 Валиханов Ш. (1961). Собр.соч. в 5-томах. Алма-Ата. т.1.
- 8 Васильевский В.Г. (2013). Византия и печенеги (1048-1094). Москва: Ломоносов.
- 9 Голубовский П.В. (1884). Печенеги, тюрки и половцы до нашествия татар. Киев.
- 10 Гордлевский В.Л. (1941). Государство Сельджукидов Малой Азии. Москва: Издательство Академии наук АН СССР.
- 11 Губогло М.Н. (1967). Этническая принадлежность гагаузов (историография проблемы). СЭ. №3.
- 12 Еңсегенұлы Т. (2014). Түркі дүниесін зерттеп даңқы шықты. (Академик В.В. Бартольдтің шығармашылық жолы, азаматтық келбеті). Алматы: «Тоганай Т».
- 13 Запорожец В.М. (2011). Сельджуки. Москва: Воениздат.
- 14 Иречек К. (1974). Пътвания по България. София: Наука и искусство.
- 15 История Азербайджана. (1979). Баку.
- 16 История СССР, (1966). т. I. Москва.
- 17 Книга моего деда Коркута. (1962). Огузский героический эпос. Москва-Ленинград.
- 18 Құрбанғали Халид. (1992). Тауарих Хамса (Бес тарих). Ауд. Б.Төтенаев, А. Жолдасов. Алматы: Қазақстан.
- 19 Марғұлан Ә. (1985). Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы.
- 20 Материалы по истории киргизов и Киргизии. (1973). отв. ред. В.А. Ромобин. Москва: Наука.
- 21 Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т.1. (УП-ХУ вв.). Арабские и персидские источники. (1939). под ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Ю. Якубовского. Москва-Ленинград: АН СССР.
- 22 Мошков В.А. (1900). Гагаузы Бендерского уезда. (Этнографические очерки и материалы). Этнографическое обозрение. Издание Этнографического Отдела Императорского Общества Любителей Естественного знания, антропологии и этнографии, состоящего при Московском университете. №1.
- 23 Росляков А.А. (1955). Туркмены и огузы. Уч. Зап. Туркменского гос.унив. Вып. 3. Ашхабад: Туркмен гос.издат.
- 24 Родословное древо тюрков. (1906). Сочинение Абул-Гази, хивинского хана. Перевод и предисловие Г.С. Саблукова. Казань.
- 25 Sümer F. (1991). Gagauzlanı Aslı. Türk Dünyası Tarih Dergisi. Mayıs. S. 53
- 26 Толстов С.П. (1947). Города гузов. Советская этнография. №3. 55-102
- 27 Толстов С.П. (1948). По следам древнехорезмийской цивилизации. Москва.
- 28 Turan Osman, (1993). Keykavus II », İslâm Ansiklopedisi, MEB, C. 6, İstanbul. ss. 642-645.
- 29 Тынышпаев М. (2009). История казахского народа. Алматы: Санат.
- 30 Центральная Азия глазами одного французского эрудита XVIII-го века (отрывки). (2003). Перевод с французского Алие Акимовой. Ташкент.
- 31 Якубовский А.Ю. (1954). Очерки по истории туркменского народа и Туркменистана в VIII-XIX вв. Ашхабад.
- 32 Wittek P. (1952). Yazijioghlu' Ali on the Christian Turks of the Dobruja. Bulletin of the School of Oriental and African Studies 16, №3. 639.

References

- 1 Agadzhanov S.G. (1969). Ocherki istorii oguzov i turkmen Srednej Azii IX-XIII vv. Ashxabad: «Ylym».
- 2 Agadzhanov S.G. (1973). Seldzhuki i turkmeniya v XI-XII vv. Ashxabad: Ylym.
- 3 Aristov N.A. (2007). Etnogenez i etnicheskaya istoriya kazaxov. 2-e izd.dop. Astana: «Altyn kitap».
- 4 Bichurin N. (1950). Sbranie svedenij o narodax, obitavshix v Srednej Azii v drevnie vremena. Moskva-Lenyngrad. AN-

- SSSR, Institut etnografii im. Mikluxo-Maklaya.
- 5 Buniyatov Z. (1965). Azerbajdzhan v VII-IX vv. Baku.
 - 6 Butanaev V.Ya., Khudyakov Yu.S. (2000). Istoriya enisejskix kyrgyzov. Abakan: Izdatelstvo xakasskogo gosudarstvennogo universiteta im. N.F. Katanova.
 - 7 Valixanov Sh. (1961). Sobr.soch. v 5-tomax. Alma-Ata. T.1.
 - 8 Vasilevskij V.G. (2013). Vizantiya i pechenegi (1048-1094). Moskva: Lomonosov.
 - 9 Golubovskij P.V. (1884). Pechenegi, tyurki i polovcy do nashestviya tatar. Kiev.
 - 10 Gordlevskij V.L. (1941). Gosudarstvo Seldzhukidov Maloj Azii. Moskva: Izdatelstvo Akademii nauk AN SSSR.
 - 11 Guboglo M.N. (1967). Etnicheskaya prinadlezhnost gagauzov (istoriografiya problemy). SE. №3.
 - 12 Engsegenuly T. (2014). Turki duniesin zerttep dangqy shyqty. (Akademik V.V. Bartoldtyng shygarmashylyq zholy, azamatyq kelbeti). – Almaty: «Toganaj T».
 - 13 Zaporozhec V.M. (2011). Seldzhuki. Moskva: Voenizdat.
 - 14 Irechek K. (1974). Ptuvaniya po Blgariya. Sofiya: Nauka i izkustvo.
 - 15 Istoriya Azerbajdzhana. (1979). Baku.
 - 16 Istoriya SSSR. (1966). T. 1. Moskva.
 - 17 Kniga moego deda Korkuta. (1962). Oguzskij geroicheskij epos. Moskva.-Leningrad.
 - 18 Qurbangali Khalid. (1992). Tauarix Hamsa (Bes tarix). aud. B.Totenaev, A. Zholdasov. Almaty: Qazaqstan.
 - 19 Margulan A. (1985). Ezhelgi zhyr, angyzdar. Almaty: Zhazushy.
 - 20 Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii. (1973). otv.red. V.A. Romobin. Moskva: Nauka.
 - 21 Materialy po istorii turkmen i Turkmenii. T.1. (VII-XV vv.). Arabskie i persidskie istochniki. (1939). pod red. S.L. Volina, A.A. Romaskevicha, A.Yu. Yakubovskogo. Moskva-Leningrad: AN SSSR.
 - 22 Moshkov V.A. (1900). Gagauzy Benderskago uzda. (Etnograficheskie ocherki i materialy). Etnograficheskoe oboznie. Izdanie etnograficheskago otdela imperatorskago obshhestva Lyubitelej Estestvoznaniya, antropologii i etnografii, sostoyashhago pri Moskovskom universitet. №1.
 - 23 Roslyakov A.A. (1955). Turkmeny i oгуzy. Uch. zap. Turkmenskogo gos.univ. Vyp. 3. Ashhabad: Turkmen gos.izdat.
 - 24 Rodoslovnoe drevo tyurkov. (1906). Sochinenie Abul-gazi, xivinskogo xana. Perevod i predislovie G.S. Sablukova. Kazan.
 - 25 Sümer F. (1991). Gagauzlann aslı. Türk Dünyası Tarih Dergisi. Mayıs. s. 53
 - 26 Tolstov S.P. (1947). Goroda guzov. Sovetskaya etnografiya. №3. 55-102.
 - 27 Tolstov S.P. (1948). Po sledam drevnehorezmijskij civilizacij. Moskva.
 - 28 Turan Osman, (1993). Keykavus II », Islâm ansiklopedisi, MEB, c. 6, Istanbul. ss. 642-645.
 - 29 Tynyshpaev M. (2009). Istoriya kazahskogo naroda. Almaty: Sanat.
 - 30 Centralnaya Aziya glazami odnogo francuzskogo erudita XVII-go veka (otryvki). (2003). Perevod s francuzskogo Alie Akimovoj. – Tashkent.
 - 31 Yakubovskij A.Yu. (1954). Ocherki po istorii turkmenskogo naroda i Turkmenistana v VIII-XIX vv. Ashhabad.
 - 32 Wittek P. (1952). Yazijioghlu' Ali on the Christian Turks of the Dobruja. Bulletin of the School of Oriental and African Studies 16, no.3. 639.

Өскенбай М.Ә.

**Ортағасырлардағы Орта Азия
түркі тайпаларының әлеуметтік
құрылысындағы сабақтастық
мәселелері**

Мақала Ортағасырлардағы Орта Азия түркі тайпаларының әлеуметтік құрылысы, оның ішінде билеушілер лауазымдарындағы сабақтастық мәселесіне арналған. Түркі тайпалары басшыларының есімдері мен лауазымдарынан, тайпа басшысына берілген «қаған» лауазымы бүкіл тайпа, халық атына ұласып, ол басшы билеген халық қағанат болып саналғаны анықталды. Сондай-ақ, қағанға оның атқарған қызметіне қарай, оның құрметіне қарай бір емес, бірнеше лауазым берілгенін Батыс түркі қағанаттары билеушілер есімдері негізінде мысал келтірілген: Сы-жабғу хан Толыс-тегін, Ирбис Ышбара (631-633 жж.), Ышбара-Толыс-шад хан (634-639 жж.), Халлық Ышбара-Жабғу хан (653-657 жж.) және т.б. Түркі, Батыс және Шығыс түркі, Түргеш, Ұйғыр, Қимақ, Қырғыз, Қарлұқ сынды қағанаттардың билеушілер лауазымы уақыт өте келе ауысқанымен, олардың негізгі қызметі дәл өзінің алдында болған билеуші топтардағыдай, сол қалпында сақталғанын атайды. Сонымен қатар, қытай жазбалары, араб деректері негізінде түркілерде жиі кездесетін жиырма сегіз билік лауазымын атап көрсетіп, олардың біразына салыстырмалы талдау жасалған. Нәтижесінде, автор VII-XII ғасырлар арасында билік еткен түркі тайпаларының билеушілер титулдарында үзілмей келе жатқан тәртіп – сабақтастық бар екенін анықтайды.

Түйін сөздер: Орта Азия, Тайпа, Қаған, Сабақтастық.

Oskenbay M.A.

**The problem of continuity of
social structure of the Turkic
tribes of Central Asia in the
medieval period**

This article examines the medieval social structure of the Turkic tribes of Central Asia, including the continuity of the titles of Turkic tribes rulers. The title of rulers of the Turkic tribes and tribal associations «qagan» was later transferred as the defining name of all the population belonging to this tribe and they were called kaganates. Also, in honor of Qagan, in accordance with achievements and committed heroic deeds, were given several titles, for example, among the rulers of the Western Turkic Kaganate, in addition to their own names, there were several titles: Sy-zhabgu Khan Tolys-tegin, Irbis Yshbara (631-633), Ishbara-Tolys-shad Khan (634-639), Hallyk Yshbara-Zhabgu Khan (653-657) and others. Over time, the titles of the rulers of the Turkic khanate, Western and Eastern Turkic Kaganate, Turgesh, Uigur, Kyrgyz, and Karluk Khaganates had changed, but their main activities had been preserved. In addition, based on the Chinese and Arab sources, the main twenty-eight titles of Turkic tribes were identified and a comparative analysis was made. As a result, the author concludes that, in the VII-XII centuries, the titles of the Turkic tribes of Central Asia had a coherent order of continuity.

Key words: Central Asia, Tribe, Qagan, Continuity.

Оскенбай М.А.

**Проблема преемственности
социального строя тюркских
племен Центральной Азии
в средневековые**

В данной статье рассматривается средневековый социальный строй тюркских племен Центральной Азии, в том числе о преемственности титулов правителей тюркских племен. Титул правителей тюркских племен и племенных объединений «каган» в дальнейшем передавался как определяющее название всех населений принадлежащих этому племени и назывались они каганатами. Так же в честь Кагана, в соответствии с деятельностью и совершенными героическими поступками присваивалось несколько титулов. Например, у правителей Западного тюркского Каганата, помимо собственных имен, были несколько титульных имен: Сы-жабгу хан Толыс-тегін, Ирбис Ышбара (631-633 гг.), Ышбара-Толыс-шад хан (634-639 гг.), Халлык Ышбара-Жабгу хан (653-657 гг.) и другие. С течением времени титулы правители Тюркского, Западного и Восточного тюркского каганатов, Тюргешского, Уйгурского, Кыргызского, Карлукского каганатов менялись, но их основная деятельность сохранилась. Кроме того, на основе китайских и арабских источников были выявлены основные двадцать восемь титулов тюркских племен и сделан сравнительный анализ. В результате автор делает вывод, что в VII-XII веках в титулатуре тюркских племен Центральной Азии существовал непрерывный порядок преемственности.

Ключевые слова: Средняя Азия, Племя, Каган, Преемственность.

**ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ОРТА АЗИЯ ТҮРКІ
ТАЙПАЛАРЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК
ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ
САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕ-
ЛЕЛЕРІ**

Кіріспе

Ортағасырлардағы Орта Азия түркі тайпаларының әлеуметтік құрылысы рулық-тайпалық қатынасқа негізделді. Рулық-тайпалық қатынас көшпенді түркі тайпаларының әкімшілік, иерархиялық, тіпті территориялық қызметін атқарды. Ру дегеніміз экономикалық, әлеуметтік негізгі ұясы бар, арғы тегі бір әкеден немесе бір шешеден тараған туыстар тобы.

Түркі халықтарының әлеуметтік танымында терең орын алған лақап есім беру дәстүрі сол халықтардың фольклорлық шығармаларында, көне аңыздарда, ертегілерде, батырлық эпостарда да кең көрініс тапқан. Онда басты қаһарманға жаңа есім беру екі түрлі жағдайда жүзеге асқан. Бірі – ерлік көрсетуінен кейін, екіншісі – таққа отырған кезде. Ерлік істерге жеке-дара жауға шауып, асқан батырлық көрсету, жабайы аңды өлтіру, түрлі күрес сайысында жеңіп шығу, т.б. жатады. Түркі қағанаты қағандарының: Елтеріс, Ішбара, Үкі, Ірбіс сынды хандар лауазымы олардың ерлік жасағаннан кейін берілген лауазымдары болып табылады.

Түркі тайпалары басшыларының есімдері мен лауазымдарынан аңғаратынымыз, тайпа басшысына берілген «қаған» лауазымы бүкіл тайпа, халық атына ұласып, ол басшы билеген халық қағанат болып саналған. Кейде қағанға оның атқарған қызметіне қарай, оның құрметіне қарай бір емес, бірнеше лауазым берілгенін Батыс түркі қағанаттары билеушілер есімдерінен көре аламыз: Сы-жабғу хан Толыс-тегін, Ирбіс Ышбара (631-633), Ышбара-Толыс-шад хан (634-639), Халлық Ышбара-Жабғу хан (653-657) және т.б.

Түркі мемлекеттері рулық-тайпалық құрылысқа негізделген, этникалық жақындығына, аумақтық ыңғайластығына орай бірнеше тайпалық одақтардан конфедерациялық жағдайда құрылған. Олардың көпсатылық басшылық органдары болды және белгілі тәртіп бойынша қағанның аға-інілері, балалары мұрагерлік жолмен иелік етті. Құрамындағы көптеген тайпаларды бақылап ұстап отыру үшін оларды жеке әкімшілік аймақтарға бөліп, оларға бақылаушы тағайындалатын.

Түркі тайпалары титулдарына байланысты деректер

Ортағасырлық Орта Азия түркі тайпалары қоғамы әр түрлі әлеуметтік топтарға бөлінген және олардың әрқайсысының өзіндік атаулары болған. Әлеуметтік иерархияның ең басында тұрған Қаған болды.

Қаған – хандардың ханы, бас хан деген ұғымды білдіреді – түркі мемлекеттерінің басшысы. Түркі, Батыс және Шығыс түркі, Түргеш, Ұйғыр, Қимақ, Қырғыз, Қарлұқ секілді қағандықтарды басқарған. Ол жоғарғы билеуші, әскербасы болды. Қағандықтағы жоғары лауазымдарға қаған өз туыстарын тағайындап, соларға арқа сүйеп отырған. Олар қағандыққа қарасты тайпаларды билеп төстеді және өз үлестеріне тиісті әскерді басқарды. Қаған мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси істерінің бәріне басшылық етті. Соғыс ашу немесе бітімге келу, шетелдік елшілерді қабылдау, құрылтай жиналысын шақыру, ру басшыларын тағайындау, алым-салықты қадағалау, т.б. істермен айналысты (Наделяев, 1969:405).

Түркі тайпалы титулдарына байланысты ең алғашқы мәліметтердің бірі Қытай деректерінен кездеседі. Онда Орта Азиядағы сяньби тайпа басшысының титулы туралы келесі мәліметтер бар: «402 жылы жужандар өздерінің ханын бұрынғы ғұндардан келе жатқан «шаньюй» емес, орнына «қаған» деп атайтын болды». Қаған титулы кейіннен аварлар мен VI ғасыр ортасында ең үлкен көшпелі империя Түрік қағанатын құрған түркілерге көшкен болатын (551 жылдан бастап). Қағанат құлағаннан кейін бұл титул басқа түркітілдес халықтарда (хазарлар, ұйғырлар, қарлұқтар, қырғыздар, қимақтар және т.б.) жалғасын тапты. Мемлекет қағанат деп аталды, ал оны билеуші титулы қаған болды.

«Син Таншу» кітабында түріктердің лауазымы туралы құнды дерек бар: «Олардың билеушісі қаған, қағанның әйелі қатұн деп аталады... (ашина нәсілінен басқа) өзге рулардың қол бастағандары шад, ұлдары мен інілері тегін деп аталды. Ірі ұлықтары ябғұ, күлліг чор, аба, сылифа 俟利發, тудүн, іркін, яньхунда, селифа 頡利發, тарқан сияқты 28 дәрежеге бөлінді. Шенді мұрагерлікпен иеленді, ұлық санына шек қойылмады. Жасауыл сарбаздары бөрі деп аталды» (Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері, 2006:37).

Мемлекеттік ең жоғары органы қаған тұқымдары мен ірі тайпа көсемдерінен құралған шонжарлар кеңесі болып табылды. Кеңесте ел

тағдырына қатысты мәселелер қарастырылып отырған. Қытай деректерінде түріктердің ең ірі ұлығы – ябғу, одан кейінгісі – шад, одан кейінгісі – тегін, одан кейінгісі – Елтебер, одан кейінгісі – тудынбер, барлығы төменгі шендегілермен қосқанда жиырма сегіз дәреже деп көрсеткен. Олар бұл шенге мұрагерлікпен ие болады. ...Туларында бөрінің зермен айшықталған бас бейнесі бар. Жасауыл сарбаздары «Бөрі» деп айтады. Бұл қытай тілінде «Лан» (қасқыр) деген ұғымды білдіреді. Өздерінің қасқырдан туған ежелгі тегін ұмытпау үшін осылай айтады (Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері, 2006:37).

Қытай жылнамаларының негізінде жазған еңбегі барысында Нығмет Мыңжан бес тайпалы дулаттан құралған сол қанат тайпаларының билеушілері «шор» деп, ал бес тайпалы нұшбеден құралған оң қанат тайпаларының билеушілері «еркін» деп аталғандығын жазады. Автор бұдан әрі: «...жұңғоның тарих кітаптарында бұл тайпалардың аттары атынан олардың бастықтарының аты, одан бұл бастықтардың лауазымы тіркеліп жазылғандығын» айтады. «...мәселен, «түргеш – алаш – шор» деген тіркестегі «түргеш» – тайпаның аты. «Алаш» осы тайпаны билеуші адамның аты. Ал «шор» осы адамның лауазымы (мансабы). «Азғыр – нижұқ – еркін» деген тіркестегі «азғыр» тайпаның аты, «нижұқ» тайпа билеушісінің аты. Ал еркін – сол адамның лауазымы» (Мыңжан, 1994:119). Автордың айтып отырған билеуші аты мен оның лауазымы атының бұлайша тіркесуі жөнінде басқа да зерттеушілердің пікірлері де жоқ емес.

Мәселен, белгілі тарихшы Г.Б. Хабижанова «тайпалардың соңына жалғанған «чур» жұрнағын зерттеушілердің бірқатары түркі халықтарына кеңінен таныс «чор» жұрнағымен байланыстырады. «Чор» дулуларға ғана тән саяси титул ғана емес, сонымен қатар отыз оғландардың да «отыз чор» атты титулы болған» дей келе, бұған дәлел ретінде автор зерттеуші Т.Акеровтың дулу мен отыз оғлан тайпаларының арасындағы байланыстың болу ықтималдығы туралы айтқан тұжырымын басшылыққа алады (Хабижанова, 2003:92-105).

Ал Н. Мыңжан «Жұңғоның» ескі тарих кітаптарын пайдалана отырып дулаттардың бес тайпасының тізімін билеуші атауларымен бірге былайша көрсетеді:

1. Түргеш – алаш – чор ұлысы;
2. Қойлау – күлүг – чор ұлысы;
3. Чимойын (шимүгін) – лұи – чор ұлысы;
4. Ысты – тон – чор ұлысы;

5. Жаныс – шопан – чор ұлысы (Мыңжан, 1994:121).

Аталғандар тізіміндегі алғашқылары – тайпа атаулары, екіншілері – алаш, күлүг, тон, шопандар – тайпа билеушілерінің атаулары, ал үшінші, яғни чорлар – олардың лауазымдары болып отыр.

Дәл осындай көріністі Батыс түрік қағанатының оң қанатына енген аталмыш «оңдық шадыпыттарда» да дулаттардағыдай тайпаның аты оны билеушінің атымен және лауазымымен қатар аталатын болғанын көреміз. Тарихи мәліметтердің хабарлауынша, нұшбилерде мынадай бес ірі ұлыс болған:

1. Азғыр (әскіл) – күл – еркін ұлысы;
2. Қасо – күл – еркін ұлысы;
3. Барысқан (барсаған) – тон ашбар – еркін ұлысы;
4. Азғыр (әскіл) – нижұқ – еркін ұлысы;
5. Қасо – шопан – еркін ұлысы (Мыңжан, 1994:122).

Яғни бұл аталғандардың алғашқылары – азғыр, қасо, барысқандар тайпа атаулары болса, ал екінші реттегі күл, тон ашбар, нижұқ дегендер – сол тайпаларды билеген адам аттары, соңғы – еркін олардың лауазымдары болып отыр.

Қытай деректерінде батыс түркіліктердің, дәлірек айтар болсақ дулулар одағының құрылуының алғышарттары жайлы жақсы баяндалған болатын, мәселен: «Батыс түріктің арғы атасы – Нағыз Түрік шадтың немересі Тұрұм. Лауазымы Тай Ябғұ. Оның үлкен ұлы Түмен Ел қаған, екінші ұлы – Істемі. Істемінің ұлы – Тарду қаған, Бұқа қаған деп те аталады. Бастапқыда Шығыс түрікпен бірге Үйсіннің байырғы мекеніне бөлініп қоныстанды. Шығыс жағы Түрікке, батысы Лейжу теңізіне, оңтүстігі Шәлік еліне, солтүстігі Қаңғайға тіреледі, астанаға солтүстігінен жеті мың ли қашық. Ағни елінен солтүстік-батысқа қарай жеті күн жүргенде, оның күнгей ордасына, солтүстікке қарай сегіз күн жүргенде, оның теріскей ордасына (Бесбалыққа) жетуге болады. Түрік, Нұшбе, Қарлық, Чоңұт, Чұмұл, Үбір сияқты аталар аралас қоныстанды. Ғұрып-салты Түріктермен барандас, тек тілдерінде болар-болмас айырмашылық бар» деген жолдардан жалпы «түрік» атауының – Бес түрік – Дулу одағымен пара-пар болып отырғандығына көз жеткіземіз. Ал дулу одағының құрамындағы – Түргеш-Алаш чор ұлысы Іле өзенінің орта және төменгі аймағын мекендегені белгілі.

Бұл мысалдар тарихи қызметтері, ерлік істері мен ел есінде ерекше сақталған билеушілер мен

батырлардың өздерінің нағыз есімдерімен қатар ерлік, батырлық немесе титулдық, лауазымдық есімі бірге айтылатынын көреміз.

Қытай деректерінде келесідей түркі басшыларының титулдары жиі кездеседі: кэхань – қаған, катун – хатун, дәлэ – тегін, шеху – ябғу, ша – шад, тутунь – тұтұқ, дагань – тарная, бе – бек, мохэ – бага, мохэду – баһадүр, гудулу – құтлұқ, бигя – билге, дынли – тәңірі, т.с.с. (Бичурин, 1950: 305, 334, 356).

Күлтегін жыры да алғашқы Түрік қағандарының аталуымен басталады:

Биікте көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының ел-жұртын
Қалыптастырған иелік еткен (Гумилев, 1994: 310).

Деректерде «хан», «қаған» терминдері ұқсас мағынаны білдіретін, кейде екеуі де бір мағынаны білдіретін термин ретінде қолданылады. Жалпы түркі мемлекетінің басшысын хан деп атаса, қаған деген атау хақ хан, ханның ханы, нағыз хан деген мағыналарды берген. Ортағасырларда түркі мемлекеттерін жаулап алушылар да, оған басшылық жасағысы келетіндер де көп болды. Сол арқылы қағандар бүкіл әлемді басқаруды көздеп, билік тағына келген тұлғалар өздерін барынша ерекшелеп, жоғарылатып көрсетуге тырысқан.

Л.Н. Гумилевтің «Көне түркілер» атты еңбегінде автор түркі қағанатының мемлекеттік құрылымын егжей-тегжей сипаттаған: «Мемлекетте ханнан кейінгі тұрған тұлға жабғу болды. Жабғу вице-корольдің міндетін атқарды, ал бұл лауазымға әдетте тек билік басындағы рудың тұқымдары ғана ие бола алды. Мысалы, Бумын ел ханның тұсында жабғу титулы оның ағасы Істеміде болды. Бірақ, оның жабғу титулы оған тақты мирас етуге құқық бермеді; тақ мирасқорына қызметінен тәуелсіз «тегін» деп аталатын ерекше титул берілді. «Шад» титулы қаны бір, өздерінің қол астында жасақтары мен жері бар билеуші әулет өкілдерінің ханзадаларына берілді...» (Гумилев, 2003:53). Гумилевтің ойынша, түркі мемлекеті «рулық қатынасты басынан өткізген әскери демократия кезеңінде тұрды» (Гумилев, 2003:64).

Қойшығара Салғараұлы түріктердің басшылар иерархиясын қағаннан кейін жабғу болды, одан кейінгі билік дәрежесі тегін деп аталды. Үшінші билік иесі ұлық бегі. Төртінші –

түмен бегі деген топтарға бөледі (Салғараұлы, 1999:17).

Орыс шығыстанушы-тюркологы Платон Михайлович Мелиоранский көне түркі жазбаларын зерттей келе түркілердің басшыларын келесідей сатылайды: шад (кіші шад), жабғу (ұлы шад), кіші қаған, ұлы қаған (Мелиоранский, 1899:110).

Түркеш қағандығындағы билік, негізінен, әкеден балаға мұрагерлік жолмен ауысып отырған. Бірақ бұл дәстүр қағандықтың ішкі-сыртқы жағдайындағы өзгерістерге қарай ұдайы өзгеріп отырған. «Бес Арыс» Дулаттан шыққан әкелі-балалы Өжелі мен Сақал билігі 711 жылғы қырғыннан соң үзіліп қалды да, 715 жылдан кейін шеп тайпасынан шыққан Сұлу шордың қолына өтті. Сұлу 738 жылы өлтірілген соң, түркеш тағына Сақал мен Сұлудың ұрпақтары таласып, оны біржола күйретіп тынды.

Түркеш қағандығындағы мансап баспалдақтары Шығыс Түрік қағанаты мен Батыс Түрік қағанатындағыдай айқын, тұрақты болған жоқ. Бұл мәселе төңірегінде қалам тартқан ғалым Зардыхан Қинаятұлы былай дейді: «Түргеш қағанатында ... орталық немесе бас билік ұзаққа созыла алмады. Қағандық бір орталыққа әкімшілік жүйесі негізінде емес, ру-тайпалық әскери құрылым бойынша басқарылғандықтан, ішкі-сыртқы жаулардың бүлдіру әрекетіне тосқауыл бола алмады. Сондықтан да, түркеш тағына кім күшті болса, сол отырып, елдің берекесін кетірді. Қаған тағына бірде тегін, бірде тархан, енді бірде шор (күлшор) мен еркіндер (күлеркіндер) отырса, кейде бойла (ата бойла) лауазымдылар отыра беретін болған. Мәселен, түркештің төртінші қағаны Наватегін еді. Сұлудың (Сұлуды айтып отыр) мұрагері Тоқсан күлшор болатын (Қинаятұлы, 2007:185).

Түркеш еліндегі ірі мемлекеттік лауазымдар қатарында тушы-домжы (ду можы, ду моду, ду жы, т.б.), тамғаш-танбашы дегендер де бар. Ду мо жы, ду жы дегендер – түріктің ту ұстаушысы, орда нөкері (гвардия) дегенді білдіретін әскери зор лауазымның аттары. Әдетте, тушы түркештің «Бес Нұшбесі» ішіндегі азғыр (Азкіі) тайпасының күлеркіндерінен тағайындалатын болған. Қытай жазбаларында «түркештің орданың бас байрақшы мансабы – думо» деп жазылған (Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері, 2006:39). Белгілі ғалым Зардыхан Қинаятұлы аталғандарға назар сала отырып, түркілерде лауазым көп болғандығын айтады (Қинаятұлы, 2010:191).

Қытай жазбалары, орда хаттамаларында тіркелген түркеш қағандары мен орда мансапты-

ларына берілді делінетін атақтар мен шендердің саны ондап саналады. Егер, қытай жазбаларына сенер болсақ, түркештер ешқашан дербес мемлекет құрып көрмеген, тек Таң ордасының жергілікті бір аймағы болып шығады. Бұл, әрине, тарихи шындыққа сай келмейді, сондықтан біз мүмкіндігімізге орай, әр түрлі деректерді салыстыра талдау арқылы қорытынды жасауға тырыстық.

Түркештердің қоғамдық қатынастары, отбасылық өмірі, әлеуметтік ой-санасы жалпы түркілік сипаттан өзгеше болмаған. Отбасында әке мен шеше, ру ішінде рубасы, ақсақалдар, ал қағанатта қаған билігі мен беделі бұлжымас деп мойындалатын. Отбасы – ру – мемлекет біртұтас, халық – әскер біртұтас, бұл ұғымдар түрік халықтарын халық етіп, түркілер құрған үлкенді-кішілі мемлекеттерді мемлекет қылған мықты ұғымдар еді.

VI ғасырдың екінші жартысы немесе VII ғасырдың бас кезінде қарлұқтардың бір бөлігі батыс түрік әскерлері құрамында болып, олардың басшысы «жабғу» лауазымын қабылдаған. Олардың басқа бөлімдері, бас билеушілері Моңғолиядағы Өтікен жерінде болған көрінеді. Бұл мәселе төңірегінде өз еңбегінде арнайы тоқталған ғалым З. Қинаятұлы былай дейді: «Қарлұқ тайпалары одағының көсемі Елтебер деп аталды. Шығыс және Батыс Түрік қағанаттары шекарасының түйіскен жерінде болуы қарлұқ тайпаларының тарихы географиялық жағдайымен байланысты болды. Олар түркі саяси бірлестіктерінің ықпалында болған еді. 682 жылы Шығыс Түрік қағанаты құрылғаннан кейін қарлұқтар оған тәуелді болды. Ежелгі түрік деректері бойынша, 711-712 жылдары түрік қағандары ағайынды Күлтегін мен Могилян ханға қарсы алғаш бас көтергендер қарлұқтар болды. Бұл туралы «Күлтегін» ескерткішінде: «Күлтегін 27 жасқа келгенде қарлұқтар еркіндік пен бостандығы үшін бізге дұшпан болды», – деп жазылған. 715 жылы Білге қаған мен Күлтегін «қасиетті Тамаг» тауы етегінде қарлұқтарды жеңді (Қинаятұлы, 2010:193).

VIII ғасырдың орта шенінде қарлұқтар Шығыс және Батыс қағанаттың құлауына әкеп соқтырған саяси оқиғаларға да қатысты. 734 жылы Білге қаған қайтыс болып, Шығыс Түрік қағанаты өзінің құдіретті тірегінен айырылды. 742 жылы қазіргі Моңғолия даласында саяси билік ұйғыр, қарлұқ және қосынды (басмыл) тайпалар одағына өтті. Алғашында басмылдар үстем болды да, олардың көсемі өзін қаған деп жариялады. Бірақ көп кешікпей 744 жылы қарлұқтар

мен ұйғырлардың біріккен күштері басмылдарға соққы берді. Ішкі Азияда жаңа мемлекеттік бірлестік – Ұйғыр қағанаты (744–840) құрылды» (Кинаятулы, 2007:197). Автор бұдан әрі Ұйғыр қағанатының саяси үстемдігі шығыста Алтайдан Маньчжурия даласына, оңтүстікте Гоби шөліне дейін жетіп, ал 758 жылы Енисей қырғыздары да ұйғырларға бағынғандығын атап өтеді.

Көріп отырғанымыздай, Шығыс және Батыс Түрік қағанаттарының орнын басқан ұйғыр, қарлұқ және басмыл сынды тайпалық одақтар өздерінің алдында болған билеушілердің лауазымдарын сол қалпында сақтап, билік басына келгенде өздерін де қаған деп жариялады.

Әл-Масуди қарлұқтардың арасынан Африсиаб және Ашина әулетінен хандардың ханы (қаған) шыққанын және ол аймақтағы күллі түрік тайпаларының үстінен билік жүргізе алатынын мәлімдейді. Ашинаның үрім-бұтағы болу қарлұқ көсемдеріне ескі ябғу лауазымын ысырып тастап, жаңа қаған лауазымын қабылдауға мүмкіндік берді. «Ябғу – қарлұқтар патшаларының бұрынғы лауазымы, – деп жазады Х ғасырдағы Худуд әл-алам» авторы (Храковский, 1959: 213).

Шамамен екі жүз жылға жуық дербес өмір сүрген Түркі (Көк Түрік) қағанаты 745 жылы құлдырап тарих сахнасынан ысырылса да, Түрік атауы деректерінде Түрікмен, орыс деректерде Торк атымен белгілі бола бастады (Tashagil, 2004:19). Бұл тулары түрік тарихшысы, профессор Ахмет Ташағыл Түркі империясының өлмегендігін, аты тарих сахнасынан кеткенімен де, заты бүгінге дейін жасағандығын дөп басып айтады (Tashagil, 2011: 415). Автордың ойынша, оның түркі қанаттары арасында саяси-этникалық сабақтастық болған. Расында да, түркі қағанаттарының аясына топтасқан тайпалар тарихта әртүрлі атауларға ие болып, соған орай олардың құрған мемлекеттерінің де аты өзгеріске ұшырап, алайда заты – этникалық денесі сол күйінше сақталып отырған.

Бір қызығы Қимақ қағанаты басшыларының титулдары уақыт өте өзгеріске ұшы-


рап отырды. Бірақ атауы өзгергенімен, негізгі атқаратын қызметі өзгермегенін ескеру керек. Гардизи бойынша Қимақтардың басшысы «шад-тұтық» деп аталған. «Шад» және «тұтық» титулдары көнетүркі ескерткіштерінде кездеседі. Б.Е. Көмеков өзінің «Государство кимаков IX – XI вв. по арабским источникам» атты еңбегінде былай деп баяндайды: «840 жылы Ұйғыр қағанаты құлаған соң, оған кірген эймюр, баяндур, татар тайпалары қимақ бірлестігіне қосылып кетеді. Дәл осы кезде қимақ федерациясы пайда бола бастайды. Қимақ тайпалық одағының құрылуымен ондағы басқару титулдарында да өзгерістер болды. Енді қимақ тайпаларының басшысы «байғу» деген титулға ие болды» (Кумеков, 1970:116).

Владимир Минорскидің ойынша, «байғу» термині «жабғудың» өзгеріске ұшыраған түрі (Minorsky, 1970:100). «Жабғу» дәрежесі бойынша «шадтан» жоғары тұрды. Бұл дәрежені қарлұқ, оғыз, ұйғыр және тағы басқа түркі тайпалары басшыларында болған.

X-XI ғасырлардағы Қимақтардың басшылары туралы қызықты деректі Ибн әл-Йакубидің түркітілдес тайпалардың және халықтар бөліміндегі жазбаларынан көреміз: «Түркістан және түріктер бірнеше халықтар мен мемлекеттерге (мамлик) бөлінеді. Олардың ішінде қарлұқ, оғыздар, тоғыз оғыздар, қимақтар түркі тайпаларының ішіндегі ең мықтылары және әрқайсыларының өздерінің мемлекеттері мен өздерінің хандары бар» (Jakubi, 1892:295).

Қимақтарда мемлекеттілік пайда болғаннан бастап (IX ғасырдың соңы – X ғ.) олардың басшылары ең жоғарғы түркілердің титулы – қаған деп аталды. Әл-Хорезми былай дейді: «Қаған түріктердің басшысы. Қаған – хандардың ханы, яғни парсылар шах-аншах деп айтатындай, ол басшылардың басшысы». Осыған байланысты Б.Е. Көмеков Қимақтардың мемлекет құрылуындағы басшылардың титулдарының синхронды сатылануын келесі кестеде көрсетеді: (Кумеков, 1970:116).

1-кесте – Қимақ басшылары титулдарының синхронды сатылануы



Әл-Идриси қимақ қағаны тек сол патша әулеттен шыққан адам ғана бола алады деген дерек қалдырған. Худуд әл-алам еңбегінде қимақтардың басшысы қаған деп аталған және оның қол астында он бір әскербасы (‘amil) болғанын, және олардың енші жерлері (‘amal) олардың балаларына мирас болып берілетіндігі жазылған (Minorsky, 1970:100).

Хакастардың тарихын жазған орыс ғалымы Қызыласов хакастардың басшыларының VI-VII ғғ. деректерде атаулары «Елтебер», «ажо», «бек», «қаған» деген титулдарға ие болғанын айтады. VIII ғасырдағы руна жазбалары халықтардың екі түрін ажыратып көрсетеді: елтебері бар халық (елтеберлік будун) және қағаны бар халық (қағанлық будун). Бұл кездегі мемлекет құраған тайпаның басым бөлігі қырғыздар болған. Сондықтан оның халқы, этникалық алуан түрлілігіне қарамастан, олардың барлығын қырғыз будун (қырғыз халқы) деп, мемлекетін қырғыз жері

деп атаған (Қызыласов, 1993:52).

Бұл кезеңдегі қырғыз тайпасының мемлекетке үстемдік жасағанын Н.Я. Бичуриннің келесі жазбаларынан да көре аламыз. Түрік қағаны Қапаған қырғыздардың ханы Барс бекті қаған деп аталуын мойындап және Құтлұқ Елтеріс қағанның қызын оған ұзатуға келіседі. Бұл оқиға Білге Қаған ескерткішінде де жазылған: «Менің ағам-қағанмен бірге... Кетмен үстірті арқылы өтіп қырғыздар мекеніне дейін жеттік. ...Барсбек болды; біз ол кезде оған қаған титулын бердік және оған менің кіші қарындасымды ұзаттық» (Малов, 1951:38-39). Осылайша, Қырғыз мемлекеті Түркі қағанатымен бір деңгейге теңесті. Қырғыз қағаны түрік қағанымен тең дәрежеде болды, екі елдің де билеуші рулары әулеттік неке арқылы бейбіт келісімге келді. Кейіннен Мойын шордың қырғыз елін талқандағаннан кейін Қырғыз мемлекеті Ұйғыр қағанатына тәуелді болады да, қырғыз билеушісі өзінің «Қаған» титулынан айырылады.

2-кесте – В.В. Трепавлов бойынша көшпелі империялардың Жоғарғы билеушілерінің титулдарын салыстыру (Трепавлов, 2015:101)

Мемлекет	Жоғары Билеушісі толық титулы элементтері			
	Көктегі қолдаушысы болуының көрсеткіші	Этносаяси анықтамасы	Құрметті теңеу	Өзіндік титулы
Ғұн	Аспанмен тағайындалған	Ғұндық	Ұлы	Шаньюй
Түркі	Аспан тәрізді немесе аспанмен жаралған (тағайындалған)	Түркі	Дана немесе билеуші	Қаған
Моңғол	Мәңгі аспан күшімен тағайындалған	Ұлы Моңғол державасы	Мұхит	Хан

Жоғарыдағы кестеден көретініміз, түркі тайпаларының билеушілерінің титулдары ғұндардан бастап белгілі бір сабақтастықпен аталып келген. Орхон деректерінде жиі кездесетін «Аспанмен жаралған», «Ұлы көк аспан тағайындаған», «Ұлы аспанның қалауымен» деген, билеушілерді аспанмен теңеген теңеулер бекер кездеспейді. «Аспанның қалауымен, менің басыма бақ қонды, мен қаған болдым (таққа отырдым); ...Қағандарға мемлекет беретін Ұлы көк аспанның өзі ...түркі халықтарының аты өшпесін, даңқы жоғалмасын деп мені қаған етіп тағайындады»; «Ұлы аспан сендерге хан сыйлады, жер беті тіршілігі мен суға қамқор болсын деп...» (Малов, 1951: 35)

Кеңістікті «кендік» мағынасын қарастыратын түрлі терминдермен теңдестіруге қарамастан, мифологиялық кеңістік қанша дегенмен ұйымдастырылған, бөліктерге бөлінген, яғни, құрамдас әрі жиынтықты. Ол «мәдени саланың сакралданған мифтендірілген нысандары» терминімен белгіленетін архаикалық мәдениет бұйымдарымен толтырылған. Бұлар құдайлар, адамдар және топографиялық бөліктер болуы мүмкін. Әдетте, архаикалық кеңістік көлденеңінен шектелмегендіктен, тік құрылымға ие болған. Төрт тараптан тұратын әлем және ғалам кеңістігінің үш дербес құрылымы туралы ежелгі түсінік негізінде ежелгі мифтер жатыр.

Олардың әр бөлігі ғарыштық «көпірлер»

арқылы жалғанып, рөлдерін өзендер, таулар, ағаштар, құстар мен жан-жануарлар ойнайды. Бұл үлгіні түркі эпитафиясының мына шумақтары жарқын көрсетеді: «Жоғарыда көк аспан, (ал) төменде қара жер жаратылғанда, олардың ортасында адамзат баласы пайда болған. Адамзат баласының үстінде менің бабаларым Бумын-қаған (және) Істеми-қаған (патшалық құрған)» (Омарбеков, 2015:5). Ғұндар бастап түркілерде кездесетін билеушілер титулындағы космогониялық ұқсастықтан аңғартатынымыз ғұндар мен түркілер идеологиясында сабақтастық болған.

Қорытынды

Түркі тайпалары басшыларының титулдары осылай өзгеріске ұшырап отыруынан қорытынды жасайтын болсақ, сол кездегі мемлекет ішінде өмір сүріп отырған тайпаның саяси жағынан, әлеуметтік жағынан қай тайпа

басым болса, сол тайпаның басқару формасы басқарушы мемлекеттің қолданысына енеді.

Көріп отырғанымыздай, V ғасырлардағы көне түркілер мен VIII-XII Орта Азия мемлекеттері басшыларының титулдары арасында байланыс бар. Бұл ортағасырлардағы түркі тайпалары арасында сабақтастық болғанының тағы бір дәлелі.

Түркі мемлекеттері билеушілері белгілі бір принциппен билік басына келіп отырған. Ол – сабақтастық принципі. Сабақтастық қай кезде де үзілмеген. Бұл – тіршіліктің даму заңдылығы. Көшпенді тіршіліктің ықпалындағы жеке-жеке тайпалардың белгілі бір кезеңде одақ болып бірігуі негізінде елді басқаруда жаңа бір ұйымдар қалыптастырып, олармен бірге қоғамдық жаңа құқықтар мен жаңа ережелері тәріздес түрлі категориялар да туып отырған. Соның нәтижесінде қоғам мүшелері жаңа қоғамдық сананың пайда болуына қадам жасайды. Бұның негізі ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан сабақтастық.

Әдебиеттер

- 1 Ahmet Taşağıl. (2004) Çin kaynaklarına göre eski türk boyları (M. Ö. III – M.S. X. ASIR). Ankara.
- 2 Ahmet Taşağıl (2011). Kazakistan topraklarında ömür süren töles boylarının stratejik önemi (6-7 yy.lar). IV Халықаралық Түркология конгресі. 2011 жыл 13-14 мамыр. Түркістан.
- 3 Minorsky V. (1970) Hudüd al-‘Ālam; «The regions of the world»; a Persian geography, 372 A.H.-982 A.D. (Book). Vol. II.London: Luzac.
- 4 Бичурин Н.Я. (1950) Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. Москва-Ленинград: Академия наук СССР.
- 5 Гумилев Л.Н. (2003) Древние Тюрки. История образования и расцвета Великого тюркского каганата (VI-VIII вв. н.э.), 2003.
- 6 Гумилев Л.Н. (1994) Көне түріктер. Алматы: Ана тілі.
- 7 Древнетюркский словарь (1969). Редакторы В.М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак. Ленинград: Наука.
- 8 Йякуби. Булдан (1892) Kitabal-Boldanauctore Ahmadibn AbiJacubibn Wadhilai-Katibal-Jacul– BAG, edidit M. J. de-Goeje. Pars VII. Lu,gduni Batavorum.
- 9 Кинаятұлы З. (2007) Преемственность в истории государств кочевников. В кн.: История казахской государственности древность и средневековье. Алматы: Адамар. С. 6-32; 10-11.
- 10 Кумеков Б.Е. (1970) Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата.
- 11 Кызыласов Л.Р. (1993) История Хакасии, с древнейших времен до 1917 года. Москва: Наука.
- 12 Кинаятұлы З. (2010) Шыңғысхан және қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу (монография). Алматы: Тарих тағылымы.
- 13 Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жж.) (2006) Екінші кітап. Алматы: өнер.
- 14 Малов С.Е. (1951) Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. Москва-Ленинград, Издательство Академии наук СССР.
- 15 Мелиоранский П.М. (1899) Памятник в честь Кюль-тегина. ЗВОРАО, Т.12.
- 16 Мынжан Н. (1994) Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын.
- 17 Орта Азия көшпелілері өркениетінің тарихы: Т. II. Орта Азия көшпелілерінің дәстүрлі мәдениеті: негіздері және тарихи сабақтары (2015). Жауапты ред., Т. Омарбеков. Алматы: Қазақ университеті.
- 18 Салғараұлы К. (1999) Түріктер (Тужио). Жыужэндар. Алматы: Санат.
- 19 Трепавлов В.В. (2015) Степные империи Евразии: Монголы и татары. Москва: Квадрига.
- 20 Хабижанова Г.Б. (2003) Теле и телеу: этнические гипотезы //Алаш: историко-этнологический научный журнал. №1(4). Алматы, 2003. С. 92-105.
- 21 Храковский В. (1959) Шараф аз-заман Тахира ал-Марвази. Глава о тюрках. Труды сектора востоковедения АНКазах. ССР, т. 1. Алма-Алма.

References

- 1 Ahmet Taşağıl. (2004) Çin kaynaklarına göre eski türk boyları (M. Ö. III – M.S. H. ASIR). Ankara.
- 2 Ahmet Taşağıl (2011). Kazakistan topraklarında ömür süren төles boylarının stratejik önemi (6-7 yy.лар). IV Halyқаралық Түркология конгреси. 2011 zhyl 13-14 мамыр. Түркistan.
- 3 Minorsky V. (1970) Hudūd al-‘Ālam; «The regions of the world»; a Persian geography, 372 A.H.-982 A.D. (Book). Vol. II. London: Luzac.
- 4 Bichurin N. Ja. (1950) Sobranie svedenij o narodah, obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena. T. I. Moskva-Leningrad: Akademija nauk SSSR.
- 5 Gumilev L.N. (2003) Drevnie Tjurki. Istorija obrazovanija i rascveta Velikogo tjurkskogo kaganata (VI-VIII vv. n. je.), 2003.
- 6 Gumilev L.N. (1994) Көне түріктер. Алматы: Ана тили.
- 7 Drevnetjurkskij slovar’ (1969). Redaktory V.M. Nadeljaev, D.M. Nasilov, Je.R. Tenishev, A.M. Shherbak. Leningrad: Nauka.
- 8 Jakubi. Buldan (1892) Kitabal-Boldanauctore Ahmadibn AbiJacubibn Wadhilai-Katibal-Jacul– BAG, edidit M. J. deGoeje. Pars VII. Lu.gduni Batavorum.
- 9 Kinajatuly Z. (2007) Preemstvennost’ v istorii gosudarstv kochevnikov. V kn.: Is-torija kazahskoj gosudarstvennosti drevnost’ i srednevekov’e. Almaty: Adamar. S. 6-32; 10-11.
- 10 Kumekov B.E. (1970) Gosudarstvo kimakov IX-XI vv. po arabskim istochnikam. Alma-Ata.
- 11 Kyzylasov L.R. (1993) Istorija Hakasii, s drevnejshih vremen do 1917 goda. Moskva: Nauka.
- 12 Қинајатұлы Z. (2010) Шыңғышан және қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу (monografija). Almaty: Tarih тағылымы.
- 13 Қытай зhylnamalaryндағы қазақ тарихының деректері (b.z. 275-840 zhzh.) (2006) Ekinshi kitap. Almaty: өнер.
- 14 Malov C.E. (1951) Pamjatniki drevnetjurkskoj pis’mennosti. Teksty i issledovanija. Moskva-Leningrad, Izdatel’stvo Akademii nauk SSSR.
- 15 Melioranskij P.M. (1899) Pamjatnik v chest’ Kjul’-tegina. ZVORAO, T.12.
- 16 Муңжан N. (1994) Қазақтың қысқаша тарихы. Almaty: Zhalyн.
- 17 Орта Азия көшпелілері өркеніетінің тарихы: Т. II. Орта Азия көшпелілерінің дәстүр-лі мәдениеті: negizderi және тарихи сабақтары (2015). Zhauapty red., T. Omarbekov. Almaty: Қазақ universiteti.
- 18 Salfarayly K. (1999) Түріктер (Tuzhiө). Zhyuzhəндar. Almaty: Sanat.
- 19 Trepavlov V.V. (2015) Stepnye imperii Evrazii: Mongoly i tatary. Moskva: Kvadriga.
- 20 Habizhanova G.B. (2003) Tele i teleu: jetnicheskie gipotezy //Alash: istoriko-jetnologicheskij nauchnyj zhurnal. №1(4). Almaty, 2003. S. 92-105.
- 21 Hrakovskij V. (1959) Sharaf az-zaman Tahira al-Marvazi. Glava o tjurkah. Trudy sektora vostokovedenija ANKaz.SSR, t. 1. Alma-Alma.

Бижанова М.Т.

Алтын Орда мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының тарихи сабақтастық мәселелері жөнінде

Мақаланың мақсаты Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының Алтын Орданың мемлекеттік құрылымымен тарихи сабақтастығын анықтау болып табылады. Олардың мемлекеттік құрылымының тарихи сабақтастығын қарастыру барысында тарихи-салыстыру әдісі қолданылады. Бұл мемлекеттердің тарихы жекелей жақсы қарастырылғанымен, мемлекеттілік тарихын зерттеуде үздіксіздік және сабақтастық принциптері ескерілмеген. Сондықтан, екеуінің мемлекеттік құрылымын зерттеген зерттеушілердің еңбектері жеке-жеке қарастырылды. Алтын Орда мемлекетіндегі ұлыстар, мемлекеттің екі қанатқа бөлінуі, хан билігінің киелілігі мәселелерінің Қазақ хандығында көрініс табуы, қандайда бір сабақтастықтың болғандығының белгісі. Атап айтсақ, XVI ғасырдың басында қазақтарда 20-ға жуық орта ұлыстар және 3 ірі ұлыстардың болуы, олардың Майсара (оң қанат) мен Майменеге (сол қанат) бөлінуімен нақтыланады.

Түйін сөздер: Алтын Орда, Қазақ хандығы, тарихи сабақтастық, ұлыс, киелілік.

Bizhanova M.T.

Problems of the historical continuity of state system of the Golden Horde and the Kazakh Khanate

In this article, the problems of historical continuity of the state system of the Golden Horde and the Kazakh Khanate were considered. Medievalists thoroughly studied the history of the state structure of each state separately, that is, the principles of continuity and succession were not the focus of scientists. In the course of the investigation of the aforementioned problem, we adhered to precisely these principles. The historical-comparative analysis was used. The study of such elements of the state system as the ulus, the division of the army into two wings, the belonging of the khan's power to the Chingizids both in the Golden Horde and in the Kazakh Khanate led us to the conclusion that the historical continuity of the state system between these states really existed.

Key words: Golden Horde, Kazakh Khanate, historical succession, ulus, sacredness.

Бижанова М.Т.

Проблемы исторической преемственности государственного строя Золотой Орды и Казахского ханства

В данной статье были рассмотрены проблемы исторической преемственности государственного строя Золотой Орды и Казахского ханства. Медиевистами была хорошо изучена история государственного строя каждого государства по отдельности, и не рассматривались принципы преемственности и непрерывности. В ходе исследования выше указанной проблемы мы придерживались именно этих принципов. При изучении материала использовался историко-сравнительный анализ. Исследование таких элементов государственного строя, как улус, деление войска на два крыла, принадлежность ханской власти чингизидам как в Золотой Орде, так и в Казахском ханстве, привело нас к выводу о том, что существовала не только династическая преемственность, но и преемственность государственного строя между этими государствами действительно существовала.

Ключевые слова: Золотая Орда, Казахское ханство, историческая преемственность, улус, сакральность.

**АЛТЫН ОРДА МЕН
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК
ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ
ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ
МӘСЕЛелЕРІ ЖӨНІНДЕ**

Кіріспе

Қазіргі таңда Алтын Орда тарихын зерттеу ортағасырлық тарихпен айналысатын зерттеуші мамандар үшін өте өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Себебі тәуелсіздік кезеңінде Отан тарихын жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу Алтын Орда тарихына қатысты деректер мен материалдарды қайта зерделеуді талап етуде. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты мерейтой Елбасы Н. Назарбаевтың: «Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері» деп баса айтуы – еліміздің тарихшыларына қандай бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізуді анықтап берді. Кеңестік тарихнамада еліміздің аумағында өмір сүрген мемлекеттер тарихын зерттеуде сабақтастық принципі ескерілмегені белгілі. Ал қазіргі таңда елімізде мемлекеттілік тарихын зерттеуде үздіксіздік және сабақтастық принциптері басты назарға алынып отыр. Елбасының жоғарыда айтқан ойы бізді осындай принциптерді басшылыққа алуға бағыттайды.

Мемлекеттілік тарихын зерттеуде оның саяси-әкімшілік, басқару құрылымдық жүйесі маңызды орын алады. Және бұл жүйелер этностардың ғасырлар бойы келе жатқан өзіндік дәстүрлерімен тығыз байланыста болғандықтан көп өзгеріске түспейді. Біз мұндай үдерісті Алтын Орда мен Қазақ хандығының арасындағы мемлекеттілік құрылымдарынан байқаймыз. Сол себепті де Алтын Орданың мемлекеттік құрылымымен тарихи сабақтастығын зерттеу қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып отырғандығы сөзсіз.

Сол себепті де біз осы жұмысымыздың мақсаты етіп Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының Алтын Орданың мемлекеттік құрылымымен тарихи сабақтастығын анықтауды белгіледік.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысы барысында алдымызға төмендегідей міндеттер белгіледік:

– Алтын Орданың мемлекеттік құрылымының эволюциясын көрсету;

– Алтын Орданың мемлекеттік құрылымының Қазақ хандығында көрініс табуын қарастыру.

Зерттеу мәселесінің тарихнамасына келер болсақ, Алтын Орда мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының тарихи сабақтастығы жайында арнайы еңбектер болмағанымен, осы аталған мемлекеттердің мемлекеттік, қоғамдық-саяси құрылымына қатысты жекелеген зерттеулер баршылық. И. Березин Алтын Орданың Руське жіберген тархандық жарлықтарының негізінде алғашқылардың бірі болып Алтын Орданың әкімшілік құрылымын зерттейді. Ол өз еңбегінде Алтын Орданың әскери, азаматтық қызметтік шендер мен атақтарды қарастырады (Березин, 1850: 7-13). Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовский Алтын Орда мемлекетін феодалдық монархия деп қарастыра келе, мемлекеттік құрылымындағы негізгі ірі шендерге тоқталады, олардың атқаратын қызметін жақсы ашып көрсеткен. Мысалға, басқа зерттеушілердің еңбектерінде көп кездесе бермейтін бакаулдар қызметі туралы жақсы пікірлер айтқан (Греков, Якубовский, 1950: 123-127). Жалпы, Алтын Орданың қоғамдық құрылымын толыққанды зерттеген Г.А. Федоров-Давыдов еңбегі өте құнды. Мұнда ол ұлыстық жүйе мәселесіне арнайы тоқталады (Федоров-Давыдов, 1973: 43,49), ал В.Л. Егоровтың ізденістерінде беклербектердің қызметі мен билігі жақсы қарастырылған (Егоров, 1972: 39-40). Американдық ғалым Ю. Шамилоглының Алтын Орда қоғамының рулық қауым (клановая) құрылымындағы төрт карачи-бектің мәселесіне қатысты ізденістері өте қызықты (Shamilogly, 1986:). Моңғол империясының мемлекеттік құрылымының бастаулары ғұндар дәуірінен басталып, бірінің орнын бірі басып отырған қағанаттар мен мемлекеттермен жалғасын тапқанын айта келе, осы мемлекеттер арасында билік, әкімшілік-территориялық құрылымдағы тарихи сабақтастықты көрсететін В. Трепавловтың монографиясы біздің мәселе үшін өте маңызды (Трепавлов, 1992:4-6). Қазақстандық ғалым Ж. Сабитовтың ізденістеріндегі Алтын Орда мен Қазақ хандығы саяси құрылымдарына байланысты мақалаларының маңыздылығы зор. Татарстан ғалымдары Алтын Орда өркениетінің тарихын зерттеуде көптеген ғылыми жинақтар, томдықтар шығару үстінде. Олар Алтын Орда тарихын бұрмалай отырып, өздеріне ғана тән мемлекет ретінде көрсетіп отыр. «История татар с древнейших времен» атты көп томдықтың үшінші томы толықтай Алтын Орда тарихына арналған. Соның ішіндегі

саяси билік пен мемлекеттік құрылым мәселесін жазған И. Измайлов пен Д. Исхаковтың ізденістері татымды деуге болады.

Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы аса терең зерттелген тақырып деп атауға болмайды. Себебі бұл тақырып бойынша арнайы еңбек жоқ деуге болады. Т. Сұлтановтың «Кочевые племена Приаралья XV-XVII вв.» атты монографиясы қазіргі таңда кейінгі ортағасырлардағы қазақтардың қоғамдық-саяси құрылымына арнайы тоқталып өткен бірегей құнды еңбек болып табылады. Онда автор Қазақ хандығының ұлыстық жүйесі туралы мәліметтер келтіреді (Сұлтанов, 1982: 78-79). Сонымен қатар К.А. Пищулина қазақтардың мемлекеттілігі туралы мақалаларында осы мәселеге назар аударады (Пищулина, 2016: 224-228) және Н. Атығаевтың кандидаттық диссертациясында кішігірім шолу жасалынады (Атығаев, 2003: 151-158).

Мәселенің методологиясы

Біз қарастырып отырған мәселенің теориялық-методологиялық негізіне көшпелі қоғамдарда мемлекеттіліктің болғандығын мойындайтын, сондай-ақ көшпелі қоғам өз құрылымынан мемлекеттілікті туғыза алады деген ұстанымдарды аламыз. Көшпелі қоғамның қоғамдық қатынастары мен мемлекеттілік мәселесімен айналысқан зерттеушілердің европоцентристік көзқарастарынан туындаған ертетаптық және таптық емес теориялармен байланысты көзқарастарға тоқталып өтсек. Кейбір ғалымдар Шыңғыс-хан мен оның ұрпақтарының империясын дамымай қалған таптық жүйе және саяси институттары жоқ саяси-потестарлы ұйым, яғни ерте таптық құрылым (Скрынникова, 1997: 12,32) деп айтса, кейбірі көшпелі мемлекеттердің мемлекеттілігінің супер күрделі көсемдік үлгісін ұсынып ерте таптық пен таптық құрылымның ортасында тұрған, өздігінен мемлекет бола алмайтын саяси құрылым деп көрсетті (Крадин, 2001: 7,8). Ал енді біреулері Жошы ұлысын өзіндік ерекшелігі бар, саяси, әлеуметтік-экономикалық институттары бар феодалдық мемлекет деп «көшпелі феодализм» терминімен негіздеп көрсетті (Владимирцов, 1934: 110-119). Алайда бұл концепциялардың барлығы басшылығында басқарушы тайпа тұратын дәстүрлі көшпелі қоғамның элементтерінен және дамыған әкімшілік-басқару жүйесінен тұратын Алтын Орда мен Қазақ хандығының қоғамдық-саяси жүйесінің шынайы, толық бейнесін көрсете алмайды. Сон-

дықтан біз көшпелі мемлекеттерде мемлекеттілік жоқ екендігін дәлелдеуге тырысқан теорияларға сын көзбен қарап, мемлекеттілік бар екендігін көрсететін теорияларға сүйене келе, мәселемізді ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырамыз. Материалдарды қарастыру барысында тарихи-салыстыру әдісін қолданамыз.

Мемлекеттік құрылым және тарихи сабақтастық

Алтын Орда мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының тарихи сабақтастық мәселелеріне кіріспес бұрын алдымен мемлекеттік құрылым дегеніміз, не мағына беретініне тоқталайық. Мемлекеттік құрылым – кең мағынада, мемлекеттің жалпы құрылымын, яғни мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін, оның азаматтарының құқықтық мәртебесінің негіздерін, мемлекеттік аймақтық құрылысын, мемлекеттік органдар жүйесін тұтас қамтитын ұғым, ал тар мағынада мемлекеттік биліктің аумақтарға немесе ұлттық аймақтарға бөлінуі, яғни мемлекет аумағының ішкі бөлінісі. Осы анықтамаға сай Алтын Ордада мемлекеттік биліктің аумақтарға немесе аймақтарға бөлінуі ұлыстық жүйеден көрініс табады. Ұлыс – иелікке берілген көшпелі халық (Федоров-Давыдов, 1973: 43). Ал Б.Я. Владимирцов бұл терминді ханға, көсемге, ноян немесе бахадүрге бағынышты жағдайындағы рулардың, тайпалардың бірігуі деп көрсетеді (Владимирцев, 1934: 98-99). Бұл терминнің екі мағынада, біріншісі хан иелігіндегі бүкіл елді білдірсе, екіншісі ханның оғландарға (сұлтандар) бөліп берген иеліктер ретінде қолданылады. 3. Қинаятұлы ұлыс термині моңғол-тунгусша мемлекет деген мағынаны білдіреді деп көрсетеді (Қинаятұлы, 2010: 654). ХҮ-ХҮІ ғасырларда ұлыс деп саяси ұйымдар, мемлекеттер, сонымен қатар кішігірім ру-тайпалық топтар да аталды (Атығаев, 2003: 152). Моңғол империясында, Алтын Ордада оғландар туылғаннан ұлыс алуға құқылы болды, ал басқа ақсүйек өкілдеріне ханға қызмет жасауына қарай сый (пожалование) ретінде берілді (Федоров-Давыдов, 1973: 47). Т. Султанов XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығында ұлыс билігін тек Шыңғыс хан ұрпақтары жүргізді деп көрсетеді (Султанов, 1982:78). Алтын Орда тұсында да, Қазақ хандығы кезеңінде де ұлыстардың орналасқан территориясын юрт немесе йурт деп аталды (Федоров-Давыдов, 1973: 44. Султанов Т. 1982:78). Ұлыстық жүйе Алтын Орда мен Қазақ хандығында бірдей көрініс

тапты. Себебі екі мемлекетте де ұлыстар – әскери, әкімшілік-территориялық ұйым деп көрсетіледі. Алтын Орда мемлекетінде әр ұлыс соғыс жағдайында 10000 әскер шығаруға міндетті болды (Исхаков, Измайлов, 2009: 316, Федоров-Давыдов, 1973: 48). Ал Қазақ хандығында 10 мың жанұядан тұратын кішігірім ұлыстар өзінен үлкенірек ұлыстарға қосылып, ірі ұлыстарды құрды. Т. Султанов Ибн-Рузбиханның дерегі негізінде бір ірі ұлыстың әскері 30 мыңнан 50 мыңның арасында болғандығын жазады.

Батудың тұсында Алтын Ордада 19 ұлыс, кейінірек өзбек хан тұсында 17 ұлыс болды (Сабитов, 2012: 270, 271). Бұл ұлыстардың сегізі оң қанатқа және қалған сегізі сол қанатқа бөлінді, ал біреуі бас беклербектің ұлысы болғандықтан қанаттарға бөлінбеді. Қазақ хандығына келер болсақ ХҮ-ХҮІ ғасырларда мемлекет ұлыстық жүйе арқылы басқарылғандығы парсы және түрік деректерінен көрініс табады. Ортағасырлар тарихын зерттеуші білікті тарихшы Т. Султанов XVI ғ. Қазақ хандығының құрамында 20-ға жуық орта ұлыстар және 3 ірі ұлыс болды деп көрсетеді. XVI ғ. басында осындай ірі ұлыстар Жәнібек ханның балалары: Қасым сұлтан, Джаниш сұлтан, Таниш сұлтанда болды (Султанов, 1982:81) деп жазады. Қанаттық жүйеге келер болсақ, Қадырғали Жалайридің «Жамиғат-ат таварих» еңбегінің мәліметтерінде қазақтар екі қанатқа бөлінгендігі айтылған. Олар Маймене (оң қол) және Майсара (сол қол). Майсара Алаш мыңы деп те аталды дей келе Маймене құрамына қатағандар, ал Майсара құрамына Алаш мыңының ішіндегі ең ірі ру жалайыр кірді дейді (Қадырғали Жалайри, 2006: 172). Қадырғали Жалайридің бұл еңбегі 1602 жылы аяқталған. Қадырғали Жалайридің өзі 1585 жылы хан тұқымы Ораз Мұхаммедпен Ресейге келген. Біраз жылдар осында хабарсыз кеткен Ораз Мұхамед 1594 жылдан бастап ағасы Тәуекел ханмен қайта хат-хабар алмасып тұрады. Яғни, бұл дегеніміз Қадырғали Жалайридің еңбегіндегі қанаттық жүйе Тәуекел хан тұсындағы қанаттық жүйесінің көрінісін бейнелеген деп айтуға болады.

Алтын Орда мен Қазақ хандығына дейін өмір сүрген Ғұндар мемлекетінде, Түрік қағанатында да қос қанаттық жүйе болғандығын білеміз. Евразия даласының халықтарымен құрылған мемлекеттерде территорияның екіге бөлінуі жиі кездесетін жағдай. Көбінесе олар әрқайсысында өзінің басшысы бар екі қанатқа, батыс және шығысқа бөлінді. Екі қанатқа бөліну феноменінің бірнеше рет ғылыми анализдерден өткенін В. Трепавловтың монография-

сынан көруге болады. Ол қос қанаттық жүйенің кейбір ғалымдар алғашқы қауымдық қоғамның дуальды-фратриялық жүйенің қалдықтары деп көрсетсе, ал кейбірі қос қанаттық жүйенің пайда болуын әскери-ұйымдастырушылық форманың негізінен, яғни ру-тайпалар жасақтарының оң және сол қанатқа бөлінуінен болды, тағы бірі территорияны бөлу жаулап алынған территорияның өте үлкен болғандығынан дейді. Себебі үлкен территорияны бір орталықтан басқару мүмкін емес болатын. А.И. Карагодин мен В.М. Успенскийдің мемлекеттің екі қанатты конструкциясының пайда болуын ру аралық және тайпа аралық соғыстардың салдары деп көрсеткендігін атап өтеді (Трепавлов, 1993: 75). Осы анықтамаларды талдай келе, В.Трепавлов моңғолдардың ұлыстық жүйесі мен қанаттық жүйесінің қыпшақ даласында жаңалық болмағандығын, яғни моңғолдарға дейін өмір сүрген империялардың мемлекеттік құрылымының негізінде, З. Қинаятұлының моңғол қоғамында түркіліктің сыртында қидандық, тунгустық, қытайлық мемлекеттік жүйесінің элементтері бар (Қинаятұлы, 2010: 660) дегендей, өзіндік ерекшеліктері бар жүйені алып келді. Бұл дегеніміз – мемлекеттік құрылымның негізі өзгермей, заман талабына сай жаңа элементтермен толықтырылған мемлекеттік құрылымды моңғолдардың ұстануы тарихи байланыстың үзілмей, жалғастығын көрсетеді. Яғни, біз жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйенсек моңғолдардың ұлыстық және қанаттық жүйенің Алтын Ордада және Қазақ хандығында да жалғасын тапқанын көріп отырмыз.

Жошы ұлысының оның үлкен ұлы Орда Ежен мен Батуға бөлінгендігі белгілі. Яғни Жошы ұлысының оң қанатын Бату басқарды, ал сол қанатын Орда Ежен басқарды. Жошының қалған ұлдары осы екі қанат астындағы ұлыстарды басқарды. Орда Ежен билеген ұлыс Ақ Орда, ал Бату билеген ұлыс Көк Орда деп аталды. Қазіргі таңда зерттеулер Атын Орда термині аясында ғалымдар арасында қызу пікірталас тудырғаны анық. Ресей империясы тұсындағы тарихнамашылардың Алтын Орда деп тек Батудың ұлысын көрсетуі қателік деп, Алтын Орда мен Жошы ұлысы синоним терминдер деген пікірді айтуда (Сабитов, 2015: 1). Бұл мәселені айтуымыздың себебі Жошы ұлысында қос үкіметтіліктің болғандығын көрсету. Алтын Ордада беклербектердің лауазымының жоғары болғандығы соншалықты, олардың кейбірінің бүлік шығарып, жеке орда болуы қос үкіметтіліктің белгісі. Мысалы, Ноғайдың бүлігі және Ноғай Ордасының құрылуы. Қос үкіметтілік

Қазақ хандығында болғаны белгілі. Олар Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздердің сұлтандарының ханға айналып жеке дара мемлекет ретінде билік жүргізуінен көреміз. Қазақ қоғамында жүздердің қай уақытта және қандай құрылымның негізінде пайда болғандығы туралы нақты мәлімет жоқ. Т. Сұлтановтың еңбегінде Қазақ ұлыстарының басшылығында (XVI ғ.) міндетті түрде сұлтандар болған, ал жүздердің басшылығында (XVII ғ.) билер болды деп айта келе, қазақ қоғамының ұйымдасуының екі түрлі формасының болуы мүмкін бе деген сұраққа бұл жайлы деректердің аздығынан біз екеуі екі бөлек жүйе және олар қазақ қоғамында қатар өмір сүрді деп айта алмаймыз дейді. Бар деректерді саралай келе, ол қазақ қоғамындағы ұлыстар жүздерге ауысты деген пікірге келеді (Султанов, 1982: 84). Т. Султановтың бұл пікіріне Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымына тоқталған басқа да қазақстандық ғалымдардың қосылатындығын көруге болады. Олар Н. Атығаевтың XV ғасырдың ортасы мен XVI ғасырдағы Қазақ хандығындағы ұлыстар кейініректе жүздермен ауыстырылды деп көрсетуі (Атығаев, 2003: 154) және Ж. Құндакбаеваның «Кейінгі ортағасырлар кезеңіндегі Қазақстан тарихы (XIII-XVIII ғ. алғашқы жартысы) атты еңбегінде көрініс тапты (Құндакбаева, 2011: 133).

Ұлыстарды өз ішінде бөлу мәселесі Шыңғыс ханның тұсында қалыптасқан төрт карачи бек дәстүрі бойынша қалыптасқан. Ж. Сабитовтың «Политическая система Золотой орды: генезис основных политических институтов» атты мақаласында төрт карчи бек классикалық ру-тайпалық (клановая) жүйе деп көрсетіледі. Ол Рашид ад-Диннің, моңғолдардың киелі шежіресін, Муизз-ал-Ансабтың деректерін салыстырып Шыңғыс ханның Жошы ұлысын бөлгенде 4 мыңдықты 4 әмірімен қосып береді дейді. Олар: Хунан (Кутан) кенегес, Мунгур (Мункеур) сиджуит, Кете (Кетилтай) кунлуит, Байку хушин (Сабитов, 2012: 271). Бұл төрт карчи бектердің өз әмірлері болды, яғни төрт әмір немесе бек. Бұлардың бірі ұлы карачибек немесе беклербек болды. Ол қалған үшеуінің үстінен қарайтын болған. Батудың Европа жорығынан кейін ұлыстарды бөлу мәселесінде Қарақорымдағы саяси жағдайдың тұрақсыздығына байланысты, яғни Үгедей қағанның қайтыс болып, оның орнына ұлы Гүйіктің келуі мүмкіндігі және ол таққа келгенде Батуға қарсы жорыққа шығу мүмкіндігі себептерінен ұлыстарды өзінің сенім артатын адамдарына бөліп беру керек болды. Бұған дейінгі ұлыстарды сол рудан шыққан ақсүйек-

терге бөлініп отырған болса, Бату ұлыстардың барлығын өзінің қандас бауырларына бөліп берді. Себебі, Гүйік пен Бату арасында кикілжің туған жағдайда карачи бек әмірлері заңды қаған Гүйіктің жағына шығып кетуі әбден мүмкін еді. Кейін Алтын Ордада өзбек ханның әкімшілік реформасын жүзеге асыруда Бату мен Орда Ежен ұрпақтарына ұлыстар иелігі қалдырылып, өзгелерінен ұлыстар тартып алынып, рулық ақсүйектерге берілді.

Алтын Орданың ру-тайпалық жүйесінің Қазақ хандығының тарихында көрініс тапқанын Ж. Сабитовтың «Казахские жузы и клановая система Золотой Орды» атты мақаласынан көруге болады. Қазақ хандығының екі қанаты, яғни оң қанаты қатағандардан және сол қанаты Алаш мыңынан тұратын біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Осы сол қанатты құрайтын Алаш мыңының құрылуын Жәнібек сұлтан мен Керей сұлтанның Моғолстанға кетуі кезеңінде құрылған болар деген пікірін айта келе, Ж. Сабитов: «Сол кездің өзінде олардың кішігірім әскерінің екі қанаты болған. Осы кезеңде жүздер (жүздіктер), Алаш мыңының бөлімшесі (мыңдықтар) пайда болды. Бастапқыда жүздердің әскери жүздіктер болғандығын қазақтардың шығу-тегі туралы аңыздардың барлығында айтылады. Осы жүздіктердің басшылығында үйсін, арғын, алшын руларының өкілдері тұрды. Егер оған қатағандарды қосатын болсақ кәдімгі Алтынордалық төрт карачибек ру-тайпалық жүйені көреміз» (Сабитов, 2015а: 1167) деп айтады. Бұл мәліметтерді саралай келе, Алтын Орданың ру-тайпалық жүйесінің Қазақ хандығында да көрініс тапқанын байқаймыз. Бұл мәселе әлі терең зерттеулерді талап ететіні анық, сондықтан біз бұл мәселелерге алдағы уақытта тағы тоқталамыз.

Алтын Орда мен Қазақ хандығында билік, мемлекеттік құрылымдарының негізгі ұлыстар да бір әулеттің қолында болды. Екі мемлекеттің де билеушілері хан болды. Хан мемлекеттегі жоғарғы билеуші және бірінші тұлға саналып, саяси, соттық және әскери басшы болды. Алтын Орданың ханы өзбек хан тұсында мұсылман діні қабылданып, мемлекеттік дінге айналды және билеуші үшін арнайы оқылатын хұтба намазы оқылды. Бұл дәстүр Қазақ хандығында да жалғасын тапты. Қазақ хандығында хұтба оқылғаны және теңге соғылғаны жайында ортағасырлық тарихшы Сухайл өз шығармасында көрсетеді. Ол «қазақ ханы Тұрсын өз атынан егемен патша ретінде хұтба жариялады, өз теңгелерін соқты» деп жазады (Қойгелдиев, 2007: 424). Хан билігі моңғол им-

периясында Шыңғыс ханның ұрпақтарына, ал Жошы ұлысында Жошы ұрпақтарына ғана тиесілі болды. Моңғол империясының құрылу барысында-ақ Шыңғыс хан өзінің және ұрпақтарының билігін заңдастыруды көздеді. Бұған қол жеткізуге соғыс барысында жеткен жетістіктері мен ерліктері, тапқан байлығы жеткіліксіз еді. Өйткені, басым көпшілі көшпелі халықтан тұрғандықтан, оларды басқарып, қол астында ұстау үшін биліктің идеологиялық негізі қажет болды. Б.Б. Кәрібаев өз еңбегінде бұл мәселені қарастырып өткен болатын. Ол 1240 жылғы «Моңғолдың құпия шежіресінде» алғаш рет негізделеді дей келе, «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» және Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағындағы» деректерді талдап, Шыңғыс хан әулетінің билігін идеологиялық жағынан негіздейтін бірнеше белгіні көрсетеді. Олар:

1) Шыңғыс ханның 27 атасы Борте-Чино Көктің құдіретімен дүниеге келген, яғни оның ерекше жаратылғандығын, жер бетіндегі адамдардан жоғары тұратындығын, Көктің оны адамдар арасына белгілі бір мақсаттар үшін жібергендігін көрсетеді;

2) Моңғолдар үшін киелі болып саналатын Бұрхан тауын алғаш қоныстанған адам – Шыңғыс ханның осы түп атасы. Бұл – Шыңғыс хан әулетінің Моңғолияның иесі екендігін көрсетеді;

3) Шыңғыс ханның 11 атасы да ерекше жағдайда, дүниенің тылсым күшінің арқасында дүниеге келеді. Бұл да осы әулеттің ерекше жаратылысын, киелілігін көрсетеді.

4) Шыңғыс ханның 27-атасына дейінгі шығу тегі нақты көрсетіледі. Бұл осы әулеттің тектілігін білдіреді.

5) Шыңғыс ханның 11 атасынан бастап өзіне дейінгі шығу тегінде оның аталары ең үлкен ұлдар ретінде көрсетіледі. Бұл осы әулеттің бүкіл моңғол тайпалары арасында жолы үлкендігін білдіреді.

6) Шыңғыс ханның аталарында батыр да, мерген де, қаған да болған. Ол – әулеттің ел басқаруға, қол бастауға, билік айтуға толық құқылы екендігін білдірді.

Осылайша ортағасырлық адамдар үшін шығу тегінде ерекше қасиеттер мен киелілік белгілері толы болған адамның болмысы да ерекше жаратылған деген қоғамдық сананы қалыптастырады. Сол дәуірдің адамдарының санасында Шыңғыс ханның тұлғасы шынында да Көктің әмірімен жаралған тұлға деген бейнелейді. Ал оның әулеті де қоғамдық санада дәл солай бейнеленеді деп қорытындылайды (Карибаев, 2015: 285).

В. Трепавлов чингизидтердің хан билігін киелілендірудің ерте түрік мемлекеттері мен тарихи сабақтастығын ашып көрсетеді (Трепавлов, 1993: 72). Өз монографиясында Шыңғыс-хан әулетіне дейін Ғұн империясындағы яғни б.д.д. II ғ. Ғұндар билеушісі «аспаннан жіберілген ұлы шаньюй» деген лауазымға ие болды. Қидан, Түрік қағанаты, Найман және Керейт мемлекеттерінде хандар, қағандар өздерін аспаннан түскен қаған немесе көк аспан мен күннен туған қаған деп көрсеткен. Яғни Шыңғыс-хан хан әулетін киелендіру мәселесінде ерте түрік мемлекеттерінің тәжірибесін пайдаланғаны анық. Осының нәтижесінде моңғол империясы ыдырағаннан кейін де, жеке дара империяға айналған ұлыстарда (Жошы ұлысы, Төле ұлысы, Шағатай ұлысы, Үгедей ұлысы), бұл ұлыстар ыдырап, құрылған хандықтарда да Шыңғыс-хан ұрпақтарының билігі заңды деп, таққа тек Шыңғыс-хан ұрпақтары отырды. Қазақ хандығында да осы дәстүр сақталып, Шыңғыс хан әулетінің ұрпақтары қазақ қоғамында төре атанып, қазіргі таңға дейін олардың қазақ қоғамында сый-құрметке ие болуы, қазақ қоғамының билікке деген құрметін көрсетеді.

Қорытынды

Бес жарым ғасыр бұрын құрылған Қазақ хандығының өзіне дейінгі Алтын Орда мемле-

кетімен хан әулеті тұрғысынан, территориялық жағынан тарихи сабақтастық болғаны анық. Осы екі мемлекеттің ішкі құрылымындағы басқару жүйесінің, әкімшілік құрылымының, билеуші әулеттің идеологиялық шығу көздерін салыстыра отырып, алғашқы саяси жүйедегі мемлекеттік құрылымының Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымында көрініс тапқанына көзімізді жеткіздік.

XIII ғасырдың 40-жылдары Үгедей хан тұсында «моңғолдың құпия шежіресі» атты еңбектің жазылуының бір мақсатына Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының жаулап алған аймақтардағы билігін идеологиялық тұрғысынан негіздеу болды. Ал одан кейінгі ғасырларда бұл идеология ислам дінімен біте қайнасып, шыңғыстық идеологияға алып келеді. Қазақ хандығы дәуірінде бұл идеология жергілікті этностың санасына сіндіріліп, «Хан – Алланың жердегі көлеңкесі» деген қағидамен өміршең болды. Бұл да XIII-XIX ғасырлар аралығындағы хандық биліктің тарихи эволюциясы мен сабақтастығының бір дәлелі болып табылады. Жалпы қорыта келе, Алтын Орда мен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастық тақырыбы өте ауқымды және күрделі мәселе екеніне көзімізді жеткіздік. Оның әрбір мәселесін жан-жақты және ғылыми тұрғыда терең талдау, біздің болашақтағы зерттеулеріміздің басты тақырыбы болады.

Әдебиеттер

- 1 Атығаев Н.А. (2003) Казахское ханство в XV- середине XVI века: диссертация на соискание кандидата исторических наук. Алматы.
- 2 Березин И.Н. (1850) Внутреннее устройство Золотой Орды по ханским ярлыкам. СПб. Им-перский АН.
- 3 Владимирцов Б.Я. (1934) Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Ленинград. Издательство АН СССР.
- 4 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. (1950) Золотая Орда и ее падение. М-Л. Издательство АН СССР.
- 5 Егоров В.Л. (1972) Государственное и административное устройство Золотой Орды. // Вестник истории. №2.
- 6 История татар с древнейших времен. (2009) Том 3. Измайлов И., Исхаков Д. Хан и аристократия: Структура власти и управления. Казань.
- 7 Карибаев Б.Б. (2015) Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы. Сардар.
- 8 Қойгелдиев М., Қинаятұлы З., Өскенбай Қ. (2007) Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең): монографиялық зерттеу. Алматы. Адамдар.
- 9 Крадин Н.Н. (2001) Кочевники в мировом историческом процессе. // Философия о общество. Выпуск №2(23). www.socionauki.ru/journal/articles/258187/Қаралған уақыты: 11.02.2017.
- 10 Құндақбаева Ж.Б. (2011) Кейінгі ортағасырлар кезеңіндегі Қазақстан тарихы (XIII-ХУІІІ ғ. алғашқы жартысы). Алматы. Қазақ университеті.
- 11 Қадырғали Ж. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері XV-XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. (2006) Том 5. Алматы. Дайк-Пресс.
- 12 Сабитов Ж.М. (2012) Политическая система Золотой Орды: генезис основных политических институтов. // Золотоордынская цивилизация. Выпуск 5.
- 13 Сабитов Ж. (2015) Золотая Орда – «падчерица Казахстанской историографии» // <http://www.altyn-orда.kz/zolotaya-orда-padchERICA-kazaxstanskoj-istoriografii/> Қаралған уақыты: 05.02.2017.
- 14 Сабитов Ж. (2015a) Казахские жузы и клановая система Золотой Орды. // Молодой ученный. №11(91).

- 15 Скрынникова Т.Д. (2013) Харизма и власть в эпоху Чингиз-хана. Санктпетербург. Евразия.
- 16 Султанов Т. (1982) Кочевые племена Приаралья в XV - XVII вв: вопросы этнической и социальной истории. Москва: Наука.
- 17 Трепавлов В.В. (1993) Государственный строй Монгольской империи XIII в. Проблема исторической преемственности. Москва: Наука.
- 18 Федоров-Давыдов Г.А. (1973) Общественный строй Золотой Орды. Москва: Московский университет.
- 19 Shamilogly U. (1986) Tribal Politics and Social Organization in the Golden Horde. Columbia.Columbia University. (Ph.D. Dissertation).

References

- 7 İsmayılov N.İ.Hacıyeva Q.S. (2004). Kitabxanada ölkəşünaslıq (diyarşünaslıq) üzrə bibliografik fəaliyyət (nəzəri, tarixi, təşkilati-metodik məsələləri. Bakı:Mütərcim.
- 8 Mamontov A.V., Shherba N.N. (1989). Kraevedcheskaja bibliografija: Uchebnik. Moskva:Knizhnaja palata.
- 9 Ziffeldt-Şimummyaki A.R. (1928). Azərbaycanı tədqiq cəmiyyətinin elmi nəşrləri. Azərbaycanı öyrənmə yolu. № 1,s.60.

Оспанова А.А.
**Мұсылман өркениетінің
Еуропаға таралуы**

Крест жорықтары қалалардың шаруашылық байланыстарын кеңейтіне ықпал етті. Техникада алғаш өндіріс мануфактурасы пайда болып, ерте капитализм қалыптасты. Коммунаның саяси құрылысы қолөнердің дамуына күшті әсер етіп, капиталистік қанау мен жалдамалы жұмысшыларды талап етті. Басқа еуропалық елдерге қарағанда қалалар корольден тыс билік жүргізіп, коммуна құрған. Италияда қоғамның әлеуметтік тобы қалыптасты. Герцогтықты иеленуші шендері бар епископтар, испан шенеуніктері, жоғары тұрған феодалдық иерархия, испан вице-королі мен герцогтары, понтифик папа басқарған курия, халықаралық діни және дипломатиялық арбитр рөлін атқарды. Көпестер мен банкирлер отбасылары дворяндық атақ алып Сицилия, Неаполь, Милан корольдіктері феодалдық аристократияны құрады. Флоренцияда буржуазия бөлігі жер иеленушілер және өсімқорлық кіріс көзімен айналысып, буржуазия патрициандық ақсүйекке айналды

Түйін сөздер: соғыс, өркениет, империя, христиан, феодал.

Ospanova A.A.
**Distribution of moslem
civilization is in Europe**

Crusades influenced the expansion of economic relations of the cities. In the technics for the first time production manufactory appeared and early capitalism was created. The political structure of the commune strongly influenced the development of craft, and it demanded capitalist exploitation and wage workers. Unlike other European countries the city governed independently of the king and formed the commune. In Italy the social group of society was created. The bishops having a title of a duke, Spanish officials, higher feudal hierarchy, Spanish viceroy and dukes, curia governed by the pontiff Pope played the role of an international religious and diplomatic arbitrator. Merchants and families of bankers received a noble rank, the kingdoms of Sicily, Naples, Milan created the feudal aristocracy. In Florence a part of the bourgeoisie was engaged in land ownership and usurious source of income, the bourgeoisie turned into the patrician aristocrat.

Key words: war, civilization, empire, Christians, feudal lord.

Оспанова А.А.
**Распространение
мусульманской цивилизации
в Европе**

Крестовые походы повлияли на расширение хозяйственных связей городов. В технике впервые появилась производственная мануфактура и был сформирован ранний капитализм. Политическая структура коммуны сильно повлияла на развитие ремесла, и это потребовало капиталистической эксплуатации и наемных рабочих. В отличие от других европейских стран, города правили независимо от короля и построили коммуны. В Италии была сформирована социальная группа общества. Епископы, имеющие титул герцогства, испанские чиновники, вышестоящая феодальная иерархия, испанский вице-король и герцоги, курия под управлением понтифика папой играли роль международного религиозного и дипломатического арбитра. Купцы и семьи банкиров получили дворянское звание, королевства Сицилии, Неаполи, Милана создали феодальную аристократию. Во Флоренции часть буржуазии занималась землевладением и ростовщическим источником дохода, буржуазия превратилась в патрицианского аристократа.

Ключевые слова: война, цивилизация, империя, христиан, феодал.

МҰСЫЛМАН ӨРКЕНИЕТІНІҢ ЕУРОПАҒА ТАРАЛУЫ

Кіріспе

Соғыс – адам психикасының туындысы болғандықтан, оның бағыты мен мұратын өзіне тән генетикасы һәм өскен ортасы арқылы қалыптастырып, жетілдіріп отырады. Адам психикасы жалпы адамзаттың саяси, қоғамдық, шығармашылық, тұрмыстық, тағы басқа бағыттардағы дүниетанымын айқындап береді. Соғыстың салдарынан ең үлкен өзгеріске ұшырайтын да адам психикасы. Соғыс майданында адамның атқан оғының нысанасы да адам баласы болғандықтан, соғыс құбылысын жүйелі һәм ғылыми тұрғыдан зерттеп, ұғынған жөн.

Соғысқа тарих терезесінен қарағанда, оның адам ұрпағын орны толмас қасіретке ұрындырып, көптеген өркениетті елдердің тарих бетінен біржолата жойылып кетуіне, көптеген ұлт-ұлыстардың жаугершіл елге жұтылып, ассимиляцияға ұшырауына, талай ұлы империялардың күйреп құлдырауына себеп болғанын көруге болады. Соғыс салдарынан жас өркениеттердің, басқа мемлекеттердің, сондай-ақ жаңа билік әулеттерінің пайда болуына жол ашқанын да байқаймыз. Екінші жағынан, майданда өліммен жекпе-жек келген адам баласының ерлік рухы, адамдық қасиеті, төзімділігі, шығармашылық қабілеті, кешірімділік, даналық пен көсемдік сипаттары да көрініс тауып жатады. Соғыстан кейін осындай нәтижелердің көрінуіне тарихта болып өткен шайқастардан кейін өркендеген мемлекеттің өрлеуі айғақ бола алады. Бұның бәрі соғыс құбылысын таразылауды қиындатып жібереді. Адам болмысы құбылмалы да күрделі болғандықтан, адамның жаратылыс психологиясынан бастау алып отырған соғыс құбылысы да соншалықты күрделі болып келеді. Сол үшін соғыс психологиялық, қоғамдық аса күрделі тақырып екендігін көрсетеді. Майданның алдыңғы шебінде болған соғыс жауынгері шайқастың ең қорқынышты аяусыз зұлымдығымен бетпе-бет келіп, небір адам жаны мен жүйкесінің қиналысына куә болғандықтан олардың зердесінде соғыстан туындаған, құбыжық бейне ешқашан өшпейді. Сондықтан соғыс адамзат үшін қасірет екенін оны көзбен көрген адамдар жақсы біледі.

Ортағасырлық Еуропадағы мұсылман өркениеті

Тарихта жауласқан елдер арасында болған соғыстарда бірлігі мен ынтымағынан айырылған ел жеңіліске ұшырап, біржолата жойылып кетіп отырған. Ұлы Рим империяларының жойылып кетуіне негізгі себептерінің бірі болған Ғұндардың Батыс Рим империясына жорықтарын айтуға болады. Аттиланың 533 жылдан бастап 451 жылдар аралығында Батыс елдеріне жасаған жорықтарының нәтижесінде Батыс Рим империясы әбден әлсіреп, өздеріне ұзақ жылдар шапқыншылық жорықтар жасап келе жатқан солтүстік көршілері – Гот, Франк, Гол, Изугот, Герман, Вандал, Саксон тайпаларының жорықтарынан әбден қажырап, 476 жылы біржола күйрейді. Оның күлге айналған орнына ондаған жаңа мемлекеттер бой көтерді. 395 жылы ұлы Рим империясынан бөлініп, тәуелсіз ел болған Шығыс Рим империясының астанасы Константинополь, бүгінгі Ыстамбұл шаһары – Осман әулегінен шыққан Сұлтан Мұхаммед Фатихтың (Жеңімпаз) қалың қолымен жауланып, дәуір сахнасымен қоштасты. Оның орнына енді айбындырақ, айбарлырақ Осман халифаты деген түрік текті мемлекет келеді.

Соғыс адамның ішкі табиғатынан туған құбылыс болғандықтан, адамзат тарихының ажырамас бір бөлігіндей бірі оны қаласа, тағы бірі оны қаламаса да адамзатпен бірге өмір сүріп келе жатыр. Сондықтан соғысты терең біліп, тану үшін адам болмыс-бітімін терең зерделеп, зерттеу керек болатыны ақиқат.

Ислам тарихы басталғанда соғыс бұрынғыша адам баласымен жол серік болып, ілесіп жүре берді. Бірақ бұл ретте соғыс басқаша ұғыммен, соғысты саналы түрде тоқтатуға соғысып келе жатқандай болып көрінді. Бұл мақсатты түсіну үшін адамзат тарихында мыңдаған жыл бойы жиналып қалған кертарпа наным-сенімдер мен отарлық пиғылдан арылу керек-ақ. Бұл бүкіл адамзаттың оның ішінде жетекші тұлғалар мен топтардың міндеті болып табылады. Ислам дінінің хабаршысы, Алла тағаланың соңғы елшісі әзірет Мұхаммед (с.ғ.с) Мұстафа тарапынан соғыс жаңаша үстемемен қоғамдық топтар мен елдердің екеуара келіспеушілігіндегі түйінді шешетін және игі мұраттарды көздейтін соңғы құрал ретінде қабылданып, бекітілді. Өйткені, Жаратқанның адамзатқа тарту еткен соңғы діні – Ислам сөзі «бейбітшілік» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан ол адамзат қоғамында пайда

болған қайшылықтарды бейбіт жолмен шешудің абзал екендігін меңзейді. Ислам діні Алла үшін, Отан үшін болатын хақ жолындағы қанды майдан соғысын «Кіші жиһад» деп таныды. Ал, нағыз ұлылық пен ерлік адам өзінің айуандық нәпсісімен күресу екенін көрсетіп, бұл майданның соғысын «Ұлы жиһад» деп атады. Өйткені, соғыстың қайнар көзі – адам болмысындағы тойымсыздық, менменшілдік, қызғаныш, дүниеқорлық пен шенқұмарлық болып табылады. Бұл факторлар өз кезегінде қоғамның ішіндегі қайшылықтарды арттыра түседі. Қайшылықтары шиеленіскен кез келген толыққан қоғам соғысқа бейім келетіні баршаға түсінікті. Осы кезде соғыс психологиялық құбылыстан асып идеологиялық көзқарас кейпіндегі қоғамдық құбылысқа айналады. Сондықтан ұлы державалық елдер өздерінің отарлау саясатынан, шағын, аз, әлсіз ұлттарды боданда ұстап отыру пиғылынан бас тартпайынша соғыс өрті ешқашан өше қоймайды, қайта үнемі өршіп үрей туғызып отырады.

Еуропаға жол салған екінші аймақ Сицилия, ол біраз уақыт Ислам Халифаты құрамына кірді. Италиядағы ең көне Салерно университетіне медресе тікелей үлгі болды. Ал, Болонье, Париж, Монпелье және Оксфорд университеттері, кейін XII ғасырда ірге көтерді.

Мұсылмандық өркениеттің Еуропаға есік ашуының үшінші жолы Крест жорықтары (1096-1291 жж.) еді. Екі жаққа да қанша зардап пен тауқымет әкелгенімен, оның христиандық дамуға жанама ықпалы болды. Кресшілер мұсылман өркениетімен бетпе-бет келгенде, олардың көздері ашылды, көп нәрсені үйренді, саналары өсті, көкейге түйді, бірден сабақ ала қоймаса да, оның кейінгі әсері күшті болды. Крест жорықтары туралы сөз болғанда оның екі өркениеттегі Құдай үшін соғысу мен Алла үшін не Христос үшін адам өлтіру түсінігін өзгерткені туралы айта кету керек.

Осының барлығы шамамен X ғасырға дейін созылды. Бұл Кіші Азия, Таяу Шығыс және кейбір мұсылман әлеміне түрік-селжүктердің басып кіруімен және арабтарды жаулай отырып ислам дінін қабылдауынан басталады. Селжүктер жаңадан дінге кіргендер сияқты ислам дінінің қайсар қорғаушылары болып, нәтижесінде жихат түсінігі олар үшін соғысқа айналып, соғыс барлық ислам дініне сенбеушілерді жойып, оларды бағындыруға бағытталды.

Нәтижесінде, христиандар үшін Қасиетті жерге қажылыққа бару қиындық тұғызды. Себебі, ұрлық пен өлтіру әрекеттері көбейді. Крес-

шілер Қасиетті жерді жаулап алғаннан кейін мұсылман әлеміндегі антихристиандық көңіл күш жинай бастады. Ақыр соңында, Салладин христиандардан Палестинаны тартып алып, бұл жерлерді жаулап алу бұрынғы араб территориялары емес, сенімсіздерге қарсы жихат соғысы деп түсіндірді. Тіпті селжүктердің өзі франктерге христиан әлемін жек көре отырып, оларға жихат соғысын Салладин сияқты жарияламаған. Яғни өз жерлерін қорғау қасиетті соғысқа айналып кеткен.

Қасиетті соғыс түсінігі бірінші крест жорықтары кезінде болған және ол жақсы іс деп бағаланған, яғни адамның күнәдан арылуына жақындау. Палестинаға кресшілердің жорығы крест жорықтары барлық Еуропаға таралуына әкеп соқты. Сонымен қатар, үш күшті руханирыцарлық орден пайда болғанын айтып кеттік: Қасиетті Иоанн (госпитальер), Храм (тамплиер) және Тевтондық. Бұл ордендер көптеген ғасырлар бойы Құдай жолындағы соғыс нышандары ретінде қалды. Крест жорықтары Испаниядағы реконкистаны күшейтті. Крест қозғалыстары Еуропаның басқа да бөліктерінде жүрді. Тевтондықтар қылыш ұстаушылар Орденімен бірігіп толығымен прусстарды жойып жіберді және көп уақыт бойы Литва және Русьпен соғыс жүргізді. Төртінші крест жорығын да қасиетті соғыс деп атады. Ал бұл жорық мұсылмандарға емес, византия-христиандарына қарсы бағытталған еді. 1204 жылы Константинопольді басып алды. Сонымен қатар, осы жорық Құдай жолындағы ең ұлы жорық деп танылды.

XI ғасырдың аяғында күшейе түскен феодалдық езгіден құтылуды іздеген шаруалардың едәуір тобы да, Шығыспен өз саудасын ұлғайту үшін Шығыс Жерорта теңіз жағалауындағы тіректі пункттерді иемденуге ұмтылған Оңтүстік Еуропаның көптеген қалалары да крест жорықтарынан мүдделі болды.

Папа кезекті крест жорығын ұйымдастыру үшін жаңа салық енгізіп жатты. Бірақ ол салықты жинау үлкен күшке түсті. Халық салық жинаушылардың көзіне қайыршыларға садақа беріп, «Исadan да күшті Мұхаммедтің әруағы үшін ал» деп папа үстемдігі мен кресшілерді мазақтай бастады (Заборов, 1977: 136).

Крест жорықтары Батыс Еуропа елдері тарапынан жүргізілген әділетсіз, басқыншылық соғыстар болды. Бұл соғыстар дүниежүзілік өркениеттің дамуына едәуір кедергілер келтірді. Жорықтар Еуропа елдерінің ғана емес, Шығыстағы мұсылман елдерінің де шаруашы-

лығына, мәдениетіне орны толмас зиян әкелді. Көптеген өнер туындылары қирады, кітаптар мен құнды деректер жойылып кетті.

Сайып келгенде крест жорықтары өзінің тікелей мақсаттарына жетпегені былай тұрсын, сондай-ақ жүздеген мың кресшілердің апат болуына әкеп соқты және Еуропа мемлекеттерінің орасан көп қаражатты текке шығарумен қосарланды. Дегенмен, бұл жорықтардың Батыс Еуропа елдері үшін біраз пайдалы жақтары да болды. Біріншіден, Жерорта теңізіндегі сауданың қыза түсуіне ықпал етті. Бұл саудада Солтүстік Италия қалалары үстемдікке ие болды. Екіншіден, Батыс Еуропа халықтары Шығыстан жоғары дәрежеде дамыған мәдениеттің үлгісін игерді. Кресшілер мұсылман халықтардан тамақ ішер алдында қолдарын жууды, ауық-ауық ыстық моншаға түсіп, іш киімдерін, төсек орындарын ауыстырып тұруды, әдемі киінуді, ас ішкенде шанышқыны пайдалануды үйренді. Үшіншіден, еуропалықтар Шығыстан жаңа егіс дақылдарын көріп, Еуропада күріш, лимон, өрік, қауын-қарбыз өсіре бастады. Еуропалықтар Шығыс халықтарынан жібек мата токуды, металды сапалы өңдеуді үйренді.

Кресшілер Батыста тек күміс ақша ұстады, Шығыста айналыста болған безанттармен танысты (*bisantios*: византия монетасы). Олардың қолына бірінші түскен 15 суға тең «*hyperperge*» түсті. Сарацин безантын немесе фатимид динарын да осылай атаған, соған ұқсатып кресшілер өздерінің Тира атты монета сарайында және Акрада монета үйін де соққан (1124 ж. шамасы – 1127 жж.). 1131 ж. актілердің бірінде «*bysantios perperos*» и «*bysantios sarracenos*» арасындағы айырмашылықты көрсеткен (*Regesta chartarum Italiae*, 1940: 65). Бір сарацин безанты 9 деньеге тең «*melgoriens*», оны 12 алтын франкке тең деп санауға болады (*Blancard*, 1880: 16).

Крест жорықтарының ең маңызды салдарының бірі, Шығыс Жерорта теңізіндегі саудада Византия мен арабтардың позицияларын әлсірету және осы саудада Еуропа көпестерінің (әсіресе Венеция мен Генуяның көпестерінің) ролін күшейту болды. Бұл Батыс Шығыстың арасындағы сауданың жандануына едәуір әсер етті. Сондай-ақ сол кездегі неғұрлым жоғары Шығыс техникасы мен мәдениетінің Еуропа елдеріне жемісті ықпалы болды. Алайда, XII-XIII ғасырлардағы Батыс пен Шығыстың арасындағы сауда, саяси және мәдени байланыстарды күшейту үшін крест жорықтарының маңызын асыра бағаламау керек. Өйткені бұл байланыстарды орнатуда

халықтар арасындағы қатынастардың басқа бейбіт формалары одан аз рөл атқарған жоқ.

Крест жорықтары Еуропадағы ғылымның дамуына да ықпал жасады. Орта ғасырдағы қасиетті соғыс деген қозғалыстар адамзат ойына да әсер етті. Батыстан Шығысқа өткен халықтар табиғаты, болмысы жағынан мүлдем жаңа әлемге тап болды. Крест жорықтары саяхат сияқты болып, олар көп тәжірибе, білім, естелік жинақтады.

Еуропаға араб цифры енді. Крест жорықтары тұсында еуропа медицинасының жетістігі аз болды. Ол Шығыстан көптеген дәрілер алды, атап айтқанда, египеттік кассия немесе александриялық жапырақ, териак т.б.

Шығыс астрономияның орталығы болды. Фридрих II мен Каир сұлтаны бір-біріне геометриялық есептер берген.

Таным ғылым саласымен шектеліп қалмайды. Қоғамдық сананың әр саласына білімнің арнайы формалары сай келеді. Кең түрде айтқанда адамда шындықты игеруінің түрлі әдістері болады. Олар түсініктеме, таңба және көркемдік бейне неізінде айқындалады. Мысалы, ғылыми танымның ерекшелігі шындықтың заңдылықтарын бейнелеуге бағытталған объективті, шынайы білімді алу үрдісі. Ғылыми білім үрдістер мен құбылыстарды сипаттаумен, түсіндірумен және болжаумен байланысты. Егер бұл мәселеге тарихи тұрғыдан келсек, онда әңгіме танымда, практикалық білімде, мифологияда, дінде т.б.

Шығыс қоғамы өткенді мифтендіру және дәстүрді фетишилендіру есебімен өмір сүрді. Өркениеттің шығыстық типі, немесе мерзімдік даму Азия, Африка, Америка елдерінде айтарлықтай кең тараған. Классикалық шығыстан айтарлықтай айырмашылығы болса да, мұсылман әлемі өркениеттің осы типінің шеңберінде қалып қояды.

«Өркениет» ұғымын түсіндіруге көптеген талпыныстар болды. Біреулер оны «бас сүйектер мен құрақтарды ретсіз жинау» десе, енді біреулер ешқандай жүйесіз көруге қойылған материалдық мәдениетті мұражайда сақтаған сияқты дүние деп түсіндірді (Человек, цивилизация, 1992: 64).

Өркениеттің жалпы теориялық түсінігі кеңістік пен уақытта үлкен тұрақтылыққа ие болған әлеуметтік өмірді ұйымдастырушы форма ретінде көрсетіледі. Ұйымдастырудың бұл формасы

материалдық та, рухани да алғы шарттардан шығатын индивид пен топтардың жалпы әлеуметтік-мәдени байланыстарына негізделеді. А. Тойнбидің «өркениет – бұл тұтас организм, оның барлық бөлімдері бір-бірімен байланысты және үнемі өзара байланыста болады» деген формуласын негізге алғандықтан, қоғам өзара дамыған жүйе ретінде қарастырылатынына келісуге болады (Тойнби, 2001: 34).

Академик Н.И. Конрад Шығыс пен Батыстың мәдениетін салыстырмалы-типологиялық зерттеудің негізгі тәсілдерін бөліп көрсетті:

– қандай да бір тарихи кезеңде бақылған мәдениет жақтарын салыстыру;

– тарихи қауымдастықтан тыс тіршілік еткен мәдениет құбылыстарын салыстырмалы зерттеу;

– жалпы тарихи заңдылықтардың әсеріне тәуелсіз типологиялық қауымдастықтың ашылуы;

– мәдениеттің байланысы мен олардың өзара әсерін зерттеу (Диалог историков, 1967: 57).

Шығыс халықтары мәдениетінің бастауында олардың көп укладты әлеуметтік құрылысы және ұлтшылдық идеологияның идеялық-теориялық құрылымына тікелей енген түрлі мәдениет тұжырымдамасы бейнесін тапты.

Қорытынды

Крест жорықтары қалалардың шаруашылық байланыстарын кеңеюіне ықпал етті. Техникада алғаш өндіріс мануфактурасы пайда болып, ерте капитализм қалыптасты. Коммунаның саяси құрылысы қолөнердің дамуына күшті әсер етіп, капиталистік қанау мен жалдамалы жұмысшыларды талап етті. Басқа еуропалық елдерге қарағанда қалалар корольден тыс билік жүргізіп, коммуна құрған. Италияда қоғамның әлеуметтік тобы қалыптасты. Герцогтықты иеленуші шендері бар епископтар, испан шенеуніктері, жоғары тұрған феодалдық иерархия, испан вице-королі мен герцогтары, понтифик папа басқарған курия, халықаралық діни және дипломатиялық арбитр рөлін атқарды. Көпестер мен банкирлер отбасылары дворяндық атақ алып Сицилия, Неаполь, Милан корольдіктері феодалдық аристократияны құрады. Флоренцияда буржуазия бөлігі жер иеленушілер және өсімқорлық кіріс көзімен айналысып, буржуазия патрициандық аксүйекке айналды.

Әдебиеттер

- 1 Заборов М.А. (1977) История крестовых походов в документах и материалах. М.: Высш. школа.
- 2 Regesta chartarum Italiae (1940). Documenti del commercio veneziano. ed. Morozzo della Rocca et A. Lombardo. Rome.
- 3 Blancard L. (1880) Le besant d'or sarrazines. Marseille.
- 4 Человек, цивилизация, общество. (1992) Сорокин П.А. /Общ. ред., сост. и предисл. А.Ю. Союмонов: Пер. с англ. С.А. Сидоренко. Москва: Политиздат.
- 5 Тойнби А. Дж. (2001) Постигение истории: Сборник / Пер. с англ. Е. Д. Жаркова. Москва: Рольф.
- 6 Диалог историков: Переписка А.Тойнби и Н. Конрада (1967) Новый мир. №7.

References

- 1 Zaborov M.A. (1977). Istoria krestovovih pokhodov v dokumentax. M.: Vis. Shkola.
- 2 Regesta chartarum Italiae. (1940). Documenti del commercio veneziano., ed. Morozzo della Rocca et A. Lombardo. Rome.
- 3 Blancard L. (1880) Le besant d'or sarrazines. Marseille.
- 4 Shelovek, sivilizasia, obshestvo. (1992) Sorokin P.A. /Obsh. red., sost. I predisl. A. Y. Soymonov: per. s angl. S. A. Siderenko. Moskva: Politizdat.
- 5 Toynvi A. Dj. (2001). Postijenie istorii: Sbornik / per. s angl. E.D. Jarkova. Moskva: Rolf.
- 6 Dialog istorikov: Perepiska A.Toynvi I N.Konrada (1967). Novii mir. N7.

Ракишева Г.К.

**Роль Башкирии в развитии
казахстанско-российских
отношений в XX вв.**

Казахстан на сегодняшний день является не только передовой, развивающейся в ногу со временем страной в регионе Центральной Азией, но также это и тюркоязычное государство, которое является старшим братом для многих республик. В статье рассматривается история развития отношений Казахстана и России с участием Башкирии в XX вв. Данная статья раскрывает тематику отношений между двумя тюркоязычными народами, как казахи и башкиры. В связи с тем, что иностранными наблюдателями анализа разбираются различные стороны этого сотрудничества и, подчас, делаются не всегда правильные выводы, поэтому представляется целесообразным, актуальным и важным рассмотреть в этой статье отношения между Казахстаном и Башкирией в XX веке.

Ключевые слова: Казахстан, Башкирия, казахстанско-российские отношения, XX вв., Центральная Азия, международные отношения, тюркоязычные народы, развитие, традиции, культура.

Rakisheva G.K.

**The role of Bashkiria in the
developing of Kazakh-Russian
relationships in XX century**

Nowadays Kazakhstan is not only forward, developing and progressive country in the Central Asia region, but also is a Turkic country, that come as an elder brother for many countries. In the paper we consider the history of developing Kazakhstan and Russia relationships with Bashkiria participation. Because of many foreign observers, who nowadays make analysis of that relationship and sometimes they make it wrong, so that's why we need to effectually, relevantly and consequentially considerate relationship between Kazakhs and Bashkirs in this paper.

Key words: Kazakhstan, Bashkiria, Kazakh-Russian relationships, XX century, Central Asia, international relationships, Turkish nations, development, traditions, culture.

Ракишева Г.К.

**XX ғасырдағы қазақ-ресей
қатынастарының дамуында
Башкирияның рөлі**

Бүгінгі таңда Қазақстан тек Орта Азия елдерінің арасында алдыңғы қатарлы, заманауи уақытқа сай дамыған мемлекетке айнала қоймай, сондай-ақ түркітілдес ел бола отыра, көптеген мемлекеттер үшін үлкен аға іспеттес. Мақалада XX ғасырда Башкирияның қатысуымен өткен қазақ-ресей қатынастары дамуының тарихы қарастырылады. Бұл мақала қазақ және башқұрт секілді түркітілдес халықтар арасындағы қатынастар тақырыбын толықтай ашады. Шетелдік бақылаушылар қазіргі таңда осы қатынастарға өзіндік баға бере отыра, көптеген кездері қате қорытындылар жасайды. Осы орайда мақсатты, өзекті және маңызды болып табылатын жәйт – бұл осы мақалада XX ғасырда Қазақстан мен Башкирия арасында орнаған қатынастарды зерттеп ашу.

Түйін сөздер: Қазақстан, Башкирия, қазақ-ресей қатынастары, XX ғасыр, Орталық Азия, халықаралық қатынастар, түркітілдес халықтар, даму, дәстүр, мәдениет.

РОЛЬ БАШКИРИИ В РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНСКО-РОССИЙСКИХ ОТНОШЕНИЙ В XX ВВ.

Введение

Сегодня двусторонние отношения между Казахстаном и Россией, активно развивающиеся на принципах взаимного уважения, привлекают внимание экспертов и аналитиков во всем мире. В подготавливаемых иностранными наблюдателями анализах разбираются различные стороны этого сотрудничества и, подчас, делаются не всегда правильные выводы. В этой связи представляется целесообразным остановиться на следующих весьма важных вопросах российско-казахских отношений XX века и будет целесообразно начать с периодизации:

- дореволюционный период;
- советский период – национально-государственное строительство, индустриальное развитие и урбанизация, межреспубликанское и международное сотрудничество в годы предвоенных пятилеток;
- обзорно-особенности сотрудничества в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) (Бижанова, 2004: 205-206).

Мы полагаем, что здесь важно рассмотреть вопросы возрастания роли восточных районов в обороноспособности СССР, новые моменты в сотрудничестве, изменения в структуре населения. Послевоенный период – это сотрудничество в послевоенных условиях: новые индустриальные, постиндустриальные черты, попытки реформирования, нарастание кризисных черт, обострение проблем, распад СССР.

- начало современного этапа независимых государств, возрастание роли некоторых регионов (приграничных областей, национальных республик, таких, как Башкортостан). Здесь актуально решение новых задач, создание новых организаций и форм сотрудничества и т.д.

Казахи в башкирском среде

В целом проникновение в башкирскую среду небольших групп казахов продолжалось в течение XVIII в. и прекратилось только к середине XIX в. Об этом говорит и М.Р. Бижанова: «Распространение термина «казах» в сре-

де башкир объясняется, во-первых, переселением некоторых казахских родов в Башкирию вследствие внешней угрозы, междоусобиц и иных бедствий, поскольку Башкирия долгое время считалась периферией кочевого мира Евразии, во-вторых, территория и хозяйственно-культурная близость башкир с казахами способствовали появлению национально-смешанных браков».

Итак, еще в XVIII веке казахи и башкиры были народами одинаковых традиций, культуры и почти одинакового языка. Казахи и башкиры принадлежат к одной группе народов, формирование этносов началось приблизительно в одно время. Одни и те же рода кочевников вошли как в состав казахов, так и в состав башкиров. Один и тот же кыпчакский элемент присутствовал в образовании наших народностей. Различие наших народов состоит в том, что в формировании башкирского народа, помимо тюркоязычных, участвовали также и финно-угорские племена.

Большое влияние на быт башкир и казахов оказывал ислам в сочетании с доисламскими верованиями – культом неба, культом предков, культом огня. Много общего наблюдается в скотоводстве башкир и казахов. Это отразилось в содержании скота, в составе стад, системе кочевков, распределении пастбищных угодий, порядке выпаса скота, устройстве зимовок, выделке и обработке продуктов скотоводства. Господство кочевого натурального хозяйства у башкир и казахов способствовало развитию различных видов домашнего ремесла: ткачества, кошмоваляния, обработки дерева, кожи и т.д. Домашние промыслы башкир и казахов, обусловленные кочевым образом жизни, имели общие черты. Широкое распространение получили совместные празднества с состязаниями между башкирскими и казахскими батырами в борьбе, скачках, стрельбе из лука. Для нашей темы большую ценность представляет работа В.Н. Татищева, который, находясь в должности начальника Оренбургской экспедиции 1737-1739 гг., а затем комиссии, был близко знаком с жизнью башкирского и казахского народов (Таган, 2005).

Одной из самых важных проблем, интересовавших В.Н. Татищева, была проблема этногенеза башкирского и казахского народов. В «Истории Российской» раскрыта лингвистическо-этнографическая классификация народов России, где башкиры и казахи отнесены к так называемой «скифской» группе, вместе с туркменами, каракалпаками и другими народами.

В.Н. Татищев тщательно изучил родоплеменной состав казахов.

Сведения об отношениях двух народов содержатся в работе «И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем ее составе до 1758 года». Она базируется на богатом фактическом материале, содержит много сведений как по истории местного народа, так и по политике правительства и конкретных мероприятиях его в Оренбургской губернии. По мнению В.Н. Витевского, именно в период управления И.И. Неплюева башкиры со всех сторон были окружены укрепленными военными поселениями и отделены от казахов. Башкирский ученый Г. Таган – крупный специалист по этнографии тюркских народов, в том числе и башкирского, приводит интересные материалы по сравнительной этнографии тюркских и финно-угорских народов. В книге «Этнографические заметки о башкирах и других тюркских народах» публикуется 12 очерков по этнографии башкир в сравнительном освещении с казахами.

Во второй половине XX в. в плане разработки башкирского этногенеза сделано немало учеными разных направлений. Выдающемуся башкирскому этнографу Р.Г. Кузееву принадлежит большая заслуга в широком привлечении богатого этнографического и фольклорного материала башкир для освещения их происхождения. Исследуя связи башкирского этногенеза со Средней Азией и Казахстаном, он установил основные исторические этапы средневековья, три значительные волны миграций тюркоязычных родоплеменных групп из Средней Азии и Приаралья в направлении Южного Урала и Приуралья. Вопросы этнического формирования казахов и их взаимосвязи с народами Средней Азии и Поволжья были исследованы такими казахстанскими учеными, как М. Тынышпаев, Т.И. Султанов, С.Г. Кляшторный, В.В. Востров, М.С. Муканов (Муканов, 1991). Надо заметить, что, вопреки реакционной политике царизма, присоединение Казахстана к России имело прогрессивные последствия для всех сфер жизни казахского общества, создало предпосылки сближения казахского и русского народов, явилось залогом их будущего освобождения от гнета эксплуататоров. Но на первых порах даже наиболее дальновидные представители казахского народа не могли ясно осознать эту перспективу, хотя были отдельные попытки найти выход из создавшегося положения.

Интересна в этом плане книга Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана

(1861-1917 гг.), которая представляет собой историографическое исследование наиболее существенных сторон социально-экономической, политической и культурной жизни Казахстана во второй половине XIX – начале XX в., когда определились последствия присоединения казахских земель к России. Показан процесс изучения важнейших проблем истории дореволюционного Казахстана: изменения в экономике.

По своему геополитическому расположению Казахстан стал местом уникального соединения восточного и западного менталитетов, прежде всего путем наложения и взаимопроникновения русской и казахской культур. В дальнейшем, в силу геополитического положения Казахстан испытал мощное воздействие миграционных потоков, прежде всего, из России, которые в значительной степени повлияли на ход этнодемографических процессов и обусловили своеобразие демографической ситуации в стране. Влияние миграционных процессов на формирование многонационального состава населения Казахстана и динамику численности признавали многие исследователи. В этой связи «Переселенческий вопрос» являлся одной из распространенных тем дореволюционных авторов (Дулатова, 1984).

Рост интенсивности башкиро-казахских контактов относится к началу XVIII в. Взаимоотношения башкир и казахов были очень сложными. Совместные выступления и походы против исетских казаков, русских оборонительных линий, брачные контакты сочетались и уживались с взаимными набегами, угоном скота. Казахи нередко принимали участие в башкирских восстаниях.

Можно говорить об общности исторических судеб народов Южного Урала и Казахстана. Этот многонациональный край был ареной больших и сложных событий, когда более тесными стали этнические контакты, хозяйственно-культурные взаимосвязи и взаимовлияние в сфере материальной и духовной жизни народов, обитавших на его территории с древних времен.

Исследуя этнокультурные связи между народами на разных этапах их развития, ученые доказывают реальное существование тех черт общности, которые и поныне наблюдаются, наряду с национальными особенностями в быту, языке и культуре, народном искусстве.

В период XVIII – первой половины XIX вв. Башкирия стала территорией, через которую развивались и расширялись русско-казахские связи. Распространение термина «казах» в сре-

де башкир объясняется, во-первых, переселением некоторых казахских родов в Башкирию вследствие внешней угрозы, междоусобиц и иных бедствий, поскольку Башкирия долгое время считалось периферией кочевого мира Евразии, во-вторых, территория и хозяйственно-культурная близость башкир с казахами способствовали появлению национально-смешанных браков. Недаром царизм запретил известным указом 1747 г. браки между башкирами и казахами. Сближению и тесным контактам послужила сама историческая обстановка. Башкиры и казахи совместно выступали в антифеодальных движениях XVIII века, нередко казахские степи служили убежищем для башкир, преследуемых царизмом. Межэтнические связи башкир с казахами устойчиво сохранялись до второй половины XIX в.

Основой материального производства башкирского и казахского общества на всем протяжении XVIII и первой половины XIX вв. являлось кочевое скотоводство. Затем в развитии хозяйства как башкир, так и казахов происходит окончательный переход к оседлости и земледелию.

Вторая половина XX века – время бурных перемен. Это и сталинские репрессии, и «культурная революция», и освоение целинных и залежных земель, и научно-техническая революция (электрификация), начало атомной эры, и космический прорыв: выход в космос, распад Советского Союза (период существования СССР – 1922-1991 гг.), развитие информационных и коммуникационных технологий: телевидение, компьютер, сотовая связь, интернет. Послевоенные пятьдесят лет в истории СССР можно охарактеризовать как период небывалого взлета, застоя и кризиса. В 50-х гг. в стране был проведен ряд экономических реформ, не затронувших, однако, основ административно-командной системы. «Лозунгом реформ стал «поворот экономики лицом к человеку», в связи с чем народно-хозяйственное производство должно было обеспечить рост благосостояния народа путем развития сельского хозяйства и производства товаров народного потребления».

Историческое событие 1954 года как для Казахстана, так и для всего Советского Союза – освоение целинных и залежных земель, которое было задумано с целью увеличения производства зерна и сельхозпродукции. Регионами, вошедшими в понятие «целина», стали Южная Сибирь, Казахстан, Урал, Поволжье, Северный Кавказ. Негативные последствия освоения целинных и

залежных земель – развитие эрозии почв; нарушение экологического баланса; сокращение сенокосных и пастбищных угодий; изъятие земель для застройки населённых пунктов.

Во второй половине 50-х годов начался интенсивный поиск эффективных путей хозяйственного управления, его демократизация. Реформы 1962-1989 годов в СССР, в том числе и в Казахстане, не дали эффективных результатов. Они не предусматривали коренных изменений экономических отношений. В ходе реформы 1965 г. были предприняты попытки внедрения хозрасчёта. С переводом совхозов в апреле 1967 года на хозяйственный расчёт снизилась себестоимость производства сельхозпродуктов. Со сменой руководства в 1964 г. были смягчены перегибы в политике времен Н.С. Хрущева. Наступил длительный (20 лет) период в целом умеренной политики государства, который впоследствии назовут «периодом застоя».

В 70-80-ые годы XX века в области национальных отношений господствовала теория сближения и слияния наций и народностей. Казахстан получил возможность расширения своих международных связей в области культуры. Начавшаяся в середине 80-х годов XX в. (1985-1991 гг.) перестройка привела к кардинальным изменениям в социально-экономической, политической и идеологической сферах. Результатом перестройки стал распад Советского Союза и образование на его территории новых независимых государств. С распадом СССР прекратили свое существование многие структуры и организации.

Политика «перестройки» сталкивалась с противодействием на республиканском уровне, обнажая новые проблемы. Историки еще не до конца оценили роль межнациональных конфликтов и национального вопроса в крахе политики перестройки и распаде СССР. Открыто проявившись первый раз в Алма-Ате в 1986 г., данные проблемы подспудно таили в себе серьезную угрозу проводившемуся М. Горбачевым курсу. Чем либеральней становился режим, тем больше обнаруживались недостатки национально-территориального устройства СССР и национальной политики союзного руководства.

Одним из проявлений распада СССР стали в 1990 г. Декларации о суверенитете, принятые союзными республиками: РСФСР принял Декларацию в июне 1990 г., Казахстан в – октябре 1990 г. Этот закон давал для республик новые возможности введения новых институтов власти, например, институт президентства Таким образом, распад СССР можно рассматривать

как главный результат перестройки. Лидеры перестройки оказались неспособными решить нарастающие экономические и политические проблемы. Сыграла свою роль непродуманная и противоречивая внутренняя политика в годы перестройки, деление СССР по национально-территориальному признаку, слабость союзной власти, ее неумение эффективно реагировать на национальные конфликты, стремление местных политических элит заработать себе авторитет на противостоянии с центром и т. д.

В Казахстане, в ходе перестройки, не был преодолен спад, начавшийся в народном хозяйстве республики в 1987 г.

После распада СССР отношения Российского государства с Республикой Казахстан вступили в новую фазу. В декабре 1991 года в Минске было принято решение о создании СНГ. В Содружество Независимых Государств (СНГ) в декабре 1991 года окончательно вошли 11 республик. В течение 1992 г. шло формирование механизмов и институтов СНГ, и полностью юридическое оформление Содружества было завершено 22 января 1993 г. с принятием Устава СНГ (Зубкова, 1993).

Основными экономическими тенденциями в развитии рыночных отношений в середине 90-х годов XX века можно назвать демонополизацию, приватизацию, свободное ценообразование, осуществление жёсткой денежно-кредитной и финансовой политики.

Основным направлением развития внешнеэкономической политики Казахстана в 90-е годы XX века стало создание свободных экономических зон. Краеугольным камнем всей внешней политики Казахстана 90-е годы стали принципы добрососедства и невмешательства в дела других государств. Приоритет во внешнеполитических связях Казахстан отдавал взаимоотношениям с Россией. В 1994 году Н. Назарбаев предложил идею образования Евразийского союза государств (Н.А. Назарбаев и Евразийство..., 2012).

Заключение

На современном этапе все большее значение имеет научное и практическое решение проблем эффективности социально-экономического реформирования Казахстана. Правительство продолжает политику модернизации во всех сферах жизни общества, начиная с экономики и заканчивая сферой образования и здравоохранения, человечество перешло на новый уровень новейших технологий.

Литература

- 1 Бижанова М.Р. (2004). Этнокультурные взаимодействия башкир и казахов в XVIII – первой половине XIX вв. Университетская наука – Республике Башкортостан: Материалы научно-практ. Конф., посвященной 95-летию основания Башкирского государственного университета. Уфа: РИО БашГУ.
- 2 Дулатова Д.И. (1984) Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг.). Алма-Ата: Наука.
- 3 Зубкова Е.Ю. (1993) Общество и реформы: 1945-1964. Москва: Россия молодая.
- 4 Муканов М.С. (1991). Этническая территория казахов в XVIII – начале XX веков. Алма-Ата: Наука.
- 5 Н.А.Назарбаев и Евразийство: сборник избранных статей и выступлений Главы государства / под ред. Е.Б.Сыздыкова (2012). Астана: Изд-во ЕНУ им. Гумилева.
- 6 Таган Г. (2005). Этнографические заметки о башкирах и других тюркских народах. Уфа.

References

- 1 Bizhanova M.R. (2004). «Etnokulturnye vzaimodeistviya Bashkir i kazahov v XVIII-XIX veke». Universitetskaya nauka-Respublika Bashkortostan: materialy nauchno-prakticheskoi konferencii, posvyashennoi 95-letiyu osnovaniya Bshkirskogo gosudarstvennogo universiteta. Ufa, 2004.
- 2 Dulatova D.I. (1984). Istoriografiya dorevolyucionnogo Kazakhstana (1861-1917). Alma-Ata: Nauka.
- 3 Zubkoba E.Yu. (1993). Obshestvo i reformy: 1945-1964. M: Rossiya molodaya.
- 4 Mukanov M.S. (1991). Etnicheskaya territoriya kazakhov v XVIII veke. Alma-Ata: Nauka.
- 5 N.A. Nazarbayev i Evraziistvo: sbornik izbrannyh statei i vystuplenii Glavy gosudarstva/ red. E.B. Syzdykova (2012). Astana, Gumilev ENU.
- 6 Tagan G. (2005) Etnograficheskie zametki o bashkirah i drugih tyurkskih narodah. Ufa.

Акмадиева Г.П.

Тарихи деректер кешеніндегі дипломатиялық құжаттардың дерек ретінде рөлі мен орны

Мақалада тарихи деректер кешеніндегі дипломатиялық құжаттардың атқаратын рөлі мен алатын орны қарастырылған, аталған құжаттардың жалпы тарихи деректер кешеніндегі маңыздылығы көрсетілген. Сонымен бірге, автор дипломатиялық құжаттардың түр бойынша жіктелу мәселесіне талдау жасап, дипломатиялық құжаттардың кейбір түрлерінің артықшылықтарын көрсеткен. Кейбір ғалымдар дипломатиялық құжаттарды жіктеу барысында аталған мақалада сипатталған құжаттар топтарының арасындағы жаңа байланыстарды және олардың халықаралық дипломатиялық-құжаттық ортадағы айналымын болжайды. Бұл ортаға дипломатиялық құжаттардың түрлері арасындағы артықшылық жүйесінің өзгеруіне ықпал ететін мемлекеттік және мемлекетаралық құжаттық ұстанымдар да кіреді. Сондықтан, мақалада қазіргі заман тарихы бойынша тарихи мәлімет беретін дипломатиялық құжаттардың ерекшеліктерін және дипломатиялық құжаттардың негізгі түрлерінің жіктелуіне құжаттық ортаның ықпалы анықталған. Мақала авторы қазіргі жаһандану кезеңіндегі тарихи құжаттар қатарындағы дипломатиялық құжаттардың алатын орны мен атқаратын рөлі туралы негізделген қорытынды жасаған.

Түйін сөздер: тарихи дерек, дипломатиялық құжаттар, дипломатия, сыртқы саясат, Қазақстан Республикасы.

Akmadiyeva G.P.

The place and role of diplomatic documents of the historical source complex

The article discusses the role and place of diplomatic documents in a complex of historical sources, denoted the importance of this type of sources in the complex sources of general historical perspective. It is expected to conduct classification of diplomatic sources by type, designated a priority composition of diplomatic source spectrum. Some scientists predict a new relationship between a group of documents described in this article and their presence in the so-called international diplomatic – documentary environment for the classification of diplomatic documents. This environment could include both state and interstate documentary positions that affect the change of the system of priority between the types of diplomatic sources. This term is supposed to determine the characteristics of diplomatic sources as the historical evidence on the modern history and the impact of documentary environment in improvement of classification of main types on new possible positions of priority. The author comes to a conclusion about the place and role of diplomatic documents in a globalized world of historical documentation.

Key words: historical source; diplomatic documents; diplomacy, foreign policy; Republic of Kazakhstan.

Акмадиева Г.П.

Место и роль дипломатических документов в общем комплексе исторических источников

В статье рассматривается роль и место дипломатических документов в комплексе исторических источников, обозначается важность данного вида источников в комплексе источников общеисторического плана. В дальнейшем предполагается проведение классификации дипломатических источников по видам, обозначается приоритетная композиция дипломатического источникового спектра. Некоторые ученые прогнозируют для классификации дипломатических документов новое отношение между охарактеризованными в данной статье группами документов и их нахождение в так называемой международной дипломатически – документальной среде. В данную среду могут входить и государственные, и межгосударственные документальные позиции, влияющие на изменение системы приоритетности между видами дипломатических источников.

В данной перспективе предполагается выявление особенностей дипломатических источников как исторических свидетельств по истории современности и влияние документальной среды на совершенствование классификации основных типов по новым возможным позициям приоритетности. Автор статьи приходит к обоснованным выводам о месте и роли дипломатических документов в глобализированном мире исторической документации.

Ключевые слова: исторический источник, дипломатические документы, дипломатия, внешняя политика, Республика Казахстан.

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР КЕШЕНІНДЕГІ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ДЕРЕК РЕТІНДЕ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Кіріспе

Қазіргі заман тарихында мемлекеттердің дамуын көрсететін және олардың халықаралық ұйымдармен, қозғалыстармен қарым-қатынастары, мемлекетаралық және халықаралық құқықтың даму болашағы жөнінде құнды ақпарат беретін тарихи құжаттардың маңызы артып жатыр. Осы тұрғыдан алғанда жалпы тарихи деректер кешеніндегі дипломатиялық құжаттардың маңыздылығын зерттеу мен рөлін анықтау өзекті мәселе. Сонымен бірге, дипломатиялық құжаттардың тарихи дерек ретіндегі рөлі мен маңыздылығы, олардың жіктелуі жалпы шетелдік, қазақстандық тарихнамада зерттелмеген, белгілі нақты зерттеулер жоқ, сондықтан таңдап алынған тақырыптың өзектілігі ешқандай күмән тудырмайды.

Аталған мақаланың пәні – дипломатиялық құжаттарды жіктеу арқылы олардың маңыздылығы мен рөлін анықтау. Мақала тақырыбының ғылыми маңыздылығы жаңа халықаралық деректанудың тұжырымдамалық сипаттамасын дамыту, осы арқылы дипломатиялық құжаттарды жіктеудің мүмкін жолдарын іздестірумен белгіленеді.

Қоршаған орта мен адамзат қоғамын танудағы тарихи деректің құндылығы мен маңыздылығы адамзатқа алғашқы тарихи зерттеулер белгілі болған кезеңнен (антикалық кезең) бастап қазіргі кезеңге дейін белгілі және ешқашан күмән тудырған емес. Қазіргі кезеңде де тарихи деректердің рөлі мен маңыздылығы айтарлықтай өсті, бұл гуманитар-ғалымдарды қызықтыратын мәселелер тобының өсуімен байланысты болып отыр. Қазіргі уақытта тарихшылар жеке кезеңді немесе жекелеген аймақты, мемлекетті компаративті әдістерге сүйеніп ұзақ мерзімді перспективада зерттеудің қисыны бар екендігін ұғынуда. Мұндай жағдайда деректердің пайда болуының ішкі логикасы бар екендігі түсінікті және белгілі болады: олар пайда болады және тарихи аренадан заңды түрде кетеді. Сондықтан деректермен жұмыс жасаудың әдістері мен принциптерін анықтау мүмкін. Бұл принциптер мен әдістер сабақтас гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің түйсігінде өңделеді және бұл арқылы тарих ғылымының, деректанудың іргелес гуманитарлық ғылымдармен өзара байланысы түсіндіріледі.

Әдістер

Тарихи деректер кешеніндегі дипломатиялық құжаттардың дерек ретінде рөлі мен орнын анықтау үшін алынған мәліметтердің ғылыми құндылығын, шынайылық және толықтық деңгейін анықтау мақсатында тарихи танымның эмпирикалық әдістері: тарихи-салыстырмалы әдіс және тарихи-типологиялық әдіс қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс тарихи оқиғалардың, құбылыстардың дамуындағы дипломатиялық құжаттардың маңыздылығы мен ерекшелігін анықтауға мүмкіндік берді. Дипломатиялық құжаттардың жіктелуі мәселесін қарастыру барысында тарихи-типологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс зерттеу пәнінің маңызды белгілерін анықтауға, дипломатиялық құжаттарды әртүрлі типтерге бірыңғайлауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен пікірталас

Ғылыми зерттеулердегі деректің рөлі мен орнын анықтау әрқашан тарих ғылымы назарының орталығында болып келді. Дерекке деген көзқарас білімнің жинақталуы мен тарих ғылымы және оның құрамдас бөлігі – деректанудың жетілдірілуіне байланысты әрқашан өзгеріп отырды. Ғылыми ортада қызығушылық тудырған сұрақтардың қатарында келесілер болды: дерек дегеніміз не? «дерек» және «тарихи деректің» арақатынасы қандай? қай кезеңнен бастап дерек дерек ретінде өзін тоқтатады және тарихнаманың элементіне айналады, яғни кез келген бір мәселе бойынша ғылыми әдебиеттер тізіміне енеді? Қазіргі уақытта осы сұрақтардың барлығына өзіндік теориялық және методологиялық негізді қалыптастыру мен дамыту сатысында тұрған қазақстандық деректану да өзінің қызығушылығын тудыруда. Сондықтан, әлемдік ғылыми ойдағы жинақталған теориялық және тәжірибелік материалдарды қолдану тәуелсіз Қазақстан тарихы бойынша деректерді бағалау, жүйелеу мен жіктеу, әртүрлі деректермен жұмыс жасаудың әдістерін өңдеу барысында өзіндік өлшемді (критерий) құруға көмектеседі.

Ғылыми зерттеу фрагменті ретіндегі дерекке талдау жасау мен оны бағалаудың үш өзіндік аспекті бар:

- 1) тарихи зерттеу жүйесіндегі тарихи дерек;
- 2) деректану пәніндегі тарихи дерек;
- 3) методология және ғылымды гносеологиялық талдау пәніндегі тарихи дерек (Шотбакова, 2005: 15).

Аталған үш аспектінің ішінде бізге бірінші аспект – дәлірек айтқанда тарихи зерттеулердегі

деректің (дипломатиялық құжаттардың) рөлі мен орнын анықтау қызығушылық танытады. Себебі, қазіргі уақытта тарихшының қарауындағы дипломатиялық құжаттардың байлығына етене енудің уақыты жеткен сияқты. Дипломатиялық құжаттағы материалдар деректердің екі қатарымен – 1) жарияланған / жарияланбаған; 2) жеке бір өткен уақытқа қатысты / қазіргі уақытқа қатысты түрінде берілгендігін және деректер табиғатының сапалы түрде өзгеруін ескеретін болсақ бұл байлықты молшылық деп те атауға болады. Тарихи деректер ретінде дипломатиялық құжаттар да өзінің түрі мен құрылымы жағынан айырмашылыққа ие, себебі тарихи құжаттардың бұл түрі қоғамдағы саяси, экономикалық, технологиялық т.б. өзгерістерді көрсетеді. Тарихи деректердің кез келген бір түрі сияқты дипломатиялық деректер бірқатар құбылыстарды: қысқа немесе ұзақ мерзім аралығындағы мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды, мемлекеттердің арасындағы өзара ілеспе міндеттемелердің динамикасын (өткір халықаралық қарбаластық немесе әртүрлі келіссөздердің қиын даулы сатысы т.б. болуы мүмкін); дипломатиялық хат алмасушы автордың, саяси қайраткерлердің рөлін, олардың мәселе мен жағдайға қатысты көзқарасын құжаттандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дипломатиялық құжаттар дипломаттың миссиясы өтіп жатқан мемлекеттің өмірі туралы, жеке-леген құжаттардың авторы жөнінде қосымша ақпарат береді.

Сонымен, дипломатиялық құжаттар категориясы тарихи зерттеулерге тереңдегісі келетін кез келген жеке тұлға үшін өзінің жиынтығы жағынан мықты ақпараттық корпус бола алады. Дипломатиялық құжаттардың микро тарих үшін де маңызы зор. Мысалы, егер 1878 ж. Берлин конгресінің қабылдаған шешімі барысында пайда болған дипломатиялық құжаттарды және осы кездегі Оттомон империясы мен Греция, Албания, Болгария арасындағы шекараны анықтау бойынша қабылданған құжаттардан, сол сияқты 1996 ж. 26 сәуірде Шанхайдағы Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттері ел басыларының алғашқы кездесуінде қол қойылған «әскери сенім шараларын нығайту жөніндегі Келісімнен» (Соглашение между Российской Федерацией, Республикой Казахстан, <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000057>), 1997 ж. қыркүйектегі ҚХР премьері Ли Пэн және 1998 ж. ҚХР төрағасы Цзянь Цземиннің Қазақстанға сапарының нәтижесінде Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара жөніндегі қо-

сымша келісімнен (Президент Республики Казахстан...1999) микротарихтың шексіз санын табуға болады.

Сондықтан, дипломатиялық құжаттар басқа да қоғамдық ғылымдар салаларымен қатар, деректану ғылымының да зерттеу объектісі болып табылады. Себебі, дипломатиялық құжаттар, өздерінің басқа қасиеттерімен қатар, жоғарыда айтылғандай, өз бойында кез келген бір мемлекеттің сыртқы саяси тарихы, халықаралық аренадағы рөлі т.б. туралы мәлімет сақтаушы тарихи дерек көзі міндетін де атқарады. Мысалы, қазіргі көрнекті орыс деректанушылығының бірі, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің профессоры О.М. Медушевская, жалпы құжаттық материалдардың, оның ішінде дипломатиялық құжаттардың басқа деректермен ортақ қасиеттерінің бірлігі туралы: «әрбір құжат, адам іс әрекетінің жемісі ретінде, өзінің тікелей арнулы мақсатынан басқа, өз уақытының реальды шынайылығы туралы да, сол уақыттағы қоғамдық процестердің дамуы туралы да мәліметтер бере алатын тарихи дерек көзі сияқты қосымша міндет те атқара алады» деп, дипломатиялық құжаттардың құжаттық дерек көзі ретіндегі орнын айқындайды (Медушевская, 1996: 1).

Тарихи зерттеулердегі деректің рөлі мен орнын анықтау үшін алдымен деректерді жіктеу және жүйелеу қажет. Қазіргі уақытта дипломатиялық құжаттарды жіктеу мәселесі де өзекті болып отыр. Ресми түрде дипломатиялық құжаттарды екі үлкен категорияға бөлуге болады: ресми және бейресми, немесе жеке. Бірінші категорияға мемлекеттік субъект ұйымдарының шығаратын құжаттары; екінші категорияға жеке тұлғалардың басып шығаратын құжаттары кіреді. Яғни, ресми құжаттар дегеніміз өзінің артықшылығы жағынан дипломатиялық құжаттар болса, ал бейресми құжаттар көптеген жағдайда мемуар түрінде берілген. Ресми құжаттар басып шығарылған және шығарылмаған болып бөлінеді. Басып шығарылмаған деректер мемлекеттік мұрағаттарда немесе сыртқы істер министрлігінің мұрағатында, кейбір жағдайларда дипломатиялық құжаттар Ұлттық мұрағаттардан басқа, Президенттік кітапханаларда сақталады. Мысалы, АҚШ-та Президенттік кітапханада американдық президенттердің жеке және саяси қызметінің құжаттары сақталған. Қазақстан Республикасында ҚР Президентінің Архивінде еліміздің 1919 ж. басталатын (1999 ж. дейін) саяси тарихының құжаттары сақталған.

Халықаралық қатынастардағы құжат айналымы дипломатиялық хат алмасу жолы арқылы жү-

зеге асырылады. Осы уақытқа дейін арнайы әдебиеттерде дипломатиялық хат алмасудың келесі бес түрі бөліп көрсетілді:

1) жеке нота;

2) вербальды нота;

3) ескертпе жазба;

4) меморандум;

5) жартылай ресми сипаттағы жеке хаттар бөліп көрсетілді.

Дипломатиялық құжаттардың мұндай тізімін А.Н. Ковалев мемлекет және үкімет басшыларының жеке жолдауларымен толықтыру қажеттілігін атап көрсетті. Сонымен қатар, А.Н. Ковалев жоғарыда көрсетілген «бестікке» енген, бірақ дипломатиялық қызмет пен сыртқы саясатты жүзеге асыру барысында өз функциясын атқаратын дипломатиялық құжаттардың түрлерін ескермеуге болмайды (Ковалев, 1984: 63) деген оң пікірге келеді. Олардың қатарында үкімет, Сыртқы істер министрлігі өтініштері, мемлекет өкілдерінің халықаралық ұйымдарға білдірген өтініштері т.б. бар.

Сондықтан, қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген жалпыға танылған және дәстүрлі дипломатиялық құжаттардан басқа («бестіктен басқа») саяси-дипломатиялық тәжірибеде қатаң хаттамалық формулаға сүйенбейтін және дипломатия міндеттерін жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратын дипломатиялық құжаттардың түрлері пайда болып, айналымға енді. Дипломатиялық құжаттардың мұндай тобына халықаралық мәселелерге қатысты мемлекет, үкімет басшыларының, сыртқы істер министрлігінің декларациялары, мәлімдемелері, жолдаулары, баяндамаларын жатқызуға болады. Бұл құжаттар мазмұнына қарай дипломатиялық қызметтің барлық астарын қамтиды.

Дипломатиялық құжаттардың түрлерін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекет басшыларының сұхбаттары, халықаралық форумдардағы мәлімдемелері, ресми мәлімдемелері толықтырып отыр. Халықаралық өзекті мәселелері бойынша мемлекеттердің ұстанымдарын көрсететін бірлескен мәлімдемелер мен коммюникелер маңызды орынға ие.

Ең маңызды әрі салтанатты дипломатиялық құжаттың түрі – келісім шарт болып табылады. Келісім шарт ұзақ мерзімді келіссөз үрдісінің қорытындысы болып саналады. Келісім шарттың әртүрлі типтері бар. Мысалы, достық қарым-қатынас жөніндегі келісім шартта тараптарға жүктелген міндеттемелер көрсетіледі. Сондықтан келісім шарттар дипломатиялық қызметтегі аса ірі және өте маңызды құжаттардың бірі

болып табылады. Дипломатиялық құжаттардың бұл түрі қатысушы тараптардың шеңберіне байланысты екіжақты, көпжақты, шектелмеген, шектелген, жабық, жартылай ашық, ашық болып топталады. Ал, нысанына қарай саяси шарттар, экономикалық және мәдениет, ғылым мен басқа да арнайы мәселелер жөніндегі шарттар болып бөлінеді.

Дипломатиялық құжаттардың ішінде декларацияның маңызы зор. Декларация тікелей нақты бір адресатқа жіберілмейді және ресми жауап алуды талап етпейді. Бірақта декларация «классикалық дипломатиялық құжаттарға» қарағанда мазмұнды жүктемеге ие. Декларацияда белгілі бір мәселе бойынша мемлекеттің ұстанымы көрсетіліп, саясат саласындағы принциптер анықталады.

Жоғарыда қарастырылғандардың негізінде дипломатиялық құжаттардың әрбірі өзіндік ішкі сипатқа ие екендігін көруге болады. Сондықтан, деректанушылар мен тарихшылар дипломатиялық құжаттарды қоғам мен мемлекеттің даму тарихының белгілі бір нақты кезеңі бейнеленген маңызды тарихи дерек көзі ретінде қарастырып, олардан сол кезеңнің ерекшеліктері мен тарихына қатысты шынайылық деңгейі жоғары мәліметтер алу жолдарын іздестірулері керек. Ол үшін, дипломатиялық құжаттар басқа да деректер сияқты, тарихилық принципінен шыға отырып, нақты бір уақыт аралығы мен кеңістіктегі қоғам өмірімен тығыз байланыста зерттелуі қажет. Әрине, бұл тәуелсіз Қазақстан Республикасы тарихына да тән қағида.

Қорытынды

Деректанулық талдаудың барлық кезеңдерінде де көрсетілген құжаттар тобының қайсы-

сы болса да деректанулық сынның барлық кешенді тәсілдерін қолдануды қажет етеді. Жазба дерек көздері түрлерінің ішіндегі құжаттық дерек көздеріне жататын деректің бұл түрін, басқа да деректермен қатар пайдалана білу, тарихымыздың көптеген қырларын аша түсуге көмектесері күмәнсіз. Дегенмен, дипломатиялық құжаттар басқа да дерек көздері сияқты өзіндік ерекшеліктері бар, өздеріне ғана тән сипатты белгілері бар деректер түріне жатады. Сондықтан, оларды дерек ретінде пайдалану үшін алдымен дипломатиялық құжаттарды дерек көздері ретінде деректанулық талдаудан өткізу қажет. Демек, зерттеушілер дипломатиялық құжаттарды қоғам мен мемлекеттің даму тарихының белгілі бір кезеңінің құжаттық дерек көзі ретінде қарастырып, олардан шынайылық деңгейі жоғары мәлімет ала білулері керек. Дипломатиялық құжаттар тарихшыларға өздерінің нақты зерттеу объектісін жан-жақты аша түсуге көмектесері анық.

Сонымен бірге дипломатиялық құжаттар тәуелсіз Қазақстан тарихының маңызды дерек көздерінің бірін құрайды. Себебі, бұл құжаттардан тәуелсіз Қазақстан тарихы және онымен байланысты бүкіл әлем тарихы туралы мазмұнды ақпарат алуға болады. Қазіргі жаһандану кезеңіндегі мемлекеттердің өзара тәуелділігінің өсуі және қазіргі әлемнің жаһандық мәселелеріне байланысты мемлекетаралық қатынастардың күрделенуі әрбір мемлекеттің дипломатиялық қызметінің рөлі мен маңызын арттырып отыр, ал сыртқы саясат пен дипломатияның өзектілігі қазіргі кезеңдегі дипломатиялық құжаттардың деректік маңызын, оның жалпы тарихи деректер кешеніндегі алатын орны мен атқаратын рөлін арттыра түсуде.

Әдебиеттер

- 1 Медушевская О.М. (1996). Источниковедение: теория, история, метод. Москва.
- 2 Ковалев А.Н. (1984) Азбука дипломатии. Москва: Международные отношения.
- 3 Президент Республики Казахстан. (1999). Стабильность и безопасность страны в новом столетии: Послание народу Казахстана. Казахстанская правда. 15 декабря.
- 4 Соглашение между Российской Федерацией, Республикой Казахстан, Киргизской Республикой, Республикой Таджикистан и Китайской Народной Республикой об укреплении доверия в военной области в районе границы от 26.04.1996 // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000057>
- 5 Шотбакова Л.К. (2005). Место и роль источника в исторических исследованиях. Вестник Карагандинского государственного университета. Серия История. Философия. №3. С.15-20.

References

- 1 Medushevskaja O.M. (1996). Istochnikovedenie: teorija, istorija, metod. Moskva.
- 2 Kovalev A.N. (1984) Azbuka diplomatii. Moskva: Mezhdunarodnye otnosheniya.
- 3 Prezident Respubliki Kazahstan. (1999). Stabil'nost' i bezopasnost' strany v novom stoletii: Poslanie narodu Kazahstana. Kazahstanskaja pravda. 15 dekabnja.
- 4 Soglashenie mezhdru Rossijskoj Federaciej, Respublikoj Kazahstan, Kirgizskij Respublikoj, Respublikoj Tadžikistan i Kitajskoj Narodnoj Respublikoj ob ukreplenii doverija v voennoj oblasti v rajone granicy ot 26.04.1996 // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000057_
- 5 Shotbakova L.K. (2005). Mesto i rol' istochnika v istoricheskikh issledovanijah. Vestnik Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija Istorija. Filosofija. №3. S.15-20.

Әлібеков С.

**Ағылшын революциясы
кезіндегі Карл I мен Ұзақ
Парламент қарым-қатынасына
Ирландиядағы көтерілістің
әсері**

Мақалада 1640-1660 жж. орын алған ағылшын революциясы кезіндегі Карл I мен Ұзақ Парламент қарым-қатынасына ирланд ұлт-азаттық көтерілісі факторының әсері қарастырылады. Англия мен Ирландияның қарым-қатынасының тарихында XVII ғасырдың I жартысы өте маңызды рөл алады. 1640 жылы басталған Англиядағы революция осы және басқа да көрші елдердің тарихына өте терең әсер етті. Революция барысына көптеген ішкі және сыртқы факторлар ықпал етіп отырды, солардың бірі ол Ирландия 1641 жылы басталған көтеріліс болып келеді. Бұл көтеріліс өзінің сипаты бойынша ұлт-азаттық болды, себебі ол ұзақ жылдар бойы жалғасып келе жатқан ағылшын отаршылдық үстемдігіне қарсы бағытталды. Карл I өзіне қарсы шыққан Парламентпен күресте ирланд көтерілісшілерін пайдаланғысы келді, себебі оның пікірінше көтеріліс дәл осы парламентке қарсы бағытталған, ал монархияға оның еш қарсылығы жоқ деп есептеді.

Түйін сөздер: Революция, Карл I, Парламент, Англия, Ирландия, көтеріліс, саяси тұрақсыздық.

Alibekov S.

**The impact of Irish rebellion on
relationship between Charles I
and Long Parliament during the
English Revolution**

The article discusses the impact factor of the Irish national liberation uprising on the relationship of Charles I and the Long Parliament during the English Revolution 1640-1660 years. The history of relations between Britain and Ireland I half of XVII century, is one of the most important periods. The revolution that began in 1640 in England had a strong influence on neighboring countries and on the very first England. In the course of the revolution affected many internal and external factors, one of them is the Irish uprising began in 1641. Rise of nature was the national liberation and was directed against the long-term domination of the British colonialists. Charles I wanted to use the Irish rebels against the opposition Parliament, because I thought that the rebellion in Ireland is mainly directed against the Parliament, but not against the monarchy.

Key words: Revolution, Charles I, Parliament, England, Ireland, insurrection, political instability.

Алибеков С.

**Влияние восстания в Ирландии
на взаимоотношения Карла I и
Долгого Парламента во время
английской революций**

В статье рассматривается фактор влияния ирландского национально-освободительного восстания на взаимоотношения Карла I и Долгого Парламента во время английской революций 1640-1660 годов. В истории взаимоотношения между Англией и Ирландией I половина XVII века является одной из наиболее важных периодов. Революция, начавшийся в 1640 году в Англии, оказала сильное влияние на соседние страны и на саму Англию в первую очередь. На ход революции влияли многие внутренние и внешние факторы, одно из них это ирландское восстание, начавшееся в 1641 году. Восстание по своему характеру было национально-освободительном и было направлено против многолетнего засилья английских колонизаторов. Карл I хотел использовать ирландских мятежников против оппозиционного парламент, так как считал что восстание в Ирландии в основном направлено против парламента, но не против монархии.

Ключевые слова: Революция, Карл I, Парламент, Англия, Ирландия, восстание, политическая нестабильность.

**АҒЫЛШЫН
РЕВОЛЮЦИЯСЫ
КЕЗІНДЕГІ КАРЛ І МЕН
ҰЗАҚ ПАРЛАМЕНТ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНА
ИРЛАНДИЯДАҒЫ
КӨТЕРІЛІСТІҢ ӘСЕРІ**

Кіріспе

Англияның XVII ғасырдағы саяси тарихында қоғам өміріне терең әсер еткен оқиғалар ол екі революция болып келеді. XVII ғасырда Англияда парламенттің әлсіреуі фондындағы король билігінің артуы орын алды. Бұл құбылыс король Яков I саясатының нәтижесі болды: король парламентті сирек шақырды, көбіне мемлекеттік қазына босап қалып өкілетті орган келісімімен қаржы жинау қажеттілігі туған кезде ғана шақырды.

Мемлекет ішінде король билігіне деген қарсылықтың артуына тағы бір себеп болған ол сыртқы саясатқа байланысты мәселелер болды. Стюарттардың отарлық саясаты ағылшын буржуазиясын отарлық басқыншылықтардан гүлденген Голландия және Франция буржуазиясына қарағанда өте тиімсіз жағдайда қалдырды. Бұндай жағдай буржуазия және онымен байланысты әлеуметтік топтардың қарсылығын тудырды – ең алдымен жаңа дворяндар мен отарлық саудаға тікелей байланысты халық өкілдері Стюарттар билігіне қарсы шықты. 1640 жылдың күзіне қарай Карл I саяси жағдайы күрт нашарлап кетті. Тамыз айында Шотландия мен соғыс қайта жанданып, әскери қимылдар Англия жеріне жетті. Король әскері Ньюбернде 28 тамызда жеңіліс тапқаннан кейін шотландықтар қысымына төтеп беруге дәрменсіз болды. Корольдің қаржылай жағдайы да мүлде нашарлап кетті.

Карл I мен Парламент арасындағы қақтығыстың өршуі

Қысқа парламенттің таратылып жіберілуіне наразы болған оппозиция, тез арада жаңа парламенттің шақырылуын талап етіп ашық қарсы шықты. Бұрынғы парламенттердің көсемдері – Пим, Гемпден, Сент-Джон – оппозициядағы лорд Бедфорд, Эссекс, Уорвик, Брук, Манчестерлермен байланыста болды. Лондон көшелерінде шебер шәкірттері көтеріліп, дінді пуритандық сарында реформалауға шақырған прокламациялар пайда бола бастады. Бұл бір-бірімен тығыз байланысты мемлекеттік ресми англикандық шіркеу мен король билігіне қарсы шығуға тікелей үндеу болды. Оппозициялық ұстанымда болған он екі лорд тамыз айының соңында корольге петиция жолдады. Олар елдің

ауыр экономикалық және саяси жағдайын ескерте келе тез арада парламентті шақыруға кеңес берді (Айзенштат, 2002: 35).

Көп ұзамай осыған ұқсас петиция корольге Лондон халқының атынан да жолданды: бұл петиция астында 10 мыңға жуық адамның қолдары болды. Корольдің Йорктағы 24 қыркүйекте пэрлармен өткен жиналысынан кейін Карл I жаңа парламенттің 1640 жылдың 3 қарашасында шақырылатынын мәжбүрлі түрде жария етті (Айзенштат, 2002: 40).

1640 жылдың қазан айында орын алған сайлау барысы өте жанды өтті. Оппозиция талаптарына мәжбүрлі түрде келіскен король, шын мәнінде биліктен бас тарту туралы ойлаған жоқ еді. Парламентке король жақтаушыларының көбісін өткізу үшін билік тарапынан барлық амалдар жасалды. Йоркшир, Уэльс және Корнуолл (үкімет қолдау күткен облыстар) мэрлары мен шерифтеріне керекті кандидаттардың тізімдері жіберілген болатын. Король сарайына жақтас болған батыс графтықтардың лордтары сайлау барысына күшпен қысым жасап та тұрды.

Оппозиция да бір жағынан үлкен белсенділік танытты. Оның лидерлері өздерінің кандидаттарына агитация жасап графтықтарды жеке бастарымен аралап жүрді. Оппозицияның басты лидері Джон Пим туралы мемуарист Энтони Вудтың жазуы бойынша, «Пим, пуритан бауырлары парламентке өту үшін он шақты мекендерді шарлап шыққан». Пим өзі парламентке Девоншир графтығындағы Тевисток деген елді мекеннен сайланды. Бекингемширден сайланған Гемпден тек осы графтықта ғана агитация жасап қоймай, Лестершир, Нортгемптоншир және орталық Англияның басқа да графтықтарында агитация жүргізді. Сайлау уақыты кезінде парламентке Кембридж қаласынан өткен Оливер Кромвель де үлкен белсенділік танытты.

Жиналған парламент біршама көп депутаттардың (36) сайлауын жарамсыз деп танып, оны екінші қайтара өткізуді ұсынды. Жалпы алғанда 1640 жылдың қазан айындағы сайлау корольдің жеңілгенін білдірді. Жаңадан жиналған парламенттің жартысынан көбі оппозициялық ұстанымда болған Қысқа парламент мүшелерінен құралды: 3 қараша 1640 жылы жиналған депутаттардың 493-нан 294 (Айзенштат, 2002: 42).

Жаңа парламент тарихта Ұзақ парламент деген атаумен қалды, себебі 1640 жылдың соңында жиналған ол он екі жарым жыл бойы тарамай қызмет атқарды. 1640 жылдың 3 қарашасында парламент жұмысының ашылуында айтылған патшалық сөз арнауында король келісімшіл-

дік позициясын білдірді. Король өз сөзінде мемлекеттің ауыр жағдайда екенін айта кетті, әсіресе үкіметтің қиын қаржылай жағдайын ескерте келе «палатаның әділ талаптарын» қанағаттандыратынына уәде беріп парламенттен қолдау сұрады. Карл I депутаттарды өзара күмән мен сенімсіздіктерді ұмытуға шақырып, парламент ендігі жолы сәтті қызмет атқаратынына үміт білдірді. Оқиғалардың замандасы мемуарист Мэйдің сөзінше, жалпы алғанда корольдің бұл сөздері парламент мүшелеріне жағымды әсер етті.

Қауымдар палатасының спикері Уильям Лентоллдың жауап сөзі дәстүрлі түрдегідей жағымпаздық сипатта болды. Алайда сөз соңында спикер ескі заңдарға сәйкес парламентке тиесілі хұқықтар бойынша корольден депутаттарға сөз еркіндігін беруді және парламент әзірлемекші болған реформаларға келісім беруді сұрады.

Оппозиция лидерлері бұдан өткірірек сөйледі. 1640 жылы 7, 8 және 9 қарашада өткен жиындар өте жанды өтті. Абсолютизм саясаты өткір сынға ұшырады. Осы күндері сөйленген сөздердің ішінен әсіресе Пимнің сөзі бөлек тұрды. Пим, түрлі аймақтардан түскен петициялар негізінде, парламенттің қойып отырған жалпы талаптарын білдірді. Барлық талаптарды ол үш категорияға бөлді: 1) Үкімет тарапынан парламент хұқықтарының бұзылуы, 2) діннің бұрмалануы және 3) халық бостандығына қастандықтың жасалуы.

Сөздің бірінші бөлімінде корольдің бұрынғы парламенттерге деген қарым-қатынас айыпталды, әсіресе Қысқа парламентке қатысты. Екінші бөлімі Лодтың шіркеуге енгізген жаңашылдықтары айыпталды. Үшінші бөлім айрықша қызығушылық тудырады, себебі онда халық бостандығы тек жеке хұқықтық тұрғыдан емес, экономикалық бостандық тұрғысынан түсіндірілді. Салық жинаудың дұрыс жүрмегеніне арыз бен қатар (кемелік, рыцарлық, орман, әскери салық және заңсыз кедендік салық), сөзде монополиялардың саудасына арыз айтылды және де қоршап алуға қарсы күрес комиссиясының жұмысы сыналды, себебі ол жер иелеріне «заңсыз штраф» төлеуге мәжбүрлеген. Пим бұл жерде Тюдорлар секілді күресіп, штрафтар салған Стюарттарға қарсы жерді қоршап алушылардың мүддесін қорғады.

Пим ұсынған бағдарламаның капиталистік сипаты айдан анық көрініп тұр. Тұлға еркіндігі, жеке меншіктің қорғалуы, капиталистік бәсекелестіктің еркіндігі оның негіздері болып келеді.

1641 жылы наурыз айынан бастап парламент назары ұзақ уақытқа Страффорд процесіне ауып кетті. Парламент оппозициясы үшін Карл I жақын адамын қамауға алу оңай болды, бірақ ең қиыны оған соттап өлім жазасын бекіту еді. Лордтар палатасында өткен Страффорд соты 18 күнге созылды (1641 жылдың 22 наурызынан 10 сәуірге дейін). Өзі тәжірибелі юрист болған Страффорд мемлекеттік сатқындық үшін кінәлауына қарсы белсенді қорғанды. Страффорд жағында король, сарай және лордтардың көпшілі тұрды. Ақыр соңында лордтар палатасы Страффордты мемлекеттік сатқындық бойынша соттау мүмкін емес деген шешімге келді. Осыдан кейін қауымдар палатасы белсенді әрекеттерге көше бастады. Индепенденттердің болашақ лидерлерінің бірі, Артур Гезльриг, 10 сәуірде Bill of Attainder¹ ұсынды, яғни Страффордты төтенше жағдай заң актісі бойынша соттау керектігін білдірді. Индепенденттердің тағы бір болашақ лидерлерінің бірі Генри Вен, өзінің әкесі әрі аттасы, бұрынғы мемлекеттік хатшы Генри Вен қағаздарының арасынан Страффордтың Англиядағы оппозицияға қарсы ирландтық әскерді қолдану мақсатын ашып беретін құжаттарды тауып алады. Бұл жәйт Страффордты соттау қажеттігі туралы позицияны күшейткен аргумент болды.

Лорд Дигби бастаған Страффорд жақтаушыларының қарсы әрекеттеріне қарамастан, биль 1641 жылы 21 сәуірде қауымдар палатасының үшінші оқылымында бекітілді. Алайда бұл бильге лордтар палатасынан өтпей қалу қаупі тұрды, себебі онда Страффордты жақтаушыларының саны арта бастады. Лордтар палатасының жиналысына 1 мамыр күні өзі келген Карл I, Страффордта «жаман әрекеті» үшін айыптайтынына қарамастан өлім жазасына кесе алмайтынын ашық айтты. Бұған жауап ретінде парламент 3 мамырда «протестант дінін, король тұлғасы және де парламенттің билігі мен хұқықтары мен ағылшын халқының еркіндігі мен хұқықтары» туралы декларация (протест түрінде) бекітті. Бірінші күні-ақ бұл протест астына төменгі палатаның 263 мүшесі қол қойды; жалпы құжатқа 360 адам қауымдар палатасынан және 107 лордтардан қол қойылды, тіпті 6 епископтың қолы болды.

1641 жылы мамыр айының алғашқы күндерінде Вестминстерде атмосфера өте кикілжін

¹ Заңсыздық, мейірімсіздік немесе сенімнен айырылу туралы Биль, XV ғасырдан бастап қауіпті саяси қайраткерлерге қарсы қолданылып келді.

болды. Төніп тұрған қауіптер әсерінен оппозиция өзінің лидерлерінің маңайына жиналды. 1641 жылы 3 мамырда Лондонда үкіметке қарсы жаппай ереуілдер орын алды. Король мен лордтар Страффордтың өлім жазасына кесілуіне қарсы екенін білген халық, бір деректер бойынша 5-6 мың адам көлемінде, басқа деректер бойынша тіпті 10 мың адам болып парламент отырған Вестминстерге Страффорд және басқа да «ұлы қылмыскерлердің» өлтірілуін талап етіп келеді. Түрлі қарулармен қаруланған халық жиналыстар мен парламент отырыстарына бара жатқан лордтар кареталарын «Әділдік! Әділдік!» деген ұрандармен қарсы алып отырды. Халық бұдан кейін жазаның орындалуын тездету үшін король сарайына қарай бер алды (Айзенштат, 2002: 45).

Карл I және кейін Карл II ең жақын кеңесшісі және министрі болған роялистік тарихшы Кларендонның жазуы бойынша, бұл ереуілдер бірнеше күн бойы тоқталмаған. Бүкіл халықтық көтерілістен қорыққан лордтар соңында талаптарға көнуге мәжбүр болды. 7 мамырда Bill of Attainder парламенттің жоғарғы палатасынан өтті. Осыдан кейін оның король тарапынан бекітілуін күту ғана қалды. Уайтхолл алдында күні түні толқып жүрген Страффордтың басын талап еткен ашулы шерулерден кейін, көп күмәнданған және шешімге келе алмаған Карл I қысымдардан кейін 10 мамырда өзінің фаворитін өлім жазасына бекітті. 12 мамырда, өте көп жиналған халық алдында Страффордқа тағайындалған жаза іске асырылды (Айзенштат, 2002: 50).

Парламенттің өсіп келе жатқан талаптарына қарсы тұруға тырысқан Карл I, корольден тым көп нәрсе сұралуда деп пікір білдіріп қарсылық танытқанымен, соңында көнуге мәжбүрленіп отырды. Король және королеваның Англия сыртына жасалған сапарларға парламент әрдайым сенімсіздік және күмәнмен қарады. Королева Генриетта-Мария континентке жасалу керек болған сапарын парламент қарсылығына байланысты кейінге шегеруге мәжбүр болды. Шотландияға сапар жасауды ойластырған Карл I тура мағынада парламенттен рұқсат сұрауға тура келді. Оған қоса парламент бекіткен арнайы комиссарлар Карл I мен сапарда бірге болып корольдің шотландтықтармен жүруі тиіс келіссөздер барысын жіті бақылау қажет болды. 1641 жылы 10 тамызда корольдің солтүстікке кетуінен кейін мемлекеттегі жоғарғы билік толыққанды парламент қолына көшті. 10 қыркүйекте демалысқа кеткен парламент арнайы комитет

құрды, оның міндетіне мемлекеттік аппаратты қадағалау, қаржы саясатын жүргізу, Ирландия және Шотландия мен байланыс және жоғарғы сот хұқығы берілді. Комитет басшысы болып Пим тағайындалды, бұл уақытша парламенттік үкіметке ұқсас болды (Афанасьев, 2006: 33).

Парламент күзгі демалыстан кейін 1641 жылы 20 қазанда өз жұмысын қайта бастады. Жаңа сессияның басталуы бірден кекілжің жағдайда болды. Корольдің Шотландиядағы іс-әрекеті парламентте үлкен күмәндар тудырды. Парламент лидерлері үшін Карл I Шотландияда жергілікті ықпалды ақсүйектердің қолдауына ие болып алғаны түсінікті болды. Сонымен қатар парламентке белгілі болғандай, королева Еуропадағы түрлі патша сарайларымен хат алмасып корольге Франция және Голландияның көмегін сұратып алмақшы болған.

Ирландиядағы көтерілістің революция барысына әсері

Әсіресе үрейлі жаңалықтар Ирландиядан келіп жетті. 1641 жылы 23 қазанда Ирландияда ұлт-азаттық көтеріліс басталып, оның барысында жергілікті халыққа ұнамаған ағылшын және шотланд отаршылары өлтірген болды. Қазан айының соңына қарай көтеріліс бүкіл Ольстерге шарпыды. Англияда көтерілісшілер өлтірген 20-25 мың ағылшындар мен шотландықтар туралы түрлі сыбыстар тарай бастады (Барг, 1960: 81). Парламент өкілдерінің ішінде бұл оқиға туралы нақты пікір қалыптасты, олардың ойынша ирландтық «бүлік» паписттер мен «корольдің жаман кеңесшілерінің» интригалары болған. Карл I ирландтық оқиғалардың оның көңіліне жаққанын еш жасырған жоқ болатын. Корольдің ойынша көтеріліс жағдайды қиындатып, оның бастауымен Ирландияға әскер жіберу туралы үміт тудырды. Кейінгі кезде парламентке белгілі болған хаттарының бірінде Карл I жасырмай былай жазған: «Ирландиядан жеткен үрейлі хабарлар Англияда жасалуы тиіс кейбір ақылсыздықтарға кедергі бола алады деп үміттенемін».

1641 жылы 10 қарашада палатада сөз алған Пим, Ирланд көтерілісінің үлкен қатерін ескерте кетті. Бірақ ол ең қауіпті және қатерлі нәрсе ретінде «король сарайындағы айлакерлердің» жаңадан қайта жандануы екендігін айтып өтті. «Бұл – қауіптердің ішіндегі ең қатерлісі – деген қорытынды жасады Пим, – Сыртқы қауіптерді алдын алуға болады, бірақ іштен шыққан қатер ол қиындау, оны емдеу де оңай емес. Ақыл-

сыз кеңесшілердің (корольдің) кеңестері бүкіл мемлекеттік басқаруды бұзуда... Сіздер бұны Ирландия үлгісінде көріп отырсыздар» (Барг, 1960: 116).

Айта кететін бір жәйт, осы кездің өзінде Пим Карл I қолдаған католиктік-абсолюттік үкіметтерге қарсы Англияның протестант елдерімен одақ құрып оларға қарсы күресуді ойластыра бастады: «Римде және Испанияда, – алдыңғы сөзін жалғастыра келген Пим – біздің көзімізді құрту үшін келісіп алған. Егер бізде жақсы король кеңесшілері болса, біз Голландия мен бейбітшілік және одақ орнатып оның қолдауына ие боламыз». Парламент лидерлері Карл I Шотландиядан қайтып келуін күтпей-ақ оған талаптардың жаңа тізімін әзірлеуге шешім қабылдады. Парламент оппозициясының бағдарламасын одан әрі дамытылуы болған бұл құжат, «Ұлы Ремонстрация» деген атаумен белгілі (Барг, 1960: 120).

«Ремонстрацияны» дайындайтын комитет 28 қазанда бекітілді. 1 қарашада «ремонстрацияның» үлгі нұсқасы оқылған комитет пен парламенттің екі палатасының біріккен отырысы өтті. Бұдан кейін бұл жоба комитетте де және парламенттің өзінде де көп мәрте талқыланып үш апта бойы қаралды. Тек 22 қарашада, көптеген талқылаулардан кейін, «ремонстрация» аз ғана басымдықпен қабылданды: 159 қолдаушыларға 148 қарсы, яғни тек 11 дауыс басымдылықпен бекітілді. Бұл жәйт парламент ішінде ішкі тұтастықтың әлсіреуі орын ала бастағанын көрсетті. Таңға дейін созылған 22 қарашадағы отырыс өте тартысты өтті. Позициялары біраз келісімшіл аздық топтың лидерлері – Гайд (болашақ граф Кларендон), Колпеппер және т.б., олардың «ремонстрациямен» толық келіспейтіндіктері туралы фактіні отырыс протоколына енгізуді талап етті. Даудың соңы біраз болғанда екі тартысқан жақтардың қарулы күресіне өршіп кете жаздады, дегенмен Гемпден үлкен қиындықпен дауласқан жақтарды тәртіпке шақыра алды (Айзенштат, 2002: 95). Король Лондонға 1 желтоқсан күні келген кезінде «ремонстрация» парламент тарапынан Карл I ұсынылған болатын, алайда ол оған белгілі бір нақты жауап бермей тек құжат әзірше жарияланбай қойыла тұруын тіледі. Осыған қарамастан парламент «ремонстрацияны» басып шығаруға бұйрық шығарды және 1641 жылы 14 желтоқсанда құжат халық арасында таратыла басталды. «Ремонстрация» қоғамның барлық мүшелеріне өте үлкен әсер етті.

Ирландиядағы оқиғалар саяси қақтығыстарды одан әрі ушықтырып жіберген күрде-

лі уақытта дайындалған «Ұлы Ремонстрация», парламенттік оппозицияның король билігіне қарсы күресіндегі ең маңызды құжаттардың бірі болып келеді. Өзінің формасы бойынша да құжат парламент көптеп шығарған резолюциялар мен декларацияларға ұқсамады, оны кең саяси трактат десе болады, өйткені оның 204 бабында король билігінің барлық жасаған кемшіліктері әшкереленді, Карл I билік құрған уақыттан бастап жаңа ғана өршіген Ирланд көтерілісі түгелдей айтылды. «Ремонстрацияда» біршама саяси және экономикалық сипаттағы реформаларды іске асыру ұсыныстары да болды. Олар көбіне сауда және кәсіптік еркіндікті қамтамасыз етуге бағытталды. «Ремонстрациядағы» жаңа саяси талаптардың ішінде айрықша көзге түскені ол парламенттің король кеңесшілерінің жауапкершілігі туралы талабы болды, яғни ол дегеніміз министрлердің тікелей парламент алдында жауаптылығын білдірді (Быкова, 2002: 147).

«Ремонстрация» король билігі мен парламент оппозициясы арасындағы қақтығысты шешудің компромистік жолын ұсынып, көбіне конституциялық-монархиялық сипатта болғанымен, король жақтаушыларының арасында ол үлкен ашу тудырды. Бұл құжаттың тоны роялистер үшін «құрметсіз» және «ұятсыз» болып көрінді: «ремонстрацияда» корольге арналған мадақтау сөздер жоқ болды; парламент ол туралы үшінші тұлға ретінде, сырттай баяндады, әрі тек жоғарғы лауазымдағы шенеунік ретінде. «Ремонстрация» шартты түрде парламенттің корольге арнауы болды, бірақ турасын айтқанда парламент бұл құжатты халыққа бағыштады, халық король мен парламент арасындағы дауды шешу тиіс еді. Құжаттың король қалауына қарсы жариялануы бұл документке үлкен саяси күш берді. «Ремонстрация» революциялық манифестке айнала бастады және тек қана буржуазия мен джентрилер ішінде ғана емес, сонымен қатар қалың халық арасында қолдаушылар тапты.

1641 жылы желтоқсанда парламент пен король сарайы арасындағы қарым-қатынас одан әрі суып кетті. Шотландияда үміттенген жетістіктерге қол жеткізе алмаған Карл I (шотланд ақсүйектерінің бір бөлігі король оппозициясында болды), дегенмен де Англияға шотландықтармен одақ құруға үмітпен келді. Ирландиядағы көтерілісті Карл I өзі үшін қауіпсіз деп білді және көтеріліс негізінен ағылшын парламентіне қарсы бағытталған деп есептеді (Джексон, 1949: 79). Лондонда король Ситидің ірі өкілдерін өз жағына тартуды көздеді. I желтоқсанда король

өз құрметіне арналған көпестер мен банкирлер ұйымдастырған банкетке қатысты. Роялистік ұстанымда болған Лондонның лорд-мэри Ричард Герни бұдан бірнеше күн бұрын рыцарь атағына ие болған еді. Алайда осыларға қарамастан король Ситиді өз жағына қарата алмай қойды. Желтоқсан айының ортасында лондондық қалалық кеңес арнайы декларация жариялады, онда парламент пен король арасындағы дауда Сити король жағына өтіп «парламент ісінен» айнымақшы деген тұжырымға наразылық пен қарсылық білдірілді (Афанасьев, 2006: 52). Король осы кезде өз жағына парламенттік оппозицияның лидерлері болмаса да, бұрынғы қолдаушыларын тартып алды. Парламентте 1641 жылдың жазынан бері «епископалдардың» тобын бастаған, яғни епископатты қолдаушы тобы, Джон Колпеппер, Лорд Фокленд және Эдуард Гайд, желтоқсан айының соңына қарай ұсынылған жоғарғы мемлекеттік қызметтерді қабылдауға келісіп король жағына өтіп кетті.

Бұл қолдаулардан біраз рухтанған Карл I «Ремонстрацияны» бекітуге үзілді-кесілді бас тартты. Король сарайында парламентке қарсы қайтадан құпия жоспарлар ойластырыла басталды, парламенттік оппозицияның лидерлерін тұтқындау жоспарлары қайтадан құрастырыла басталды. Парламенттік оппозиция осыдан кейін өзін-өзі қорғау амалдарына көше бастады. 1642 жылы 3 қаңтарда Карл I қауымдар палатасының лидерлерінің бесеуін тұтқындау туралы бұйрық береді: Пим, Гемпден, Гезльриг, Голлис, Строд және жоғарғы палатаның оппозициялық өкілі лорд Кимболтон (кейінгі граф Манчестер). Алайда Карл I парламент лидерлерін тұтқындай алмай қалды, 4 қаңтарда король тіпті әскери отряд пен жеке өзі палатаға келген болатын. Корольдің бұйрығына қарсы екі палата да қарсы шығып король еш нәтижесіз парламенттен кетуге мәжбүр болды (Айзенштат, 2002: 63).

Карл I тарапынан ойластырылған мемлекеттік төңкеріс іске аспай қалды. Парламент лидерлері бостандықта қалды. Осыған байланысты король астанада өзін толық қауіпсіздікте болғанын сезінбегендіктен 10 қаңтарда қаладан кетіп қалуға мәжбүр болды. Ол солтүстікке «лоялды ақсүйек дворяндардан» қолдау іздеп солтүстікке кетіп қалды. Оның астанасына біршама уақытқа Йорк қаласы айналды, бұнда король сарайы толығымен, лордтар палатасының көп бөлігі және революцияның өршіп кетуінен қорыққан төменгі палатаның біршама өкілдері көшіп келді. Өзінің маңына контрреволюциялық элементтерді топтастырған король, дегенмен біраз уақыт бойы

парламентке қарсы соғыс ашу үшін ешбір әскери күшке ие болмады. Алайда Ұзақ Парламент те белгілі бір тұрақты, соғысуға дайын әскерге ие болмады.

Корольдің кетуінен кейін басталған король мен парламент арасындағы хат алмасуда (Лондон мен Йорк) 1642 жылдың алғашқы үш айында басты мәселе милицияны кім басқарады деген болды. Король мен басталайын деп жатқан әскери қақтығыстың тоқтатылуы мүмкін еместігін түсінген парламент 1642 жылы 13 қаңтарда корольдікте «қорғау жағдайын» жариялайтын декларация бекітті. Бұл декларацияда әскери күштерді жинау, әскери қорларды қолдану, қамалдарды қолдану және т.б., тек парламент бекіткен король бұйрықтары арқылы рұқсат етілді. 2 ақпанда парламент корольге Тауэр және де басқа да қамалдарды басқару ісін парламент ұсынған тұлғаларға ғана беруді талап ететін петиция жолдады. Петиция дәл сол күні бірден корольге жеткізілді. Король 7 ақпанда жолдаған жауабында ешқандай анық уәде болмады.

Король парламент ұсынған тұлғалардың қамалдар коменданттары және милицияның лорд-лейтенанттары етіп бекітуге келісті, егер тек парламент олардың компетенциясы, мерзімі және басқа да хұқықтары туралы мағлұматтар беретін болса. Бұған жауап ретінде парламент лорд-лейтенанттардың хұқықтары мен ұсынылған кандидаттардың тізімі белгіленген милиция туралы ордонанс жариялады. Бірақ король жауап беруге асықпады. Тек 28 ақпанда корольдің теріс жауабы парламентке ұсынылды: «Ол (король) құдай берген заңды биліктен бас тарта алмайды және халықты қорғау үшін заң бойынша берілген билікті белгісіз уақытқа басқа біреулерге бере алмайды (Foster, 1989: 140).

Парламент корольдің бұл жауабына ыза болды. Осыған байланысты жарияланған парламенттік резолюция қатаң түрде болды. Оның мазмұны қысқаша мынадай болды: корольдің жауабы парламенттің милицияны ұйымдастыруға қатысты жоспарларына қайшы келеді; корольге парламентке бұндай жауап қайтаруға кеңес берген адамдар – мемлекеттің, корольдің және патшалықтағы бейбітшіліктің қас жаулары болып келеді. Парламент осыдан кейін корольге жаңа декларация жолдады, онда парламент корольдің милиция туралы биліді бекітуден бас тартуынан кейін «қайғылы және көңілсіз» үрейлерін одан әрі ұлғайтып кеткенін хабарлады. Парламент тағы да, ендігі жолы бұрынғыдан да шешімді түрде өзінің қарулы күштерді бақылауға хұқықтары бар екенін білдірді. Корольдіктегі заң

бойынша әскерді жинау, қолдану және басқару билігі тек парламенттің рұқсаты және бұйрығы бойынша іске асырыла алады. 5 наурызда милиция туралы билі корольдің қарсы ветосына қарамастан лордтар палатасынан өтіп заң ретінде күшіне енді (Милль, 2005: 205).

Осы жерде айта кетуге тұрарлық нәрсе ол Карл I Ирланд көтерілісі тұсындағы парламентпен келісімге келіп алу талпынысы болып келеді. 11 сәуірде парламент корольдің Ирландиядағы «бүлікті» жеке өзі басу үшін барғысы келетіні туралы хабар алды. Бұл мақсатта король жаяу және салт атты әскерден 2200 сарбаз жинамақшы болды; қару-жарақ пен оқдәріні Гулльде орналасқан қорлардан алынуы жоспарланды; қаржыны парламент беруі тиіс болды. Бірақ король бұл қалауларында соңына дейін тұрмады. Егер парламент соғысқа кететін шығынды халық үшін тым ауыр деп бағаласа, король өзінің жеке иелігіндегі парктар мен жерлерді немесе сарайларын сатуға немесе кепілдікке беруге дайын екенін жариялады, яғни болашақ экспедицияны өз қаржысымен жаппақшы болды; парламент бұған келіскен жағдайда король милиция туралы билі мәселесінде біршама келісімдерге келетінін білдірді (Лавровский, Барг, 1958: 131).

Қорытынды

Ирландияға жеке басымен бару сылтауымен әскер жинау жоспары тым айқын көрінді. Парламент корольдің Ирландияға кетуіне үзілді кесілді қарсы шықты. Қарсылық Пим құрастырған сыпайы түрдегі петиция ретінде білдірілді. Палата лидеріне тиесілі дәлдікпен, Пим корольдің жасамақшы «сапарының» еш негізсіздігін, қауіпті мен қайғылы соңын нақты пункттер бойынша айқындап берді: 1) Ол король өміріне қауіпті болып келеді; 2) Ол ирланд көтерілісшілерін рухтандырып жібереді, себебі олар король бізді қолдайды деп есептеп қалулары мүмкін; 3) Ол ирланд соғысын жүргізуді қиындатып әрі қымбаттатып жібереді; 4) парламенттің заң шығару ісін қиындатады; 5) халық арасында күмән, шүбәлану мен қорқынышты арттырып жібереді және де 6) король уәде етілгендей парламент ұсынған кеңестерді тыңдауға мүмкіндігін бермейді. Соңында таяп келгенде, петицияда айтылғандай, корольдің Ирландияға өзі барып соғысты жүргізу ісін жеке өзіне алу ол «нашар» король кеңесшілерінің тағы бір жоспары болып келеді, ол парламенттің оң, жөн кеңестеріне қарсы болды.

«Ирландтық жоспардың» сәтсіздікке ұшырауынан кейін Карл I солтүстікте, Йоркширдің шығысында орналасқан маңызды теңіз қамалы Гульдегі әскери қоймаларды тезірек басып алуға итермеледі. Бірақ оның бұл жоспары парламент-

тің шұғыл араласуына байланысты жүзеге аспай қалды. Парламентті қолдаған қамал коменданты Джон Готэм корольдің әлсіз шағын әскери тобынан сәтті қорғанып қамалды парламент үшін сақтап қалды.

Әдебиеттер

- 1 Айзенштат М.П. (2006) Великобритания нового времени. Политическая история. Москва.
- 2 Афанасьев Г.Е. (2006) История Ирландии. Москва: «Ком Книга».
- 3 Барг М.А. (1960) Кромвель и его время. Москва.
- 4 Быкова А.Я. (2002) Рассказы из истории Ирландии (с XII века до наших дней). Санкт-Петербург.
- 5 Джексон Т.А. (1949) Борьба Ирландии за независимость. Москва.
- 6 Лавровский В.М., Барг М.А. (1958). Английская буржуазная революция. Некоторые проблемы английской буржуазной революций 40-х годов XVII века. Москва.
- 7 Милль Дж.Ст. (2005) Англия и Ирландия: пер. с англ. Харьков.
- 8 Foster R.F. (1989) The Oxford History of Ireland. Oxford: Oxford University Press, 1989.

References

- 1 Ajzenshtat M.P. (2006) Velikobritanija novogo vremeni. Politicheskaja istorija. Moskva.
- 2 Afanas'ev G.E. (2006) Istorija Irlandii. Moskva: «Kom Kniga».
- 3 Barg M.A. (1960) Kromvel' i ego vremja. Moskva.
- 4 Bykova A.Ja. (2002) Rassказы iz istorii Irlandii (s XII veka do nashih dnei). Sankt-Piterburg.
- 5 Dzhekson T.A. (1949) Bor'ba Irlandii za nezavisimost'. Moskva.
- 6 Lavrovskij V.M., Barg M.A. (1958). Anglijskaja burzhuaznaja revoljucija. Nekotorye problemy anglijskoj burzhuaznoj revoljucij 40-h godov XVII veka. Moskva.
- 7 Mill' Dzh.St. (2005) Anglija i Irlandija: per. s angl. Har'kov.
- 8 Foster R.F. (1989) The Oxford History of Ireland. Oxford: Oxford University Press, 1989.

3-бөлім
АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

Раздел 3
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

Section 3
ARCHEOLOGY AND ETHNOLOGY

Елеуов М.
**Ортағасырлық
Меркі қаласы**

Мақаланың мақсаты ортағасырлық жазба деректерді және 1983–2016 жылдарда Меркі қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде алынған материалдарды пайдалана отырып қаланың тарихи қалыптасқан топографиялық құрылымын, оның жекелеген бөліктерінің қалыптасу, даму кезеңдерін анықтау, қазіргі экологиялық ахуалын көрсету. Қаланың тарихи құрылымын анықтау үшін А.Н. Бернштам, К.М. Байпақов, М. Елеуов, А.М. Досымбаева, А. Нұржанов, О. Кузнецова, Д. Воякиннің есептері, еңбектері пайдаланылды. Мақалада көтерілген мәселені дұрыс шешу үшін салыстырмалы-типологиялық, жазба деректер бойынша даталау және археологиялық қазбада қолданылып жүрген кең көлемді қазба, стратиграфиялық кесік әдістерінің материалдары пайдаланылды. Мақалада жасалған тұжырымдар Қазақстанның ортағасырлық қалалары туралы ғылыми еңбектер жазу, жоғары оқу орны студенттеріне дәріс оқу кезінде пайдаланылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер ортағасырлық Меркі қаласының қорғау аймағын белгілеуге көмектеседі.

Түйін сөздер: Меркі қаласы, шахристан, цитадель, рабад, қамал, мұнара.

Yeleuov M.
**Medieval settlement
Merke**

The main purpose of this article is on the basis of medieval written sources and material of study of Merke settlement from 1983 to 2016 year to show structure of historical topography, history of development of different parts of town and ecological situation on the site at 2016.

When determining the historical topography of the settlement used works of A.N. Bernshtam, K.M. Baypakov, M. Yeleuov, A.M. Dosymbayeva, A. Nurzhanov, O. Kuznetsova, D. Voyakin. At the article's preparation used next methods: typological, dating on the basis of written sources, excavations by wide squares, and stratigraphy. Article may be used for preparation of the works about medieval archeology of Kazakhstan, lectures at higher educational organizations of the Republic. Materials of scientific research will be used for determination of protecting zone of medieval settlement Merke.

Key words: The city of Merka, Shahristan, the citadel, the discount, the minaret.

Елеуов М.
**Средневековое
городище Мерке**

Основной целью статьи является на основе средневековых письменных источников и материалов, полученных в ходе изучения городища Мерке с 1983 по 2016 годы, показать структуру исторической топографии, историю складывания и развития отдельных частей и современную экологическую ситуацию памятника.

При определении исторической топографии городища были использованы научные отчеты, труды А.Н. Бернштама, К.М. Байпакова, М. Елеуова, А.М. Досымбаевой, А. Нуржанова, О. Кузнецовой, Д. Воякина. В ходе подготовки статьи были использованы такие методы, как: сравнительно-типологический, датировка по письменным источникам и методы, применяемые при археологических раскопках, как: раскопки широкими площадями и стратиграфический разрез. Выводы статьи будут использованы при подготовке работ по средневековой археологии Казахстана и чтении лекций в вузах страны. Материалы, полученные в результате научных исследований, будут использованы при определении охранной зоны средневекового городища Мерке.

Ключевые слова: город Мерки, шахристан, цитадель, рабат, минарет.

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
МЕРКІ ҚАЛАСЫ****Кіріспе**

Меркінің зерттелу тарихы. Ортағасырлық Меркі қаласын 1893 ж. С. Дудин ашып, 1894 ж В.В. Бартольд зерттеген (Бартольд, 1966: 40). 1936 ж. КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институты мен КСРО ҒА қазақстандық бөлімінің Жетісу археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштам) Жамбыл-Меркі аралығында далалық зерттеулер жүргізген кезде Меркі қаласында болып, оның топографиялық құрылымын зерттеп, цитаделінің батыс жағында тазарту жұмыстарын жүргізді. А.Н. Бернштам Меркінің топографиялық құрылымын сыртқы жал, төртбұрышты бекініс, цитадель, цитадельдегі мұнараға бөліп, олардың сақталу барысын көрсеткен (Труды САЭ. Таласская долина. 1949: 130-131). Цитадельдің батыс жағында тазарту жүргізген кезде алынған заттай деректердің негізінде А.Н. Бернштам VII-XII ғғ. кезіндегі Меркі мен Құланның қыш ыдыстарының бір-біріне ұқсас, ал олардың Тараздан өзгеше екенін анықтаған (Бернштам, 1939: 179-180).

1964 ж. Жетісу археологиялық экспедициясының Құлан-Сүмбе тобы (К.М. Байпаков) ортағасырлық Меркі шахристанының (рабадының – М.Е.) солтүстік жағындағы кірпіш зауытына топырақ қазып алу кезінде бұзылған жерде тазарту жүргізіп, VII-VIII ғғ., IX-X ғғ., XI-XII ғғ. кезіндегі мәдени қабаттарды ашқан (Байпаков, 1966: 53-55).

1985 ж. С.М. Киров атындағы ҚазМУ археологиялық экспедициясының тобы (М. Елеуов) Меркі қаласының орталық бөлігін қоршап жатқан қамалдың солтүстік жағындағы бұзылған жерде ұзындығы 12,5 м кесік қазып, онан үш кезеңде салынған құрылыстардың қалдықтарын ашты. 1-кезеңде (VIII-IX ғғ.) 15-20 см пахса қабаттарынан қалыңдығы 3 м қамал тұрғызылған. 2-кезеңде (IX-X ғғ.) қамалдың ішкі жағына қосарлана ені 1-1,5 м жол салынған. 3-кезеңде алғашқы қамалдың сыртына қосарлана қалыңдығы 2 м, үстіне қарай тарыла түскен, қиғаштығы 72-75⁰ қосалқы қамал мен оның сыртындағы көлемі 9×10 м, жобасында трапеция тәрізді мұнара салынған. Қамал мен мұнара қалыңдығы 0,75-1 м пахса қабаттарынан тұрғызылған. Мұнараның сыртындағы ордың ені 6-7 м, тереңдігі 1,5 м (Елеуов, 1999: 155).

1986-87 жж. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының тарихи және мәдени ескерткіштер жинағы экспедициясы ортағасырлық Меркі қаласында болып, оның тарихи топографиясымен танысқан (Байпаков, 2002:200).

2006-2007 жж. Меркі қаласында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының экспедициясы қазба жүргізді (А. Нұржанов). 2006 ж. қазба Шахристанда орналасқан (цитадельдің солтүстік қабырғасына іргелес), көлемі 50×50 м төрткүлде жүргізілді. Көлемі 31×31,5 м қазбадан XIX ғ. 1-ширегінде салынған үлкен аулалы екі тұрғын үй құрылыстарының қалдықтары ашылып, алты бөлменің орны анықталды. Шахристанның батыс жағындағы тік жарқабақтың жиегінен қазылған стратиграфиялық кесіктен VI – XII ғғ. кезіндегі қаладағы тіршілікке қатысты әртүрлі қалыңдықта 18 қабат тіркелді (Кузнецова, Нұржанов. 2009: 75; Воякин, Нуржанов, Кузнецова. 2007: 83-85).

2006-2007 жылғы қазбадан 50-70 м солтүстікте орналасқан төбешікте қазба жүргізіліп, қабырғасы пахсадан тұрғызылған бір ғимараттың бұрышы ашылды. Жоғарғы мәдени қабатқа жататын бұл ғимараттың құрылыстары бұзылып кеткен (Кузнецова, Нұржанов. 2001: 66-78; Нұржанов, Кузнецова. 2007: 166-167).

2016 ж. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) ортағасырлық Меркі қаласының топографиялық құрылымын зерттеп, оның солтүстік рабадында кесік-қазба (қазба 1), солтүстік қамалында кесік (қазба 2), шығыс рабадында байқау қазба (қазба 3) және шахристанның батыс жарқабағындағы бұзылып жатқан құрылыста қазба 1 жүргізді (Ғылыми зерттеу жұмысы жөніндегі есеп, 2016: 18-22).

Меркінің топографиясы

Ортағасырлық жазба деректерде Меркі (Мирки, Бирки) қаласы туралы: «Орта көлемді, бекіністі, цитаделі бар қала. Күмбезді мешіті ертеде шіркеу болған. Әмір Амид – ад-даула Фаик рабадты қала қамалының сыртына салдырды», – деп жазылған (Волин., 1960: 80,82). Меркінің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан тарихи құрылымына алғашқы болып назар аударған А.Н. Бернштам болды. 1936 жылы Меркіде болған ол қаланың негізгі бөлігін: сыртқы жал, төртбұрышты бекініс, цитадель және цитадельдегі мұнара деп төртке бөліп қарастырған. Зерттеуші «сыртқы жал» деп қаланың негізгі бөлігін сырттай қоршаған қамалды (жалды) айтып отыр.

А.Н. Бернштам бойынша төртбұрышты бекіністің көлемі шығыстан батысқа 175 м, солтүстіктен оңтүстікке 130 м, жалпы көлемі 2,27 га (Труды, САЭ. 1949: 130-131).

2006 ж. аралығында ортағасырлық Меркі қаласының орталық бөлігінде, оған іргелес жатқан жерлерде жүргізілген шаруашылық жұмыстары кезінде оның тарихи құрылымы бірқатар өзгеріске ұшыраған. 2006 ж. Меркінің топографиялық құрылымы зерттеліп, инструменттік жобасы түсірілді. Зерттеушілердің пікірі бойынша ортағасырлық Меркінің топографиялық құрылымы орталық бөлік (шахристан, цитадель), рабад, шаруашылық аймақ және ұзын қорғаннан тұрған. Сырты қабырғамен қоршалған рабадтың жалпы көлемі 92 000 м², қабырғаларының ұзындығы шығыста 315 м, оңтүстікте 300 м-ге жуық, батыста 340 м, солтүстікте 300 м. Орталық бөліктің (бұл жерде шахристан айтылып отыр – М.Е.) ұзындығы солтүстікте 380 м, шығыста 275 м, батыста 250 м (Воякин, Нұржанов, Кузнецова. 2007: 82-82).

2006 – 2016 жылдарда ортағасырлық қаланың шығыс жағында орналысқан базардың алаңы батыс, оңтүстік бағыттарында кеңейтіліп, жаңа құрылыстар, автотұрақ салу кезінде қала рабады мен шахристанның шығыс, оңтүстік-шығыс, оңтүстік бөліктері кең көлемде бұзылды және бұзылып жатыр.

2016 ж. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) ортағасырлық Меркі қаласының тарихи құрылымын зерттеп, орталық бөлігінің қазіргі алып жатқан көлемін анықтады. Меркі Шу өңірінің Қазақстан бөлігінде орналасқан ұзын қорғанды бес қаланың (Қысымшы, Аспара, Ақтөбе, Меркі, Құлан) бірі. Ортағасырлық Меркі қаласының топографиялық құрылымы орталық бөлік (рабад, шахристан, цитадель, цитадельдегі мұнара, солтүстік рабад), шаруашылық аймақ және оны сырттай қоршап жатқан ұзын қорғаннан тұрған. Орталық бөліктің сақталған ұзындығы батыста 205 м, солтүстікте 170 м, шығыста 190 м, оңтүстікте 160 м.

Шахристанның қабырғаларының сақталған ұзындығы оңтүстігінде – 160 м, батысында 150 м, солтүстігінде 170 м, шығысында 150 м, оған осы қабырғаның оңтүстік жағындағы базар алаңының астында қалған бөлігін қоса есептегенде 175 м. Шахристанның үсті тегіс, мәдени қабатының қалыңдығы оңтүстігінде 8-9 м, солтүстігінде 6-7 м, оның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан цитадельдің көлемі 60×60 м, биіктігі 4 м. Цитадельді қоршаған жалдың ені 4-5 м, биіктігі 1,5-2 м, оның бұрыштарында және оңтүстік

қабырғасының оңтүстік-батыс бұрышындағы қақпаны екі жағынан қорғап тұрған мұнаралары бар, шығыс қабырғасының ішкі жағын жиектей қазылған ордың ені 13 м, тереңдігі 2 м. Цитадельдің оңтүстік-батыс бұрышында орналасқан мұнаның табанындағы көлемі 20×25 м, үстінде 10×15 м.

Рабаттың шығыс, оңтүстік бөліктері толық базар алаңының астында жатыр. Шахристаннан солтүстікте орналасқан солтүстік рабаттың ұзындығы шығыстан батысқа қарай 160-170 м, солтүстіктен оңтүстікке қарай ені 40-65 м, биіктігі Қарасудың оң жағасында 5-6 м (Ғылыми зерттеу жұмысы жөніндегі есеп, 2016: 17).

Орталық бөліктің сырттай қоршап жатқан шаруашылық аймағы бүгінгі күнде толық бұзылып кеткен, онда орналасқан кейбір құрылыстардың қалдықтары Меркі ауылының көлемінде жүргізілген жұмыстар кезінде кездеседі.

Ортағасырлық Меркінің шаруашылық аймағын қоршап тұрған ені 10-20 м, биіктігі 2 м ұзын қорғанның 5,5 км қалдығы орталық бөліктен шығыста, оңтүстікте сақталған (Воякин, Нұржанов, Кузнецова. 2007: 82-83).

Меркіде 2016 ж. жүргізілген қазбалар

Қазба 1 (кесік-қазба). Қазба солтүстік рабаттың батыс қабырғасында, оның оңтүстік-батыс бұрышынан 50 м оңтүстік-шығыста, Қарасу өзенінің оң жағасындағы жарқабақтың үстіне салынды, координаттары: 42° 52' 28", 073° 10' 12,2". Көлемі 8x8 м қазба жарқабақтың ыңғайына қарай солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа бағытталды. Қазба алаңы жер бетіндегі өсімдік қабатынан тазартылғаннан кейін, ол көлемдері 4x4 м төрт шаршыға (А1, А2, А3, А4) бөлініп, олардың арасында ені 0,5 м жал қалдырылды. Шаршыларды жоғарғы нүктеден (реперден) 0,5-0,6 м тереңдікте қазғанда қазбаның шығыс бұрышынан рабаттағы тіршіліктің соңындағы 1-құрылыс кезеңіндегі ошақ, пахса қабырға (шаршы А2) шұңқыр (шаршы В2) ашылды (қазбадан ашылған құрылыс кезеңдерінің реттік саны жоғарыдан төмен қарай белгіленеді).

Шаршының шығыс бұрышынан ашылған ошақ жартылай бұзылған, оның аумағы 0,55 м, биіктігі 0,25 м. Пахса қабырға солтүстіктен оңтүстікке бағытталған ені 0,4 – 0,5 м, сақталған биіктігі 0,1 – 0,15 м. Шаршы В 2-нің оңтүстік бұрышынан тазартылған шұңқырдың аумағы 1 м, тереңдігі 0,8 м.

Қазбаны одан әрі тереңдету барысында жоғарғы нүктеден 1 м тереңдіктегі еденнің деңгейінен 2-құрылыс кезеңінде малта тастар мен

өлшемдері 10×15, 20×25, 20×30 см тастардан төселген екі алаң ашылды, олардың көлемдері 0,8×2 м (шаршы Б 1), 1×1, 25 м (шаршы В 2).

Қазбаны одан әрі жалғастыру барысында шаршылардың арасындағы жалдар алынып, қазба оңтүстік-батыс бағытында жарқабақтың шетіне дейін кеңейтіліп, оның көлемі 8×11 м-ге жетті. Қазба 1,5 м тереңдікке жеткенде оңтүстік-шығыс жағынан 3-құрылыс кезеңінен сақталған 2 бөлме ашыла бастады. Қазбаның шығыс бұрышында орналасқан 1-бөлменің ені 0,8 м, оның оңтүстік-шығыс қабырғасы 1,2 м, ал оңтүстік-шығыс қабырғасы 2,4 м ұзындықта ашылды. 1-бөлменің оңтүстік-шығыс қабырғасы ортақ 2-бөлме 3×2 м көлемде ашылды, оның қабырғалары ашық-сары түсті пахсадан тұрғызылған. Шығыс бұрыштағы есіктің ені 1 м. Оңтүстік-батыс қабырғаның жиегіндегі шұңқырдың аумағы 1 м, тереңдігі 0,9 м.

1,5 м тереңдіктен бастап қазбаның солтүстік-батыс жағы ұзындығы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 11 м, ені 3 м көлемде табиғи жерге дейін кесік-қазба ретінде жүргізілді.

Кесікті тереңдету барысында 11-шаршының III-IV ярустарынан 4-құрылыс кезеңіндегі биіктігі 0,25-0,75 м пахса қабырға мен 6 шұңқыр ашылды: 1-шұңқырдың аумағы 1,5 м, тереңдігі 0,6 м; 2-шұңқырдың аумағы 0,9 м, тереңдігі 1,85 м; 3-шұңқырдың аумағы 0,8 м, тереңдігі 0,7 м; 4-шұңқырдың аумағы 1,3 м, тереңдігі 1 м; 5-шұңқырдың аумағы 0,9 м, тереңдігі 1,75 м; 6-шұңқырдың аумағы 1,4 м, тереңдігі 1,7 м. Қазба кезінде ашылып, тазартылған шұңқырлар III-V ярустардағы тығыздалған топырақ қабатын ойып қазылған.

Кесікті одан әрі тереңдету кезінде 4-11 шаршылардың VIII – IX ярустары деңгейінен 5-құрылыс кезеңіндегі 3 бөлме ашыла бастады. Бөлмелердің ені 0,9 м қабырғалары көлемі 44-46×22-24×8-10 см кесектен қаланған. 1-бөлменің оңтүстік қабырғасы кесікті сыртында жатыр, ал солтүстік, оңтүстік қабырғалары 3,5 м, шығыс қабырғасы 1,1 м ұзындықта ашылды. Батыс қабырғаның ішкі жағындағы сұпаның ені 1 м, биіктігі 0,2 м, оның жиегіне бір қатар кесек қалап, ортасын бос топырақпен толтырған. Сұпадан 0,75 м жерде, бөлменің ортасындағы жер ошақтың аумағы 0,5 м, тереңдігі 0,2 м.

1-бөлменің солтүстік-шығыс бұрышында, еденнің деңгейінде екі ошақ орналасқан, олардың қабырғалары ұсақ тас аралас қоспадан салынған. Оң жағындағы 1-ошақтың көлемі 0,6x0,7 м, қабырғасының қалыңдығы 0,1 см, сақталған биіктігі 0,3 м. Сол жақтағы 2-ошақтың көлемі 0,6x0,5 м, қабырғасының қалыңдығы

8 см, сақталған биіктігі 0,15 м. Ошақтардың қабырғалары қызғылт үсті, ішінде күл жатыр. Бөлменің ашылған бөлігінде есік орны кездескен жоқ, соған қарағанда есік қазбаның сыртында қалған оңтүстік қабырғада болса керек.

1-бөлмемен оңтүстік қабырғасы ортақ 2-бөлменің тек батыс бұрышы ғана ашылды, оның қалған бөлігі кесіктің сыртында жатыр. 1-бөлмемен шығыс қабырғасы ортақ 3-бөлменің солтүстік-шығыс бөлігі ашылды, оның қалған бөлігі бұзылып кеткен. Ашылған бөлмелердің қабырғалары табиғи жерге төселген қалыңдығы 0,5 – 0,75 м тығыздалған топырақтың үстіне салынған (Ғылыми зерттеу жұмысы жөніндегі есеп, 2016: 18-20).

Кесік 1. Солтүстік рабадтың солтүстік қақпасының солтүстік-шығыс жағындағы қамалдың бұзылған жерінде, негізгі қамалдан солтүстікке бұрылған ені 10 м, сақталған биіктігі 2,4 м, ұзындығы 14 м жал сақталған. Жалдың солтүстік жағы құрылыс жұмыстарына топырақ алу кезінде бұзылып кеткен. Шамасы, бұл солтүстік қақпаға кіре берісті қорғау үшін салынған қосалқы қамалдың қалдығы болса керек (?). Осы жалдың құрылысын анықтау үшін оның солтүстік шетінен ұзындығы 5 м, тереңдігі 3 м кесік салынды. Кесікті табиғи жерге дейін қазған кезде оның үстіндегі 0,2-0,3 м шым қабатының астынан екі кезеңде салынған қамалдың қалдығы ашылды. 1-кезеңде табиғи жерге салынған қамалдың ені 2,5 м. Үш қатар қоңыр түсті пахса қабаттарынан тұрғызылған қамалдың сақталған биіктігі 2 м. 2-кезеңде алғашқы кезеңдегі қамал ақшыл-сары түсті пахсамен қапталып, оның ені 4,2 м-ге жеткен (Ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі есеп, 2016: 20-21).

Қазба 2. Көлемі 1×1,5 м, тереңдігі 1,3 м қазба (байқау қазба) шығыс рабадты солтүстік жағынан қоршап жатқан қамалдан 30 м оңтүстікте, шахристанның солтүстік-шығыс бұрышынан 80 м шығыстағы бетон қоршаудың түбінде қазылды. Қазбадан құрылыс қалдығы кездескен жоқ. Оның жоғарғы жағында қалыңдығы 0,4-0,8 м осы заманғы күл-қоқыс аралас бос топырақ, ал оның астындағы күл, X-XII ғғ. ыдыс сынақтары аралас қалыңдығы 0,35-0,65 м топырақ жатыр (Ғылыми зерттеу жұмысы жөніндегі есеп, 2016: 21).

Шахристан қазба 1. Шахристанның тік батыс жарқабағындағы 2006 жылы А. Нұржанов қазған стратиграфиялық кесіктен оңтүстік-батыста 35 м, 2016 жылы солтүстік рабадтың батыс жарқабағын жиектей қазылған қазба 1-ден оңтүстік-шығыста 60 м жердегі жартылай бұзылған құрылысты ашу үшін ұзындығы 10 м, ені оңтүстік-батысында

1,5 м, оңтүстік-шығысында 3 м қазба салынды. Биіктігі 5 м жарқабақтың батыс бетін бос топырақ, құландыдан тазартқан кезде, жардың үстінен 2,5 м тереңдіктен оңтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған ұзындығы 3,5 м бөлменің батыс бөлігі 0,8-1 м аралықта ашылды. Бөлменің ішін пахса аралас топырақ құландыдан тазартқан кезде онан VIII–IX ғғ. кезіндегі ыдыстардың ұсақ сынықтары, қатты тотыққан металл заттың қалдығы табылды. Бөлменің пахсадан қаланған қабырғасы 0,9 м биіктікте сақталған. Осы бөлменің батыс бұрышынан ені 0,4 м, биіктігі 0,6 м, табаны батысқа қарай қиғаш болып келген оқ ататын қуыс (терезе) ашылды. Оқ ататын қуысы бар бөлменің қабырғасының сыртқы жағы 2,5 м тереңдікте (табиғи жерге дейін) қазылып, шахристанды батыс жағынан қоршап тұрған қамалдың сырты 10 м аралықта ашылды. Пахса қабаттары мен кесектен қаланған қамалдың қалыңдығы анықталған жоқ.

Қамалдың бұрылған жерінде тұрған бір бұрышында оқ ататын қуысы бар мұнара бұзылған. Оның сақталған бөлігінің өлшемдеріне қарағанда аумағы 4 м-ге жуық, мұнара қамалдың қабырға сызығынан 2 м сыртқа шығып тұрған (Ғылыми зерттеу жұмысы жөніндегі есеп, 2016: 21-22).

Қорытынды

Ортағасырлық Меркі қаласында 2016 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қаланың тарихи қалыптасқан құрылымының орталық бөлік (шахристан, цитадель, цитадельдегі мұнара, солтүстік рабад), шаруашылық аймақ және ұзын қорғаннан тұрғаны белгілі болды, олардың осы күнгі экологиялық ахуалы анықталды. Солтүстік рабадта жүргізілген кесік-қазба VI – XII ғғ. кезінде өмір сүрген рабадтың бес кезеңдегі құрылыстарын ашты. Солтүстік рабадтың солтүстік қақпасын сырттай қоршап тұрған қосалқы қамалға салынған кесік оның екі кезеңде салынғанын анықтады, 1-кезеңдегі қамалдың ені 2,5 м, ал 2-кезеңде – 4,2 м болған. Шығыс рабадта қазылған байқау қазба рабадтың осы бөлігіндегі мәдени қабаттың қалыңдығы 0,35-0,65 м екенін анықтады. Шахристанның батыс жарқабағында жүргізілген қазба 1-ден оны қоршап тұрған қамалдың сыртындағы мұнараның оқ ататын қуысы бар бөлмесі ашылды.

2016 жылы Меркі қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында ортағасырлық ұзын қорғанды қаланың тарихи құрылымына, даму кезеңдеріне, бекніс жүйесіне қатысты құнды деректер алынды.

Әдебиеттер

- 1 Байпаков К.М. (1966). Средневековые города и поселения Семиречья (VII-XII вв.). Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Алма-Ата. 218 с.
- 2 Байпаков К.М. (2002). Мерке қаласының орны. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер Жиынтығы. Жамбыл облысы. Алматы: РМК «ММЕ ҒЗЖИ». Т.2. 200-203 б.
- 3 Бартольд В.В. (1966). Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. Сочинения. Москва. Т.IV. С. 21-91.
- 4 Бернштам А.Н. (1939). Археологические работы в Казахстане и Киргизии. ВДИ. № 4 (9). С. 169-181
- 5 Волин С. (1960). Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах. Труды Института истории, археологии и этнографии АН Каз ССР. Т. 8. С. 72 – 92.
- 6 Воякин Д.А., Нуржанов А.А., Кузнецова О.В. (2007). Исследования городища Мерке. Известия НАН РК. Серия общественных наук. №1 (253). С. 81-93.
- 7 Ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі есеп. Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық ұзын қорғанды қалалары (аралық) (2016). Алматы. 71 б.
- 8 Елеуов М. (1999). Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI-XIII ғ. басы). Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. 360 б.
- 9 Кузнецова О.В., Нұржанов А.А. (2009). Средневековый город Мерке (Мирки). Альбом. Алматы. 90 с.
- 10 Кузнецова О.В., Нұржанов А.А. (2011). Меркі қала жұрты. Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Меркі ауданы. Алматы. Б. 66-78.
- 11 Нұржанов А.А., Кузнецова О.В. (2008). Археологические раскопки городища Мерке в полевом сезоне 2007 года. Известия НАН РК. Серия общественных наук. №1 (254). С. 165-171.
- 12 Труды Семиреченской археологической экспедиции (1936-1938 гг.) Таласская долина Составлена под общей редакцией проф. А.Н. Бернштама. (1949). Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР. 180 с.

References

- 1 Bajpakov K.M. (1966). Srednevekovye goroda i poselenija Semirech'ja (VII-III vv.). Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Alma-Ata. 218 s.
- 2 Bajpakov K.M. (2002). Merke қаласының орны. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер Жиынтығы. Жамбыл облысы. Алматы: РМК «ММЕ ҒЗЖИ». Т.2. 200-203 б.
- 3 Bartol'd V.V. (1966). Otchet o poezdke v Srednjuju Aziju s nauchnoj cel'ju 1893-1894 gg. Sochinenija. Moskva. T.IV. S. 21-91.
- 4 Bernshtam A.N. (1939). Arheologicheskie roboty v Kazahstane i Kirgizii. VDI. № 4 (9). S. 169-181
- 5 Volin S. (1960). Svedenija arabskikh istochnikov IX-XVI vv. o doline reki Talas i smezhnyh rajonah. Trudy Instituta istorii, arheologii i jetnografii AN Kaz SSR. T. 8. S. 72 – 92.
- 6 Vojakin D.A., Nurzhanov A.A., Kuznecova O.V. (2007). Issledovaniya gorodishha Merke) Izvestija NAN RK. Serii obshhestvennyh nauk. №1 (253). S. 81-93.
- 7 Fylymi-zertteu zhұmysy zhөnindegі esep. Shu-Talas өңірлерінің ортағасырлық ұзын қорғанды қалалары (аралық)(2016). Алматы. 71 б.
- 8 Eleuov M. (1999). Shu-talas өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI-XIII ғ. басы). Tarih ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. 360 б.
- 9 Kuznecova O.V., Nұrzhанov A.A. (2009). Srednevekovyj gorod Merke (Mirki). Al'bom. Алматы. 90 s.
- 10 Kuznecova O.V., Nұrzhанov A.A. (2011). Merki қала zhұrты. Zhambyl oblysy тарих zhөне мәдениет eskertkishteriniң zhинағы. Merki ауданы. Алматы. Б. 66-78.
- 11 Nұrzhанov A.A., Kuznecova O.V. (2008). Arheologicheskie raskopki gorodishha Merke v polevom sezone 2007 goda. Izvestija NAN RK. Serija obshhestvennyh nauk. №1 (254). S. 165-171.
- 12 Trudy Semirechenskoj arheologicheskoy jekspedicii (1936-1938 gg.) Talasskaja dolina Sostavlena pod obshhej redakciej prof. A.N. Bernshtama. (1949). Alma-Ata: Izd. А N Kaz SSR. 180 s.

Қалшабаева Б.К.

Халық медицинасындағы діни наным-сенімдердің семиотикасы мен семантикасы

Автор мақалада халықтық емдеу тәсілдеріндегі діни сенім нанымдардың семиотикасы мен семантикасын көрсетуді мақсат етеді. Сондықтан мақалада халық медицинасындағы исламға дейінгі және исламмен байланысты діни сенім-нанымдардың мән-мағынасын ашуды міндет етеді. Мақалада қазақ халқының ілім-білімдер жүйесінің бір саласы халық медицинасындағы емдеу тәсілдері, ондағы қолданатын діни наным-сенімдер жөнінде жазылады. Халықтық емдеудің діни сенім-нанымдарға негізделген түрлері жүйеленіп берілген. Автор халық медицинасы негізіндегі емдеу тәсілдерінің діни наным-сенімдермен байланыстылығын, емдеу түрлерінде қолданылған тәсілдердің семиотикалық және семантикалық мән-мағынасын көрсетеді. Мақаланы жазу барысында автор тарихилық, емдеу түрлерін көрсетуде салыстырмалы-талдау әдістеріне сүйенген. Мақала қазақтың халықтық ілім білімдерімен таныстырып, емдеудегі наным-сенімдердің исламға дейінгі және исламмен байланыстылығын ажыратуға, ал енді кейбір емдеу түрлерінің әлі күнге дейін жалғасуда екендігін көрсетеді.

Түйін сөздер: халық медицинасы, халықтық ілім білімдер, діни сенім нанымдар, семиотика, семантика.

Kalshabayeva B.K.

Semiotics and semantics of religious beliefs in traditional medicine

In article the author sets as the purpose to show semiotics and semantics of religious beliefs in aspect of traditional medicine. A task is detection of value of the pre-Islamic and connected with Islam religious beliefs in traditional medicine. In article one of the directions of national knowledge – traditional medicine features of treatment, and application of religious practices during it is considered. The types of treatment based on religious beliefs have been systematized. The author considers communication of the treatment applied in traditional medicine with religious beliefs, analyzes semiotics and semantic value of treatment. When writing article the author is based on the principle of historicism, and in the analysis of types of treatment by a comparative and analytical method. Article acquaints with the Kazakh national knowledge, differentiates the types of treatment originating since pre-Islamic times and which have appeared with the statement of Islam and also, considers some types of traditional medicine which exist still.

Key words: traditional medicine, national knowledge, religious beliefs, semiotics, semantic.

Қалшабаева Б.К.

Семиотика и семантика религиозных верований в народной медицине

В статье автор ставит целью показать семиотику и семантику религиозных верований в аспекте народной медицины. Задачей является выявление значения доисламских и связанных с исламом религиозных верований в народной медицине. В статье рассматривается одна из областей народного знания – народная медицина, а также особенности лечения, и применение в ходе него религиозных обрядов. Были систематизированы виды лечения, основанные на религиозных верованиях. Автор рассматривает связь лечения, применяемого в народной медицине с религиозными верованиями, анализирует семиотическое и семантическое значение лечения. При написании статьи автор основывается на принципе историзма, а при анализе типов лечения на сравнительно-аналитическом методе. Статья знакомит с казахскими народными знаниями, разграничивает виды лечения, берущие начало с доисламских времен и появившиеся с утверждением ислама, а также, рассматривает некоторые виды народной медицины, которые существуют до сих пор.

Ключевые слова: народная медицина, народные знания, религиозные верования, семиотика, семантика.

**ХАЛЫҚ
МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ
ДІНИ
НАНЫМ-СЕНІМДЕРДІҢ
СЕМИОТИКАСЫ МЕН
СЕМАНТИКАСЫ**

Кіріспе

Әр халықтың тарихында қалыптасқан дәстүрлі мәдениеті, этникалық сана-сезімі, ұлттық менталитеті болатыны сияқты, соған сәйкес қалыптастырған дәстүрлі дүниетанымы, этникалық мәдениеті болады. Қазіргі этнографиялық ғылыми зерттеулерде қазақ халқының ілім-білімдер жүйесін зерттеу мәселелері өзекті тақырыптарды құрайды. Бірақ бүгінде мұндай тақырыптарды зерттеу кемшін деуге болады. Оның ішінде қазақ халқының ілім-білімдер жүйесіндегі наным-сенімдердің семиотика, семантика мәселелерін қарастыру көп қолға алынбай келе жатқан тақырыптар. Дегенмен де ҚР БЖҒМ гранттық қаржыландыруымен № 4633/ГФ4 «Қазақтың дәстүрлі наным-сенімдері және онымен байланысты салт-дәстүрлерді тарихи-этнографиялық, семантико-семиотикалық және мәденигенез тұрғыда зерттеу» ғылыми жоба аясында мақалалар жазылуда. Қазақ халқының халықтық ілім-білімдері жүйесінде халық медицинасының да алатын орны бар. Бұл мақалада біз халықтық емдеу тәсілдеріндегі діни сенім-нанымдардың семиотикасы мен семантикасын көрсетуді мақсат ете отырып, халық медицинасындағы исламға дейінгі және исламмен байланысты діни сенім-нанымдардың мән-мағынасын ашуды міндетке алдық. Халық медицинасы – этнографиялық құбылыс, әрбір халық ғасырлар бойы күнделікті өмір тәжірибеден алған халықтық ілім білімдерімен өздерінің өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысқан. Сондықтан да өздерінің халық медицинасын, ветеринариясын, астрономиясын қалыптастырған. Соның ішінде халық медицинасына тоқталсақ, оны магиялық және эмперикалық медицина деп екі үлкен топқа бөліп қарастырған жөн. Сиқыр мен тылсымға сүйенген халық емшілігін магиялық медицина деп, ал эмперикалық медицинаға – бірнеше мыңдаған жылдардағы тәжірибе негізіне сүйенген халық емшілігін жатқызамыз. Қазақтың халықтық медицинасында дәстүрлі медицинаның бұл екі түрі де кездеседі.

Халық медицинасындағы емдеу тәсілдері және семиотикалық және семантикалық мәні

Қазақтың халық медицинасында магиялық және эмперикалық емдеу тәсілдері кездеседі. Мистика мен магияға, яғни, тылсым мен сиқырға сүйенген емдеу жолдарын бірнеше түрге: үшкіру, ұшықтау, қақтыру, көшіру, т.с.с. бөліп қарастыруға болады. Соның ішінде үшкірумен емдеу тәсіліне келетін болсақ, күнделікті өмірде нақтылы көріп жүрген емдеудің бұл түрін көбінесе қарт діндар адамдар жасайды. Үшкіруді кейде «дем салу» деп те атайды. Бұл ем негізінен құран сөзін, аятты айту арқылы жүргізілгендіктен ислам дініне негізделген деп бағалауға болады. Үшкіру әртүрлі мағынада қолданады. Мәселен, халық арасында тіл, көз тиген балаларға үшкіртіп алу делінсе, ал жаны қысылып, көз жұматын адамға жеңілдік болсын деп, «дем салдыртып» алу, т.с.с. ұғымдар бар. Көп жағдайда «Үшкіруді» немесе дем салуды көбінесе кешқұрым, науқастың әлі біткен шақта жүргізеді. Үшкіруші немесе дем салушы науқастың жанына отырып, оның жағдайын байқағаннан кейін белгілі бір аятты сыбырлап айтып аурудың бетіне «сүфф, сүфф», деп 3 рет үрлейді. Бұл тынысы тарылып, демі біте бастаған адамға дем береді. Халық емшілерінің түсінігі бойынша, құран сөзі қасиетті сөз, сондықтан, аятты оқып бетке үрлегенде бойға күш бітеді, еңсені басқан ауру мен уайым қайтады (Алдашев, Әлімханов, 1992: 89). Осылайша, үшкіру емі хал үстінде жатқан адамның көңіліне демеу болып, оның бойында үміт отын тұтатады. Сырқат адамның кеселінен айығып кетуі ықтимал деген сенімін күшейте түседі.

Магиялық емдеудің келесі бір түрі ұшықтау. Емнің бұл түрін әдетте халық емшілері, тәуіптер мен қарт кісілер қолданған. Әдетте, бұл аурумен көбіне тамақтан ұшынған адамдар ауырады. Оның ыстығы көтеріліп, басы сырқырап ауырып, жүрегі айниды. Оны кешке, күн бата бастағанда күнмен таластырып, немесе таңертең, күн шыға бастағанда емдейді. Ұшықтаушы сырқат адамды оңтүстікке қаратып отырғызады да, бір тостағанға су құйып, оның ішіне үш түйір бұрыш пен үш түйір қалампыр салады. Біраздан кейін бұрыш пен қалампырдың иісі шыға бастағанда емші судың дәмін татады да, ештеңеге көңіл бөлмей жайбарақат отырған науқастың бетіне кенеттен қатты бүркіп жібереді. «Кет бәлекет, кет, шық бәлекет, шық» дейді. Содан кейін, тостағанды науқасқа көрсетпей, шамалы одан алысырақ жерге төңкеріп тастайды, оған ертеңіне дейін

ешкімді тигізбейді. Сырқат бетіне бұрыш пен қалампырдың иісі бар су бүркілген кезде, «селк» ете түседі де, оның денесі тітіркенеді. Осы тітіркену үстінде ол емшінің айтқан сөздерін естиді. Терісі түрпілене бастаған ол, расында бойынан ауру шыға бастағандай сезінеді. Осыдан кейін ауруды дереу төсекке жатқызып, оның үстін «тоғыз қабат» көрпемен жаптырып тастайды (Әбдіраман, 2002: 31).

Емнің «ұшықтау» деп аталуы халық емшілерінің түсінігінше, «ұшық тию» деген ауру көбіне беті ашық асты ішкендіктен, оны таза, адал етіп ішпеуден не бір астан ұшынғаннан пайда болады. Дұрыс сақталмаған, ашық қалған асқа жыншайтан тиіп, сол асты ішкен адамға ұшық тиеді деп түсінген. Бұл жерде, қазақ халқының дұрыс сақталмаған астан ауруға шалдығуы мүмкін екендігін байқағанын аңғарамыз. «Ұшығуда» көбіне адамның ерніне немесе бетіне бөрпе шығады. Оны «ұшық шығу» дейді. Оны осы күнгі медицина тілімен айтқанда «герпес» деп аталады. Науқастың ыстығы көтеріліп, сүйек-сүйегі, басы сырқырап ауырады. Оны тезірек айықтыру үшін ұшықтайды. Осыдан кейін оның аузынан ұшық шыққаннан соң ғана сырқат тәуір бола бастайды. Ұшықтаудың да орындалатын бірнеше тәсілі бар. Мәселен, қаперсіз жатқанда су бүркіп шошыту, не күн батар алдында құбылаға қаратып ұшықтау, т.с.с. жалпы ауру адамды шошытып, денесін тітіркендірту, сонда дененің тітіркеніп, терінің түрпіленуімен байланысты ұшықтың шығуы деп түсінген. Ерінге, ауызға ұшық шығу, халықтың түсінігінше, сырқаттың қайтқаны деп есептелген.

Ауруы асқынған, не емге беріле қоймаған кей науқастарды ауруы күшті деп, «көшіру» тәсілімен емдейді. Оны көбіне молдалар, бақсылар жүзеге асырады, ол көбіне ауру бойындағы сырқатты басқа нәрсеге аудару мағынасында істелетін шара. Онда көбіне жылқы, түйе, сиырдың бас сүйегін бояумен сырлап, елден аулақ сырт жерге апарып тастайды немесе қуыршақ жасап ауру кісінің орнына жатқызады. Солай еткенде, ауру бас сүйекке немесе қуыршаққа ауысады деген сенімде болған. Көшіру емі сырқаттың бойындағы ауруды басқа жаққа ауыстыруға бағытталған. Халық емшілері көшірудің әр түрлі жолдарын білген. Соның бірінде науқас адам түйенің жілігін кеудесіне қысып, салқын суға үш рет сүңгиді. Үшінші рет сүңгігенде, науқас сүйекті су түбінде қалдырып кетуі тиіс. Сонда ауру түйенің жілігіне көшіп, су астында қалады. Бұлайша емдеу сиқырлық ұғыммен тығыз байланысты. Көне заманнан келе жатқан аңыз-әңгімелер бойынша түйе адамға қорғаныш

болған. Үш санына да сиқырлы қасиет таңылған (Тоқтабай, Сейтқұлова, 2005: 158).

Аурудан құтылудың тағы бір әдісінде науқас адам қара сиырдың жатқан жеріне аунауы немесе қой арасына жатып ұйықтауы тиіс. Сонда ауру оның бойынан малға көшеді. Ә.Т. Төлеубаевтың еңбегінде: «Көшіру салты бойынша, сары қасқа теке не осындай белгісі бар қара қойды сояды. Барлық сүйектерді еттен ажыратып малдың терісіне жинайды, ал етті пісіріп, ауыл тұрғындарына «құдайы» ретінде таркатады. Дәстүр бойынша бұл еттен бақсы мен науқас қана дәм татпайды. Содан соң бақсы науқасты және теріге оралған сүйектерді үлкен жолдың бойына алып барады. Жолдың бойына бақсының көрсетуімен жақын етіп екі ошақ қазылады. Бұл ошақтардың арасын біріктіретін қабырғада адам өтетіндей етіп ойық жасалады. Бақсы науқасты осы ойық арқылы үш рет кіргізіп, шығарады. Осыдан соң малдың терісіне оралған сүйектерді қалдырып, бақсы мен науқас ауылға қайтады. Бұл емдеу әрекеттерінен соң науқастың барлық киімдерін бақсы өзіне алады», – деп көрсетіледі (Төлеубаев, 1991:128). Бұл емдер көне заманнан келе жатқан анимизм ұғымдарына негізделген. Онда ауру да жаны бар, сезімі бар зат сияқты қаралады. Аурудың бейнесінде адамға ұқсастық та бар сияқты көрінеді. Арнаулы әдебиетте бұны антропоморфизм дейді, яғни адамға ұқсастық деген ұғымға жақын.

Егер ауру көшіруге көнбесе қорқытып, науқастың бойынан ауруды қуып шығуға тырысқан. Ол үшін де әртүрлі амалдар қолданған. Соның бірінде қатты ауырып жатқан адамның басынан асыра кенеттен мылтық атқан немесе оның қойнына тірі тышқанды салып жіберген, суық су бүріккен. Осылайша, ауырып жатқан адамды шошыту арқылы да, оның бойындағы ауруды «қорқытып» қуып шығуға тырысқан. Некен-саяқ болса да кейбіреулердің халі осындай емнен кейін едәуір тәуірленген. Оның себебі, осы күнгі ғылыми көзқарас бойынша кенеттен адамға қатты әсер ету салдарынан пайда болатын психологиялық күйзелістен адам ағзасында өзгерістер болады. Психологиялық күйзеліс адам ағзасындағы ауруға қарсы тұрып, тыныш жатқан күштерді оятуы, содан ішкі бездердің қызметін жандандыруы мүмкін. Халық ыстығы көтеріліп науқастанған адамды шешіндіріп қойып, оның дәл басынан жоғары жерден ақсарбас қойды бауыздайды. Сонда қойдың қаны аурудың басынан бүкіл денесіне жайыла ағуы тиіс. Бұлайша аққан қойдың қаны аурудың бойындағы бүкіл сырқатты әрі қарай алып кетеді деп түсінген.

Сол сияқты ауруды тауыққа көшіру, т.с.с. халық медицинасындағы наным-сенімдер жеткілікті. Жоғарыда айтып өткен емдеу тәсілдерінен басқа қақтыру тәсілі де бар. Бұл ем «қағынды» деген ауруды емдеу үшін қолданылады. Ертеде «қағынды» деп ұзаққа созыла бастаған, әрдайым ыстығы көтеріліп, әлсіреуге жеткен, шамасы мүшкілдене бастаған науқастардың ауруын атаған. Сырқаттың «қағынды» (аурудың ушығып кетуі) делінуі, бұған ұшыраған адамды «жын-шайтандардың» соғуы, деп түсінеді. Қағындыны да ырыммен емдейді, ол ырым емді қақмақ дейді. Емнің аты айтып тұрғандай, денеге жабысқан ыбылыстан қағып тазарту, деп ұғынылады. Қағындыға шалдыққан адамды жаңа сойылған малдың өкпесімен сабалайды (Уалиханов, 1985: 176). Ауру адамды отырғызып, оны тоқылған шимен қоршайды. Содан кейін бір ешкіні бауыздап, оның терісін де сыдырмастан, өкпесін жылы қалпында алып, қаны сорғалаған түрінде сырқатты қоршап қойған қоршауға: «Ем бол, ем бол, шипа бол!» – деп, бес немесе жеті рет қаққылайды. Осылайша, жаңа алынған өкпені шиге қаққылап болғаннан кейін ауруды орнынан тұрғызып, оған бес түрлі киімді белгілі бір ретпен жамылдырады. Алдымен көрпе, одан кейін қамзол, шапан, орамал, ең соңында қол орамал жауып, төсекке жатқызады. Егер малдың өкпесі шиге қаққаннан кейін қарайса және одан кейін науқас терлей бастаса, онда емнің қонғаны деп күткен (Сахабат, 1996: 17).

Ауруды бірдеңеге ұқсатып емдеу көне замандарда қолданған. Тұрпайылау болып келетін бұл емдеу түрі – бір нәрсе екінші бір нәрсеге ұқсас болса, ол екеуінің арасында тығыз байланыс болады, деп ұғынудан туған. Мысалы, безгекпен ауырып, денесі дірілдеген адамды емдеу үшін судан шортан ұсталып әкелінеді. Содан кейін, жаны әлі шықпаған, денесі қалшылдап (тыпырлаған) шортанды сырқат адамның басына ұстап тұрып, пышақпен кескілейді. Сөйтіп, бұдан денесі дірілдеп тұрған сырқат пен тыпыршыған шортаннан «ұқсастық табады». Шортан денесінің тыпыршып қалшылдауы тоқтасымен, аурудың дірілі де тоқталып, ол сауығады деп түсінген (Алдашев, Әлімханов, 1992: 88).

Егер біреуді жылан шақса оның емі – құрықты үш рет тістеп, «Ем бол! Ем бол!» деумен тынады. Бұның мәнісі: жылқышының тақымындағы құрық оның жанында сүйретіліп-сырғанап, жыландай жылжығанды еске түсіретіндігінде. Содан кейін «Жылан мені тістесе, мен оны тістедім» дегенді білдіреді. Осылайша зияндық зардабын ұқсастықпен қайтару ойлап табылған (Тоқтабай,

Сейтқұлова, 2005: 159). Жылан шаққанды емдеудің тағы бір жолы мынадай. Шаққан жыланды ұстап алады да, оны арқанмен немесе жіппен қазыққа бір күн бойы байлап қояды. Жыланның маңына түнде мал жатқызады. Бұл түсінік бойынша жылан малдың тіс шықырлатқанын көтере алмағандықтан қатып қалады. Егер осыдан жылан қатып қалса, оның шаққан уы да қайтады. Бұл ем де ұқсастықты ұқсастықпен емдеуді еске түсіреді. Жылан шаққандарға кейде бүркіттің шикі миын: «ем бол, ем бол!» деп жеуді де ұсынады. Сонымен қоса, жылан шаққан адамға бір жыл бойы өзеннен өтуге тыйым салынады. Егер біреуді құтырған ит-құс қауып алса, ол әйелдің екі аяғының арасынан өтуі тиіс деп ұсынылады. Ел ішінде бүйінің, қарақұрттың, жыланның шағуынан емдеуші, соны кәсіп қылатын адамдар да болған. Оларды арбаушы деп атаған. Арбаушы адамды шаққан жыланды ұстап алып, оны арбаған. Егер оның арбауы нәтижелі болса жылан өліп қалады да, ол шаққан адам жазылып кетеді деп сенген.

Ұқсастықты пайдаланып емдеудің тағы бір түрі – қояншық ауруын емдеу. Қояншықпен ауырған адам даладан тірі қоянды ұстатып алып, оның кеудесіне қысып отыруы тиіс. Ол өзінің халі жақсарғандай сезінген кезде, қоянды босатып жіберуі керек. Емнің негізі ұқсастықтан туған. Яғни қояншық пен қоян деген сөздердің ұқсастығында болып отыр. Қояншықты қоянмен емдеу арқылы ауруды соған көшіру. Қояншықты емдеудің басқа бір жолында алдымен құранның бір аятын оқиды да, сонан кейін қоянның басын қайнатып алып, оның сорпасымен аурудың денесін жуады. Сонымен қоса, қоянның басы мен миын әлгі сырқатқа жегізеді. Ұқсасты ұқсаспен емдеу шарты ұзаққа созылған өкпе ауруына шалдыққандарды да емдеуден көрініс табады. Ол үшін аурудың жынысына лайықты, түсі көк қойды мал ішінен тандап алып сояды да, оның өкпесін кеңірдегімен суырып алады. Көкжөтелге ұшырағанды шешіндіріп жаңағы көк қойдың өкпесімен кеудесін қағады. Сонымен қатар, қойдың өкпесін қатты қызған темірдің үстіне ұстап, ол шыжығанда шыққан буды науқастың бетіне қарай үрлейді. Үрлей отырып: «Ем бол! Шипа бол!» деу керек. Біз емдеудің бұл түрінен үшкіру, қақтыру және көшіру тәсілдерінің де орын алғанын байқаймыз (Васильев, 1996: 149-150).

Емнің тағы бір түрі науқасты тікелей сендіре отырып емдеу. Мысалы, көзге шыққан теріскен, шиканды емдеу үшін пайдаланылмаған жаңа инені алады да, оған жіп сабақтап, шикан шыққан

адамның бас киіміне, ине ұшы көздің деңгейіне дәл келтіріліп ілінеді. Көзінде теріскені, шиканы бар адам иненің ұшына көзін салып, осы бас киімін шиканы кеткенше киіп жүреді. Теріскенді, шиканды емдеудің басқа бір түрінде көзді зәм-зәм суымен жуады. Зәм-зәм суын киелі, әулиелі орындардан, өзен, көлдерден алынған сулармен көзін жуса көз ауруы жазылады деп сенген.

Халық ықылық тиюді басуды өзін-өзі сендіру жолымен дәл тапқан. Ол үшін ықылық басталысымен дауыстап санай бастайды. Бірінші ықылықта «бірден», екінші ықылықта «екіден», үшінші ықылықта «үштен» деп, және әрі қарай ықылыққа ден қоя санай береді. Осылай еткенде ықылық басылып қалады. Міне, бұл адамның өзін-өзі сендіруінің нәтижесі.

Сендіріп емдеу, көбінесе оған сиқырлы мағына телу арқылы жүргізіледі. Біздің бақылауымыз бен зерттеулеріміз сиқырлы мағына бере сендіру тікелей сендіріп емдеуден күштірек екенін айқындады. Мысалы, молданың қояншық ауруы бар адамды емдегенін алайық. Мұндай ауруды емдеу үшін молда қағазға құранның белгілі бір атын жазып, оны ұнтақтайды да, ауырған адамға ішуге береді. Бұл да негізсіз емес. Қояншық ауруының да кейбір түрі сендіріп емдеуге көнеді. Әлгі айтылған емдер негізінен екі түрлі сендіру жолымен жүргізілгенін көрдік. Оның біріншісі – құранның аятына, оның қасиетіне сендіру түрінде де, екіншісі аят жазылған қағаздың ұнтағын ішуде пайда болатын нақтылы әсерге сену түрінде. Біз шын, таза көңілімен құранға сенген адамды аят айтып емдегенде, ол емнің соған шипа болуын жоққа шығара алмаймыз. Өйткені сенімнің адам өмірінде алатын орны зор.

Магиялық емдеудің тағы бірі, бұл – тіл мен көз сұғын емдеу. Тіл мен көз сұғы туралы ата-бабаларымыз ерте кезден білген. Оған шамалары келгенше қарсы ем-дом жасаған. Бұл жөнінде Ө. Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баянында» жақсы келтірілген. «Сұғы барлар қылықты, бітісі әдемі, жаратылысы сүйкімді баланы көріп, «Паһ» десе болғаны, келесі сол уағынан қалмай шетінемек, мұны көзімізбен көрдік. Бірақ мен дарымаған шипа ем дарым шәруаты дарымдылығы алғысыздықпен тыным тапқандығы өзіме аян. Бұл көз сұғы болсын, тіл сұғы болсын, кейбіреулер таңданса, кейбіреулер ызаланса, сұғын қадауы мүмкін. Халық арасында осындай жағдайда сұғы тиген адамның өзін тауып, өз сұғын өзіне қайтартса, айығуы мүмкін. Оған қарысса көз сұғы бар, тіл сұғы бар адам қырық күнге дейін оңала

алмай, нәумезденіп, есін толық жия алмайды. Көз сұғы бар адамның көзі ішінде не көз маңдайында қара қал не меңдеме көз көрігі болмақ. Оның көз қарашығы жалынды, қарауы сұсты, өткір, жанары қара болмақ. Ал тіл сұғы барлардың ауыз айналасы, ерін, ұрт маңында мең не қалы болады. Тілінде өте-мөте өзектік, немесе тілінде теңбіл не қал сүрей болмақ деп көрсеткен шипагер бабамыз (Тілеуқабылұлы, 1996: 23-25). Көз тигенде көз қуаты кетіп, әлсіреп бей-жай бір халге түседі. Ал бала болса, қолды аяққа тұрмай шырылдайды, шыңғырып жылай береді. Көз өтіп кетіп, дер кезінде емделмесе, баланың өліп кетуі де мүмкін. Сондықтан осындай сақтанып, жас балаға адамның назарын өзіне аудару үшін жылтырақ заттар, көзмоншақ, үкі, т.б. тағып қояды. Көз тигенде сау адам бірден әлсіреп қалмауы да мүмкін. Көз тию көбіне қараған адамға да байланысты болып келеді. Қызғаншақ, іші тар, аш көз адам ішіп жеп қарағанда, адамның денесін қоршап тұрған биоөріс қабатын тесіп өтіп, бойындағы тіршілік қабатын сорып алады. Кейбір адамдардан сақтанып, «Байқандар, көзі өтіп кетеді», деп жаңа туған нәрестені жасырып жататыны сондықтан. Ондайларды – энерговампирлер деп, ал халық арасында дуагерлер деп атайды. Көз тигізбеудің тағы бір амалы – адамға қарағанда да, мақтағанда да «Тіфә, тіфә, тілім тасқа тисін» немесе «тіл көзден аман болсын» деп айтып отыруы керек (Парманов, 2009: 134). Көз тигенді кетіру үшін ағашқа мақта орап, оны майға майлап, Құран аяттарын оқи отырып, «Көш, көш» деп ауруды үш қайтара айналдырып, адам аяғы баппайтын жерге лақтырып тастау керек. Аластау дегеніміз отпен, шырақпен, Құранның қасиетті сөздерін үш мәрте қайталап, адамды айналдыруды айтады, ал ащылау деп тұзбен немесе күлмен ауру баланың бойынан жүргізіп шығуды айтады. Сондай-ақ, ішіріткі, бойтұмар да көз тюдан сақтайды. Тек оларды аяққа баппай, жерге тастамай, әжетханаға алып кірмей, ұқыптап сақтау керек.

Ата-бабаларымыз тіл-көз тиюді аса қатерлі, ем қонуы қиын деп ұққандықтан да, атын тура айтудан қаймыққан. Көбіне «ит тиген» деп астарлап ғана сөз ететін болған. Түскен жерін үй орнындай ойып түсетін жайдың оғы тәрізді көз бен тіл, адам өңменінен өткенде, қос жауырынның ортасында алақандай қара дақ қалады. «Жанары жасындай», «Тілі мірдің оғындай» деген теңеу осындай әсерге байланысты айтылған.

Халқымыз тілі көз тиген баланы қасқырдың дене мүшесімен ырымдап емдеген. Қасқырдың бас сүйегі, жақ тістері, өті, тырнағы, кеңірдегі түрлі кеселге таптырмайтын дәрі. Тәуіптер баланың бойындағы тіл, көздерді осындай жануарлардың мүшелері арқылы үзілді-кесілді жойып отырған. Көз арқылы бойға енген биоқуатты тез ығыстыру маңдайға, әсіресе, екі қастың ортасына қасқырдың өтін жақса, тіл-көздің өтімділігі тез қайтады. Ал жас баланың бесігіне қасқырдың тырнағы, киелі құс үкінің балақ жүнін іліп қойса, ол тіл, көз тюдан ада болады (Өлімжанов, 2009 :150-152).

Қорытынды

Қазақ халқының халық медицинасы эмпирикалық және магиялық тұрғыда дамыған оның өзге елдердің халық медицинасымен ұқсастығы болса да, тек өзіне ғана тән өзгешелігі де жетерлік. Эмпирикалық медицинаға (пайдалы тәжірибелерден тұрады) қарағанда магиялық медицина (сиқыр мен тылсымға сүйенген халық емшілігі) үстемдік алып жатады. Қазақ халқының емдеу тәсілдерінде исламға дейінгі де не исламмен байланысты да сенім-нанымдарды көруге болады. Исламға дейінгі наным-сенімдерден, мәселен, балаға тіл көз тимеу үшін бас киіміне үкі не көз моншақ қадау, т.б. айтсақ, исламмен байланысты көп жағдайда, әйелдің аяғы ауыр болғанда не көз тигенде де құран аяттарымен емдеу, т.б. түрлері әлі күнге дейін жалғасуда деуге болады. Әрине халық медицинасындағы мұндай діни сенім-нанымдардың қазіргі медицинамен байланысын зерттеу этнографтардың міндеті.

Әдебиеттер

- 1 Алдашев А., Әлімханов Ж. (1992). Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан. 130 б.
- 2 Әбдіраман Ө. (2002). Қазақтың дәстүрлі халық емшілігі. Алматы: Қазақпарат. 160 б.
- 3 Әлімжанов С. Ө. (2009). Тілеуқабылұлы тіл-көз сұғы жөнінде. «Қазақтың ғалым шипагері Ө. Тілеуқабылұлы» атты VI – халықаралық конгресінің ғылыми-теориялық материалдары. Тараз. 152 б.
- 4 Васильев А. (1902). Народные способы врачевания у киргиз Тургайской области. Торгай. С. 125.
- 5 Сахабат С. (1996). Халық емінің құпиясы. Шымкент. 40 б.
- 6 Тілеуқабылұлы Ө. (1996). Шипагерлік баян. Алматы. 220 б.

- 7 Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж. (2005). Төрт түліктің қасиеті. (Қазақ мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптары). Алматы. 192 б.
- 8 Төлеубаев А.Т. (2013). Қазақ халқының табиғат мінажаты және емдеу магиясы. Алматы: Алдонгар. 184 б.
- 9 Парманов Х. (2009). Халық емінің пайдасы. «Қазақтың ғалым шипагері Ө. Тілеуқабылұлы» атты VI халықаралық конгресінің ғылыми-теориялық материалдары. Тараз. 247 б.
- 10 Уәлиханов Ш.Ш. (1985). Таңдамалы. 2 басылым. Алматы: Жазушы. 560 б.

References

- 1 Aldashev A., Alimkhanov Zh. (1992). Kazaktyn khalyk medisinasy. Almaty: Kazakhstan. 130 b.
- 2 Abdiraman O. (2002). Kazakhtyn dasturli khalyk emshiligi. Almaty: Kazakhparat, 2002. 160 b.
- 3 Alimzhanov S.O. (2009). Tileukabyluly til-koz sugu zhoninde. »Kazakhtyn gylym shipageri O. Tileukabyluly» atty VI – halykaralyk kongresinin gylimi – teoriyalyk materiialdary. – Taraz. 152 b.
- 4 Vasilev A. (1902). Narodnye sposoby vrachevaniya u kirgiz Turgaiskoi oblasti. Torgai, 1902. s. 125.
- 5 Sahabat S. (1996). Khalyk emenin kupiyasy. Shymkent. 40 b.
- 6 Tileukabyluly O. (1996). Shipagerlik bayan. Almaty. 220 b.
- 7 Tohtabai A., Seyitkulova Zh. (2015). Tort tuliktin kasieti. (Kazakh mal sharuashylygyna bailanysty adet-guryptary). Almaty. 192 b.
- 8 Toleubayev A.T. (2003). Khazakh khalkynyn tabigat minazhaty zhane emdeu magiyasy. Almaty: Aldongar. 184 b.
- 9 Parmanov H. (2009). Khalyk eminin paydasy. »Kazakhtyn gylym shipageri O. Tileukabyluly» atty VI – halykaralyk kongresinin gylimi – teoriyalyk materiialdary. Taraz. 247 b.
- 10 Valikhanov Sh. (1985). Tandamaly. Almaty: Zhazushy, 1985. 2 bas. 560 b.

Қалшабаева Б.К.,
Бейсегулова А.К.

**Қазақстандағы құмық
диаспорасының
этномәдениетіндегі
ерекшеліктері**

Kalshabaeva B.K.,
Beysegulova A.K.

**Features of ethnoculture of the
Kumyk diaspora in Kazakhstan**

Қалшабаева Б.К.,
Бейсегулова А.К.

**Особенности этнокультуры
кумыкской диаспоры
в Казахстане**

Мақалада Солтүстік Кавказдың түркі халықтарының бірі Құмық этносы туралы баяндалады. Құмық халқының қалыптасуындағы түркі тілдес тарихи тамыры, этникалық тарихы, тілдік тобы, құмықтардың басқа елдердегі саны көрсетіледі. Әсіресе, құмықтардың шығу тарихы туралы кеңінен жазылған. Осы мәселе құмық ғылыми-мәдени қоғамының төрағасы К.М. Алиевтің құмықтардың шығу тарихының кезеңделуі жайлы еңбегімен қатар, басқа да ғалымдардың еңбектерінде кеңінен сипатталады.

Авторлар теориялық-әдістемелік және деректемелік негізінде сол Дағыстанда тұратын этностардың түрлі кезеңдермен Қазақстанға күштеп көшіру тарихы, орналасуы, қоныстану аймағына сипаттама беріп, тарихи тағдырын зерделейді. Қазақстанға бейімделу үдерісі де сөз етіледі. Сонымен қатар, ата салтын берік ұстаған құмық халқының салт-дәстүрлеріндегі ерекшеліктері, еңбекқорлығы, ізеттілігі айқындалды, олардың шаруашылығы, материалдық, оның ішінде киімдеріндегі ерекшеліктері, рухани мәдениеті де сараланды.

Түйін сөздер: құмық, этнос, салт-дәстүр, қыпшақ, халық, депортация.

The article examines one of the major Türkic tribes of the North Caucasus Kumyk ethnos. The origins of the formation of the Kumyk people, ethnic history, linguistic features, and the number of Kumyks' settlement in other countries are being studied. Special attention is paid to the works of K.M. Aliev, where the history of the origin of the Kumyks is covered, periodization of the origin of the Kumyks is given.

The authors consider ethnoses living in Dagestan, forced resettlement in Kazakhstan, areas of dispersion, their historical destiny on the basis of the theoretical-methodological and source base. The process of adaptation in Kazakhstan is being studied. They also strictly adhered to their traditions, analyzed the peculiarities of the customs of the Kumyk people, their diligence, tolerance, economy, material, including clothing and spiritual culture

Key words: kumyk, ethnos, tradition, kipchak, people, deportation.

В статье рассматривается об одном из крупных тюрских племен Северного Кавказа – кумыкском этносе. Изучаются истоки формирования кумыкской народности, этническая история, языковые особенности, численность населения кумыков в других странах. При этом особое внимание уделено трудам К.М. Алиева и многих других авторов, где освещаются история происхождения кумыков, дается периодизация истории происхождения кумыков.

Авторы на основе теоретико-методологической и источниковой базы рассматривают этносы, проживающие в Дагестане, насильственное переселение в Казахстан, районы расселения, их историческую судьбу. Изучаются процесс адаптации в Казахстане. Также они строго придерживались своей традиции. Анализируются особенности обычаев кумыкского народа, их трудолюбивость, терпимость, хозяйство, материальная, в том числе особенности в одежде и духовная культура

Ключевые слова: кумык, этнос, традиция, кипчак, народ, депортация.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ҚҰМЫҚ
ДИАСПОРАСЫНЫҢ
ЭТНОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Кіріспе

Көп ұлтты республикамызда аз санды этностарды зерттеу қазіргі заманның талабына сай өзекті тақырып. XX ғасырдың екінші жартысындағы ұлы нәубет Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан жеріне түрлі ұлт өкілдерін күштеп қоныстандыру саясаты негізінде қоныс аударған, солардың бірі – құмық халқы.

Түркі тілдес халықтар Еуропа мен Азияда қатар қоныстанып, Шығыс пен батысты байланыстырып тұрған ежелгі көшпелі қауымнан құралған. Башқұрттар Еділ-жайық өңірін мекендесе, Кавказда әзірбайжан, Дағыстандағы ноғай, қарашай, балқар түркілері мекендейді. 1991 жылғы деректер бойынша дүние жүзіндегі түркі тілдес халықтардың жалпы саны 153 миллион 553 мың 800 адам болған екен. Осылардың ішінде 100 мыңнан астам адамы бар түркі халықтары қарашайлар, қырым татарлары, құмықтар, тувалықтар, якуттар (сахалар). Тілі жағынан башқұрттар, құмықтар қыпшақтар тобына жатады (Аманжолов, 2005: 350-351).

Сонау көне түркіден бастау алып, өніп-өскен қыпшақ тайпасының бүгінгі бір ұрпағы – құмықтар. Солтүстік Кавказдағы ең ірі түркі халықтарының бірі. Дағыстанның сондай-ақ, Солтүстік Осетия мен Шешенстанда да көп тұрады. Олар Кавказдағы саны жағынан әзірбайжандардан кейінгі екінші орындағы түркі халқы. Құмықтардың этникалық тарихы туралы ғалымдар түрлі пікірлер айтуда. Біреулері оларды ежелден осы өлкені мекендеген түркі тектес халықтардың ұрпағы десе, кейбір ғалымдар лезгин халқынан тараған дейді. Көптеген зерттеушілер оны «кимак» терминімен – IX ғасырдың 2-ші жартысында қалыптасқан түркі тайпалары бірлестігінің атауымен теңестіреді (Төлебаев, 2013: 1).

Дағыстандағы отыздан астам кавказ, иран, түркі тілдес жергілікті ұлт пен ұлыстың арасында құмықтар сан жағынан үшінші орын алады. Құмықтар Дағыстанның 8 ауданында Хасавюрт, Бабаюрт, Қизилорт, Бұйнак, Дербент, Қайтағ, Қоякет, Қарабудағкент аудандарында басым қоныстанған. Құмықтың шағын тобы Чечен, Солтүстік Осетин республикаларын, Ставрополь өлкесін мекендейді (Бизақов, 2000а:108).

Антропологиялық жағынан құмықтардың Дағыстан мен басқа да тау халықтарынан айырмашылығы жоқ. Олар европеидтік нәсілдің кавказдық тобына жатады. Ислам дінінің суннит тармағын тұтынады (James Minahan, 2002: 1046).

Құмық этносының қалыптасу тарихы

Құмық халқының қалыптасуына ерте кезден солтүстік Кавказды қоныстанған әр алуан тайпалар, түркі ұлыстары, әсіресе X-XI ғасырдағы қыпшақтар басты ықпал еткен. Құмықтар басқа да тау халықтарымен біріге отырып, XIII ғасырда татар-моңғол басқыншыларына табан тірескен қарсылық көрсетіп, ата-қонысын қорғады.

Құмықтардың шығу тарихы туралы ғалым Клапротаның пікірінше олардың ататектері хазарлар, белігілі ортағасырлық тарихи мәліметтерге қарағанда құмықтардың бір тайпасы осы күнге дейін «шезарлер» деп аталады. Ал кейбір ғалымдардың пікірінше, құмықтар – ол татарлар, кавказ жерінде ерте кездерден бастап қоныстанып, сол жерде ірі тайпа құрып, «кумыки» және «кази-кумықтар» деп аталған. Құмықтардың арғы тегі Темірланға бағынған, Темірлан Токтамысқа жасаған соңғы жорығынан құмықтарды қыпшақтардың немесе Алтын Орда тайпаларының бірі болуы да мүмкін. Птолемей қазіргі құмықтар мекен етіп жатқан жерде ежелде кама немесе камаки деген тайпалардың өмір сүргенін айтады. Құмықтардың өздерінің шығу тегін татарлармен байланыстырады. Ресейдің құмықтармен алғашқы байланыстары 1614 жылмен мерзімделеді, архив құжаттарында патша Михайл Федоровичке құмық ханы Гирей және оның бауырлары атынан жіберілген құжаттар көрсетілген. Келесі жылы құмықтардың Ресейге бағынғаны жайлы жазылған құжат көрсетілген. Қандай жағдай болмасын, құмық халқының кейбір тайпалары Ресей бодандығысыз 1594 жылға дәлірек айтқанда, Федор Иоанновичтың патшалығы кезінде Койсуға жақын жерде бір қалашықта өмір сүрген, сондай-ақ 1604 жылы Борис Годунов кезінде Сунже бекінісі салынып жатқанда, Эндери және Тарки аумақтарында мекендеген. Дәл осы жылы құмықтар бір бас көтеру ұйымдастырған, чернестер мен Дағыстан лезгиндарымен қосылып, көтеріліс нәтижесінде қолбасшы Бутурлинді Терек бекінісін тастап кетуге мәжбір еткен. Дегенмен де құмықтар Ресей империясымен достық қарым-қатынастарын 1722 жылға дейін жалғастырып тұрған, осы кезде Петр I Персия жеріне жорығын бастаған сол кез-

де құмықтар тағы да көтеріліс ұйымдастырған, олар орыстарға шабуыл жасаған, бірақ жеңіліске ұшырап, Эндери (сол кездері бұл аумақта үш жүзге дейін үйлер болған) жерін тонағаны және сатқындық жасағаны үшін жазаға кесілген. Осы жағдайдан кейін құмық халқы Ресей империясына адал болды және әркез сабырлы, әрі көңгіш болған (<http://www.vostlit.info>).

performed by young girls and boys, who gather in separate homes and have fun throughout the night with interesting conversations, stories and jokes and singing songs. But they mustn't fall asleep. If someone falls asleep, their clothes will be sewn to the carpet as punishment for all the singing, chatting and dancing and their wishes won't come true. By contrast, the first person to see the first signs of morning will have success in the new year.

During the game *Xanbazama* («adorning the khan») people gather in squares, dress the person chosen to play the khan and seat him on a throne. Two boys wave fans at him and a chosen vizier and advocate stand to his left and right. Appointed servants and an executioner dressed in red stand ready for the khan's orders. The khan gives unusual orders which must then be carried out unconditionally. *Kosa*, the bald fool, tries to make the khan laugh through a series of funny acts. If the khan laughs, he is removed from the throne, thrown into water and a new khan is chosen. The performance lasts for hours. Young people and children also enjoy games such as *dasmalatdi* (throwing kerchief), *shalsallama* (shaking the shawl), *gurshagatdi* (throwing the belt) and *gurshagsallama* (shaking the belt). *Kosa-Kosa*, *Chovgan* (polo), *Fincan-Fincan* (cups), *Gashigoyunu* (game with spoons) and clashing eggs.

Water & trees; Rituals with water and mirrors are also widespread. Those that believe water is cleansed on the Last Tuesday empty water containers the following morning before sunrise and congregate at sources of flowing water. They jump over the water and wash their hands and face. Other rituals involve trees, such as *Agajgorkhutma* (scaring the tree). When a fruit tree hasn't borne fruit the tree is considered frozen. To unfreeze it, early on the Tuesday morning the owner of the garden goes to the tree with an axe and declares angrily: Oh fruitless tree, why do I need you? I will cut you down!

Eggs; One of the main symbols of the Last Tuesday is the egg, which is considered the defining feature of the holiday feast and *khonchas*. Eggs are symbolic for two reasons: because eggs are painted to represent the seasons – the natural white colour as winter, green for spring, red for summer and yellow for autumn – and because the round form of the egg and its shell are also symbols of the earth – the outer casing as air, the egg white as water and the yoke as the sun. This egg-based concept of the world was significant in the beliefs of the Zoroastrian religion (Shahbazov, 2008:16).

Conclusion

On the evening of Last Tuesday people put an egg in the wardrobe together with red and black paint and make a wish. In the morning, if the egg has red spots it signals good luck and that wishes will come true, while black spots on the egg are interpreted as a sign of misfortune. The Novruz Tuesday traditions, rituals and entertainment have

an important role in the culture of Azerbaijan. They are rooted in the distant past and reflected in historical and archaeological findings such as the rock drawings of Qobustan. Like those rock carvings, these ancient traditions, still performed over the four Tuesdays in the month leading up to Novruz, reflect the thoughts, philosophy and visions of the ancient peoples living on the territory of Azerbaijan regarding nature, art and life.

References

- 1 AbdullahBahlul. (2006). Azerbaijan ceremonial folklore. Baku.
- 2 Encyclopedia of Novruz holiday (2008). Baku.
- 3 Yologhlu Gulli. The ceremonies of the season (2009). Baku, 2009.
- 4 Nabiyev Azad. Last Wednesday of year. (1992). Baku.
- 5 Anthology of Azerbaijan Folklore. In 2 books , 1st book. (1968). Baku. 1968.
- 6 Ethnography of Azerbaijan. In 3 volumes. 3rd volume. (2007). Baku,.
- 7 Shahbazov Tahir. The pre-islamicbelief In Azerbaijan. Baku (2008).

Солтиева Б.Ш.
Ислам тарихындағы әулиелік мәселелерінің алатын орны

Бұл мақалада ислам тарихындағы күрделі мәселелердің бірі – әулиелік мәселесіне қатысты қарастырылады. Әулиелік культі мәселесі әлі күнге дейін ғылымдағы ақтаңдақтардың бірі болып қалып қойып отыр. Әсіресе, әулиелі орындардағы ескерткіштер, осындай жерлермен байланысты ауызша аңыз-дәстүрлерді жазбаға түсіру, оларды тәкпіштеп зерттеу тыңғылықты түрде қолға алына қойған жоқ. Кеңес дәуіріне дейінгі, кеңес одағы жылдарындағы, кеңес одағы ыдырағаннан кейінгі жылдардағы зерттеушілердің еңбектеріне жете көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, сопылық пен әулие ұғымдарына пайымдама жасалып, діни өмірімізден мықтап орын алып отырған әулиелер мен киелі орындардың пайда болуы, олардың атқаратын қызметіне баса назар аударылды. Қазақ халқының қазіргі уақытқа дейін ата-бабамыздың рухани мұрасы әулиелі және киелі орындарға ерекше құрметпен қарағаны баяндалады.

Түйін сөздер: әулие (вали), культ, халифат, ислам, сопылық, христиан.

Soltieva B.Sh.
Role of problems, connected with holy places at Islam

The article is devoted to one of the most urgent problems of the history of Islam, namely the issue of the cult of saints in Islam. This problem still remains one of the gaps in the national historical science. Especially insufficiently studied sites in the holy places, not recorded oral traditions associated with them. Special attention is paid to the analysis of researches of pre-revolutionary, Soviet and post-Soviet periods. Along with this, clarifies the concept of Sufism and the cult of saints, the emergence of the cult of saints and Holy places and their functions which occupy in our lives special place. Also discusses the spiritual heritage of our ancestors, of the Holy places and shrines, which caused special respect.

Key words: aulie (wali), cult, caliphate, Islam, Sufism, Christians.

Солтиева Б.Ш.
Роль проблем, связанных со святынями в исламе

В статье рассматривается одна из актуальных проблем истории ислама, а именно – культ святых. Данная проблема до сих пор остается одним из белых пятен в отечественной исторической науке. Особенно недостаточно изучены памятники в святых местах, не записаны устные предания, связанные с ними. Особое внимание автор уделяет анализу исследований дореволюционного, советского и постсоветского периодов. Наряду с этим, уточняются понятия суфизма и культа святых, появление культа святых и святых мест, их функций, которые занимают в нашей жизни особое место. Также рассказывается о духовном наследии наших предков, о святых местах и святынях, которые вызывали особое уважение.

Ключевые слова: Аулие (вали), культ, халифат, ислам, суфизм, христианство.

ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ ӘУЛИЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Кіріспе

Ислам тарихының негізгі мәселелерінің бірі «әулиелік» түсінігі болып табылады. Әулиелерді құрметтеу қазақ халқының діни өміріндегі ең маңызды құбылыстардың бірі, бұл жағдай исламға дейінгі наным-сенімдердің сақталуы нәтижесінде діннің құрамдас бөлігі ретінде қалыптасты. Қазақстанда қазіргі кезде халқымызға кеңінен тарап жүрген діни қалдықтардың бірі «әулиелерге», «киелі орындарға» тәу ету салты болып табылады. Қазақ халқының өмір салтындағы ғұрыптар мен рухани үрдісіндегі сан қырлы болмысы кім-кімді де қайран қалдыратын құбылыстарға толы. Ислам діні Қазақстан мен Орта Азияда орта ғасырда тарағаннан кейін, мұсылмандық және исламға дейінгі культ шырмаланған түрде болды.

Мәселенің тарихнамасы

Кеңес дәуіріне дейінгі қазақтардың исламға дейінгі діни наным-сенімдері, әдет-ғұрыптары жөнінде Ш.Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Ы. Алтынсарин, И.А. Кастанье, М. Миропиев, И.А. Чеканский, А.Е. Алекторов және т.б. еңбектерінде қарастырылды (Толеубаев, 2013: 5).

Әулиелер мен киелі орындар ислам діні кең қанат жайған жерлерде көп кездеседі. Бұл тақырыпты толыққанды игеру ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан басталды. Әулие туралы ұғым ислам дінінің тарихының әр түрлі кезеңінде әр қилы мағынаға ие болып, дамып отырған. Бұл жөнінде ең алғаш рет көрнекті венгр халқының шығыстанушысы И. Гольдциэр «Исламдағы әулиелік культі» (Гольдциэр, 1938) атты ауқымды еңбегінде негізінен әулиеліктің айқын бейнесін көрсетті. Әулиелер культін зерттей отырып, ислам дінінен бұрынғы дүниетанымдар мен әдет-ғұрыптар, егер ислам дінінің рухымен сәйкес болса жойылмайтынын атап өтті. Әулиелерді қастерлеу ислам дінінде басқа діндермен наным-сенімдеріне байланысты жүргізілген зерттеулерге ықпалын тигізген.

Кеңес одағы жылдарында В.Н. Басилов, Т.Д. Баялиева, С.М. Демидов, Г.П. Снесарев, О.А. Сухарева, И.Г. Петрушевский сынды белгілі ғалымдар исламдағы әулиелік культі жайлы

тарихи-этнографиялық зерттеулерінде әулиелік культін, негізінен алғанда, шығыс халықтарының исламға дейінгі наным-сенімдерінің жүйесінің қалдығы ретінде басымырақ қарастырған (Басилов, 1970; Баялиева, 1972; Демидов, 1976; Снесарев, 1969; Сухарева, 1950). Зерттеушілердің мұндай көзқарасына сол кезеңнің идеологиясы ықпал еткен болатын. Кеңес Одағында ислам тарихын зерттеуге тыйым салынғандықтан, көпшілік ғалымдар әулиелік культін исламға дейінгі наным-сенімдердің қалдықтары деп жариялай отырып, мәселені зерттеуге мүмкіндік алды.

Исламдағы әулиелік культі тақырыбына деген қызығушылық Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, дәлірек айтқанда, 1990 жылдары бірқатар авторлар алуан түрлі деректер мен материалдарды ғылыми айналымға енгізіп, жаңа қырынан ашқан мәселелер жалғасын тапты. Атап айтқанда, Орталық Азиядағы әулиелік культі мәселесін зерттегендерді атап айтсақ, О.В. Горшунова, Ә. Муминов, Р.М. Мұстафина, Ә.Т. Төлеубаев, В.Л. Огудин, Т.С. Саксанов, А.И. Шевяков, Б.А. Аджаматов, Р.А. Рамазанов пен В.О. Бобровниковтардың еңбектері жарық көрді (Горшунова, 1992; Муминов, 1996; Мұстафина, 1992; Төлеубаев, 1991; Саксанов, 1991; Абашин, 2003).

Мәселеге қатысты осындай тыңғылықты зерттеу жұмыстарының болуына қарамастан әулиелік культі мәселесі әлі күнге дейін ғылымдағы ақтандақтардың бірі болып қалып қойып отыр. Әсіресе, әулиелі орындардағы ескерткіштер, осындай жерлермен байланысты ауызша аңыз-дәстүрлер жазбаға түсірілмеген, зерттелмеген. Сондай-ақ мәселені зерттеуге методологиялық және теориялық көзқарастардың ескіруі де кедергісін келтіріп отыр. Діни өмірімізден мықтап орын алып отырған әулиелер мен әулиелі жерлердің пайда болуы, олардың атқаратын қызметін түсіндіруде, кеңестік ғылымға тән тұрпайы схемалар мен қарапайым шешімдер жасау әлі күнге дейін үстем болып отыр (Қартабаева, Солтиева, 2016:246).

Әулиелік культінің таралуы

Исламда әулиелер культінің алатын орны зор. Жалпы, діндегі әулиелік түсінігі жөнінде әр түрлі пікірлер бар. Әулиелер культінің пайда болуына ежелгі жергілікті діни нанымдардың: анимизм, тотемизм, шаманизм, егіншілік, малшылық және т.б. культтердің, зооастризм, манихей, христиан дінінің ықпалы зор болды, бұл жөнінде алғаш пікір айтқан И. Гольдциэр болатын. Ол осы аталмыш еңбегінде «В исламе, как и в иудаизме, христианстве и других монотеистических религиях, наряду с культом «еди-

ного бога» имеется почитание и целого ряда других божеств в виде культов различных «святых» – деп көрсетеді (Гольдциэр, 1938: 65). Әулиелік тек исламға ғана тән емес, ол басқа да діндерде, соның ішінде христиан дінінде де бар. Христиан дінінің католик бағытына тән әулиелік түсінігін, кезінде, протестанттық реформаторлар толықтай жоққа шығарған болатын. Протестанттардың түсінігінде, әулиелерге табыну, католик дініндегі ырымшылдықтың бір формасы болып табылады.

Зерттеуші ғалымдар арасында исламдағы әулиелік пен христиан дініндегі әулиелік культімен салыстыру кеңінен орын алған. Исламдағы әулиеліктің өзіндік ерекшеліктері жеткілікті зерттелмегендігіне қарамастан, оның христиандықтағы әулиеліктен елеулі түрде айырмашылықтары бар екенін көруге болады. Басты айырмашылық – исламда әулиелерді діни заңдастыру (канонизация) мекемесінің жоқтығы. Мұсылман әулиелері арнайы бір шешімдер арқылы бекітілмейді, исламда адамның әулиелігін анықтау түсінігі жоқ, ресми мойындалған әулиелер, агиологиялық шығармалар тізімі, ресми белгіленген әулиелерді құрметтеу мерекелері, әулиелерді еске түсіру рәсімдері т.б. жоқ. Исламдағы әулиелерді тек халықтың мойындауы, әр түрлі діни ілім иелерінің, сыйлы, беделді адамдардың, билеушілердің мойындауы жеткілікті (Қартабаева, Солтиева, 2016: 245-246).

Ислам өзінің дамуының бастапқы кезеңінде бағындырылған халықтың жергілікті культімен қатаң күрес жүргізіп, алладан басқа құдайға табынуға жол бермеді. Бірақ исламның шекарасы кеңейіп, халифаттың құрамына әртүрлі елдер мен халықтар енген сайын, ортодоксальды исламнан алыс элементтер көбейе түсті, исламтанушы ғалымдар атап көрсеткендей: «ислам сталкиваясь с традициями, устранения которых было избрано им самим исторической задачей, в процессе своего исторического развития трансформировал чужие религиозные предания и обычай, перерабатывал и изменял их в духе своих идей (Гольдциэр, 1938: 61).

Әулие – уәли деген араб сөзінің көпше түрі, қазақ тілінде қасиетті деген мағынаны білдіреді. Арабтың «вали» (көпше түрі «аулийа») сөзінің бірнеше мағынасы бар, атап айтқанда, «қамқоршы», «сенімді адам», «Құдайдың қамқорлығындағы кісі», «Құдайдың досы». Бұл сөз Құранда Аллаға қатысты, Алла Тағаланың «мұсылмандардың қамқоршысы» екендігі мағынасында қолданылады. Мұсылмандардан тек Алла ғана шынайы қамқоршы және көмекші екенін мойындауы талап етіледі. Сондықтан да

Құдайдың қамқорлығында деп есептелген адам ерекше кісі, «Алланың досы» немесе «әулие» деп саналады. Бір сөзбен айтқанда, әулиелер деп ислам қоғамындағы тақуа, ерекше діншіл адамдарды сипаттауға болатын тәрізді.

Бұл сөз Құран Кәрімде Алла мен пайғамбарға қатысты жебеуші, жарылқаушы деген мағынаны білдіреді. Ал, хадистерде жақын болу деген мағынада, яғни, «Уәли Аллаһ – аллаға жақын, дос», «Алланың мейірі түскен» деген ұғымда кездеседі. Қазақ тілінде әулие-әнбие түрінде қосарланып та айтылады, бұндағы әнбие – арабша нәби, яғни пайғамбар деген сөздің көпше түрі болып келеді. Кейде оларды жинақы түрде «әулие-әнбиелер» деп те атады. Әйткенмен бұл тіркес халық түсінігінде тек қана әулие деген бір ғана мағынаны білдіреді (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар... 2011:336).

Әулиелерге табыну Қазақстан мен Орта Азиядағы түркі тілді халықтардың дінінде айрықша орын алады. Негізінде ортодоксальді (алған бағыттан, ұстанған принциптен қайтпайтын) мұсылмандық қағидаларына қайшы әулиеге табынушылық өз кезегінде ислам тегінде кең қанат жайылып келеді. Ата-бабаларды, желеп-жебеуші рухтарды құрметтеуге негізделген бұл ғибадат табынушылық феодалдық қоғам идеологиясына (санасында) жеке отбасы ғана емес, бүкіл ру-тайпалардың әл-ауқатының артуы деп түсінгендіктен қоғамның әлеуметтік саласына бойлай енді. Сол себептен де бұл айрықша құбылыстардың сарқыншақтары бүгінгі таңда берік орын алып отыр (Қазақ халқының дәстүрлері мен... 2011: 52).

Исламдағы әулиелер культі, исламмен бірге жаулап алынған территорияларға да өтеді, мұсылман дінбасылары халық табынған жергілікті әулиелерді мұсылмандық кейіпке айналдыра бастады. Әулиелер культі бұдан былай, тек таза мұсылмандық әулиелер ғана емес, жергілікті әулиелер бейнелер арқылы да көрінеді. Бұл исламның жергілікті жерлерде жылдам таралуына және де басқа бөтен халықтардың оны түсінуіне, қабылдауына қолайлық жасады. Сол сияқты, әулиелі орындар дінді насихаттайтын орындарға айналды, ал әулиелердің қасиетіне сену халықты дінге бір қадам болса да жақындата түскен болатын. Осындай әулиелі орындар әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Зерттеушілер сопылық пен әулие ұғымының қанаттас дамығанын және бұл құбылыстың (суфизм) XIII ғасырда ислам дүниетанымында шешуші мәнге ие боп, зор ықпал жасағанын айтады. Әулиелер культінің дамуы мен таралуында ерек-

ше орынды сопылық алады. Сопылық дәстүр бойынша айрықша құрметке ие пірлер тірі әулиелер қатарынан орын алды. Сопылық исламдағы әулиелер мен қасиетті орындарды құрмет тұту дәстүрінде шешуші ықпал етіп, оған осындай көптеген киелі орындарды ұсынды.

Сопылықтың ерте дәуіріндегі ғұламалардың көрсетуінше әулиелік сопылықтың негізінде жатыр. Осындай ғұламалардың бірі Кушайридің (465/1072 ж. к/б.) еңбегінде әулиеліктің сопылық доктринасы баяндалады (Соблазны культа святых. Вместо...2003: 131). Кушайри әулиелікті екі қырынан түсіндіреді: біріншіден, тақуалардың ішіндегі Құдайдың ерекше қамқорлығындағылар, екіншіден, барлық адамдардың Құдайға құлшылық етуі үшін жауаптылар. Әулиеліктің бұл анықтамасы Құдай мен адам жанының өзара жақын байланыста екендігін көрсетеді, бұл байланыс Құдай тарапынан қамқорлық пен жауапкершілік түрінде көрінсе, ал адам тарапынан – құлшылық ету мен табынудан көрініс табады.

Осындай тарихи-әлеуметтік нақтылы себептерге байланысты қазақ халқының арасында да әулие туралы түсінік ислам дінімен жапсарлас жайылып, киелі сипатқа ие болып, әулиелік туралы аңыз-эпсаналар молынан таралып, бір сөзбен айтқанда, әулие культі ел санасында берік орныққан деуге болады. Ғылымда анықталғандай, әулие культі, әсіресе ресми діннің орталығынан шеткерілеу аймақтарда тұрғылықты халықтың байырғы наным-сенімдерімен, салт-дәстүрімен, ырым-жораларымен тығыз сабақтастықта қалыптасатыны – анық та қанық жайт. Түйіндеп айтқанда, әулие культінің орнығуына жергілікті халықтың табиғат нысандарына табыну жорасы (Мысалы: көрікті тау-тас, сырлы үңгір, шипалы көл-бұлақ т.б.), шаманистік мифологиясы, аруақтарды ұлықтау рәсімдері өзгеше лепте үндесіп, айырғысыз тұтастықта ұштасып, әбден кірігіп кететіні байқалады. Түптеп келгенде, мұның бәрі халықтық исламның сомдаған төл түсінігі болып табылады, осы ілімге сүйенген ел әулиені таңғажайып керемет иесі (карама), береке-ырыздықтың бастау көзі, тілекті қабыл етіп жарылқаушы, әр түрлі кәсіптің жебеуші иелері, қамқоршысы бейнесінде таниды (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар. 2011: 337).

Р.М. Мұстафина еңбегінде тұрмыстық исламға жан-жақты сипаттама беріп кетеді. Бұл ғылыми еңбегінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы оңтүстік қазақтардың діни сенімдерін этнографиялық көзқараста зерттеген. Исламға дейінгі әдет-ғұрыптарды

шамандықпен қатар зерттей келе, әулиелер культіне баса назар аударған (Soltyeva, 2016: 262).

Әулиелікке тән қайшылықтардың бірі, оның ең бір ерекше белгісіне, яғни құпиялылығына байланысты туындайды. Өйткені әулиенің эгосы жойылған, сондықтан оны тану мүмкін емес. Әулиелік туралы ең ерте пайда болған теориялық трактаттар әулиелер тек Құдайға ғана белгілі екендігін көрсетеді және олар өздері де әулие екендігін білмеуі мүмкін. Әулиеліктің құпиялығы сопылықтың жалпы алғандағы эзотерикалық сипатына сәйкес келеді. Әулиелер жөнінде Мұхаммед Пайғамбардан (с.ғ.с.) сұрағанда, ол былай деп жауап берген көрінеді: «Барлық сыртқы көрініс ішкі мәнге ие болғандықтан; барлық ішкі мән жасырын мәнге ие болғандықтан; барлық жасырын мән шынайы мәнге ие. Ұлы да даңқты Жаратушы өз әулиелеріне осыны тарту етеді – құпияны құпия жолмен. Әулиеліктің белгілерінің бірі осындай. Әулиелер осы арқылы ғажайып өмір сүреді. Олар пайғамбарлардан кейінгі Құдайдың ең құдіретті пенделері, олардың

ғылымдары барлық ғылымдардың ішіндегі ең құдіреттісі» (Кныш, 1991: 150).

Қорытынды

Исламдағы әулиелік культі аса бір өміршең құбылыс ретінде әлі күнге дейін мұсылман халықтарының өмірінде маңызды орын алып отыр. Әулиені құрмет тұтушылар, оны адам мен Құдай арасындағы аралық күш ретінде қарастырады. Аса құдіретті, қол жетпес күш ретіндегі Құдайға қарағанда, әулиемен жеке байланыс орнатуға болады және ол адамдардың жеке өмірінде қамқоршысы, кеңесшісі бола алады. Бір сөзбен айтқанда, әулиелік культін ислам дінін тұрмыстық деңгейде ұстанудың өзіндік бір формасы деп анықтауға болады, сондықтан да бұл құбылыс қарапайым халықтың өмірімен біте қайнасып, бірігіп кеткен ажырамас бір бөлігі болып табылады. Бүгінгі күнге дейін Орта Азия халықтарында әулиелерге және киелі орындарға зиярат етушілердің ошағы болып қала беруде.

Әдебиеттер

- 1 Абашин С.Н. (2003). «Семь святых братьев». Подвижники ислама: культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. Сост. С.Н. Абашин, В.О. Бобровников. Москва.
- 2 Басилов В.Н. (1970). Культ святых в исламе. Москва.
- 3 Баялиева Т.Д. (1972). Доисламские верования и их пережитки у киргизов. Фрунзе.
- 4 Горшунова О.В. (1992). Вариант «священной земли» (на примере пос. Шахимардан Ферганской области Узбекистана). Краткое содержание Лавровских (среднеазиатско-кавказских) чтений. 1990-1991 гг. СПб.
- 5 Гольдциер И. (1938). Культ святых в исламе (Мухаммеданские эскизы). Москва.
- 6 Демидов С.М. (1976). Туркменские овляды. Ашхабад.
- 7 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. (2005). 1 том. Алматы, Арыс.
- 8 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. (2011). 1 т. Алматы, ҚР МОМ.
- 9 History of research the concept of «sacred» among the Kazakhs. KazNU bulletin. History series. № 2(81).
- 10 Қартабаева Е.Т., Солтиева Б.Ш. (2016). Сопылық және исламдағы әулиелік культі. ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №1(48).
- 11 Кныш А. Вали (1991) Ислам. Энциклопедический словарь. Москва.
- 12 Муминов А. (1996). Святые места в Центральной Азии (Взаимодействие общеисламских и местных элементов). Маяк Востока. Ташкент.
- 13 Мустафина Р.М. (1992). Предстания, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX – XX в.). Алматы.
- 14 Саксанов Т.С. (1991). Поломничество к святым местам: традиция и современность. Москва.
- 15 Снесарев Г.П. (1969) Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. Москва.
- 16 Соблазны культа святых. Вместо предисловия // Подвижники ислама: культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. Москва, 2003.
- 17 Soltyeva B.Sh. (2016). History of research the concept of «sacred» among the Kazakhs. KazNU bulletin. History series. № 2(81).
- 18 Сухарева О.А. (1950). К вопросу о культе мусульманских святых в Средней Азии. Материалы по археологии и этнографии Узбекистана. Ташкент.
- 19 Толеубаев А.Т. (1991). Реликты до исламских верований в семейной обрядности казахов. Алматы.
- 20 Toleubaev A.T. (2013). Traditional beliefs and superstitious rites of the kazakhs. Almaty.

References

- 1 Abashin S.N. (2003). «Sem' svjatyh brat'ev». Podvizhniki islama: kul't svjatyh i sufizm v Srednej Azii i na Kavkaze. Sost. S.N.Abashin, V.O.Bobrovnikov. Moskva.
- 2 Basilov V.N. (1970). Kul't svjatyh v islame. Moskva.
- 3 Bajalieva T.D. (1972). Doislamskie verovanija i ih perezhitki u kirgizov. Frunzje.
- 4 Gorshunova O.V. (1992). Variant «svjashhennoj zemli» (na primere pos. Shahimardan Ferganskoj oblasti Uzbekistana). Kratskoe sodержanie Lavrovskih (sredneaziatsko-kavkazskih) chtenij. 1990-1991 gg. SPb.
- 5 Gol'dcier I. (1938). Kul't svjatyh v islame (Muhammedanske jeskizy). Moskva.
- 6 Demidov S.M. (1976). Turkmenske ovljady. Ashhabad.
- 7 Kazak Khalkynyn dastyrleri men adet-gyryptary. (2005). 1 tom. Almaty, Arys.
- 8 Kazaktyn jetnografijalyk kategorijalar, ygymdar men ataularynyn dastyrli zhyjesi. Jenciklopedija. (2011). 1 t. Almaty, KR MOM.
- 9 History of research the concept of «sacred» among the Kazakhs. KazNU bulletin. History series. № 2(81).
- 10 Kartabayeva E.T., Soltyeva B.Sh. (2016). Sopylyk zhane islamdagy aulielik kul'ti. KazYPU habarshysy. «Tarih zhane sajasi-aleumettik gylymdar» serijasy. №1(48).
- 11 Knysh A. Vali (1991) Islam. Jenciklopedicheskij slovar'. Moskva.
- 12 Muminov A. (1996). Svjatye mesta v Central'noj Azii (Vzaimodejstvie obshheislamskih i mestnyh jelementov). Majak Vostoka. Tashkent.
- 13 Mustafina R.M. (1992). Predstazlenija, kul'ty, obrjady u kazahov (v kontekste bytovogo islama v Juzhnom Kazahstane v konce XIX – XX v.). Almaty.
- 14 Saksanov T.S.(1991). Polomnichestvo k svjatym mestam: tradicija i sovremennost'. Moskva.
- 15 Snesev G.P. (1969) Relikty domusul'manskih verovanij i obrjadov u uzbekov Horezma. Moskva.
- 16 Soblazny kul'ta svjatyh. Vmesto predislovija // Podvizhniki islama: kul't svjatyh i sufizm v Srednej Azii i na Kavkaze. Moskva, 2003.
- 17 Soltyeva B.Sh. (2016). History of research the concept of «sacred» among the Kazakhs. KazNU bulletin. History series. № 2(81).
- 18 Suhareva O.A. (1950). K voprosu o kul'te musul'manskih svjatyh v Srednej Azii. Materialy po arheologii i jetnografii Uzbekistana. Tashkent.
- 19 Toleubaev A.T. (1991). Relikty do islamskih verovanij v semejnoj obrjadnosti kazahov. Almaty.
- 20 Toleubaev A.T. (2013). Traditional beliefs and superstitious rites of the kazakhs. Almaty.

Бисембаева Л.А.
**Жетісу қазақтарының
күнделікті өміріндегі тосын
құбылыстар (XIX ғас.
II жартысы – XX ғас. басы)**

Мақалада революцияға дейінгі Жетісу облысы қазақтарының күнделікті тұрмысына енген өзгерістер туралы баяндалады. Жетісу облысы қазақтарының отбасылық, туысқандық қарым-қатынасының өзгеруіне әсер еткен саяси-экономикалық факторлардың әсері тарихи-әдеби, тарихи-этнографиялық зерттеулер және архив қорлары арқылы ашып көрсетіледі. Халықтың басына түскен ауыртпалық, күнделікті өмірге енген өзгерістер сол кезеңнің куәгерлері – XIX-XX ғғ. Өмір сүрген «Зар заман» ақындарының өлеңдері және ел ішілік экспедиция кезінде жеке адамдардан алынған мәліметтер арқылы беріледі. Отаршылдық кезеңі тудырған ауыр тұрмыстың Жетісу қазақтарының өміріне әсері, тұрмысқа енген тосын жағдайлардың олардың психологиясына, отбасылық, ағайындық қарым-қатынасқа ықпалы, соның нәтижесінде дәстүрлі ментальдіктің өзгеріске ұшырауы туралы айтылады.

Түйін сөздер: дәстүр, отбасы, туысқандық, отарлық саясат, сайлау.

Bissembayeva L.A.
**New phenomena in the everyday
life of Kazakhs of Zhetysu
(II part of XIX – beg. XX)**

The article examines the changes in the everyday life of the Kazakhs of the Zhetisu that occurred during the pre-revolutionary period. Based on archival materials, historical-literary and historical-ethnographic studies, the influence of political and economic factors on changes in family and kinship relations of the Kazakhs of the Zhetisu oblast is analyzed. For a comprehensive description of the difficulties that have fallen on the everyday life of the Kazakhs was used information from the works of «Zar zaman» Akyns who lived in the XIX-XX centuries («Epochs of Sorrow») and testimonies from the memories of individual people recorded in expeditions.

The article presents the results of the colonial impact on the life of the Kazakhs of the Zhetisu, as well as new and incomprehensible phenomena that have changed the traditional mentality of everyday life of the Kazakhs.

Key words: tradition, family, kinship, colonial policy, elections.

Бисембаева Л.А.
**Новые явления в повседневной
жизни казахов Жетысу
(II пол. XIX – нач. XX вв.)**

В статье рассматриваются произошедшие в дореволюционное время изменения в повседневной жизни казахов Семиречья. На основе архивных данных, историко-литературных и историко-этнографических исследований проанализировано влияние политико-экономических факторов на изменения в семейных и родственных отношениях казахов Семиреченской области. Для всесторонней характеристики выпавших на повседневную жизнь казахов трудностей использованы сведения из произведений живших в XIX-XX вв. акынов «Зар заман» («Эпохи скорби») и свидетельства из воспоминаний отдельных людей, записанных в экспедициях.

В статье представлены результаты колониального воздействия на жизнь казахов Семиречья, а также показаны вошедшие в повседневный быт казахов новые и непонятные явления, изменившие впоследствии их традиционную ментальность.

Ключевые слова: традиция, семья, родство, колониальная политика, выборы.

**ЖЕТІСУ
ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
КҮНДЕЛІКТІ
ӨМІРІНДЕГІ ТОСЫН
ҚҰБЫЛЫСТАР
(XIX ғас. II жартысы –
XX ғас. басы)**

Кіріспе

Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін халқымыздың өткен тарихына қатысты оқиғаларды қайтадан зерделеп, оларға ұлттық мүдде тұрғысынан баға беруге мүмкіндік туды. Халқымыздың өткен тарихына қатысты бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған тақырыптардың бірі – Қазақстанның патша үкіметінің отарлық езгісінде болған кезеңі. Бұл кезеңде қазақ халқы саяси билігінен айырылып, экономикалық, әлеуметтік және рухани жағынан қанауға ұшырады.

Патша үкіметінің Жетісу облысындағы саясаты да жергілікті халыққа орасан зиян шектірді. Қонысаудару саясаты өлке халқының ұлттық құрамын өзгертті, қазақтарды ата қоныстарынан тау-тасты жерлерге ығыстырып, дәстүрлі жартылай көшпелі мал шаруашылығын дағдарысқа ұшыратты, табиғи даму желісін бұзды. Қазақ қоғамының салт-санасына жат құбылыстардың тұрмысқа еніп, дәстүрлі ұлттық ділінің (ментальдік) өзгеруіне ықпал етті.

Мақаланы жазып шығуда Жетісу қазақтарының күнделікті өмірге енген тосын жаңалықтарды қалай қабылдағанын, оның тұрмысқа қалай әсер еткенін анықтау мақсат етіп алынды. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер нақтыланды:

- жаңа қоғамның Жетісу қазақтарының дәстүрлі отбасылық, туысқандық қарым-қатынастарына ықпалын анықтау;
- қоғамдық қарым-қатынастардың қазақтардың психологиясына әсерін көрсету.

Мәселенің тарихнамасына келер болсақ, бұл тақырып бойынша күнделіктілік тұрғысынан тікелей кешенді түрде зерттелген жұмыстар жоқ. Бірақ басқа тақырыптар бойынша күнделіктілік әдісімен жазылған зерттеу жұмыстарының қатарына «Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.)» атты ұжымдық монографияны, докторлық диссертациялар қатарына К.К. Абдрахманованың (Повседневная жизнь городов Центрального Казахстана в 1945-1953 гг. Қарағанды, 2009), Д. Хамидуллинаның (Қазақстандағы «арнайы контингенттің» күнделікті өмірі. XX ғ. 30-50 жж. А., 2014), Д. Асымованың (XX ғ. 20-30 жж. Алматы қаласының күнделікті өмірінің ки-

нофотофоно құжаттарындағы көрінісі. А., 2014) еңбектерін жатқызуымызға болады.

Күнделіктілік мәселесі бойынша жазылған шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне тоқталар болсақ, француз тарихшысы, египтолог Пьер Монтэ («Египет Рамсесов» М., 1989) ұлы перғауындар дәуіріндегі египеттіктердің өмірін саясат пен діннен бастап күнделікті тіршілігіне дейін жан-жақты қарастырады. Египеттіктердің қалалары, сарайлары, тұрғын үйлері, тұтынған жиһаздары, мереке күндері мен демалыс күндерін қалай өткізгендері туралы, үйленуі, отбасы, киімдері, тамақтары, ас үйі, егіншілік, бау-бақша шаруашылығы, егістік зиянкестері, мал шаруашылығы, шөл даладағы аңшылық, қол-өнер, сауда, ақша, соғыстар, тәртіп, сот, храмдар туралы кеңінен тартымды суреттеген.

Орыс тарихшысы, филолог, философ, мәдениеттанушы және аудармашы Г.С. Кнабе (Древний Рим – история и повседневность. М., 1986) ежелгі Римдегі тарих пен тұрмыстың бір-біріне қарым-қатынасының қандай болғанын түсінуді, магистралды тарихи процестердің шынайы тұрмыстағы бейнесін анықтауды және осы тарихи процестердің халықтың күнделікті өмірінде көрініс бергенін көрсетуді мақсат тұтады. Яғни тұрмыс пен тарихтың қарым-қатынасын түсінуді мақсат етіп қойған. Ақырында, күнделікті тұрмыс пен тарихи процестерді бір-бірімен біртұтас деп көрсете келе, «Тұрмыс саяси-әлеуметтік, идеологиялық үдерістермен біртұтас, өйткені, күнделікті өмірдің барлық семантикасы жағымды болсын, жағымсыз болсын қоғамдық тәжірибеде негізделеді» – дейді.

Фернан Бродель («Структуры повседневности: возможное и невозможное». М., 1986) индустриалдық кезеңге дейінгі әлемді салыстырмалы түрде тұрақтылықта ұстап тұрған халықтың күн сайын қайталанып отыратын тіршілігі, материалдық өмірдің әртүрлілігі – азық-түлігі, тұрғын үйлері, киімдері, техника, ақша, қалалар, әр елдердегі тәртіптер мен қоғамдық дәстүрлер туралы айта отырып, кейінірек әлемді өнеркәсіп төңкерісіне алып келген техникалық өзгерістерді де көрсете біледі.

Американ тарихшысы Шейла Фицпатрик («Повседневный сталинизм. Социальная история советской России в 30-е годы: город». М., 2001) сталиндік басқару жылдарындағы төтенше жағдай мен күнделікті өмірдің өзара қарым-қатынасын кеңестік қоғамдағы қарапайым адамдардың күнделікті өмірі арқылы ашып көрсетеді. Кеңес адамының әдеттен тыс, төтенше жағдайда да әдеттегідей күнделікті өмір сү-

руге талпынғанын, оның жолдары мен әдістерін көрсетіп, сталинизм тудырған жаңа типтегі адам (homo soveticus) үшін сол қоғамның табиғи қалыпты орта болғанын айтады.

Методологиясы

XIX ғас. II жартысы – XX ғас. басындағы «Жетісу қазақтарының күнделікті өміріндегі тосын құбылыстар» атты тақырыпты жазып шығуда күнделіктілік әдісі қолданылды. Күнделіктілік тарихы соңғы жылдары қазіргі заманғы тарих ғылымында болашағы зор бағыттардың бірі ретінде танылуда. Тарихшылардың осы мәселеге қызығушылық білдірулері өткен тарихтың зерттеу аясын кеңейту керек екенін көрсетеді. Бұрын тарихшылар тек әлеуметтік, экономикалық, саяси, демографиялық тарихпен, мәдениет тарихымен айналысса, қазіргі кезде зерттеудің негізгі нысаны ретінде адам және оның тарихи үдерістердің әлеуметтік-экономикалық, саяси, конфессиялық, мәдени, т.б. факторларының әсерін қалай қабылдағаны алынып отыр. Адамдардың күнделікті өмірінен қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени үдерістердің бейнесі көрініс берсе, өз кезегінде, күнделікті өмір де қоғамға өзінің ықпалын тигізіп отырады. Адамның күнделікті өмірі мен қоғам арасындағы осы ықпалдастықты зерттеп, сараптау тарихи үдерістердің әртүрлілігін көрсетуге, өткен оқиғаларды қайта қарап, жана көзқарастар тұрғысынан қайта бағалауға мүмкіндік береді. Күнделікті өмір тарихын зерттегенде белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамда орын алған өзгерістердің халыққа қалай, қаншалықты әсер еткенін анықтауға мүмкіндік туады.

Күнделікті өмірдегі тосын құбылыстар

XIX ғас. II жартысынан бастап Жетісу облысында орын алған саяси-экономикалық жағдайлар халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне әсер етпей қоймады. Жетісудың Ресей империясының экономикалық жүйесіне тартылуы томаға тұйық жатқан дәстүрлі қазақ қоғамын түбегейлі өзгеріске түсірді. Нәтижесінде жергілікті халықтың өмір сүру салты, кәсібі, отбасылық, туыстық қарым-қатынасы өзгеріске ұшырады.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы қарым-қатынастар ру-тайпалық қатынастарға негізделгені белгілі. Бұл туралы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тайпа, ру, олардың барлық мүшелері бір-бірімен қандас туыстар болып, олардың барша әрекет-тір-

ліктері тұтасып жатқан. Рас, олар бір-біріне ұқсамаған, алайда біртұтас отбасының бөлінбес мүшелері ретінде қабылданған. Олар өзара тығыз байланыста болғанымен, әркім өзіндік күш-қуатымен, психологиясымен, парасат-пайымымен тірлік құрған.

Өзінің негізгі өзегі патриархалдық отбасы болып табылатын бұл сияқты кез келген қауымдастықтың дәстүрді тұғыр еткен өзіндік жан-жүрегі, біртұтас әлеуметтік-шаруашылық және парасат-бітімдері болған» (Назарбаев, 2003: 35-36) десе, отбасылық, туыстық қарым-қатынастар туралы: «Жекжат-жұрағаттардың, сондай-ақ ру аралық туыстық қарым-қатынастардың құқықтары мен міндеттері, сый-сыяпаттарының деңгей-дәрежелері, қадір-құрметтерінің шек-шекаралары, тыйым-талқыларының ауқым-аясы әрбір адамға арналған қатал әдепке бағынып отырған. Мінез-құлықтардың өзара міндет-деңгейлері, қарым-қатынастың қылық-қасиеттері, киіз үй ішінде дастарқан басындағы орындары, әрбір қонаққа көрсетілген құрметтің кезек-тәртібі, тіптен сыйсыбаға тағамдардың түр-түріне дейін, бәрі-бәрі сараланған. Қысқасы, өмірдің барлық сәтіне орайластырған құқықтар мен міндеттер болған. Мұндай құқықтар мен міндеттер жүйесі біртұтас әдеп деңгейінде көрініс тауып отырған. Мұның бәрі біздің бабаларымыз болып келетін далалық көшпелілер өмірін іштей реттеп отыратын парасат қайнарына айналған», – дейді (Назарбаев, 2003: 43-44).

Дәстүрлі қоғамның өзгеріске түсуі, жоғарыда айтып кеткеніміздей, XIX ғасырдың II жартысынан бастап кедергісіз жүргізілген отаршылдық саясатымен, соның негізінде пайда болған капиталистік қатынастармен тығыз байланыста жүзеге асқаны белгілі. Сондықтан қоғамның өзгеруі оңай, жеңіл түрде жүрді деп айта алмаймыз. Патша үкіметі қонысаудару саясаты арқылы өңірдегі дәстүрлі жартылай көшпелі мал шаруашылығын дағдарысқа ұшыратып, халықтың ұлттық құрамын өзгертті. Салт-санасы және діні мен дәстүрі жат өзге халықтармен әлеуметтік байланысқа түсу дәстүрлі қазақ қоғамына тосын құбылыстар мен әдеттердің енуіне жол ашты.

Капиталистік қатынастармен бірге тұрмысқа енген өзгерістер мен жаңалықтарды халық бірден қабылдай алмады. Жаңа қарым-қатынастарға тосырқай қарады және ол табиғи заңдылық та еді. Бұрынғы қауымдысып тіршілік еткен шаруашылық негізі күйреп, енді жаңа қатынастарға бейімделіп, өз бетінше тіршілік ету, жаңа кәсіптерді

меңгеру біршама уақытты қажет етті. Оның үстіне Жетісу өлкесінің Ресейдің экономикасына тартылуы өсімқорлық сауданың дамуына жол ашып, халықтың әлеуметтік жағдайын бұрынғыдан да қиындата түскен еді.

Дәстүрлі мал шаруашылығының дағдарысынан басталған қазақ қоғамындағы өзгерістер әрбір отбасына, оның мүшелерінің өміріне тереңдеп ене берді. Нәтижесінде қазақ халқы рухани жағынан да орасан зор күйзелісті бастан кешірді. Бұрынғы дәстүрлі құндылықтардың негізі шайқала бастайды. Бұрынғы үлкеннің сөзіне тоқтаған, ата тұрып ұл сөйлемеген, шеше тұрып қыз сөйлемеген, әйелі күйеуінің бетіне тіке қарамаған әдептің, қазақы дәстүрдің іргесі сөгіліп, отбасының бұрынғы беріктігіне сызат түседі. Бірте-бірте көшпелі өркениет негізінде қалыптасқан ұлттық менталитет өзгеріске ұшырап, оның белгілері отбасылық, ағайын арасындағы туыстық қарым-қатынастарда айқын көрініс береді.

Дәстүрлі қазақ қоғамының өзгеруіне XIX ғас. II жартысында жүргізілген әкімшілік реформалардың да әсері зор болды. Орыс заңының ықпалымен қоғамдық тәртіптермен қоса отбасындағы салт-дәстүрлерге де өзгеріс ене бастады. Әйел теңдігі, махаббат бостандығы, қалыңмал, қыз жасауы, әменгерлік сияқты отбасының жеке өміріне қатысты мәселелер қоғамдық талқыға түсе бастайды. Соның әсерінен біз қарастырып отырған кезеңде әменгерлік жолымен, өз еркінен тыс тұрмыс құрған, күйеуінің дөрекілігіне төзбеген қазақ әйелдерінің жеке бас бостандықтары үшін тәуекелге барғанын байқаймыз. Мысалы, Верный уезінің Қарғалы болыстығының тұрғыны өзін тастап, басқа біреуге тұрмысқа шығып кеткен әйелін қайтаруға Верный уездік бастығының көмектеспей отырғанын айтады. Сот оның әйеліне күйеуіне оралуға шешім шығарады. Бірақ әйелі бұрынғы күйеуінің өзінен 14 жас кіші екенін алға тартып, оған қайтып оралуға үзілді-кесілді қарсы болады. Осыдан кейін бұрынғы күйеуі одан қалың малды өндіріп беруін талап етеді (ҚРОМА., 44 қор, 1тізбе, 9069-іс.: 13-14.). Сонымен бірге күйеуінің дөрекілігі мен қорлығына шыдамай басқа адамға тұрмысқа шығып кету фактілері де орын алып отырған (ҚРОМА., 44 қор, 1тізбе, 9066-іс.: 16).

Ұлтқа тән құндылықтарға төнген қауіпке қарсы тұрар шарасы болмаған халық ақындары отаршылдыққа қарсылықтарын заман ағымына наразылық таныту арқылы білдіреді.

Зар заман ақындарының бірі – Шортанбай Қанайұлы (1818-1881) отбасылық дәстүрлі

отағасына, әкеге деген құрмет-ізеттің жойыла бастағанына наразылығын мына өлең жолдары арқылы көрсетеді:

Заманақыр кезінде,
Қойында қатын жатпады.
Ұрса тілін тартпады,
Күнәсі асқан бұл пенде,
Құдайдан әсте қорықпады.
Шешесіне болысып,
Ұлы шоқпар саптады.
Алжыған кәрі қақбас деп,
Келіні тұстан боқтады
(Қамзабекұлы, Омарұлы, Шәріп, 2013: 67).

Бұл өлең жолдарынан көшпелі қоғам кезінде отбасының басты асыраушысы, басшысы болған отағасының беделі түсе бастағанын көреміз. Негізгі кәсібі малшылық болған көшпендінің жаңа қоғамға бейімделіп кетуі қиынға соғады. Бұл, бір жағынан, қазақ халқының рухани тоқырауға түскен кезеңі десек, екінші жағынан, қазақ қоғамындағы ер адамдардың «екі қолға бір күрек таппай» психологиялық жағынан үлкен күйзеліске ұшыраған заманы болды.

Көшпелілік салтын ұстанған еркін дәуір мен халық өміріне жат жаңалықтар әкелген отаршылдық кезеңінің тоғысуы елді екіұдай күйге түсірді. Халықтың бір тобы, ескілікке көндіккендер, жаңа жағдайға жатырқай қараса, келесі бір тобы жаңа жүйеге тез бейімделіп, жаңа қоғамға қызмет етті. Ел ішіндегі алауыздық осы екі әлеуметтік топтың мүддесінің әркелкілігінен туындайды. Дәл осы ахуалды Дулат Бабатайұлы:

Ағайын араз болған соң,
Ел екіге жарылды,
(Қамзабекұлы, Омарұлы, Шәріп, 2013: 74-75) –

деп суреттейді.

Қоғамдағы мұндай өзгерістер Жетісу облысының тұрғындарын да айналып өтпеді. Жетісулық ақын Албан Асан елдің, ағайынның араздығын:

Мандайдағы екі көз,
Бір-біріне қас болды
(Қамзабекұлы, Омарұлы, Шәріп, 2013: 77) –

деп көрсетеді.

Аталған кезеңдегі отбасылық дәстүрдің, ағайын арасының бұзылып, ақсақалдардың беделінің түсе бастауын Албан Асан:

Кісіге бауыры ашылған,
Бұрынғы бордай аға жоқ.
Інісі тілін алмайды,
Жасы үлкенде баға жоқ.
Есікті ашып ат байлар,
Әкені сыйлар бала жоқ.

Немесе

– Жасы үлкен демеді,
Інің жыртты жағанды,
(Қамзабекұлы, Омарұлы, Шәріп, 2013: 78-79) –

дейді.

Ел ішіндегі ауызбірліктің кетіп, ағайын арасындағы бас араздығының өршуіне болыстық сайлаулары да қатты әсер етті. Патша үкіметі қазақ халқының ұлт-азаттық күресін әлсірету үшін осындай сайлаулар кезінде ру аралық тартысты қоздырып, әр рудың өкілдерін бір-біріне айдап салып отырды (Назарбаев, 2003: 51).

Бір-біріне мүддесі сәйкес келе бермейтін әртүрлі рулар 10-12 ауылдан біріктіріліп, бір болыстыққа кіргізілді. Осы ауылдардың қай-қайсысы болыстықты жеңіп алуы үшін араға пара жүрді, партиягершілік науқаны қызды, болыстық билікке таласты. Отарлық саясат ақшаның пара рөлін атқаруына жол ашты. Аткамінер пысықайлардың, таласқа түскен партияшыл топтардың арқасында орыс шенеуніктері параға бөкті. Кім параны көп берсе, билік соған қарай ауды (Қамзабекұлы, Омарұлы, Шәріп, 2013: 95. Жетісу облысының қонысаудару басқармасының шенеунігі Г.К. Гинс Верный уезіндегі Түрген алқабына жан-жақтан болыстық сайлау алдындағы жиналысқа жиналып жатқан қазақтарды көргенін жазады. Ол: «олар (қазақтар – *Б.Л.*) бір аптадан кейін болатын болыстық және ауыл старшындарын сайлауға үгіт-насихат жұмыстары үшін және кандидаттарды талқылауға жиналып жатыр. Ара-арасында топқа бөлініп дауласады. Дауласудың арты төбелеске ұласып, бір қазақтың көзін шығарып жіберді. Сайлауда кейде қантөгіске дейін барады. Әр жерде шеңбер құра аттылы қазақтар тұр. Ортада ақсақалдар ақылдасуда, жастары шешім күтіп тұр, кейбіреулері төбелесіп, оларды полиция ажыратып жүр. Бізге бір қазақ жақындап келіп, 10 рубльді ұсатып беруімізді өтінді, біз оның өтінішін орындадық, ол тез кетіп қалды. Күміс ақшалар оған пара беру үшін керек. Сайлауда жеңіске жету болысқа қымбатқа түседі, ал болыстықтағы қазақтарға

одан да қымбатқа түседі. Себебі, болыс бекіп алғаннан кейін әрбір түтінге өзіне сый (қара шығын) беруді тағайындайды. Көп ұзамай оған жылқы табынын, қой отарын, ақша, т.б. сый әкеліп береді. Болыс болған өте пайдалы, сондықтан сайлау алдында шексіз ант бере беруге болады. Бөлімше басқармасының кеңсесіне қауіпті қарсыластар мен кандидаттарды сайлауға жібермеу үшін арыз-шағымдар бірінен соң бірі түсіп жатады» (Гинс, 1913: 302) – дейді.

Сайлау алдындағы ел ішіндегі дүрбеленді далалық экспедиция (1960-1964 жж.) материалдары да дәлелдейді. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының ғалымдары қазіргі Алматы облысы Ескелді ауданының бұрынғы тұрғындары Боранбай Шәріпов пен Сейдахмет Кебенековтен жазып алған мәлімет бойынша: Революциядан бұрын Жетісу облысы Жоғарғы Қаратал болыстығын ағайынды үш жігіт, ірі байлар Аман, Хангелді, Амандос Жөңкебаевтар бірінен кейін бірі басқарған. Соңғы болыс Аман болған (1909 жылдан – 1916 жылға дейін). Болыстыққа Тұманшы бидің ұрпақтары да таласады. Осы екі әулеттің арасында билік үшін ұзаққа созылған талас болып, арты қантөгіске ұласып отырған. Оның зардабын халық тартты дейді (Маргулан, Востров, 1967: 10-11).

Адамгершілік пен ар-ұятты саудаға салған осындай сайлаулар жүйесі арқылы сайланған билер халыққа жайлы бола бермеген. Олардың мінез-құлқы туралы Дулат Бабатайұлы: «Тырнадан би сайладың» – деп, басынан қиқу кетпеген жұртты аяса, Албан Асан: «Қудан туған шұнақ би», ал Шортанбай ақын: «Елу басы, он басы, Ол – сайтанның жолдасы» дейді (Қамзабекұлы, Омарұлы, Шәріп, 2013: 80).

Жетісу қазақтарына тосын болған жағдайлардың бірі – қазақтарды басқару жөніндегі ереже (1867 ж. 11 шілде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару ережесінің жобасы» – Б.Л.) мен патша өкіметі жүргізген халық санағы еді.

Жетісу және Сырдария облыстарын басқару ережесінің жобасы Жетісу облысының қазақтары тарапынан қолдау таппады. Қарапайым халықтың елдегі саяси-экономикалық өзгерістердің, әділетсіздіктер мен әлеуметтік қиындықтардың Ресей патша үкіметінің отарлық саясатынан бастау алып жатқанынан бастапқыда, әрине, хабары болмады. Оған Жетісу облысын зерттеуге шыққан комиссия жазбаларынан да көз жеткізуімізге болады. Жаңа басқару ережесіне наразы болған халық патша әкімшілігінің шенеуніктеріне: ««Бізге бұрынғы тәртіп қолайсыз немесе

ауыр болды?» деп Ақ патшаға кім айтып жүр десе, енді бірі оған «Сұлтан Ақ патшаға тойға барып, аға сұлтандар билігін жоюды талап етіпті» – деп жауап беріп жатты. Халық бұған да сенуге дайын болды. Біз оларға ешкімнің де патшаға барып арыз айтпағандығын түсіндіру үшін өлке картасын көрсетіп, жоғарғы жақтағы бастықтар олардың тұрған жерін ғана емес, бұл жердегі әрбір рудың көшіп-қонатын жайлауларын, тау, тасты, олардың ата-бабаларының молаларына дейін білетінін айтқан кезде халық таңқалысып, Аллаға сыйынып, сақалдарын сипай берді» – дейді.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, қазақтар патша үкіметінің халықтың санын алғанына да наразы болды. Олар комиссияның келетінін күні бұрын біле тұра белгілі бір мекенде қыстамай, жаңа үкіметтің санақ жүргізуіне кедергі келтіріп баққан. Оның себебі, бір жағынан, санақ мақсатының оларға түсініксіз болуы болса, екінші жағынан ол жаңа қоғаммен бірге келген тосын құбылыстарды бірден қабылдай алмаған ішкі қарсылығының көрінісі еді. Көптеген әкелер санақ кезінде өздерінің орнына жөргектегі балаларын немесе қайтыс болған туыстарын жаздырып қойған. Мысалы, Верный уезіне қарасты Талғар болыстығының қарт қазағы қасына баласын ертіп келіп, баласын өзінің орнына жазуды өтінеді. Неге өзі жазылғысы келмейтінін сұрағанда, ол: «Мен әскерде қызмет етуге жарамаймын, кәрімін» – деп жауап берген (Балицкий, 1973: 6). Ал, керісінше, 1897 жылғы Ресей империясы жүргізген бірінші жалпыхалықтық санақта қазақтар балаларын жасырып қалып отырған. Бұл туралы М. Тынышбаев: «Санақ кезінде сұрақ қойғанда қазақтар балаларын жасырып қалып отырды, өйткені үкімет өздері босатылған әскери міндеттілікті енгізгелі жатыр деп ойлады» (Тынышбаев, 2003: 200) – дейді.

Дегенмен, капиталистік қатынастардың дамуы томаға-тұйық өмірді өзгертіп, натуралды шаруашылықты ыдыратты. Тауарлы-ақша қатынастарының дамуы облыс тұрғындарының бір-бірімен тығыз араласуына, шаруашылық байланыстарын нығайтуға негіз болды. Нәтижесінде тұрғындардың күнделікті өмір сүру әдеттері, тұтынатын еңбек құралдары, жалпы тұрмысы өзгере бастады. Күнделікті шаруашылық байланыстары негізінде қазақтар мен қонысаударушылардың арасында тығыз материалдық және рухани байланыстар орнай бастады. Осының бәрі отарлаушы биліктің ықпалынан тыс объективті түрде орын алды.

Жоғарыда келтірілген жағымды және жағымсыз көріністерге қарамастан, Жетісу облысының қазақтарының күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдық санасы түрлі өзгерістерге ұшырай, жаңа сапалы қарым-қатынастарға қарай бет бұрып, дамудың келесі сатысына өте берді.

Қорытынды

Патша үкіметінің XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басында жүргізген отарлық саясатының салдарынан XX ғасырдың соңына таман қазақ халқының өз жерінде саны азайып, тілінен, дінінен, салт-дәстүрінен айырылып, ұлт ретінде жойылып кетудің аз-ақ алдында қалғанын жоққа шығара алмаймыз.

Бірақ аталған кезеңде жаңа қоғамдық қатынастардың пайда болуы қазақтардың күнде-

лікті тыныс-тіршілігіне жаңа серпін берді. Қазақ халқының тұрмысында заман талабына сай өзгерістер орын алып, күнделікті өмір сүру әдеттері, тұтынатын еңбек құралдары, ыдыс-аяқтары, ішіп-жейтін тағам түрлерімен бірге киім-кешектерінің түрі де өзгерді. Халықтың сана-сезімі өсіп, жаңа өмірге бейімделе бастады, күнделікті тұрмыс-тіршілігі сапалы жаққа қарай өзгере бастады.

Қысқаша айтар болсақ, XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында қазақтардың күнделікті өмір салты сол кездегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық талаптарынан шет қала алмады. Қазақ халқы өздері өмір сүріп отырған ортаның барлық заңдылықтарына көндігіп, күнделікті тіршілігін қамтамасыз етуге ұмтылды. Сол заманның талаптарына жауап берді.

Әдебиеттер

to betray the fatherland women's camp, documents on their hard life, work, everything remains in the form of the exposition of the museum exhibits hall. More in 1986 participated in the December uprising, a Kazakh youth who died for them, there is an exhibit in the museum, were justified on grounds of recording certificates and documents. As part of the museum called «worship» on account of South Kazakhstan in the thirties have a list of people shot in 2500, there are plaques (Оразбекұлы, 1998: 98).

According to the director of the museum is estimated 113000 Republic of caught in the repression of 25,000 were shot. In Southern Kazakhstan (at that time Aulieata, Kyzylorda, southern part were united) 7000 arrested, 2500 were burned. Unfortunately, this list is still replenished, looking for documents gone missing (Есенқарақызы, 2006 б: 9). Plus, there are more pictures participated in the Great Patriotic War. In developing this part of the museum the development of various sectors of society and its various stages of research science, on the basis of research and knowledge. In accordance with the commitments in research, and subsequent studies museum is still seeking information about the victims of political repression, want to reveal the true mystery in the study, they make their own steps. This is one of the steps of the Republic of Uzbekistan, Tashkent Astana museum of political repression victims. Museum experts magazine «Sholpan» eight items «White Road» 25 articles were photographed and shown to our republic. Of course it is very difficult, and it's all done for a reason. In magazines, newspapers need information and photos of luxury is not enough (Байғұт, 2010: 3). The entire museum is based on a family-style, mainly of Alash family. At present, 11 thousand stories, findings, documents are stored. Came under repression policy, the remaining missing are the names of those who have

not entered into the list. Included in the museum leave their paintings in the book «Book Reviews». Heroes of our citizens have fallen under the pressure of political repression, without comment that was used is not possible. Nearby the former Soviet Union and several European countries, USA, China, Japan, their opinions and suggestions were recorded. Ambassador Ihor Ivanchenko proved that he was getting his head in front of the previous intellectuals, and the properties of the Kazakhs. His father was a man caught in the repression of politics and war Avganistana Hero of the Soviet Union, the Caucasus gallant guardsman Ruslan Aushev: «Thank you that you honor deceased people I'm sure everyone who came here was very compassionate, kind, tolerant Looking in my eyes.. dimmed with tears. « – so he gave his good opinion (Lisa Findley, 2011: 5). The main goal of department, who came to familiarize with the exposition halls; think of the passage of the tour and documentary; excursions, advice, lectures, big event; do advertising, exhibitions, at Activity conversation included in the LHC; study of museum audience; Make a complete plan Activity events. Books made the museum never running out of his interest in amateur readers, memory repression descendants, this suggests some strong sadness: «Who gave the right to shoot ?!» «Those groups Alash», «Give patience to see it through ...» (Оңтүстік Қазақстан облысының саяси қуғын-сүргін мұражайы, 2006: 16).

Conclusion

Today, the museum of political repression victims gives us knowledge of the past, using the museum and unique works cause the younger generation to love their country, patriotism is the main objective.

Әдебиеттер

- 1 Райымханова К., Қатран Д. (2002) Музей ісінің теориясы мен практикасы. Алматы.
- 2 Мұсағалиева А.С. (2010) Қазақстандағы кенестік саяси репрессиялар мәселесінің зерттелуі. Тағдырларды біріктірген Қазақстан атты конференция материалдары. Астана: Алжир музейлік-мемориалдық кешені. С. 72-83
- 3 Мұсағалиева А.С. (2008) Политические репрессии в отражении музейных экспозиций. Музейные ценности в современном обществе: Материалы международной научной конференции, посвященной 130-летию Омского государственного историко-краеведческого музея. Омск. С. 266-268.
- 4 Есенқарақызы Х. (2006) Қан жүректі қайғылым. Шымкент: Ордабасы.
- 5 Казахстан: 1991-2002 годы. (2002) Информационно-аналитический сборник. Под редакцией А. Смаилова Алматы. С. 142.
- 6 Кәкен А. (2006) Зұлмат жылдардың запыраны немесе саяси қуғынға ұшыраған қазақ зиялылары туралы ой-толғам. Астана хабары. 13 мамыр.
- 7 Назарбаев Н.Ә. (1999) Тарих толқынында. Алматы: Атамұра.
- 8 Kim Sloan, A. Burnett (2003) The term 'museum of the world' was used by Neil MacGregor in the introduction to *Discovering the World in the Eighteenth Century: Enlightenment*, ed. London.

- 9 John Styles writing in 'History in the galleries: developing historical themes for the new British Galleries', in *Creating the British Galleries – a Study in Museology* (2004). London.
- 10 Әбжанов Х., Назарбаева Г. (2003) Қазақстан: тарих пен тағдыр. Алматы: Кітап.
- 11 Қозыбаев М. (1992) Ақтандықтар ақиқаты. Алматы: Қазақ университеті.
- 12 Қозғамбаева Г.Б (2016) Қазақстан музейлері. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті.
- 13 Оразбекұлы Қ. (1998) Азалы Кітап – книга скорби. Атылғандардың тізімі. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша. Шымкент: Зерде.
- 14 Есенқарақызы Х. (2006) Саяси қуғын-сүргін құрбандарына тағзым. Ғылыми-практикалық конференция материалдары. Шымкент, 2006.
- 15 Байғұт М. (2010) Қамалған, атылған, ақталған. Егемен Қазақстан газеті. №90.
- 16 Оңтүстік Қазақстан облысының саяси қуғын-сүргін мұражайы (2006). Жолсерік. Шымкент.
- 17 Lisa Findley (2011). Red and Gold: A Tale of Two Apartheid Museums, *Places Journal*, 2011.

References

- 1 Рауымханова К., Катран Д. (2002) *Museum of the theory and practice*. Almaty.
- 2 Musagalieva A.S. (2010) Study of the problem of the Soviet political repression in Kazakhstan. *Unites Kazakhstan*. Astana: Algeria museum and memorial complex, 2010.S. 72-83.
- 3 Mysagalieva A.S. (2008) Political repression in the reflection of museum exhibitions *Museums values in modern society: Materials of the International scientific conference devoted to 130 – anniversary of the Omsk State Historical – Local Lore museum*. Omsk. S. 266-268.
- 4 Esenqaraqızı Q. (2002) *The circulation of blood to the heart*. Shymkent: Ordabasy in 2006.
- 5 *Kazakhstan: 1991-2002. Information-analytical collection*. Edited A.Smailova. Almaty. 2002. S. 142.
- 6 Kaken.A. (2006) In those early years, political books or Kazakh exposed to the idea of labor. *Astana habari*. 13. mamır.
- 7 Nazarbayev N. (1999) *The flow of history*. Almaty: Atamura.
- 8 Kim Sloan, A.Burnett (2003). The term 'museum of the world' was used by Neil MacGregor in the introduction to *Discovering the World in the Eighteenth Century: Enlightenment*, ed. London.
- 9 John Styles writing in 'History in the galleries: developing historical themes for the new British Galleries', in *Creating the British Galleries – a Study in Museology* (2004). London.
- 10 Abzhanov H. D. NazarbayevaG. (2003) *Kazakhstan: history and fate*. Almaty: Kitap.
- 11 Kozybayev M. (1992) *Aqtandıqtar reality*. Almaty: Kazakh University.
- 12 KozgambaevaG.B. (2016). *Qazaqstan myzeuleri. Oku kyrali*. Almaty: Qazak ynuversuteti.
- 13 Orazbekovich K. (1998). *The book is a book scrubs condolences. Atılғандардың list*. South Kazakhstan region. Kazakhstan: Zerde Press.
- 14 Esenqaraqızı H. (2006) Bow to the victims of political repressions. *Materials of the scientific and practical conference Shymkent*, 2006.S. 9-11.
- 15 Baygut M. (2010) Was jailed, shot, it is justified. *Egemen Kazakhstan*. №90. 2010.
- 16 *Museum of the political repression of the South Kazakhstan region*. Flight attendant (2006). Shymkent.
- 17 Lisa Findley (2011). Red and Gold: A Tale of Two Apartheid Museums, *Places Journal*.

Картаева Т.Е., Болсынбек Т.

Сандық жасау өнері және қолданыс аясы (музей материалдары негізінде)

Сандық – киіз үйдің ішкі жиһаздарының киім-кешек, маталар, зергерлік бұйымдар, ас тағамдар сақтайтын түрі. Дәстүрлі қазақ тұрмысында сандық басты жиһазы және баспананың ішкі жабдығының қажетті бөлігі, сондай-ақ сәндік қолданбалы өнердің туындысы саналды. Сандық басқа жиһаздар ішінде киіз үйдің маңызды бөлігінде – төрде орналасты. Сандық үстіне жиналған жүктер мен теңдер үй иесінің байлығынан және әлеуметтік жағдайынан хабар берді. Сандықтардың әр түрлілігі және оларды сәндеудің әр түрлілігі халық шығармашылығынан, халықтық білімдер жүйесінен мәлімет береді. Сандықтар көне дәуірлерден бастап бүгінгі күнге дейін халық арасында жоғары сұранысқа ие.

Түйін сөздер: ағаш шебері, сандықтар, оймыштау, инкрустация.

Kartaeva T.E., Bolsinbek T.

The art of making a chest and its medium application (according to museum material)

The chest is one type of item of household goods for storing clothes, fabrics, jewelry, food, linen. In everyday life of the Kazakhs, the chest was the main type of furniture and necessary part of housing and at the same time a work of art. It took a visible place among other house furniture and utensils; it is a decoration of the yurt – the most honorable place in the yurt. The tied boxes on it demonstrate the wealth of the owner and his/her social status. A variation of the chest and decoration suggest the rich folklore and traditional taste of the Kazakhs. Chests have been in high demand among the Kazakh people since the ancient time. It is widely used even today.

Key words: Wood carver – agashshy, chests, wood carving, inlaying.

Картаева Т.Е., Болсынбек Т.

Искусство изготовления сундука и его среда применения (по музейным материалам)

Сундук – один из видов домашней утвари, предназначенный для хранения одежды, ткани, ювелирных украшений, продуктов, белья. В традиционном казахском быту сундук является необходимой мебелью и основной частью жилища, а так же произведением прикладного искусства. Оно занимало видное место среди других внутренних утварей и мебели, являясь украшением «төр» – самой почетной части юрты. Сложенные тюки подчеркивают богатство их владельца и его социальный статус. Разновидность сундука и их украшений свидетельствует о богатом народном творчестве и о народном знании. Сундуки пользуются большим спросом среди населения с давних времен до наших дней.

Ключевые слова: мастера по дереву – ағашшы, сундуки, резьба по дереву, инкрустация.

**САНДЫҚ ЖАСАУ
ӨНЕРІ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНЫС АЯСЫ
(музей материалдары
негізінде)**

Кіріспе

Сандық киім-кешек, мата, зергерлік бұйымдар, т.б. заттар салуға арналған киіз үй жиһаздарының бірі, оның киіз үйдің ішкі жабдықтары мен жиһаздары арасынан алатын орны ерекше. Сандық төрдің сәні, сандықтың саны мен оның үстіне жиналған тең шаңырақ иесінің байлығы мен әлеуметтік жағдайынан мәлімет берген. Қазақтардың тұрмысында сандық негізгі тұрмыстық жиһаз болып саналады. Сандықтың үй тұрмысында тұтыныстық та, сәндік те, шаруашылық қарекетте де мәні зор. Төрдегі сандықтар молшылықтың, қазынаның көрінісі саналған. Қазақ сандықтарының көркемделуі мен атауларында аймақтық ерекшеліктер байқалады. Қазақтың дәстүрлі тұрмысын сандықсыз елесту мүмкін емес. Қазақтағы «сыр сандық» сөзі де сандықтың зат сақтауға арналған қызметіне байланысты туындаған. Сандықты ағашшылардан бөлек, темір ұсталары, зергерлер, ершілер де жасай берген. Дәстүрлі қоғамда жасалған сандық түрлерінің озық үлгілері ҚРМӨМ қорында сақталған.

Сандық түрлері мен қолданыс аясы

Сандықтың көлемі мен күнделікті тұрмыста қолданылуына орай абажа (абдыра, әбдіре), жағлан (жағдан), ағаш сандық, кеу сандық, тайсандық, киіз сандық, темір сандық, сүйек сандық, кебеже, қол сандық, шәй сандық деген түрлерге ажыратылған. Сандықтар қапталған материалына қарай киізбен қапталғаны киіз сандық, терімен қапталғаны – жағлан, алдыңғы беті темірмен безендірілгені темір сандық деп аталған.

«Кіруге адам батпайды, аман-есен сақтайды» деген қазақ жұмбағының шешуі сандық, «Төрде төртеу төрем дейді, есікте екеу өлем дейді» деген жұмбақтың шешуі – сандық пен қос босаға. Бұл жұмбақта төрдегі сандықтарды төреге теңегендігі, тұрақтылықтың, үлкендіктің, ал қос босаға беріктіліктің белгісі ретінде бейнеленген.

О. Шкапский «От Орска до Казалинска» атты мақаласында «Киіз үйге кірсе, қаз-қатар қойылған, киізбен, матамен қапталған сандықтар көзге түседі. Сандықты жүкке сән келтіру үшін және көші-қонда сынын, бедерін ке-

тірмеу, мүжіліп, қажалмас үшін қаптайды. Сандықтың санына қарай кісінің байлығын санауға болады. Сандықтар оң жаққа қойылады. Төрге жүкаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, көрпе-жастық, т.б. жүктер жиналады» (Шкапский, 1889: 127-128). О. Шкапский жазбасындағы «матамен қапталған сандықтар көзге түседі», – деген дерегі назар аударарлық, бұл жерде автордың киіз сандықты айтып тұрғаны сөзсіз. Себебі, сандықтың киіз қаптарының бетіне масаты мен пүліштен

ою-өрнектер сырып салынады. Ал, «сандықтар оң жаққа қойылады» дегенде кебеже туралы айтып тұрғаны сөзсіз. Кебеже төрден есептегенде оң жақта, яғни босаған кіргенде сол жақта қойылған.

В. Лавровтың Қазалы уезінен түсірген бай қазақтың киіз үйінің жабдығы көңіл аударарлықтай, бұл фотоқұжатта киізбен қапталған сандықтардың киіз үйдің төрінде жиналып, бірнеше теңді ұстап тұруы үй иесінің байлығын көрсетеді (Лавров, 1916; 1-сурет).



1-сурет – Төрде сандық пен тең жиналған киіз үй (Лавров, 1916)

Сандықтардың түрлері мен атқаратын қызметіне қарай киіз үйдің ішінде арнайы орны болды. Жүк сандықтар, жүкаяқ арқылы көтеріліп, төрге қойылып үстіне тең жиналды (8-сурет), төрден қарағанда киіз үйдің оң жақ босағасына қарай асадал, сол жақ босағасына қарай кебеже қойылды.

Көлемі жағынан үлкені абажа (абдыра, әбдіре) деп аталып жүк сандық қызметін атқарған. Абажаның ішінің сыйымдығы мол болған, қазақтардың көлемі үлкен дүниені «абажадай» деп теңеу айтуы осымен байланысты. Абажаның көлемі үлкен болғандықтан оны көш кезінде жүк ретінде түйеге артпаған. Қажет болса арбамен алып көшкен. Негізінен көбіне тұрақты баспанада қойылған немесе жайлауға кеткенде қыстау үйде қалдырып отырған.

Сыр бойында сандықтың кең тараған түрі, әрі осы күнге дейін кең қолданысқа ие болып

отырғаны – беті оймышталған ағаш сандықтар мен бетін қаңылтырмен қақтаған ағаш темір сандықтар. Темір сандықтың бет жағына әдетте жұқа мыс, қаңылтыр, жез таптаулармен, темір ені 0,5, 1 см болатындай, беті тегіс сымдарды шаршылап, кереге көздеп қадау шекіген, темір шаршыларды күміс қалпақты шегелермен бекіткен (2-сурет). Кейде темір бетін әсемдік үшін сырлаған (4-5, 10а-суреттер).

Темір сандық деп алдыңғы бетінің ою шекілген темірмен қапталуына орай, шартты түрде аталған. Темір сандық та басқа сандықтар сияқты ағаш тақталардан құрастырылған. Темір сандықты көтергенде салмақ болмас үшін бетіне темір жұқа қаңылтырдан жасалынып, оның үш түрі кездеседі. Бірі жоғарыда айтылған, қаңылтыр пластиналардан құрастырылған өрнекпен жасалғаны. Ол үшін қаңылтырдан тік болып келген, ұзындығы 15-20 см болатындай тілше, пластинкалар жасап, оларды бір-бірімен геомет-

риялық өрнек ізімен қиюластырған (2-сурет). Темір сандықтың бұл түріне шеберлік және дәлдік өлшем қажет болған. Екіншісі сандық пішіміне орай кесілген қаңылтырды бояп, бетіне өрнекті


арнайы қалыптармен бастырып (3-сурет), безеп түсірген, сондай-ақ ұста бізі арқылы шекіп ою өрнек салған түрі. Үшіншісі, күміс құймалармен безендіргені (5-сурет).



2-сурет – Абажа. Арал тарихи өлкетану музейі




а



ә



б



в

3-сурет – Темір сандыққа ою-бедер түсіретін қалыптар




4-сурет – Сандық. ҚРММ қоры. КП19426



5-сурет – Сандық. ҚРММ қоры. КП22777



а



ә

6-сурет – Ағаш сандықтар. Сырдария экспедициялары материалдары.

Кебежелерге кісен, шідер, тоғанақ, т.б. шаруашылық бұйымдары салынған. Ал көш кезінде ішіне көрпеше төсеп, кішкентай баланы отырғызуға да пайдаланған (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, 2014: 530-531).

Кебежелер жерден көтеріп тұратын төрт аяғымен бірге жасалынған. Ағаш бетін оймыштап әсемдеп жасаған кебежелерде, ағаштың табиғи бояуы сақталады, әрі өсімдік типтес көгеріс және зооморфты өрнектерді бір-бірімен байланыстыра отырып, ойған түрлері жиі кездеседі (7ә-сурет).

Ағаш сандықты төрт бұрыштап кесілген, жонылған тақтайлардан қиюластырып, бетін оймыштап өрнек шабады, жосамен, лакпен, охрамен бояған. Ағаш сандықтарға өсімдік типтес және геометриялық оюлар шабылған (Востров, 1963: 42-43; 3-сурет).

Жағлан сандық түрлерінің үшіндегі ең сәндісі десек те болады. Жағлан үшін дайындалған сандықтың сүйегін немесе ағашын былғары терімен қаптап, арнайы қалыптармен ою-бедер түсірген, бетін құйма күміспен, қалпақты күміс шегемен әшекейлейді. Оны жағдан деп те атайды.

Қыз Жібек жырындағы

«Сексен түйе үстінде,
алтынды жағдан орнаған» –

деген жолдар жағланның қыз жасауына арнап соғылғандығын меңзейді.


Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде XVIII – XIX ғасырларда кең тараған. Қажетті, сапалы былғары мен күміс табу оңай болмағандықтан, жағланды тек сән қуған ауқатты адамдар ұзатылатын қыздарға арнап жасатқан. Жағланды жергілікті жерде жағдан деп те атайды. Жағланға арналған теріге бастырып, ою-өрнек түсіреді,

күміс құймалармен әшекейлейді. Жағлан тігу үшін сиыр мен жылқы терісі пайдаланылды және тері сандықтың ағаш қаңқасына керіліп тігілді. Жылқы, сиыр, түйе терілерін өңдеу үшін суда жұмсартып, жүнінен айырады да, 7 күн ащы айранда ұстайды. Айранға су, тұз, ұн қосады. Кептірген соң ағаш оқтау көмегімен жұмсартады. Тері үлкен, қатты болғандықтан 2 ағаш оқтауды бір-біріне жіппен байлап, теріні орап, тері әбден жұмсарғанша ағашпен ысқылайды. Теріні бояу үшін иленген теріні суға салып, жұмсартып, киізбен бастырып, жайып тастайды, содан кейін кептіріп, қолмен тағы илейді. Маймен әбден сылап, ашыған айранға салады, содан кейін бірнеше күн бояу жасалған ыдысқа салады.

Жағлан теріге арнайы бояумен қатар, сәнділігін арттыру үшін ою-өрнектермен бедер түсірген. Ол үшін жаңа өңделген жұмсақ теріні ою ойылған ағаш қалыптың үстіне жайып, оймыш ойықтарына жұмсақ теріне қолмен енгізіп, үстін ауыр таспен бастырады. Тері әбден кеуіп болғанша, ою да түсіп, қатып үлгереді.

Бетін сүйектермен өрнектелгенін *сүйек сандық* деп атау қалыптасқан. Ол үшін қойдың қабырға сүйегін әбден майынан арылтып қайнатып, ортасынан тіліп, кермегін тазалап, түтінге ыстайды, дайын болған сүйек талдарын күміс шегелермен геометриялық пішінде қиюластырып орнатады. Сүйек сандықтар, сүйек жұкаяқтар, сүйек кебежелер сандықшылар мен сүйекшілердің жоғары эстетикалық талғамынан мәлімет береді, әрі сүйектелген сандықтар қымбат бағаланған (5, 7-суреттер).

Киіз үй төріндегі сандықтарды көтеріп тұратын жұкаяқ арқылы сандық ішіне ауа кіреді, жерден ыза өтпейді, ал сандық үстіне жиналған жүк «тең» деп аталады (8-сурет).



7-сурет – Көш жолындағы қазақ және кебежеге отырғызылған бала
(ҚРММ Фотокүжаттар қоры)



а



ә

8-сурет – а) Сүйектелген кебеже Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі;
ә) Ағаш кебеже. Оймыш. Сырдария экспедициясы материалдарынан



а



ә


9-сурет – а) Ағаш сандық жұқаяғымен;
ә) Жұқаяқ. Қызылорда облыстық тарихи өлкетану музейі

Г.С. Загряжский: «Сырдария қазақтарын тұрмыс қажетін қамтамасыз ететін заттарды өздері жасап отырды, қажетіне қарай шеберлерге тапсырыс берген», – дейді (Загряжский, 1874: 118-119). Г.С. Загряжский бұл жерде өздері жасап отырды деп киіз, кілем, алаша, бау-шулар, көрпе, көрпешелер сияқты үй кәсіпшілігінде дайындалатын заттарды айтып тұрғаны белгілі. Сандықтардың қақпағының үстіне төсейтін жапқыш-кілемшенің пішімі, сандық көлеміне сәйкес келген, оны әрбір әйел үй тұрмысында тоқи алған. Сандық кілемше тоқу Сыр өңіріне тән қолөнер (АЭМ). Сандық кілемшені көбіне үстіне жүк жиналмайтын болғандықтан кебеже үстіне жапқан. Кілемнен тоқыған сандық қапты көш кезінде киім-кешек салатын шабадан ретінде де қолданған. Ешмұхамед Букин бойынша жүк сандықтарды киізбен, кілеммен қаптаған, сандық үшін арнайы сандық қап тоқыған, – деген (Букин, 1883: 66).

Сыр қазақтары арасында егде тартқан көп жасаған, үбірлі-шүбірлі болып қайтыс болған әйел адам, яғни кемпір өлгенде атқарылатын рәсімнің бірі – «сандық ашу». Сыр өңірінде кемпірлер жасы келген уақыттан бастап «о дүниелік киімім» деп сандығына 20 метр «ақ сұп», яғни ақ шыт мата, жиған-терген маталарын, сақина-білезіктерін, тәуір деген киімдерін салып қоя берген. Бұл сандықты үй-ішіндегілер шартты түрде «кемпірдің сандығы» деп атайды. Бұрын «кемпір сандығын» келін-қыздары ашып, ақ сұпты кебінге деп, ал киімдерін бөлісіп алған, марқұмның жақсы деген киімін суға алған адамдарға деп берген. Қазіргі кезде жергілікті қазақтардың айтуы бойынша 1980 жылдардан бастап бұл рәсімнің атқарылу реті өзгеріске ұшырап, сандық арнайы белгіленген уақытта көпшілік алдында ашылған.

Яғни, кемпірдің сандығы қонағасы күні құда-жекжаттар жиналған уақытта кешкі сағат 5 шамасында ашылады, рәсімге тек қонағасыға жиналған әйел адамдар қатысады да, оларға марқұмның көзі тірі кезінде жиған-тергендерімен қатар, қыз-келіндері әкеліп салған көйлек-көншек, сақина-білезіктері, ашымқа шәйлері таратылады. Көп жасаған кемпірдің сандыққа жиғанынан «тәбәрік» алып кету кәде ретінде қалыптасқан (АЭМ). И. Кастанье бойынша марқұмның көзі тірісінде сандыққа салып жинаған заттарын тарату өлікті жерлеп келгеннен кейін атқарылған (Кастанье, 1911: 80).

Сандықерте кезден ұзатылар қыздың жасауының міндетті бір бөлігі болған (Алтынсарин, 1870; Арғынбаев, 1996; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, 2006). Жасау беру қыз ата-анасы үшін өте жауапты іс саналды. Сыр өңірінде қыз жасауына, яғни жергілікті тілмен айтқанда «қыз дүниесіне» қолдан соғылған сандық апару ертеден қалыптасып, сақталған, қыз сандығына аты шыққан шеберге тапсырыс беруге тырысқан, оның әсемдігіне сандықшы бар өнерін салады. Сыр өңірінің Жалаңаш, Теренөзек, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарында қыз күйеуге кеткен соң қыз киімін беру қыз шешесінің міндеті саналады. Бұл дәстүр «*киім апару*» деп аталып, дайындалған киімдер жасау құрамында сандықтан бөлек, киімге деп арналап соқтырылған сандыққа салынады, киім апаруға қыздың 2-3 жеңгесі сайланады, олар да киімге, яғни сандықты толтыруға өз үлестерін қосады. Сандықпен киім әкелуші құдашаларды күйеу үйі күтіп, киіт кигізіп қайтарады. Сондай-ақ, ұзатылар қызға жасауымен бірге апаруға әшекей, айна-тарақ сияқты жеке заттарын салуға арнап көлемі кіші сандық соқтырған, ол қол сандық (10-сурет) деп аталған.



а



ә

10-сурет – Қол сандықтар. Сырдария экспедициясы материалдарынан

Ондай көлемі кіші сандыққа кейде кептірілген тәттілер салынғандықтан болу керек «шәй сандық», қапталған шикізатына қарай «сүйек сандық» деген атауы да кездеседі. Қол сандықтарды шеберлер майда құрал-саймандар сақтау үшін де жасаған. Қазіргі таңда қолсандықтарды жаңа туылған балаға «бесікке салар» жасағанда қыз шешесі кәде ретінде жиен немересіне арнайы соқтырып, ішіне бала киімін салып апарды. Сандық соғуға жергілікті Сыр ағаштары, сыр тал, қарағаш діндерінен шабылған ағаштар қолданылады (АЭМ). Сыр өңірінде қыз бала дүниеге келгенде, нағашы жұрты бесікпен бірге, бесікке саларға, бала киімдері салынған шағын сандық апарды (АЭМ).

Сандыққа қатысты наным-сенімдер

Қазақтардың байырғы наным-сенімдері де күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан тәжірибеден келіп туындаған деуге болады (Толлеубаев, 1991). Қазақтардың көне наным-сенімі бойынша сандықты түнде ашуға болмайды. Ә. Диваев Сырдария экспедициясы кезінде осы нанымның мәнін Мұхамедәли Шахмұратовтың айтуы бойынша жазып алған: «әулеттен біреу өледі, – деген қауіппен түнде сандықты ашпайды; егер өте қажетті жағдайда ашатын болса, бұл жағдайда: «оған жылан кіріп кетті», – деп ашады» (Диваев, 1896: 57). Бұл дерек қартайған адамның сандыққа ақырет киімдерін салып жинауы ертеден қалыптасқанын нақтылайды, тек жоғарыда атап көрсеткеніміздей оны өлікті жөнелтуге жиналғандарға ашып көрсету рәсімі кейін пайда болған. Ә. Диваевтың түсіндіруі бойынша түнде сандық ашудың үш себебі бар, біріншіден қазақтар көшпелілер ретінде түнде сандықты онда сақталған бір зат қажет етілгенде, екіншіден өте ертемен жаңа

мекенге көшерде түйеге арту үшін ашады, үшіншіден жерлеуге қатысты ашылуы мүмкін және сандықты ашудың басқа себептері үй қожайынының еркіне байланысты (Диваев, 1896: 57-58). Сондай-ақ түнде сандық ашпау, қазақ халқының мифологиялық қаскүнем күштерге сенуіне орай, яғни шайтан аралап кетеді деген наныммен байланысты (АЭМ).

Яғни сандық белгілі бір қажеттілікке орай ғана ашылған. Сондай-ақ, Ә. Диваев бойынша екіқабат әйел толғатқанда толғағы жеңіл болсын деп, оған тиесілі сандықтардың бетін ашып қойған, – деп сандықтың бетін жақсылық шақыру, біреудің өміріне жол ашу мағынасында да ашылғандығын көрсеткен. Бұл ырым қазақтар үшін сандықтың мәні жоғары екенін көрсетеді (Диваев, 1896: 57-58). Түнде сандықты «жылан кіріп кетті» деп ашу ырымы бұл күнде сақталмаған. Дегенменде сандықтың аузын еш уақытта ашық қалдырмайды.

Қорытынды

Сандықтар күні бүгінге дейін қазақ жерінің барлық өңірінде кездескенімен, кең қолданыстағы түрі ағаш сандықтар. Ал, тарихи дәуірлерде, дәстүрлі тұрмыста қолданыста болған жағлан, киіз сандық, сүйек сандық, кебеже сияқты түрлерін музей қорлары мен экспозицияларынан кездестіруге болады. Үйде сандық ұстау, сандықты үйдің негізгі бір жиһазы ретінде санау дәстүрі Сыр өңірінде және қазақ жерінің батысында берік сақталған, әрі бұл өңірлерде қазіргі кездегі жергілікті шеберлердің барлығы дерлік сандық соғу әдісін меңгерген. Сандыққа мән берудің тұрмыстың ажырамас бөлігіне айналып отырғаны бұл өңірлерде қазақы дәстүрлер берік сақталғанымен, қазақи аймақ екендігімен тығыз байланысты.

Әдебиеттер

- 1 АЭМ – автордың экспедициялық материалдары.
- 2 Алтынсарин И. (1870) Очерки обычаев при сватовстве и свадеб у киргизов Оренбургского воеводства. Машинописная рукопись. Отдел рукописей и редких книг Национальной библиотеки. Оренбург.
- 3 Арғынбаев Х. (1996) Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар.
- 4 Востров В.В. (1963) Некоторые вопросы этнографии казахов Кызыл-Ординской области. Материалы и исследования по этнографии казахского народа. Том 18. ТИИАНКазССР. Алма-Ата: Издательство АН КазССР.
- 5 Гродеков Н.И. (1889) Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Т.1. Ташкент: Типо-литография С.И.Лахтина.
- 6 Диваев А. (1900) Несколько слов о свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области. Казань: Типо-литография Императорского Университета.

- 7 Диваев А. Приметы. Сборник для статистики Сыр-Дарьинской области. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. Под редакцией секретаря комитета И.И.Гейера. V том. (1896). Ташкент: Типолиитография торгового дома Ф и Г. Бр. Каменско-го. С.56-59.
- 8 Джанибеков О. (1990). Эхо. Алма-Ата: «Өнер» баспасы.
- 9 Загряжский Г. (1874) Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи. Туркестанские ведомости. №25. 25 июня. С.97-98, №27. С.106-107, №28. С. 110-111., №30. С. 118-119. №31 С. 123. №32. С. 129-130.
- 10 Иш-Мухамед Букин. (1883) Умственное и физическое воспитание у киргиз. Туркестанские ведомости. 1883. №17. 3 мая. С.66.
- 11 Лавров М.В. (1916) Туркестан. География и история края. 2-ое издание. – М.- Петроград: Т-ва В.В.Думнов, Насл. Бр. Салаевых.
- 12 Кастанье И.А. (1911) Надгробные сооружения киргизских степей. – Оренбург: Типография Тургайского Областного управления.
- 13 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары (2006). 2-том. Дүниеге келгеннен озғанға дейін. Алматы. Арыс.
- 14 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі (2014). 5 том. Алматы.
- 15 О.Ш. (1889) От Орска до Казалинска (кочевой быт казахского народа). Туркестанские ве-домости. 1889. №33. 15 авг. С.127-128., №36. 5 сент. С.140-141., №42. 17 окт. С.164., №43. 24 окт.С.167-168.
- 16 Тoleyбаев А.Т. (1991) Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX вв.). Алма-Ата: Ғылым.

References

- 1 АЭМ – the author’s field materials.
- 2 Altynsarin, Ibrai (1870). Oçerki obiçaev prisvatovstve i svadeb u kirgizov Orenburgskogo vedomstva. Otdel rukopisey i redkih knih Natsional’noy biblioteki. Orenburg.
- 3 Argunbayev, Haleb (1996). Kazakh otbasy. Almaty: Kainar.
- 4 Bukin, Ish-Muhamed. (1883) Umstvennoe i fizicheskoe vospitanie u kirgiz. Turkestanskije vedomosti. №17. P.66.
- 5 Vostrov V.V. (1963) Nekotorye voprosy jetnografii kazahov Kzyl-Ordinskoj oblasti. Materialy i issledovaniya po jetnografii kazahskogo naroda. Tom 18. TIANKazSSR., Alma-Ata: Izdatel’stvo AN KazSSR, P.30-50.
- 6 Grodekov, Nikolai. (1889) Kirgizy i karakirkizy Syr-Daryinskoi oblasti. Yuridicheskii byt. Vol.1. Tashkent: Typo-lithography of S.I.Lakhtine.
- 7 Divayev, Abubakir (1900). Neskol’ko slov o svadebnom rituale kirgizov Syr-Dar’inskoy oblasti. Kazan: Tipo-litografiya Imperatorskogo Universiteta.
- 8 Divayev, Abubakir (1896). Primety. Sbornik dliya statistiki Syr-Dar’inskoi oblasti. Izdanie Syr-Dar’inskogo Oblastnogo Statisticheskogo Komiteta. Pod redakciej sekretarja komiteta I.I.Geiera. V tom. Tashkent: Tipo-litografija torgovogo doma F i G. Br. Kamenskogo. P.56-59.
- 9 Zagriazhskii, Georgii (1874). Byt kochevogo naselenija dolin Chu i Syrdar’i. Turkestanskije vedomosti. №25. P.97-98, №27. P.106-107, №28. P. 110-111, №30. P. 118-119. №31 P. 123. №32. P. 129-130.
- 10 Lavrov M.V. (1916). Turkestan. Geografiya i istoriya kraja. 2-oe izdanie. Moskva – Petrograd: T-va V.V.Dumnov, Nasl. Br. Sалаevyh.
- 11 Kasten’e, Iosif (1911). Nadgrobnye sooruzheniya kirgizskih stepei. Orenburg: Tipografija Turgajskogo Oblastnogo upravlenija.
- 12 Kazakh halkukun dasturleri men adet-guruptari (2006). 2-tom. Dunuege kelgennen ozganga deiin. Almaty: Arys. 2006.
- 13 Kazaktyn etnografiyalık kategorijalar, ugymdar men ataularynyn desturli zhuiesi(2014). 5 tom. Almaty.
- 14 Toleybayev, Abdeshe (1991). Relikty doislamskih verovaniy v semeinoi obryadnost y kazakhov (XIX – načalo XX vekov). Almaty: Gulim. 1991
- 15 Shapsriy, O (1889). Ot Orska do Kazalinska (kochevoi byt kazahskogo naroda). Turkestanskije vedomosti. №33. P.127-128., №36. P.140-141., №42. P.164., №43. P.167-168.

Дауытбекова М.К.,
Кусаинова А.Б.

**Мемлекеттік Орталық
Музейдің тарихи этнография
залындағы тұрмыс-тіршілік
және зергерлік бұйымдардың
маңыздылығы (музей
коллекциялары негізінде)**

Dutbekova M.K.,
Kusainova A.

**The importance of household
and jewelry products in the hall
of the historic Ethnography of
Central State Museum (On the
basis of the museum's collection)**

Дауытбекова М.К.,
Кусаинова А.Б.

**Важность историко-
культурного наследия бытовых
и ювелирных изделий
этнографического зала
Центрального
государственного музея
(на основании музейной
коллекции)**

Мақалада Орталық Мемлекеттік Музейдің тарихи этнография залындағы коллекциялар XVIII ғ. II жартысы кезеңіндегі жәдігерлерден бастап, басым бөлігі XIX-XX ғғ. мерзімделетін тарихи-мәдени мұралардың тұрмыстық және зергерлік бұйымдардың маңыздылығы, экспозициялық ерекшелігіне сипаттама берілді. Қазақы зергерлік бұйымдар мен тұрмыс-тіршілікте қолданылған бұйымдардың мағыналылығы айқындалып, сараланды. Киім киюдегі қазақы бұйымдардың қолдану аясына анықтама берілді. Қоғамдағы зергерлік бұйымдардың негізгі сипаттары көрсетіліп, көшпелі қазақ мәдениет дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері бейнелі түрде берілді. 2008 жылғы ғылыми концепция бойынша жаңартылған материалдардың да маңыздылығы қамтылған. Мақаланы жазу барысында тарихи мәліметтерді анықтау, анықталған ғылыми деректерді жүйелі талдау әдістері пайдаланылды.

Залдағы экспонаттардың ерекшелігі мен пайдалану барысына түсінік берілді. «Мәңгілік ел» – ұрпақ сабақтастығы мен маңыздылығы айқындалды.

Түйін сөздер: аяққап, асмалдық, шайкиіз, қылшан, туырлық.

In the article were given description to the peculiarities of exposition, the importance of the jewelry and historical and cultural heritage belong mostly to the XIX-XX century and to the collections of the second half of the period of the XVIII century in the hall of the historic Ethnography of Central State Museum. Kazakh jewelries and meaning of products were identified and analyzed that used in household. There was given definition to the scope of using Kazakh products in clothing. The main features of the jewelry in society was shown, features of the nomadic traditions of Kazakh culture was presented figuratively. The importance of updated materials was included on scientific concept in 2008. In the course of writing the article was used methods as to identify historical data, to analysis systematically certain scientific data.

The concept was given during the usage and feature of the exhibits in the hall. «Eternal nation» – the importance of continuity of generation were determined.

Key words: Ayakkap, asmaldyk, shaykiiz, kylshan, tuyrlyk.

В статье характеризуются коллекции этнографического зала Центрального государственного музея, начиная с экспонатов II половины XVIII века, основная часть которых относится XIX-XX вв., важность историко-культурного наследия бытовых и ювелирных изделий. Определены значения ювелирных изделий, которые использовались в быту.

Были показаны основные черты ювелирных изделий в обществе, определились особенности кочевой казахской культуры. Охвачена важность обновленных материалов по научной концепции 2008 года. Дали пояснение ценности и употребительности экспонатов в зале. В процессе написания статьи исторические данные показали систематический анализ научных данных и методов, используемых для определения.

Ключевые слова: Аякқап, асмалдық, шайкиіз, қылшан, туырлық.

**МЕМЛЕКЕТТІК
ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ
ТАРИХИ ЭТНОГРАФИЯ
ЗАЛЫНДАҒЫ ТҰРМЫС-
ТІРШІЛІК ЖӘНЕ
ЗЕРГЕРЛІК
БҰЙЫМДАРДЫҢ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ
(музей коллекциялары
негізінде)**

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі (бұдан ары қарай МОМ) – тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орта Азия аумағына өте танымал, көне музейлердің бірі болып табылады. Оның алғашқы коллекциялары ХІХ ғасырдың 30-жылдары Орынбор қаласындағы Неплюев әскери училищесіндегі «Орынбор өлкесінің Музеумінде» жинақталған.

Бүгінгі таңда «Қазақ этнографиясы» залы жаңа талаптарға сай реэкспозицияланды. Музейдің этнографиялық залында 24 мың бірліктен астам этнографиялық құнды жәдігерлер сақталған. Композициялық жағынан зал кіші және үлкен айналымнан тұрады. Залдың орталық алаңына көшпелі қазақ мәдениетінің бірегей символы саналатын – «киіз үй» орналастырылған. Экспозицияда тақырыптық бірнеше витриналар қойылған. Онда түпнұсқа фотоматериалдар, сирек кездесетін кітаптар, картографиялық материалдар, тұрмыстық және халық қолданбалы өнер бұйымдары, сонымен қатар қазақ халқының киім-кешектері мен кілем тоқу өнерін көруге болады. Бұл экспонаттар арқылы қазақ халқының ертеден бері әдемі зергерлік бұйымдар тағып, сымбатты киінгендеріне, үй безендірудегі өзіндік стильдің қалыптасқандығына, ежелден «көзі ашық, көкірегі ояу халық» болғанын көруге болады.

Мемлекеттік Орталық Музейдің тарихи этнография залындағы тұрмыс-тіршілік және зергерлік бұйымдардың қазақ халқында ежелден келе жатқан мәдениеттің эстетикалық көрінісі ретінде айқындау негізгі мақсаты болып табылады.

Мақаланы жазу барысында екі ірі міндеттер қойылды:

- Этнография залындағы тұрмыс-тіршілік экспонаттарының ерекшелігін сипаттау.
- Зергерлік бұйымдар коллекциясының маңыздылығын айқындау.

Этнография залындағы тұрмыс-тіршілік экспонаттарының ерекшелігі

Музейдің ең алғашқы этнографиялық түсімдері ретінде бие саууға арналған ыдыс – көнек, ыдыс-аяқ сақтауға арналған қап – кесеқап, Құран тұғыры – лауық, қымыз құюға арналған те-

рі ыдыс – торсық, сонымен қатар, лауазымды тұлғалар киген бас киім түрі сұлтан Баймұхамед Айшуақұлының мұрағы мен жоңғар басқыншыларына қарсы күрестің қатысушысы Ер Жәнібек Бердаулетұлының ожауын атап өтуге болады (<http://csmrk.kz/index.php/kz/mnu-culturnoobraz-act-kz/mnu-vystavki-kz> : 1011.16.).

Залда ыдыс-аяқ пен жиһаздың бай коллекциясы сақтаулы. Аталған музейлік бұйымдардың барлығы дәстүрлі ортада қолданыста болғандығымен ерекшеленеді. Коллекциядағы жиһаздардың көпшілігі ағаштан, металдан, былғарыдан, теріден, киізден жасалған түрлері кездеседі. Олар асыл тастармен әшекейленіп, оймышталып өзіндік ерекше мән берілген. Атап айтса: сандық, кебеже, асадал, жұкаяқ, жағлан, төсекағаш, адалбақан, т.б. Сонымен қатар, музей қорындағы күнделікті үй тұрмысында қолданылатын ыдыстар қатарына ас әзірлеуге арналған қазандар, нан жабуға арналған табалар, ағаш және темір шелек түрлерін, қымыз, шұбат, айран сияқты сусын тасымалдауға арналған торсықтар, қымыз ашытуға арналған сабалар мен күбілерді, тіптен ем-дом жасауда қолданылатын, сыртында Құран сүрелері мен аяттар жазылған ғұрыптық кесені де айтуға болады.

Музей қорындағы киім-кешектер коллекциясында 3 мыңға жуық құндылықтар бар. Олар Орынбор, Жетісу музейлерінен алынған, сонымен бірге 1958 жылы Мәскеуде өткен Қазақ КСР-інің онкүндігіне жинаған жәдігерлер. Экспозициядағы топтама ішінде қазақтың ұлттық киімінің бай, әрі көрнекі үлгілері қойылған: тон, ішік, күпі, дақы (қалың түбітті теріден, түгі сыртына қаратылып тігілген, қыстық сырттық киім), бөрік, тымақ (биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етекпен тұратын, аңның, малдың терісінен тігілген қысқы баскиім), бешпент «бешмет» (киіп жүруге жеңіл тыс киім, келте шапан), сәукеле (әйелдің бас киімі, оны ұзатылған қыздар және оның жанына еріп жүретін құрбылар киген). Қазақ халқының ұлттық киімдерінде тұрғындардың географиялық ру-тайпалық ерекшеліктері де көрінеді және ол көбіне бас киім мен шапаннан байқалады. Мысалы, 8 сай уақ тымақ, 3 құлақты керей тымақ, қаракесек, адай бөрік, арғын тымақ, қыпшақ тымақ, сырмалаған 6 сай найман тымақ. Коллекцияда Жәңгір ханның әйелі Фатима ханшаның бешпентін, Ш. Уәлихановтың бөрігін, Тәжібай Шыңғысқызы Уәлиханованың аққу мамығынан тігілген тонын, атақты палуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың тымағын, Иса Шормановтың шапаны сияқты сирек кездесе-

тін киім-кешектер бар. Сондай-ақ Қазақстанды мекендейтін орыс, украин, неміс, поляк, ұйғыр, дүнген, түрік, шешен сияқты диаспора өкілдерінің де киім-кешектері коллекцияда молынан кездеседі (<http://csmrk.kz/index.php/kz/mnu-culturnoobraz-act-kz/mnu-vystavki-kz>: 12.11.16.).

Киімдерін қазақтар ежелден ұқыпты, сәнді ұстап, жібектен, зерлі қамқадан, барқыттан тыстаған. Осыдан, қазақ халқының мәдениетінің ежелден жоғары екендігін, эстетикалық әсемдікті түсіне білгендігін көруге болады. Сондай-ақ, залда егін мен мал шаруашылығында, тұрмыста, қолөнерде қолданылатын құрал-саймандардың мыңға жуық түрлері сақтаулы. Аталған музейлік бұйымдардың барлығы дәстүрлі ортада қолданыста болғандығымен ерекшеленеді (Kirchenberg, https://www.researchgate.net/publication/291945409_Museum_sociology : 05.01.17). Атап айтса, егіншілік және малшылық құралдарынан: жер жыртуға қолданылатын соқалар; шөп жинауда қолданылатын айырлар, күрек түрлері, шөп шабуға, оруға арналған – шалғы, орақ, топырақ өңдеуге қажетті тырмалар, арба бөліктері де сақтаулы. Сондай-ақ күнделікті тұрмыста және қолөнерде пайдаланылатын құралдардан: қалақ, от көсейтін көсеу, ұстаның көрігі, ағашты шауып, өңдеуге арналған түрлі шаппашот, қуысқұлақ шот секілді шот түрлері, тақтай бетін тегістеуге арналған сүргілер, қайыс әзірлеуде теріні илейтін талқы, ағаш және темір кесетін аралар, кемпірауыз сияқты көптеген құралдарды атап өтуге болады.

Залдағы тұрмыстық заттарда қазақ өмірінен маңызды орынға ие – кілем-киіз бұйымдары болып табылады. Қорда XVIII ғасыр аяғы мен бүгінгі күнге дейінгі жасалған – кілем, жүн немесе мақта жіптерден тоқылған тұрмыстық алаша, киізден жасалына өрнектелген қазақ төсеніші сырмақ, секілді көптеген үй жиһаздары мен шаруашылық бұйымдары сақталған. Мысалға: аяққап, шайкиіз, жайнамаз, тұтқыш, асмаддық, атжабу деген топтарға бөлінген. Сонымен қатар, үзік, туырлық, түндік, ірге киіз, шым есік, шымши сияқты киіз үйдің жабын киіздері мен гобелен, панно сынды сәндік-қолданбалы өнер туындылары да бар. Олардың жалпы саны – 1700-ден астам сақтам бірлікті құрайды. Кілем – киіз коллекциялар қатарындағы заттар тақырыптық атауларына қарай жеке-жеке жинақталып орналастырылған (Әлімбаев, 2012: 14-19). Қазақы ортада қолданыста болған ыдыс-аяқтар мән жағынан тек тұтыну бұйымы ғана емес, дәстүрлі дүниетанымда алар орны ерекше әрі ғұрыптық қызмет атқарады. Әдетте, Ұлыстың ұлы күні

Наурыз мерекесінің қарсаңында жыл бойы тоқшылық болсын деп ырымдап, ыдыстарды толтырып қояды. Яғни ол – тоқшылықтың нышаны (қазаны тоқ, уайымы жоқ), адамдардың бір-біріне деген сый-құрметін көрсетіп, жақсы қарым-қатынас қалыптастыруының (дәмдес, табақтас болу), береке-бірлікте болуының, сондай-ақ татулығының, (аяқ-табағы бөлінбеген, бір қазаннан ас ішкен), тіпті үй тазалығының да белгісі (аяғын көріп асын іші) (Исләмбек, // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=38268/>: 9.12.16).

Қару-жарақ қорында XIX-XX ғасырларда қолданыста болған мыңнан астам сақтам бірлік топтастырылған. Ғылыми жіктеу бойынша олар төмендегідей топтастырылады:

- суық қарулар: қылшан, найза, сүңгі бастары, жауынгерлік балталар, шоқпар, сойыл, қанжарлар мен пышақтар және басқа халықтар тұтынған қылыштар, семсерлер, сапылар;

- қорғаныс жарақтары: дулыға, қалқан, сауыттар;

- отты қарулар: казактың отты қарулары, басқа халықтар тұтынған отты қарулар, жауынгерлік ракеталар, оқпандар, оққалыптар, тапанша.

Қару-жарақтар коллекциясындағы көне әрі бірегей жарақтың бірі Кіші Орданың сұлтаны болған Арыстан Айшуақовтың сауыты мен шарайнасын ерекше атауға болады. Ол қазақтың қорғаныс жабдығының сирек кездесетін үлгісі. Өзінің құрылымы мен пішімі жағынан дараланатын бұл сауыт бір-бірімен жалғасқан бес металл тақтадан тұрады. Оюмен өрнектеліп, төсіне Құран аяттары жазылған. Сондай-ақ Баймұхаммед Айшуақовтың оқтар салынған қылшаны, XIX ғасырдың екінші жартысына тән сұлтан М. Баймұхамедовтың тапаншасы да бар. Коллекциядағы қызығушылық тудыратын жәдігерлердің бірі – ирек жүзді, беті алтынмен апталып, өсімдіктестес өрнектермен безендірілген қылыш XVIII ғ. соңы – XIX ғ. басындағы үнді шеберінің туындысы. Сонымен қатар коллекцияда қазақстандықтардың II дүниежүзілік соғыстағы жауынгерлік ерліктерінің куәсі саналатын Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизиясы жауынгерлерінің қарулары да сақтаулы (<http://csmrk.kz/index.php/kz/mnuculturnoobraz-act-kz/mnu-vystavki-kz>: 20.11.16.).

Қорыта келе, Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан кейін өткен тарихымызды, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді, материалдық мәдениетімізді жаңғыртуға бетбұрыс жасалуда. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық Музейінің тарихи этнография залының жәдігер-

лері – ежелден қазақ елінің рухани және материалдық мұраларын тамашалауға мүмкіндік береді. Этнография залының бүгінгі қоғам мен келер ұрпақтың Отан тарихына, ұлттық құндылықтарға, тарихи-мәдени мұраларға деген қызығушылықты арттыру мақсатында атқарып жатқан жұмыстары шексіз.

Зергерлік бұйымдар коллекциясының маңыздылығы

Этнография залындағы тұрмыс-тіршілік экспонаттарының экспозициялық кешенін қазақ киімінің бөлінбес бір бөлігі болып табылатын зергерлік әшекей бұйымдары жалғастырады. Музей қорында XVIII-XX ғғ. Қазақстанның барлық аймағына тән 14 мыңнан астам зергерлік бұйымдар сақтаулы. Қазақ зергерлері өз кәсібінің құпияларын балалары арқылы мұрагерлікпен жалғастырған. Майталман шеберлердің сан ғасырлық дәстүрлерді сақтай отырып, күмістен соққан әшекейлері келушілерді әсемдігімен тәнті етті. Зергерлердің алтын, күміс, қоланы құю, қақтау, термелеу, кіріктіру, дәнекерлеу, қырлау, бедерлеу, қаралау, зерлеу, сіркелеу тәсілдерін аса жоғары сапада меңгерген. Көпшілігін XVIII – XX ғасырлар басында дайындалған әйелдерге арналған әшекейлер құрайды. Олардың қатарында әшекей бұйымдардың көптеген түрлері: бас киімге және бұрымға тағатын әшекейлер – сәукеленің әшекейлері, шекелік, шашбау, шолпы, шаштеңге, сырға кеудеге және киімге тағатын әшекейлер – өңіржиектер, бойтұмарлар, түймелер, түйреуіштер, алқалар, сонымен қатар – білезік, сақина, жүзік түрлері (құдағи жүзік, құстұмсық жүзік, отау жүзік), тіс шұқығыш және құлақ тазалағыш, белдіктер және т.б. болып топтастырылған (Джанизакова, Кожакова, // <http://sabaq.kz/12981/қазақтың-әшекей-бұйымдары-арқылы-хал/>: 17.12.16).

Бағалы металдар қорында Қазақстанның барлық өңірлеріне тән қолөнер шеберлерінің зергерлік әшекей бұйымдары жинақталған. Оның ішінде Қазақстанның Батыс өңіріне тән зергерлік бұйымдар ерекше дараланады. Мысалы, сақталған зергерлік бұйымның ерекше түрі – Атырауда жасалған өңіржиек. Ол – Маңғыстау зергерлік өнерінің шыңы болып табылады. Ол қалыңдықтың негізгі әшекей бұйымдарының бірі. Оны тек мереке, тойларда ғана таққан. Өңіржиек 3-5-7 таспадан тұрады. Ол бір-біріне төрт қырлы болып өрілген күміс алқа арқылы жалғасқан үш бөліктен тұрады. Бөліктердің беткі бөлігі алтындалып, сопақша келген ақық

тастан көз қондырылып, сіркелеу техникасымен орындалған. Сондай-ақ, көнеден келе жатқан көркем құндылығымен айрықшаланатын бесбілезіктер мен көлемді келген құдағижүзіктерді де ерекше атап өтуге болады. Зергерлік бұйымдар коллекциясындағы Оңтүстік Қазақстан өңірінің әшекейлері маржан, жасыл хризопраз, көкшіл ақық және сары агат, яғни ашық түсті бағалы тастарды салуымен айшықталса, Орталық және Шығыс Қазақстан өңірінің бедерлеу және шекімелеу арқылы жасалған зергерлік бұйымдары қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Қазақ халқы зергерлік өнерді тұрмыс-тіршілік бұйымдарында жиі пайдаланған. Күнделікті пайдаланатын ыдыс-аяқтарынан бастап, әскери киім-кешектеріне дейін әсемдеуге ұмтылған. Қазақы нақыштағы ою-өрнектермен безендіріп, алтын немесе күміс жалатып өзгешеленген. Экспозицияда XIX ғасырларда сауда керуендері арқылы елге жеткен құман самаурын – оюмен өрнектеліп, тастармен әшекейленуі көздің жауын алады. «Алтынмен аптап, күміспен қаптап» дегендей, сол заманның әр әулеті жағдайына қарай зерлеп, әшекейлеп жасалған дүниені тұтынып келгенін байқауға болады. Әр тостаған мен табақтан қолданбалы өнердің үлгісін аңғаруға болады. Дәстүрлі ыдыс-аяқтардың әшекейлері тек әсемдік үшін емес, ыдыс ішіндегі ас-тағамды «тіл мен көзден» сақтайтын, басқа да сиқырлы мәні, күші бар деп танылған. Қазақы ортада қолданыста болған ыдыс-аяқтар мән жағынан тек тұтыну бұйымы ғана емес, әлеуметтік ортада бай (алтын, күміс жалатылған, бағалы тастармен безендірілген заттар, зергерлік бұйымдар) немесе кедей (ағаш пен қалайыдан жасалған заттар) екенінен хабар беретін және дәстүрлі дүниетанымда алар орны ерекше әрі ғұрыптық қызмет атқарады (Хинаят, 2008:89-108).

Сонымен, қазақтың халық өнерінің жеті дамыған түрлерінің бірі – қазақтың әшекей бұйымдары болып келеді. Оны насихаттау және дамыту ұлттық мәдениетіміздің тарихында өзгеше орын алады. Зергерлік бұйымдарды жасаушы зергерлер негізінен қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған әйелдердің әшекей бұйымдарын жасауда эстетикалық жағын ғана емес, сондай-ақ, діни-идеологиялық, әдеп-ғұрыптық, салт-дәстүрлік маңыздылықтары да ескеріліп отырған (Қатран, 2008: 108-115). Адай үлгісіндегі түрлі формадағы білезік, өңіржиек, алқа, түйме, қапсырма, белбеулердің небір үздік үлгілері XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында сирек ұшырасар асыл мұралар ретінде

Санкт-Петербургтегі Шығыс халықтарының этнографиялық мұражайында сақтаулы тұр. Қазақ аруларының құлағына сырға тағуы, саусағына сақина, білегіне білезік киюі, беліне белдік буынып, шашына шолпы қадауы олардың парасатының биіктігі мен эстетикалық талғамның жоғары болғанын куәлайды. Сондықтан да бар әдемі құндылықтарды сырттан іздемей, оны өзіміздің асыл мұралардан іздеу, оны жандандыру, қалпына келтіру қазақтың әрбір зергерлік мұрасын, ұлттық мәдениеттанулық деңгейге көтеру, зерттеудің, оның мәнін ашудың ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де маңызы өте зор. Жыл сайын музейде мәдени байланыстарды дамыту және әлем халықтары мәдениетін дәріптеу, сондай-ақ алыс-жақын шетелдердің музейлері, ғылыми-зерттеу, білім және мәдениет мекемелерімен ғылыми байланыстар орнату мақсатында халықаралық көрмелер ұйымдастырылып отырады.

Қорытынды

Ойымызды түйіндей келе айтарымыз, Орталық Мемлекеттік Музейдің этнографиялық залы бүгінгі отандық музей ісінде ілгері қадам басқан, мақсаты айқын орталықтың бірі. Ондағы қазақ халқының өткенінен хабар беретін құнды жәдігерлер сақталып, келер ұрпаққа әлі қаншама жыл қызмет етері сөзсіз.

Қол жеткізілген ғылыми нәтижелер:

Қазіргі таңда отандық музей ісіндегі этнографиялық заттарды сақтау мен оларды халыққа дұрыс насихаттау ісінде Орталық Мемлекеттік Музейі этнография залының атқарған жұмыстары өте маңызды.

МОМ этнографиялық залында экспозицияланған тарихи жәдігерлер тек коллекциялық мақсатта емес, үнемі ғылыми айналымға еніп, жәдігерлер жайында ғылыми зерттеулер жүргізіліп тұрады.

МОМ этнографиялық залымен қатар тарихи жәдігерлерді сақтайтын қор бөліміндегі құнды дүниелердің көп сақталуы, аталған мекеменің тарихи маңыздылығын арттыра түседі.

МОМ музей жайында, оның әрбір экспозициялық залы, оның ішінде этнографиялық залы жөнінде музейдің өзі шығарып жатқан жарияланымдар мен жинақтар, конференция материалдары, сонымен қатар жекелеген монографиялардың көптеп шығуы Отандық музей ісінің менеджмент және маркетинг тұрғысында ілгері қадам басқанын дәлелдей түседі.

Әдебиеттер

- 1 Әлімбай Н. (2012). Дәстүрлі қазақ кілемі мен шаруашылық және тұрмыстық тоқыма бұйымдар: түрлері, композициясы, семантикасы. Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі коллекциясынан. Иллюстрацияланған ғылыми каталог. Лондон.
- 2 Қатран Д. (2008). XIX – XX ғ. басындағы Шығыс Қазақстан қазақтарының қолөнері. «Ұлттық өнер – құндылығым» жинағы. Алматы: Қазақ университеті. 108-115 бб.
- 3 Хинаят Б. (2008). Қазақ қолданбалы мәдениетіндегі ою-өрнектің мәні туралы. «Ұлттық өнер – құндылығым» жинағы. Алматы: Қазақ университеті. 89-108 бб.
- 4 ҚР MOM сайты: Этнографиялық коллекция // <http://csmrk.kz/index.php/kz/mnu-culturnoobraz-act-kz/mnu-vystavki-kz> (Қаралған күні: 10.12-20.11.16.)
- 5 Сырлы аяқтың сыны кетпес // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=38268>// Исләмбек А. (Қаралған күні: 9.12.16)
- 6 Қазақтың әшекей бұйымдары арқылы халық педагогикасының зергерлік өнері жайлы насихаттау және оны дамыту // <http://sabaq.kz/12981/қазақтың-әшекей-бұйымдары-арқылы-хал/> Джанизакова А.Д., Кожаква А.И. (Қаралған күні: 17.12.16)
- 7 Kirchenberg Volker https://www.researchgate.net/publication/291945409_Museum_sociology (Қаралған күні: 05.01.17).

References

- 1 Alimbay N. (2012). Dasturli kazak kilemi men sharuashylyk zhane turmystyk tokyma buyymdar: turleri, kompozitsiyasy, semantikasy // Kazak kilemderi men tokyma buyymdary. Kazakstan Respublikasy Memlekettik Ortalyk muzeyi kolleksiya-synan. Ilyustratsiyalangan gylymi katalog. London. 14-19 bb.
- 2 Katran D. (2008) XIX – XX g. basyndagy Shygys Kazakstan kazaktarynyn koloneri // «Ultytk oner – kundylygym» zhinak. Almaty: Kazak universiteti, 2008. 108-115 bb.
- 3 Khinayat B. Kazak koldanbaly madeniyetindegi oyu-ornektin mani turaly. «Ultytk oner -kundylygym» zhinak. Almaty: Kazak universiteti. 89-108 bb.
- 4 KR MOM sayty: Etnografiyalyk kolleksiya // <http://csmrk.kz/index.php/kz/mnu-culturnoobraz-act-kz/mnu-vystavki-kz> (Karalgan kuni: 10,12-20.11.16.)
- 5 Syrly ayaktyn syny ketpes // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=38268>// Islambek A. (Karalgan kuni: 9.12.16).
- 6 Kazaktyn ashekey buyymdary arkylы khalyk pedagogikasynyn zergerlik oneri zhayly nasikhattau zhane ony damyту // <http://sabaq.kz/12981/kazaktyn-ashekey-buyymdary-arkylы khal/> Dzhanizakova A.D., Kozhakova A. I. (Karalgan kuni: 17.12.16).
- 7 Kirchenberg Volker https://www.researchgate.net/publication/291945409_Museum_sociology (Karalgan kuni: 05.01.17).

Қозыбақова Ф.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**ОТАНДЫҚ ТАРИХ
ТАРЛАНЫ**
Белгілі ғалым, ұлағатты
ұстаз, тарих
ғылымдарының
докторы, профессор,
Қуанышбек
Сүлейменұлы Қаражан –
70 жаста



2017 жылдың 27 қаңтарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Тарих археология және этнология факультетінің өнегелі ұстазы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қуанышбек Сүлейменұлы Қаражан – 70 жасқа толды. Факультеттің оқытушы-профессорлық құрамы мен докторант, магистрант және бакалавр қауымы мерейтой иесін туған күнімен шын жүректен құттықтайды! Қуанышбек Сүлейменұлы Қаражан белгілі ғалым, Отандық тарих ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан, көптеген ғылыми еңбектердің авторы, мыңдаған шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз.

1947 жылы 27 қаңтарда Жамбыл облысы, Талас ауданы, Үшарал ауылында дүниеге келген. 1965 жылы орта мектепті бітірген соң, туған ауылында құрылысшы болып еңбек жолын бастаған. 1966 жылдың сәуір айында Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, әуелі Термез қаласында, одан кейін Алматыда өзінің Отан алдындағы борышын атқарады.

1968 жылы тамыз айында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, тарих факультетінің студенті қатарына

қабылданады. Тарих факультетінде оқыған жылдарында қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып, факультет студенттерінің кәсіподақ ұйымының төрағасы, факультет Ғылыми Кеңесінің мүшесі, университет кәсіподақ ұйымының алқа мүшесі және т.б. қызметтер атқарады. Қоғамдық жұмыстардағы табыстары үшін 1970 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталады. 1971 жылы КОКП қатарына қабылданады.

1973 жылы тарих факультетін үздік бітірген Қуанышбек Сүлейменұлы Жоғары және орта оқу министрлігінің жолдамасымен Қазақ политехникалық институтына оқытушылық қызметке жіберіліп, 1982 жылға дейін осында оқытушы қызметін атқарды. 1979 жылы профессор А.Е. Ержановтың жетекшілігімен кандидаттық, 1991 жылы докторлық диссертацияларын қорғайды.

1982 жылы қараша айынан Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне доцент қызметіне ауысады. 1991 жылдан профессор, 1991-1993 жылдары факультет деканы болып қызмет атқарады. Факультет деканы болған жылдары Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты тарих факультетінде жаңа құрылымдық өзгерістер жүзеге асырылып, Республика Сыртқы істер министрлігімен келіссөз жүргізіліп факультет құрамында халықаралық қатынастар бөлімі ашылды. Ол бөлім кейін жеке факультет болып шаңырақ көтерді. 1992 жылы Польшаның Познань университетінің тарих факультетімен ғылыми ынтымақтастық, оқытушылар, ізденушілер мен студенттер алмасу жөнінде келісім-шарт жасалды. Осындайда алғаш рет еңбегі сіңген ғалым-ұстаздардың есімімен аталатын дәрісханалар ашу дәстүрі басталып, Е. Бекмаханов атындағы дәрісхана ұйымдастырылды. 1993 жылы факультеттің 50 жылдық мерейтойы кезіндегі түлектердің кеңінен қатысуымен жоғарғы деңгейде атап өтілді. Қуанышбек Сүлейменұлы факультет деканы қызметімен қатар, 1992-1997 жылдары әуелі Жалпыуниверситеттік, кейін Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, 2001-2003 жылдары Деректану және тарихнама кафедрасының, 2003 жылдан 2011 жылға дейін Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, университет және факультет Ғылыми Кеңесінің мүшесі. Ал 2011 жылдың қыркүйегінен Қазақстан тарихы кафедрасының құрметті профессоры.

Ұстаздық қызметімен қатар Қуанышбек Сүлейменұлы Отандық тарих ғылымы-

ның дамуына өз үлесін қосып келеді. Оның қаламынан және жетекшілігімен 160-тан астам зерттеулер, оқулықтар, ғылыми-әдістемелік еңбектер, мақалалар, оқу құралдары мен типтік бағдарламалар дайындалды. Оның ішінде жарық көрген көлемді зерттеу еңбектері мен оқулықтар: «Сотрудничество союзных республик в развитии сельского хозяйства Казахстана в 1946-1980 гг.» (1990 ж.); «История переписей населения и этнодемографические процессы в Казахстане» (1999 ж.); «Қазақстан тарихы». Студенттерге арналған оқулық. (2001 ж.); «Новейшая история Казахстана». Документы и материалы. (1998 ж.); «Хрестоматия новейшей истории Казахстана (1917-1939 гг.)». (2002 ж.); Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің гранты бойынша «Новая и новейшая история Казахстана» (2005 ж.); «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы». Оқулық. (2005 ж.) және «Хрестоматия по новейшей истории Казахстана (1939-2005 гг.)» (2006 ж.), «Тәуелсіз Қазақстан тарихы» Хрестоматия (2013), тарих емес факультеттерінің студенттеріне арналған «Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы»; «История Казахстана: Курс лекции» және т.б. еңбектері бар. Соңғы екі оқулық әуелі «Қазақ университеті» баспасынан, ал 2009-2012 жылдары ЖОО оқытушылары мен студенттерінің сұранысына ие болуына байланысты «Заң әдебиеті», «NURPRESS» баспаларынан бірнеше қайтара жарық көрген.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алар қарсаңында қазақтардың жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресіндегі Саңырық батырдың алатын орнын тарихшылар тарапынан алғаш арнайы зерттеліп, оған көпшілік назарын аудару тұрғысынан ғылымда өз үлесін қосты. Соңғы жылдары халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда «XVIII ғасырдағы Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресіндегі қазақ батырларының ролі», «Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру: нәтижелері мен салдары», «Жоғары білім беру жүйесінде Отандық тарихты оқыту мәселелері», «Ұлы Отан соғысының көлеңке тұстары», «Ұлбике ақын және оның заманы», «Қазақ өлкесінің азамат соғысына тартылу себептерінің ақтаңдақтары», «Қазақ жастарының азаттық жолындағы күресі», «Кеңестік тоталитарлық биліктің тұсындағы Қазақстан тарихын оқытудың өзекті мәселелері» және т.б. отандық тарихтағы өзекті проблемалар бойынша баяндамалар жасап, мақалалары жарияланды.

Қуанышбек Сүлейменұлы – ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға да атсалысып келе жатқан ұлағатты ұстаз. Оның жетекшілігімен 14 ғылым кандидаты, 3 ғылым докторы даярланып, көптеген шәкірттері Сыртқы істер, Білім және ғылым министрлігінде, ғылыми-зерттеу институттарында, университеттерде жемісті қызмет етуде. 1991-1993 жылдары Жоғарғы аттестациялық комитетінің сараптау комиссиясының ғылыми хатшысы, 1993-1996 жылдары тарих факультеті жанындағы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беру жөніндегі мамандандырылған Кеңес төрағасы, 2003-2008 жылдары Қазақ ұлттық университеті жанындағы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д14 А.01.26 Диссертациялық Кеңес төрағасы қызметтерін жемісті атқарып келді. Ұзақ жылдар бойы Алматыдағы мектеп оқушыларының қалалық және республикалық олимпиада жарыстарының әділқазылар алқасының төрағасы болды. Қуанышбек Сүлейменұлы өзінің ұзақ

жылдар бойы жинаған бай тәжірибесін, білімін, өз ғылымының нәтижесін бүгінгі студенттерге беруде де жалықпай көп жұмыстар атқарып жүр.

Қуанышбек Сүлейменұлы Қаражанның еңбегі «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантымен (2006 ж.), «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен (2007 ж.), «Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалімен, университет құрмет грамоталарымен атап өтілген. Қуанышбек Сүлейменұлы өзінің 70 жасына белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, бір әулеттің қамқоршысы, зайыбы Нескен апаймен төрт баланы тәрбиелеп өсіріп, олардан жеті немере сүйіп отырған бақытты шаңырақ иелері. Университет және факультет ұжымы, оның барлық шәкірттері, студенттер қауымы мерейтой иесін тағы да туған күнімен құттықтай келе, зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс, отбасына бақыт, шаңырағына бақ-береке, қуанышы мол ұзақ ғұмыр тілейміз!

«ТАРИХ СЕРИЯСЫ» ЖУРНАЛЫНЫҢ САЯСАТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысының «Тарих сериясы» журналын 1992 жылдан бастап жариялап келеді. Басылым Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау комитетінің «тарих ғылымдары» бойынша тізіміне енгізілген, жылына 4 рет, наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан айының соңғы аптасында жарыққа шығады.

Журналдың негізгі мақсаты

– отандық және шетелдік тарих ғылымы саласындағы ғылыми ізденістерінің, зерттеулерінің нәтижелерін басылым бетінде жариялау арқылы ғалымдардың қоғамдағы ролін арттыру, қазіргі заманда ғылыми білімнің ролін арттыру;

- ғылым әлемінде ашық ғылыми пікір алмасу, тәжірибе алмасуды жүзеге асыру;
- ғалымдардың ғылыми ізденістері мен жаңалықтарын ғылыми ортаға қолжетімді ету;
- жарияланымдарды халықаралық деңгейде тарату арқылы ғылым көкжиегін кеңейту.

Журналдың тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

Аталмыш басылым отандық ғылымды дамытудың өзекті мәселелерін шешуге атсалысуға, жаңа идеяларды ғылыми айналымға ендіруге, ғалымдардың жарияланымдық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Басылым тарих ғылымдарының барлық салаларын, атап айтқанда әлем тарихы, түркі халықтарының тарихы, отандық тарих, археология, этнология, антропология, тарихнама, деректану, мұрағаттану, музейтану, ескерткіштану бағытындағы мақалаларды жариялайды. Сондай-ақ ол әдіснама және теория, далалық зерттеулер әдістері, этногенез, расогенез, этникалық антропология, адам мифологиясы, этноархеология, мәдениет түрлерінің эволюциясы, этнодінтану, этносаясаттану, этноәлеуметтану, кроссмәдениеттік психология, адам этологиясы, дискурс, экскурс, т.б. салалар үшін де ашық.

Докторантура, магистратурада білім алушылардың жарияланымдары үшін «Жас ғалымдар зерттеулері» рубрикасы, жарық көрген кітаптар, басылымдар, авторлық потенттер, рецензиялар, конференция, семинар, мерейтойлар, тағайындаулар, марапаттар туралы таныстырулар үшін «Тарих саласындағы жаңалықтар» рубрикасы жұмыс жасайды.

Журналды кітапханаларда тарату ғылыми деректік базаны қамтамасыз етеді. Журналдың жарияланған саны, жарияланымдарымен интернет желісіндегі <http://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history> адрес арқылы танысуға болады.

ПОЛИТИКА ЖУРНАЛА «СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ»

Казахский национальный университет им. аль-Фараби с 1992 года выпускает научный журнал Вестник «Серия Историческая». Издание входит в базу Комитета по надзору в сфере образования и науки Республики Казахстан. Данное издание выпускается четыре раза в год, в конце марта, июня, сентября и декабря.

Основные цели издания:

- публиковать результаты научного исследования в отечественных и зарубежных исторических науках, уделять большое внимание роли ученого в обществе, поднимать роли научных знаний в современном мире;
- создать открытую научную дискуссию в научном круге, осуществить обмен опытом среди ученых;
- сделать доступным в научной среде результаты исследования и научную новизну ученых;
- создавая открытый доступ через интернет-ресурсы и порталы университета, расширить научную границу.

Язык журнала: казахский, русский, английский.

Данный журнал призван способствовать решению актуальных задач, связанных с развитием нашей науки, введению в оборот новых идей, расширению публикационных возможностей ученых. Журнал публикует статьи всех направлений исторической науки, как всемирная история, история тюркских народов, отечественная история, археология, этнология, антропология, источниковедение, историография, архивоведение, музееведение, памятниковедение. Также он открыт для таких тем, как методология и теория, методика полевых

исследований, этногенез, эволюционная антропология, расогенез, этническая антропология, морфология человека, этноархеология, эволюция форм культуры, этнорелигиоведение, этнополитология, этносоциология, кросскультурная психология, этология человека, дискурс, экскурс и др.

Для публикации обучающихся на докторантуре, магистратуре работает рубрика «Исследование молодых ученых», а для освещения новых книг, сборников, авторских патентов, рецензий, конференций, семинаров, юбилеев, назначений и наградений работает рубрика «Новости исторической науки».

Размещение номеров журнала в библиотеках обеспечивает источниковую базу данных. О новых выпусках журнала и их публикациях можно ознакомиться через интернет-сайт университета <http://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history>.

BULLETIN «HISTORICAL SERIES»

Since 1992, the Kazakh National University named after Al-Farabi publishes the scientific periodical Bulletin «**Historical series**». The journal is registered in the database of the Education and Science Supervision Committee of the Republic of Kazakhstan. It is issued four times per year, at the end of March, June, September and December.

The journal's aims are:

- publication of scientific results obtained under domestic and foreign historical scientific researches, highlighting the role of scientist in the society, promoting the scientific knowledge in the modern world;
- promotion of open scientific discussions in the scientific circle and exchanges of experience between the scientists;
- making available research results and scientists' novelty in the scientific environment;
- widening of the scientific boundaries through accessibility in the internet resources and the university intranet.

The journal languages are Kazak, Russian, and English.

This journal should facilitate the solution finding process to actual tasks, connected to development of our science, introduction of new ideas, expansion of publication possibilities for the scientists. Journal publishes articles on all aspects of the historical science, namely: the world history, history of turkic peoples, the domestic history, archaeology, ethnology, anthropology, source studies, study of original sources, historiography, archivistics, museology, study of monuments. The journal is open also for such themes as methodology and theory, the field study methodology, ethnogenesis, evolutionary anthropology, racial genesis, ethnic anthropology, human morphology, ethnic archaeology, evolution of cultural forms, ethnic religion studies, ethnic politology, ethnic sociology, cross-cultural psychology, humanethology, discourse, excursions and other.

Postgraduates and doctorate students can publish their articles under the heading «Researches by young scientists», while new books, collections, patents, reviews, conferences, workshops, jubilees, appointments and awards are highlighted under the heading «News of historical science».

Journal's issues are distributed to libraries, providing the source database with new materials. The journal's new issues and their publications can be found at the university internet site address: <http://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history>

АВТОРЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР МЕН МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

Авторларға қойылатын талаптар:

Редакциялық бөлім бұрын жарияланбаған мақалаларды ғана қабылдайды.

- 1 жоларалық интервал арқылы жазылған;
- Times New Roman, 14 шрифт;
- жоғарғы және төменгі жағы – 2 см, сол жағынан – 3 см, оң жағынан – 1 см.;
- кесте, сурет, фотоқұжаттар номерленіп, атауы берілуі қажет;
- мақала көлемі 3000 сөзден кем емес, 7000 сөзден артық емес.

Рәсімдеу тәртібі:

- мақаланың басында жоғарыдағы сол жақтан ƏОЖ индексін көрсетіңіз;
- мақаланың атауын жай майлы әріптермен (парақтың ортасынан, 12 сөзден артық емес);
- авторлардың тегі мен аты-жөні (парақтың ортасынан);
- мақаланың орындалған орны (елдің, қаланың, ұйымның атауы парақтың ортасында);
- авторлардың e-mail адресі;
- Түйіндеме – жаңа жолдан, 100-130 сөзден, үш тілде жазылып, жұмыстың мақсат-міндетін, әдіснамасын, нәтижелерін және олардың қолданыс аясын қамтуы тиіс;
 - жаңа жолдан мақаланың мазмұнын ашатын кілт сөздер (ключевые слова, key words);
 - мақаланың мәтіні бөлімдерге бөлінеді (кіріспе, мәселенің әдістемесі, негізгі бөлім, қорытынды); мәселенің әдістемесін автордың шешеміне қарай кіріспе бөлімге біріктіруіне болады;
 - қолданылған әдебиеттер тізімі сандармен алфавит бойынша жазылып, кейін дәл осы тізім латын қарпімен (references) қайта беріледі.

Сілтеме беру:

- сілтеме мақала мәтіні ішінде жәй жақшамен беріледі, мысалы, (Залесский 1991: 25)

Әдебиетті рәсімдеу үлгісі:

–, // белгілер берілмейді, бір автордың бір жылы шыққан 2-3 еңбегіне сілтеме берілген жағдайда, еңбектің шыққан жылына қоса әріптер беріледі, мысалы, (Садуова, 2001а: 15; Садуова, 2001б: 22)

Кітаптар

Залесский Б. (1991). Қазақ сахарасына саяхат. Алматы: Өнер.

Арғынбаев Х. (1996). Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар.

Сілтеме: мысалы, (Арғынбаев 1996: 35)

Газеттер, журналдар

Қыр баласы. (1917). Би һәм билік. Қазақ газеті, №48, 3-4 б.

Диваев А. (1891). Поверье. Туркестанские ведомости, №25, с. 98

Сілтеме: мысалы, (Диваев, 1891: 98)

Конференция, жинақ материалдары

Аничков И. (1896). Забытый край. Сборник материалов для статистики Туркестанского края. Том V. Ташкент. С. 173 – 234.

Дәубаев Е. (2016). Зергерлік өнердің байырғы әдістері: сақталуы және таралуы. «Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты халықаралық конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті. С. 281 – 286

Ескерту:

references бөлімінде қазақ, орыс тіліндегі еңбектер атының аудармасы тік жақша ішінде ағылшын тілінде аудармасы беріледі. Мысалы.

Байланыс тел.: +770107390359.

Мақаланың төлемақысы мақалаға тағайындалған сырттай рецензенттер қолдағаннан соң жүргізіледі.

ҚРБЖҒМ «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»

Индекс 050040

адрес: Алматы қ., әл-Фараби 71

БИН 990 140 001154

КБЕ 16

АҚ «Казкоммерцбанк»

ИИК KZ10926180218G568004

БИК KZKOKZKX

Мақала редакцияның e-mail поштасы арқылы қабылданады.

Редакцияның электрондық адресі

tarihhabarshy@gmail.com

ПОРЯДОК ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЕЙ И ТРЕБОВАНИЯ ДЛЯ АВТОРОВ

Требование для авторов:

Редакционный отдел принимает ранее неопубликованные статьи:

- напечатанные через 1 интервал;
- TimesNewRoman, 14 шрифт;
- поля – верхнее и нижнее – 2 см, левое – 3 см, правое – 1 см;
- таблицы, рисунки, фотоматериалы пронумеровать, указать название;
- размер статьи – не менее 3000, не более 7000 слов.

Порядок оформления:

- с левой стороны в самом начале статьи указывать УДК статьи;
- название статьи дать жирными (посередине страницы, не более 12 слов);
- инициалы и фамилии авторов (посередине страницы);
- название организации, страны, города, в котором выполнена работа (посередине страницы);
- e-mail авторов;
- с красной строки – аннотации (не менее 100 – не более 130 слов, на трех языках с названием статьи), оно должна отражать цель работы, метод или методологию проведения работы, результаты работы, область применения результатов, выводы;
 - с красной строки идут ключевые слова, отражающие смысл статьи (кілт сөздер, keywords);
 - текст статьи разделен по разделам (введение, методология проблемы, основная часть, заключение). Методологию можно включить в введение, можно дать как отдельную тему по решению автора;
 - список литературы дается в алфавитном порядке в конце статьи и с латинском шрифтом дается повторный список (references).

Примечание к сноскам:

сноски даются внутри текста статьи в обычных скобках (например, Залесский 1991: 25)

Примечание к оформлению списка литературы:

Знаки –, // не используются, при ссылке на 2-3 труда одного автора, выпущенных одним годом издания, дополнительно к году издания пишутся буквы (Садуова, 2001а: 15; Садуова, 2001б: 22).

Книги

Залесский Б. (1991). Қазақ сахарасына саяхат. Алматы: Өнер.

Арғынбаев Х. (1996). Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар.

Сноска: например (Арғынбаев, 1996: 35)

Газеты, журналы

Қыр баласы. (1917). Би һәм билік. Қазақ газеті, №48, 3-4 б.

Диваев А. (1891). Поверье. Туркестанские ведомости, №25, с. 98

Сноска: например (Диваев, 1891: 98)

Материалы конференции, сборники

Аничков И. (1896). Забытый край. Сборник материалов для статистики Туркестанского края. Том V. Ташкент. С. 173 – 234.

Дәубаев Е. (2016). Зергерлік өнердің байырғы әдістері: сақталуы және таралуы. «Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты халықаралық конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті. С. 281 – 286.

Контактный тел.: +770107390359.

Оплата публикации статьи осуществляется после одобрения внешними рецензентами.

РГП на ПХВ «Казахский национальный университет

имени аль-Фараби» МОН РК

Индекс 050040

адрес: г.Алматы, пр. аль-Фараби 71

БИН 990 140 001154

КБЕ 16

АО»Казкоммерцбанк»

ИИК KZ10926180218G568004

БИК KZKOKZKX

Прием статьи осуществляется через e-mail редакции

tarihhabarshy@gmail.com

REQUIREMENTS TO ARRANGEMENT OF ARTICLES

The editorial office is interested in the articles not published previously. They should be typed as follows:

- single interval;
- times New Roman, ft. 14;
- margins, the upper and lower, 2 cm each; 3 cm on the left, 1 cm on the right;
- tables and illustrations should be numbered and titled;
- the size of articles from 3000 to 7000 words.

Mandatory indications:

- the UDC code: in the upper left corner, at the start of the article;
- the title: normal bold, central alignment;
- authors' initials and surnames, central alignment;
- authors' enterprise, country, place: central alignment;
- e-mail addresses;
- the abstract describing the purpose, the work methodology, the work results, the application field, and conclusions: a new paragraph, 100–130 words, in three languages;
- keywords (кілт сөздер, ключевые слова): a new paragraph;
- the text body;
- bibliography/references: numbered and listed in alphabetical order.

References:

References should be indicated within the text body in round brackets, e.g., (Залесский 1991: 25)

The list of Bibliography:

Symbols –, // should not be used in the listing of 2-3 works of one author which issued the same year, but the year of issue should be followed by literal characters (Садуова, 2001а: 15; Садуова, 2001б: 22).

Books

Залесский Б. (1991). Қазақ сахарасына саяхат. Алматы: Өнер.

Арғынбаев Х. (1996). Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар.

Note: for example (Арғынбаев, 1996: 35)

Newspapers, magazines

Қыр баласы. (1917). Би һәм билік. Қазақ газеті, №48, 3-4 б.

Диваев А. (1891). Поверье. Туркестанские ведомости, №25, с. 98

Note: forexample (Диваев, 1891: 98)

The conference proceedings, collections

Аничков И. (1896). Забытый край. Сборник материалов для статистики Туркестанского края. Том V. Ташкент. С. 173 – 234.

Дәубаев Е. (2016). Зергерлік өнердің байырғы әдістері: сақталуы және таралуы. «Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты халықаралық конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті. С. 281 – 286.

Contacts: +770107390359

Articles should be paid upon approval by external reviewers.

РГП на ПХВ «Казахский национальный университет имени аль-Фараби» МОН РК

Индекс 050040

адрес: г.Алматы, пр. аль-Фараби 71

БИН 990 140 001154

КБЕ 16

АО»Казкоммерцбанк»

ИИК KZ10926180218G568004

БИК KZKOKZKX

Articles should be submitted to the editorial office e-mail.

tarihhabarshy@gmail.com

ТАРИХ СЕРИЯСЫ ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ҚОЛЖАЗБАСЫН РЕЦЕНЗИЯЛАУ ТӘРТІБІ

Рецензиялау рәсімі келесі кезеңдерден тұрады:

1. Мақаланың сараптамасы журналдың жауапты хатшысы және техникалық редакторымен редакцияға түскеннен соң 3 күн ішінде қарастырылады.

2. Редакция алқасының бағасы тек бірінші кезеңнен өткен мақалаларға ғана беріледі. Редакция алқасының жиналысы 2 айда 1 рет, тираждың шығуына 1 ай қалғанға дейін өткізіледі. Редакция алқасы журналдың ағымдағы нөмірінде жарияланатын мақалалар тізімін бекітеді. Мақаланың кейбір тараптарына байланысты сұрақтар туған жағдайда редакция алқасы жұмысты қайтаруға және сыртқы рецензиялауға жіберуге құқылы. Мақаланың сыртқы рецензиялауына рецензент кандидатурасын редакция алқасы бекітеді. Редакция алқасының шешімі жиналыс хаттамасында тіркеледі.

3. Сыртқы рецензиялау тиісті саланың ғылыми дәрежесі бар екі маманмен жүргізіледі. Сыртқы рецензенттерді журнал редакциясы сыртқы рецензенттер тізімінен таңдайды. Мақалалар рецензиялауы ақысыз түрде орындалады. Рецензиялау рәсімі конфидициалды түрде өтеді.

Рецензиялау нәтижелері бойынша авторларды ақпараттандыру:

– Мақала жағымды рецензиялар алғаннан кейін артықшылықтарына (әр мақалаға жеке беріледі) байланысты баспаға кезекке тұрады. Автордың мақаланың баспа және электронды поштаға салу мерзімін білуге құқылы.

– Жағымсыз рецензиялар алған жағдайда редакция авторға рецензия көшірмесі мен жариялаудан бас тарту хатын жібереді.

– Егер рецензияда мақалада кеткен қателіктерді дұрыстау сұралынса, жұмыс рецензенттің ескертулерімен бірге авторға жіберіледі немесе автордан толық не қысқа түрде жауап сұралынады. Бұл жағдайда мақаланың редакцияға алғашындағы түскен күні есепке алынады.

– Толықтырылып жазылған және жөнделген мақалалар қайтадан рецензиялауға жіберіледі.

– Қайтарылған мақалалар жөнделгеннен соң редакцияға қайтадан жіберілуге құқылы және олар бәрімен бірге қарастырылады.

ПОРЯДОК РЕЦЕНЗИРОВАНИЯ РУКОПИСЕЙ НАУЧНЫХ СТАТЕЙ В ВЕСТНИКЕ КАЗНУ («СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ»)

Процедура рецензирования включает следующие этапы:

1. Экспертиза статьи на соответствие к требованиям публикации выполняется ответственным и техническим секретарем журнала в течение не более 3-х дней с момента поступления статьи в редакцию.

2. Оценка редакционной коллегией осуществляется для статей, которые прошли первый этап. Заседания редакционной коллегии проводятся 1 раз в 2 месяца, не позднее 1 месяца до выпуска тиража издания. Редакционная коллегия утверждает перечень статей, подлежащих публикации в текущем номере журнала. Она имеет право отклонить статью, если у редакционной коллегии возникают вопросы по некоторым аспектам статьи, и направить ее для проведения внешнего рецензирования. Выбор кандидатуры рецензента для внешнего рецензирования статьи осуществляется редакционной коллегией. Решение редакционной коллегии регистрируется в протоколе заседания.

3. Внешнее рецензирование. Осуществляется тремя специалистами соответствующего профиля, имеющими ученую степень. Выбор внешних рецензентов осуществляется редакцией журнала из авторов, входящих в список внешних рецензентов журнала. Рецензирование статей выполняется на безвозмездной основе. Процедура рецензирования конфиденциальна.

Порядок информирования о результатах рецензирования

– После одобрения (больше положительных рецензий) статья ставится в очередь на публикацию в соответствии с уровнем приоритета, определяемым индивидуально для каждой статьи. Автор имеет возможность получить информацию об ориентировочных сроках публикации также по его запросу на адрес электронной почты.

– При отказе (больше отрицательных рецензий) редакция направляет автору копию рецензий и письмо с отказом от публикации рукописи.

– Если в рецензии на статью имеется указание на необходимость ее улучшения или исправления, то ее направляют автору на доработку в соответствии с замечаниями рецензента или для получения аргументированного (частично или полностью) объяснения и ответа рецензенту. В данном случае датой поступления в редакцию будет считаться дата первичной подачи статьи.

- Статьи, доработанные или переработанные автором, повторно направляются на рецензирование.
- Отклоненные статьи после доработки авторами могут быть поданы в редакцию повторно для рассмотрения в общем порядке.

THE JOURNAL PROCEDURE FOR REVIEWING MONOGRAPHS & SCIENTIFIC ARTICLES («THE HISTORICAL SERIES», KAZNU)

The reviewing procedure includes several steps

1. Examination. It verifies an article for compliance with the publication requirements. It should be implemented by the responsible person and a technical secretary of the Journal, within 3 days from the submission of the article to the editorial office.

2. Evaluation. Articles approved in the first step should undergo the evaluation process by the editorial staff, at their meetings which are to be held once or twice per month, at least one month before the pressrun. The editors approve a list of articles for publication in a current journal's issue. They may refuse an article upon presenting questions on some of the article's aspects, and send the article for external reviewing. An external reviewer's candidature is selected by the editors. An appropriate decision is to be registered in their meeting protocol.

3. External review. This is implemented by three specialists of relevant profiles, holding scientific degrees. External reviewers should be chosen by the editors, out of authors listed in the journal's external reviewers. Reviewing is not paid. The reviewing process is confidential.

The review outcomes

– Upon approval (positive reviews prevail), an article is put on queue for publication according to its priority, which is defined individually for each article. An author, upon his/her request, should be informed about tentative publication dates, by email.

– In case of refusal (negative reviews prevail), the editors send to the author the review copies together with the letter of refusal.

– If the review instructs to correct the article, it is returned to the author for re-working or improvement, following the reviewer's comments or receiving a reasoned, partial or full, explanation and reply to the reviewer. At that, the submission date to the editorial office is deemed to be that of the article's initial submission.

– Articles, improved or reworked by the author, are sent for a repeated review.

– Dismissed articles after being reworked by authors might be re-submitted to the redaction for consideration in a common order.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім Раздел 1 Отан тарихы История отечество

<i>Омарбеков Т.О., Тулешова У.Ж., Бижанова М.</i> Тарихты кезеңдеудің жаңа міндеттері (орыс және қазақ тарихнамасы негіздерінде).....	4
<i>Мұхатова О.Х., Тлеубекова Г.Б.</i> Шет елдік тарихнамадағы кеңестік Қазақстан тарихы мәселелері.....	14
<i>Кәрібаев Б.Б.</i> Барлыбек Сыртанов туралы	22
<i>Қозыбақова Ф.А.</i> Қазақстандағы астық дайындау науқандарының салдары.....	32
<i>Хабижанова Г.Б., Сағинаева А.Н.</i> Революцияға дейінгі және кеңестік әдебиеттерде коман-қыпшақтардың зерттелу тарихы: зерттеулердің ерекшеліктері.....	38
<i>Майданали З.</i> «Көшпелі мемлекеттілік» тұжырымдамасы саяси және әлеуметтік антропология зерттеулерінде	48
<i>Дауытбекова М.Қ.</i> Қазақ қоғамындағы саяси-потестарлық институттар тарихынан	56
<i>Абдирасилова З.С.</i> Тасымалдау кәсібінің дамуының көліктік қызмет саласындағы кәсіпкерліктің қалыптасуына әсері (XIX ғ. 2-ші жартысы)	68
<i>Хабижанова Г.Б., Қошымова А.О.</i> Оғыздардың этникалық тарихы: революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі зерттеулер	76
<i>Өскенбай М.Ә.</i> Ортағасырлардағы Орта Азия түркі тайпаларының әлеуметтік құрылысындағы сабақтастық мәселелері.....	84
<i>Бижанова М.Т.</i> Алтын Орда мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымының тарихи сабақтастық мәселелері жөнінде.....	94
<i>МекебайевТ.К., Kumganbayev Zh.Zh.</i> Kazakh intelligentsia in the early XX-th century and the national idea	102
<i>Садықова Ә.Қ.</i> Түркістан мұғалімдер семинариясы: ашылуы, қалыптасуы, қызметі (1879-1904 жылдар).....	110

2-бөлім Раздел 2 Дүниежүзі тарихы Всемирная история

<i>Султанғалиева Г.С., Тулешова У.Ж.</i> Султаны Баймухамедовы: процесс вхождения в дворянство Российской империи	120
<i>Қаражан Қ.С., Еркембек Б.Б.</i> Империя ұғымының заманауи анықтамалары.....	128
<i>Мийманбаева Ф.Н., Колонийцева М.В.</i> «Русские» в записках английских послов	134
<i>Назаралиев Э.А.</i> Современные проблемы информационного обслуживания науки.....	140
<i>Ализаде Ильхам</i> Независимый Азербайджан и «Контракт века» – торжество разума Гейдара Алиева.....	146
<i>Челеби А.М.</i> Развитие библиографической деятельности по страноведению в 20-30-е годы XX века в Азербайджане	154

<i>Оспанова А.А.</i> Мұсылман өркениетінің Еуропаға таралуы.....	162
<i>Ракишева Г.К.</i> Роль Башкирии в развитии казахстанско-российских отношений в XX вв.....	168
<i>Ахмадиева Г.П.</i> Тарихи деректер кешеніндегі дипломатиялық құжаттардың дерек ретінде рөлі мен орны.....	174
<i>Әлібеков С.</i> Ағылшын революциясы кезіндегі Карл I мен Ұзақ Парламент қарым-қатынасына Ирландиядағы көтерілістің әсері....	180

3-бөлім Раздел 3
Археология және этнология Археология и этнология

<i>Елеуов М.</i> Ортағасырлық Меркі қаласы.....	190
<i>Қалишабаева Б.К.</i> Халық медицинасындағы діни наным-сенімдердің семиотикасы мен семантикасы.....	196
<i>Қалишабаева Б.К., Бейсегулова А.Қ.</i> Қазақстандағы құмық диаспорасының этномәдениетіндегі ерекшеліктері.....	204
<i>Ескекбаев Д., Қапарова Л.</i> Казахская топонимика Омской области (I-ая четв. XX в.).....	212
<i>Shahbazov T., Kozgambayeva G.</i> About the customs and rituals of Novruz in Azerbaijan.....	218
<i>Солтиева Б.Ш.</i> Ислам тарихындағы әулиелік мәселелерінің алатын орны.....	224
<i>Бисембаева Л.А.</i> Жетісу қазақтарының күнделікті өміріндегі тосын құбылыстар (XIX ғас. II жартысы – XX ғас. басы).....	230

4-бөлім Раздел 4
Музей ісі және Музейное дело и
ескерткіштерді қорғау охрана монументов

<i>Файзуллина Г.Ш., Плетникова Л.Н.</i> Музейные сообщества в Казахстане: история и реальность.....	238
<i>Kozgambaeva G</i> Museum of victims of political repression of South kazakhstan region.....	248
<i>Картаева Т.Е., Болсынбек Т.</i> Сандық жасау өнері және қолданыс аясы (музей материалдары негізінде).....	254
<i>Дауытбекова М.Қ., Қусаинова А.Б.</i> Мемлекеттік Орталық Музейдің тарихи этнография залындағы тұрмыс-тіршілік және зергерлік бұйымдардың маңыздылығы (музей коллекциялары негізінде).....	264

Мерейтой – Юбилей

<i>Қозыбақова Ф.А.</i> Отандық тарих тарланы.....	270
--	-----

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР – ОБЪЯВЛЕНИЯ

«Тарих сериясы» журналының саясаты.....	273
Авторларға қойылатын талаптар мен мақаланы рәсімдеу тәртібі.....	275
«Тарих сериясы» ғылыми мақалалар қолжазбасын рецензиялау тәртібі.....	279

CONTENTS

Section 1 National history

<i>Omarbekov T.O., Tuleshova V.Zh., Bizhanova M.</i> New tasks of Periodization of history (in base of Russian and Kazakh historiography).....	4
<i>Mukhatova O.Kh., Tleubekova G.B.</i> Questions of Soviet history of Kazakhstan in foreign historiography	14
<i>Karibaev B.B.</i> About Barlybek Syrtanov	22
<i>Kozybakova F.</i> Consequences on the purveyance of forage in Kazakhstan	32
<i>Habyzhanova G.B., Saginayeva A.N.</i> History of coman-kipchaks study in pre-revolutionary and soviet literature: peculiarities of research.....	38
<i>Maidanali Z.</i> The concept of «nomadic statehood» in the political and social anthropology studies.....	48
<i>Dutbekova M.K.</i> From history of potestarian-political institutes of the Kazakh people.....	56
<i>Abdirassilova Z. .S.</i> Development izvoznogo fisheries and its role in the development of business in the field of transport services.....	68
<i>Habyzhanova G.B., Koshymova A.O.</i> Ethnic history of Oguzes: studies of the pre-revolutionary and Soviet period.....	76
<i>OskembayM.A.</i> The problem of continuity of social structure of the Turkic tribes of Central Asia in the medieval period	84
<i>Bizhanova M.T.</i> Problems of the historical continuity of state system of the Golden Horde and the Kazakh Khanate.....	94
<i>MekebayevT.K., Kumganbayev Zh.Zh.</i> Kazakh intelligentsia in the early XX-th century and the national idea	102
<i>Sadykova A.K.</i> Turkestan teaching seminary: opening, becoming, activity (1879-1904).....	110

Section 2 The World history

<i>Sultangalieva G.S., Tuleshova U.Zh.</i> The Baymukhamedov sultans: process of entry into the nobility of Russian Empire.....	120
<i>Karazhan K.S., Erkembek B.B.</i> Empire: modern definition	128
<i>Miymanbaeva F.N., KolomitsevaM.V.</i> «Russian» in the notes of the English ambassadors.....	134
<i>Elnur Adil oğlu Nazaraliyev</i> Modern problems of information service for science.....	140
<i>Ilham Alizade</i> Independent Azerbaijan and the «Contrast of the century» is a triumph of Heydar Aliyev' s intellect.....	146
<i>Chalabi A.M.</i> The development of the bibliographic activity according to the country – study in Azerbaijan during the 20-30 s of the 20 th century	154
<i>Ospanova A.A.</i> Distribution of moslem civilization is in Europe.....	162

<i>Rakisheva G.K.</i> The role of Bashkiria in the developing of Kazakh-Russian relationships in XX century.....	168
<i>Akmadiyeva G.</i> The place and role of diplomatic documents of the historical source complex.....	174
<i>Alibekov S.</i> The impact of Irish rebellion on relationship between Charles I and Long Parliament during the English Revolution.....	180

Section 3 Archeology and Ethnology

<i>Yeleuov M.</i> Medieval settlement Merke.....	190
<i>Kalshabayeva B. K.</i> Semiotics and semantics of religious beliefs in traditional medicine.....	196
<i>Kalshabaeva B.K., Beysegulova A.K.</i> Features of ethnoculture of the Kumyk diaspora in Kazakhstan.....	204
<i>Eskekbaev D., Kaparova L.</i> Kazakh toponymics of the Omsk region (1st quarter of the XX th century).....	212
<i>Shahbazov T., Kozgambayeva G.</i> About the customs and rituals of novruz in Azerbaijan.....	218
<i>Soltieva B.Sh.</i> Role of problems, connected with holy places at Islam.....	224
<i>Bissembayeva L.A.</i> New phenomena in the everyday life of Kazakhs of Zhetysu (II part of XIX – beg. XX).....	230

Section 4 Museum studies and protection of monuments

<i>Faizullina G., Pletnikova L.</i> The professional museum communities in Kazakhstan: history and reality.....	238
<i>Kozgambaeva G.</i> Museum of victims of political repression of South kazakhstan region.....	248
<i>Kartaeva T., Bolsinbek T.</i> The art of making a chest and its medium application (according to museum material).....	254
<i>Dutbekova M.K., Kusainova A.</i> The importance of household and jewelry products in the hall of the historic Ethnography of Central State Museum (On the basis of the museum's collection).....	264

Anniversary

<i>Қозыбақова Ф.А.</i> Отандық тарих тарланы	270
---	-----

Announcement

«Тарих сериясы» журналының саясаты	273
Авторларға қойылатын талаптар мен мақаланы рәсімдеу тәртібі	275
«Тарих сериясы» ғылыми мақалалар қолжазбасын рецензиялау тәртібі	279